

А 2006

8938 №

НҮРПЕЙІС
БАЙҒАНИН



АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
ИНСТИТУТ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

НУРПЕИС БАЙГАНИН



СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

(2-ое исправленное, дополненное издание)



ИЗДАТЕЛЬСТВО АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

АЛМА-АТА—1956

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ

НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН



ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖЫЙНАҒЫ

(Түзетіліп, толықтырылып екінші рет басылуы)



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСПАСЫ

АЛМАТЫ — 1956

Редакциясын қарағандар.

*филология ғылымдарының кандидаттары М. Ғ. Ғұмарова
(жауапты редактор), О. Ә. Нұрмағамбетова*

*Құрастырған, баспаға әзірлеген және кіріспе мен шығармаларына
түсініктер жазған О. Ә. Нұрмағамбетова*

Қазақ ССР Ғылым академиясының
Редакциялық-баспасөз советінің
қаулысы бойынша басылды



НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИН
(1860 — 1945)



НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН

(1860 — 1945)

Қазақтың атақты ақындарының бірі, еліміздің ұлы жыршысы болған Жамбылмен аты қатар аталынатын Нұрпейіс ақынның қазақ совет әдебиетінен алатын орны зор.

Нұрпейіс Байғанин 1860-жылы, бұрынғы Орал губернасы, Темір уезі, № 1 ауылда (қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы «Байғанин» колхозында) Байғана деген кедейдің семьясында туған.

Әкесі Байғана сыяқты Нұрпейіс те жасынан кедейшілік өмірді, қыянат зорлықты көп көріп өседі. Бірақ қандай ауыр тұрмыста жүрсе де болашақ ақынның кеудесіне ұялаған ақындық қуат оны халық жыршысы болуға тартады. Нұрпейіс өлең айтуға, домбыра тартуға жасынан-ақ құмар болады. Оның қозы соңында жүріп тартқан күйлері, айтқан өлендері ауыл арасына тарай бастайды, сөйтіп, 16—17 жасынан бастап-ақ «бала жыршы» кейін есейе келе «жаяу жыршы» атанып кетеді.

Басқа ақын, жыршылар сыяқты жас Нұрпейіс те үйрену, іздену кезендерін өтеді. Өзінің алдында өткен қазақтың атақты ақын-жыршыларынан, ұрпақтан-ұрпаққа тарап келе жатқан, қазақтың эпостық жырларын көп үйреніп айтатын болады. Нұрпейісті жақсы білетін кісілердің айтуына қарағанда, ол қазақтың эпостық және салт жырларынан 40—50-ден аса жыр білген. Нұрпейіс ақыннан осы мол қазына түгел жазылып алынбай қалған. Біздің қолымызда қазір Нұрпейіс жырлаған халық

жырларынан: «Құбығұл», «Төрехан», «Қобланды» ғана бар. Ақынның білетін «Ертарғын», «Алпамыс», «Қыз-Жібек», «Айман—Шолпан» жырлары жазылып алынбай қалған. Нұрпейіспен жасынан бірге болып, көп жырларын өз айтуынан тыңдаған кісілер, жоғарыда айтылған жырлардан басқа, Махамбет өлеңдерін де көп білуші, көп айтушы еді, жаны сүйіп жырлаушы еді дейді.¹

Нұрпейіс тек қана жыршы емес, сонымен қатар — ақын. Бірақ өзінің революциядан бұрынғы өмірінде ол ақындықтан көрі жыршылықты көбірек ұстаған. Оның революцияға дейінгі репертуарында, негізінен, халық арасында ертеден жырланып келе жатқан эпостық жырлар болды.

Нұрпейіс осы эпостық жырларды айтқанда тек үйренген қалпында айтумен қатар, дайын сюжеттерді пайдаланып өз тұрғысынан қарап өзгертіп, оларды бұқарашылдық, халықтық идея тұрғысынан қарап жырлайтын болады, және сол кездегі әлеуметтік қарым-қатнастарға, қоғамдық өмірге байланысты жаңа идея, жаңа тақырыпқа байланысты өзіндік шығармалар береді.

Бізге Нұрпейістің революциядан бұрынғы өзіндік шығармаларынан бірнеше қысқа сатиралық өлеңдері, Қазақпай ақынмен айтысы белгілі және феодалдық-патриархалдық қоғамдағы әйел тұрмысын, әйел теңсіздігін, әйелдің өз бас бостандығы үшін күресін көрсететін Нұрпейістің өзіндік шығармаларынан «Ақкенже», «Нарқыз» поэмаларын алуға болады.

«Ақкенже» поэмасында революциядан бұрын Қазақстандағы әлеуметтік қарым-қатнас, сол кездегі қазақ әйелінің басындағы аянышты ауыр халі, оның тағдыры, бай-болыстардың және патша өкіметінің қанауынан қорлық-зорлық көріп, ақырында Батырбек сыяқты кедей семьясының құрып кетуі суреттеледі. Мұнымен қатар поэмада сол кездегі би-болыстар басқарған заманның қайшылықтары, тап тартысы да бейнеленеді. Поэманың негізгі идеясы — қазақ аулында сол кезде өріс алған қалыңмал дәстүрін әшкерелеу.

Нұрпейістің бұқарашыл-шыншылдық тұрғыдан көп

¹ Қожаш Елешовтің естелігінен.

жырлаған ақын екендігін дәлелдейтін, езушілерге қарсы күресті дәріптеп халыққа үлгі ете жырлаған шығармасының бірі «Нарқыз». Ақынның бұл поэмасының негізгі идеясы қазақ әйелінің өз теңдігі үшін ханмен тайсалмай күресуін көрсету.

Бұл — қазақ поэзиясында Нұрпейіске дейін болмаған аса қызық тақырып. Бұл, әйелдің өз теңдігі үшін жасаған ерлігін, оның хандармен тартысын сыйпаттайтын, әйелді ел азаматы, намыс-кекиесі, сол намыс-кекті өзі жоқтаушы екенін көрсететін шығарма. Нарқыз теңдік үшін күресетін, бостандық аңсаған ер қыз.

Әрине біздің қолымызда «Ақкенже», «Нарқыз» поэмаларының революцияға дейінгі айтқан варианты жоқ, сондықтан советтік дәуірде, қайталап айтқан «Ақкенже», «Нарқыз» шығармаларына ақын жаңадан қосқан қосындыларын да таптық күресті айқындай түскен, ол кезде ашықтан-ашық қазақ қызы ханға қарсы күресуі мүмкін емес еді, ол соңынан қосылған жаңалықтар. Революциядан бұрын билеуші тапқа қарсы тұрып күресіп жеңу түгіл қазақ қызы өз басын сатудан сақтап алу жолын таппағаны тарихи шындық. Ақын сол кезде айта алмаған ойын революциядан кейін қайта жырлауында қосқан сыяқты. Солай бола тұрса да ақынның «Ақкенже», «Нарқыз» шығармалары негізінде революциядан бұрын айтылған поэмалар.

Нұрпейістің «Қазақпай мен айтысында» да, «Төрехан», «Құбығұл» дастандарында да оның бұқарашылдық-шыншылдық көзқарасы байқалады.

Сөйтіп, Нұрпейістің революцияға дейінгі бостандықты аңсаған халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін суреттейтін, заман мінін батыл сынайтын көптеген жалынды өлеңдері сыяқты ұзақ сонарлы уақыйғалы дастандарының да идеясы биік, халықтың сана-сезімін оятуға, күреске шақыруға арналған құнды, мәні зор шығармалар екенін көреміз.

Әрине Нұрпейіс шығармаларының барлық жақсы жақтарымен қатар ақынның өзіне тән елеулі кемшіліктері де бар. Нұрпейіс өмір сүрген орта—патриархалдық-феодалдық қоғам, ондағы көзқарастар, ол кездегі халықтың сана-сезімінде кездесетін мешеуліктер Нұрпейістің сол кездегі творчествосына әсерін тигізбей қой-

ған жоқ. Нұрпейіс өзі өмір сүрген дәуірдің (революцияға дейінгі) сыншысы, бай-болыстарды, би-молдаларды әшкерелеп жырлауы арқылы сол заманның мінін, қайшылықтарын, халыққа зиянды жағын қатал сынайды. Бірақ, сол қоғамда халыққа зиянды істерді сынай отырып, ол зиянды істерге, қанаушы тапқа қарсы күрестің мәнісі неде, келешектегі бақытты күнге қалай жету керек деген мәселелерге жауап бере алмайды.

Нұрпейіс өзінің революцияға дейінгі шығармаларында бір жағынан феодалдық-патриархалдық қоғамдағы кедей табының ауыр тұрмысын, көңілсіз өмірін дұрыс суреттеуге, қоғам ішіндегі зұлымдыққа, парақорлыққа, шариғатшылыққа, әйел теңсіздігіне қарсы шығуға тырысса, екінші жағынан Нұрпейістің ол шығармаларынан да патриархалдық, рушылдық көзқарас орын алады. Сондықтан да оның үйреніп жырлаған эпостық жырлары: «Құбығұл», «Төрехан», «Қобланды», өзіндік шығармалары «Ақкенже», «Нарқызда» да құдайға жалбарыну, аруаққа сыйыну, өз руының ғана батырын мақтаушылық кездеседі.

Нұрпейіс өз шығармаларында әділетсіз хан, қанаушы бай-болыс, би-молдалар басқарған тұрмыстың шіріктігін сынай-әшкерелей отырып, ол тұрмыстан қалай құтылу керек, ескі қоғамды қандай күш арқылы қыйратып, жаңа қоғам, жаңа бақытты өмірге қалай жету керек деген сұраққа жауап бере алмайды. Оны дұрыс түсінуге саяси сана-сезімі жетпейді. Сондықтан да Нұрпейістің «Төрехан», «Нарқыз» шығармаларында патриархалдық-феодалдық қоғамда зұлым әділетсіз хандар, билерге халық жалпы қарсы бола отырып, ондай әділетсіз хандарды, билерді жұлып тастап, оның орнына «әділ», «жақсы хандар», «жақсы билерді» сайлауы қажет деген қате, теріс ұғымда болды. Нұрпейістің де көзқарастарындағы мұндай қайшылықтар сол кездегі қоғам тұрмысына байланысты, сол кездегі халықтың сана-сезіміне тән қайшылықтар еді. Әрине ақын бұл қате көзқараста өзгеріссіз қалып қойған жоқ, оның творчествосының кейінгі дәуірінен, әсіресе, совет дәуіріндегі творчествосынан ақынның өмірге көзқарасында, сана сезімінде, қаншалықты өскендік барлығын көруге болады.

Нұрпейіс Байғаниннің творчествосының кейінгі, дәуірінен әсіресе, Совет дәуіріндегі творчествосынан, ақынның өмірге көзқарасында, сана-сезімінде қандай өзгеріс, қаншалықты өскендік барлығын айқын көруге болады дедік. Бұл, әрине советтік құрылыстың, социалистік экономиканың нәтижесіндегі болған өзгерістер екенінде сөз жоқ.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Совет Одағындағы басқа туысқан халықтар сыяқты қазақ халқында құлдықтан және ұлттық теңсіздіктен, езушіліктен азат етіп, социалистік құрылыстың жарық, даңғыл жолына түсірді. Совет үкіметінің, Коммунистік партияның қолбасшылығы арқасында, ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен Қазақстан царизмнің артта қалған, қаналудағы колониясынан гүлденген тең праволы Советтік Социалистік Республикаға айналды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін еліміз саяси, экономикалық жағынан орасан зор табыстарға жетіп гүлденіп өсіп-өркендеген елге айналды. Осы жағдайларға байланысты совет әдебиетінің басқа салаларымен қатар, халық творчествосы да өзінің дамуының жаңа кезеңін бастады.

Совет дәуірінде халық творчествосының зор табыстарға жетіп гүлденуіне, халық таланттарының өсуіне Коммунистік партияның, Совет үкіметінің басшылық ролі зор. Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің әдебиет және искусство жөніндегі қаулылары советтік халық творчествосының өсіп дамуына бірден бір дұрыс бағыт беріп, жол көрсете отырып, онымен қатар халық творчествосының ілгері қарай дамып өркендеуіне жағдай жасады. 30-жылдардың екінші жартысынан бастап, әсіресе, Бүкілодақтық совет жазушылар одағының I-съезінен кейін, халық таланттарына аса көңіл бөлініп олардың творчестволық жұмысқа шұғыл кірісулеріне жағдай жасады. Совет әдебиетінің негізін қалаушы данышпан жазушы М. Горький өзінің осы съездегі қортынды сөзінде:

«Сулейман сыяқты поэзияның асылын жасай алатын адамдарды сақтаңдар. Тағыда айтам: Сөз өнері ауыз

әдебиетінен, фольклордан басталады...»¹ деді. А. М. Горькийдің бұл сөзі совет халықтарының ішіндегі дарынды ақын-жыршыларының шығуына көп маңызы болды. Горький советтік туысқан халықтардың көркемөнер шеберлерінің өсуіне көңіл бөліп, оларға барынша жәрдемдесіп отырды. Ол халықтың ішінен шыққан таланттарды дер кезінде бағалап, оларды сақтап және творчестволық өсуіне жәрдемдесіп отырды үлкен міндет етіп қойды. Оның Бүкілодақтық совет жазушылар съезінде Сулейман Стальский туралы сөйлеген бұл сөзі халық таланттарына аса көңіл бөліп, оларға әруақытта қамқорлық жасап отырғанын көрсетеді.

Партияның жергілікті орындарының көмегімен халық таланттарының шығармаларын жазу, жыйнау, баспаға әзірлеу жұмыстары шұғыл жүргізіле бастайды. 1934-жылдардан бастап орыстың атақты сказителі Марфа Крюкованың, даңқты Сулейман Стальскийдің, қазақ поэзиясының алыбы Жамбылдың творчестволық қызметтеріне аса көңіл бөлінеді. Бұл жағдай басқа да талантты ақын-жыршылардың өсулеріне жол ашты.

Совет дәуірінің жыршыларының творчестволық өсудамуының ең жоғары сатыға көтерілген кезеңі әсіресе 30-жылдардың екінші жартысы, яғни, социализм құрылысының аяқталып, СССР конституциясының қабылданған кезеңі. Еліміздің экономикалық және мәдени жағынан гүлденіп өсуі халықтың саяси санасының артылуы халық творчествосының да таңқаларлық дәрежеде өсуіне жағдай жасады.

Октябрь революциясынан бұрын ақын-жыршылар, сказительдер, көбінесе, тек ғасырлар бойы халық жасап, сақтап келген мұраларды ғана үйреніп жырлаушы, оларды кейінгі ұрпақтарға жеткізуші ғана болып есептелетін. Сол ақын-жыршылар, сказительдер совет дәуірінде тек үйренгенін ғана айтушы емес, өздері социалистік өмір шындығынан алынған, жаңа тақырыпқа — совет тақырыбына арнап өзіндік шығармалар — өлең, поэмалар шығарушы ақынға айналды.

Бұрын өмірін, көп уақытын, ғасырлар бойы халықта

¹ А. М. Горький. Әдебиет туралы. А, 1954, 214–215-беттер.

сақталып келген эпостық жырларды ғана айтып, өздерін сол эпостық жырлардың тек «орындаушысымыз» деп санап келген біраз ақын-жыршыларға, сказительдерге жаңа творчестволық жұмыс жеңілдікпен түскен жоқ. Олардың сана-сезіміндегі ескінің қалдығы мен жаңаның күресі бұл арада үлкен роль атқарады. Біраз ақын-жыршылар өздерінің сана-сезіміндегі феодализмнің қалдығынан арыла алмай, ескі эпостық жырларды ғана орындаудан асып, жаңа өзіндік шығармаларға шамасы келмей бұрынғы қалпында қалып қойды. Ал көп ақын-жыршылар революцияға дейінгі өзінің бұқарашылдық, демократияшылдық бағыттағы творчествосын дамытып, бұрынғы орындаған эпостық жырларын орындаумен қатар өздері жаңа өзіндік шығармалар шығаруға, социалистік өмірдің тамаша табыстарына өз үндерін қосып, өмірден қалмай жырлауға, совет ақын-жыршылары деген ардақты атаққа жетуге тырысты, соған бар күштерімен, бар ынта-ықласымен кірісті. Осы жағдай белгілі ақын Нұрпейіс Байғанинда да болды. Ол революциядан кейін де біраз уақытқа дейін өзін тек бұрынғы белгілі эпостық жырлардың «орындаушысымын» деп жүрген болса, кейін партияның басшылығымен, халықтың қолдауы, жәрдемдесуімен ол тек жыршылықтан асып, шын мәніндегі ақын болуға айналды. Ол кейін эпостық жырлардан көрі, өз шығармаларын көп орындайтын болады.

Нұрпейіс ақын 1938-жылдан бері қарай қазақ поэзиясының даму жолында біраз еңбек сіңірді. Бұрын шығармалары еленбей, айтылған кезінде жазылып алынбай жүрген ақын — осы 1938-жылдан бастап өзінің ақындық жолына шындап түседі, өте көп жырлайды. Отанымыздың күнделікті өміріндегі уақытталарына іле-шала үн қосып отырады. Осы кезден бастап ақынның шығармалары ұқыпты түрде жазылып, бір системамен жыйнала бастайды.

Нұрпейіс ақынның жырлары көп тақырыпты. Ол үн қосып, өз шығармаларына тақырып етпеген мәселе өте аз. Бұл жөнінде ақынның импровизаторлығының өте үлкен орны бар. Импровизатор ақын Нұрпейіс өмірдегі жаңа өзгерістерге тез көңіл аударып, соған дәл кезеңінде үн қосып отырады.

Нұрпейіс Байғаниннің совет тақырыбына арналған өлеңдерінде үлкен орын алатын тақырыптың бірі — Ұлы Октябрь социалистік революциясы, оның маңызы туралы. Октябрь революциясы туралы өзінің бірнеше өлеңдерінде ол Октябрь социалистік революциясының басқа туысқан халықтар сыяқты қазақ халқы үшін де орасан зор маңызы бар екеніне, Октябрь революциясы ақынның творчествосының көзін ашқанына айрықша тоқталып отырады, Октябрді асқан шабытпен жырлайды:

Сексен жыл қалды кейін ұзақ сонар,
Өмірдің кетті қысы үсіп-тоңар,
Аршылды жүрер жолым, аңқылдады,
Тосу жоқ, орағытып, алдымды орар.
Тарылтқан тынысымды қу өмірден,
Матаған қол-аяқты көк темірден
Құтқарған Октябрді жырлағанда
Маржандай құйылад сөз, тіл көңілден -

дейді.

Нұрпейіс өзінің белгілі «Гүлденген заман» т. б. шығармаларында Октябрь социалистік революциясының арқасында қазақ халқының зор бақытқа жеткенін баяндайды. Тар заманды кеңіткен де, халықтың құлашын жаздырып, өріс берген де, күресте бақыт жолына жеткізген де, халыққа тең право алып берген де, өңсіз жерді гүл жайнатқан да, шаттық заманға лайықты түр бітіріп, ақындарды сандуғаштай жырлатқан да — Октябрь деп жырлайды ақын. Отанымды байлыққа жеткізген, адамды құстай ұшырып қанат бітірген, ұл-қыздарыма асқан талант берген — Октябрь, барлық жаңалық Октябрь революциясының арқасында дейді.

Өміріме өшпестік
Жарық берген Октябрь
Аумас бақыт, мол дәулет
Алып берген Октябрь...

Ақын тек Октябрьді ғана жырлап қоймайды, Октябрь арқылы келген адам баласының сана-сезіміндегі жаңалықтарды жырлайды. Осы жаңалық, өзгерістердің бірі — халықтың еңбекке деген көзқарасының өзгерісі.

Октябрь социалистік революциясы халықтың еңбекке деген көзқарасын да мүлдем өзгертті. Октябрь революциясынан бұрын еңбек, адам баласы үшін ауыр азап, қорлық деп саналатын, ұйткені, қаналушы тап еңбекті үстем тап үшін істейтін. Социалистік революциясынан кейін, Совет елінде еңбек ең қадірлі, адам өміріне ең қажетті, күнделікті керекті іске айналды.

Социалистік қоғамдағы еңбек — әрбір совет азаматының қасиетті міндеті, әрбір еңбекші еңбекті—өзі үшін, өз қоғамы, өзінің социалистік мемлекеті үшін істейтіндігін жақсы түсінеді. Совет халқы социалистік еңбекке асқан құрметпен, жаңа, социалистік көзқараспен қарайды. Сондықтан да ең алдыңғы қатарлы, ең жоғары идеялы совет әдебиетінде еңбекті үлкен шеберлікпен аса маңыз бере жырлайды.

Еңбек Нұрпейіс Байғанинның шығармаларының да орталық тақырыбының бірі болды. Нұрпейістің қай шығармасын алсақ та еңбек мәселесіне үлкен мән беріледі: еңбек ету — шаттық, мақтаныш, қуаныш. Совет адамдары өздерінің еңбек дабылына «толқыған шаттық әнін» қосады.

Ақынның ойынша еңбек ету дегеніміз ең алдымен — сүйікті Отанға адал қызмет ету, оның өсу, өрлеу, ілгерлеуіне жәрдемдесу, Отан күшін нығайту, ел дәулетін ұлғайту деп біледі:

Ол үшін: адал еңбек ет
Еңбекте бар берекет,

Еңбек адамды аброй, атак, даңққа бөлендіреді дейді.

Еңбек майданында, «елге елеулі ер болу» үшін өндірістегі жарыста озат болу керек, жаңа техниканы үйреніп, станокты меңгере білу керек. «Қайтпас жігер қайратпен, адал көңіл ниетпен» істеген қызметінді халық бағалай біледі, шын, адал қызмет етсең, «Тағасын: наград — орден» деген қортынды жасайды ақын.

Нұрпейіс тек еңбекті ғана жырлап қоймайды, сонымен қатар еңбек ерлерін, яғни, «еңбек процесін ұйымдастыратын адамды... өз тұсынан еңбекті өте жеңіл, әрі өнімді етіп ұйымдастырушы» (А. М. Горький) адамды үлгі ете жырлайды. Ақынның өндіріс пен колхоздың озаттарына арнаған өлеңдері осы пікірді дәлелдейді.

Еңбек тақырыбын жырлау Нұрпейіс ақын үшін үлкен шаттық: Оны ақынның өзі:

Өмір жазын жырласам,
Еңбек жырын толғасам
Қыядан ұшқан қырандай
Көтерілген көңілім, —

дейді.

Нұрпейіс шығармаларынан кең орын алатын тақырыптың бірі — Советтік Социалистік Отанды жырлау.

Бұл тақырыпты жалғыз Нұрпейіс емес бүкіл дүниежүзіне, Совет Одағына белгілі — Сулеймен Стальский, Жамбыл Жабаев, Марфа Крюкова, Беззубова, Тоқтагүл Сатылғанов тағы басқа ақын-жыршылардың, сказитель, ашугтардың бәрінің творчествосына ортақ Советтік Социалистік Отанды жырлау тақырыбы болып отыр. Социалистік Ұлы Отанды жырлағанда бұлардың бәріне тән, бәрінде де кездесетін және бір тақырып — совет халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы өмірі мен Октябрь революциясынан кейінгі өмірін қарама-қарсы қойып жырлау. Кәзіргі өмірді бағалау үшін, кәзіргі совет өмірінің артықшылығын бағалау үшін көбінесе оны өткен, ескі өмірмен салыстырып жырлау халық ақындарының шығармаларында осы «бұрын және кәзір» деген тақырып өте көп кездеседі. Халық өзінің өмір тәжірибесінде білгенімен көріп отырғанын бағалайды. Бұл жөнінде халық творчествосы А. М. Горькийдің кәзіргі өмірді дұрыс түсіну үшін өткенді зерттеу, білу керек — деген қағидасымен ұштасып жатады. Өткенді білмейінше кәзіргінің нағыз маңызын және келешегінің мақсатын түсіну мүмкін емес дейді А. М. Горький. Сондықтан да басқа ақын-жыршылар, сказитель, ашугтар сыяқты Нұрпейіс Байға-

нин да өз шығармаларында барлық еңбекші халықтың басында болған мұқтаждықты, кедейшілікті, саяси правосыздықты және еңбекшілердің аяусыз қаналуда болғанын, өзі сыяқты көп кедей, бай-манаптардың, төре-билердің, ишан-молдалардың қатты қанауында болғанын өз көзімен көргенін жырлайды. Нұрпейіс екі өмірді салыстырып жырлаған шығармаларында революция алдындағы халықтың басынан кешкен өмірін оқушыға соншалықты түсінікті етіп, ол өмірден сондайлық бойың түңілерліктей етіп жырлайды.

Нұрпейіс ақын өзінің шығармаларында өткен өмірдің қандай болғанын есіне түсіре былай сыйпаттайды:

Өмір емес, өлі екен,
Халықты қойдай қайырған
Хандары қасқыр бөрі екен.
Қалың халық жүрегін
Қаптаған қайғы шер екен.
Қыспақтан бойын жаза алмай
Еңіреген ел екен.
Сол күнгі менің көргенім
Халыққа қазған көр екен.
Аңсаған көптің тілегі:
«Қайда бақыт» дер екен.

Нұрпейістің бұл өлеңі, Жамбылдың өлеңдері сыяқты, бұрынғы хан билеген замандағы қазақ халқының қыспақты өмірін көз алдына елестетеді.

Нұрпейіс Қазақстанның революциядан бұрынғы осындай бейнесін «Қазақстан», «Гүлденген дала» т. б. шығармаларында суреттейді.

«Қазақстан» атты толғауында бұрын қазақ халқы хан, би, байлардың қанауында болып олардың жемі болғанын, өнер-білім, жақсы шұрайлы жер кедейлерге тимей, — оларды байлардың ғана пайдаланғанын, кедейлердің еріксіз өмір сүргенін ақын айқын, шындықпен көрсетеді де халықтың ғасыр бойына күткен үмітін, тілегін:

Азат таңы халыққа,
Жарқырап қашан атар деп,
Ел шынымен тіледі —

деп бейнелейді.

Ақын осылай етіп бар шығармаларында дерлік кәзіргі социалистік өмірдің ұлылығын жақсы түсіну, білу үшін, халықтың өткен өміріне тарихи шолу жасап отырады. Ұлы Октябрь социалистік революциясы хан, билер билеген тұрмыстың тас-талқанын шығарып жаңа тұрмысқа жеткізгенін, Ұлы Октябрь революциясынан кейін еңбекші халықтың өмірінің бейнесі мүлдем өзгеріп, «жарқырап Октябрьдің таңы атқанын» жырлайды. Сөйтіп, Октябрь жеңісінен кейінгі Қазақстан өлкесінде, қазақ халқының өмірінде қандай өзгерістер болғанын дұрыс жырлап көрсетеді.

Советтік Қазақстанды жырлағанда да ақын айрықша шаттықпен жырлайды.

Бұл тақырыпта ақынның көбірек көңіл қойып жырлайтыны — Отан, оның табиғаты, кен, өндіріс байлықтары — осылардың барлығына қортынды бере келіп, қайта туған қазақ халқының, қазақтың советтік республикасының жарқын бейнесін суреттеуді алдына мақсат етіп қояды:

Қырандайын Нұрпейіс
Естілсін үнің халыққа,
Қайта туған халықтың
Бейнесін көрсет анықта —

дейді.

Ақын өзінің 80 жыл өмірінің ішінде нағыз шын өмірді тек Октябрьден кейін ғана көргенін айта келіп, сол өзгерістерді бермекші болады. Ақынның бұл ойы, оның 1939-жылы, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барғанда шығарған «Өңімдегі жұмбақ», «Ғажайып көрмеде» деген жырлары мен «Қазақстан», «Ұлы Отанның сүйікті ұлы болындар» деген жырларында толығырақ қамтылған.

Айтайын тілім жетсе біраз шолып
Байлығын, салтанатын туған елдің.
Қарасам көз жіберіп не көрмеймін,
Қыядан ұлан байтақ біздің жердің?
Мыс қайнап, күміс шашып, мұнай атқан
Жерімнен алтын қазына кенді көрдім...
Мекені біздің елдің — жайнаған гүл,
Түсте емес, өңімдегі жыр жұмбағы...

Бұл тамаша өмір қол жетпес қыял, арман емес, кәзіргі біздің шын, күнделікті бақытты өміріміз деген өзінің қуанышын білдіреді.

Нұрпейіс Советтік Қазақстан бейнесін жырлағанда оны өзалдына бөлек жеке алып жырламайды, қай жырында болса да Советтік Қазақстанды бүкіл Совет Одағының үлкен семьясының бір бөлімі, бауырлас, туысқан республикаларының бірі екендігін айқындай отырады. Сондықтан бүкіл Совет Одағының байлығымен Қазақстан байлығы өте тығыз байланысты тұтас болып жырланады:

Міне бүгін қарашы,
Балтық пенен Амурдың,
Қавказ, Алтай, Анадыр —
Біздің елдің мекені
Тұтасып жатқан арасы.
Тасыды өзен, тасыды
Таудан аққан тасбұлақ
Теңіз болды сағасы.
Мақта, күріш, астыққа
Бөленіп тұр сағасы.
Одан әрі көз салсаң,
Көмкеріп тұр жерімді
Тайганың қалың ағашы.

Осынша байлық дәулеттің бәрі Совет еліндегі еңбекші халықтікі деген мақтаныш туады. Сөйтіп, бұрынғы

Сағым басқан сары бел,
Табысы тасып қайнаған,
Мың құлпыра жайнаған

елге айналғанын асқан шабытпен жырлайды ақын.

Нұрпейіс Отан туралы жырлағанда Советтік Отанның табиғат байлығын, көркемдігін ғана айтып қоймайды, Отанның жетістіктерін, кен байлығын, өскен техникасын, мәдениетін, өндіріс байлығын, колхоз, совхоздағы советтік шаруашылықтың ұшан теңіз, көз жетпес байлықтарының шындығын оқушыға өте әсерлі етіп жырлайды.

Нұрпейіс Советтік Отанның осы сыяқты әржақты жетістіктерін, табыстарын суреттей келіп, өзінің заңды мақтанаш сезімін білдіреді:

Көр, қызық, сүйіп сал назар,
Осы менің Отаным...
Мақсатыма жеткізген
Күннің нұрын сепкізген,
Сүйемін Отан — анамды —

деген сөздері ақынның патриоттық сезімдерін айқын көрсетеді.

* * *

Гитлершіл фашистер 1941-жылы 22-июньде Совет Одағына кенеттен шабуыл жасады. СССР халықтарының бейбіт, еңбегін бұзды.

Бүкіл Совет халқы өзінің бейбіт өмірін, Социалистік Отанын қорғап қалу үшін, бүкіл адам баласына қастық ойлаған неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте Совет Одағының коммунистік партиясының төңірегіне бұрынғыдан да берік топтанды.

Жауды жеңу жолында совет халқының саяси-моральдық бірлігінің маңызы өте зор болды. Сондықтан да, Ұлы Отан соғысы біздің әдебиетіміздің, оның ішінде халық творчествосының алдына да өте жауапты үлкен мақсаттар қойды.

Міне сондықтан да осы кезеңдегі халық творчествосының негізгі мақсаттарының бірі — совет адамдарын Отан үшін, халық үшін, Отанымыздың тәуелсіздігі үшін барлық күшті жұмсауға, керек болған жағдайда жанды да аямауға тәрбиелеу, жалынды советтік патриотизм рухында тәрбиелеу болды.

Осы кезде Қазақстанның белгілі ақын-жазушыларымен біріге отырып қазақтың Жамбыл бастаған халық ақындары майдан үніне үндерін қосады.

Нұрпейістің Ұлы Отан соғысы кезіндегі шығармаларының негізгі тақырыбы — Ұлы Отан соғысы — Совет халқының Отан соғысы кезеңіндегі жанқиярлық қажырлы еңбегі, неміс-фашист басқыншыларына қарсы батырлық

күресі, совет халықтарының бұрынғыдан да күшейе түскен мызғымас берік достығы, Совет Армиясының ержүрек батырлығын жырлау тақырыбы басым болды. Бұл тақырыптардан Нұрпейіс творчествосының негізгі идеясын айқын көреміз: ол идея — өзінің Отанын жаудан қорғау идеясы, ұлы Отан соғысы кезеңіндегі совет халықтарының асқан советтік патриотизмі, көп ұлтты бір тілекті совет халықтарының саяси-моральдық бірлігі.

Ұлы Отан соғысы кезеңінде Нұрпейіс бүкіл Совет халқын майданға аттануға үндеумен қатар майдан үшін жасалып жатқан бүкілхалықтық көмекті, яғни, жанқиярлық еңбекпен майдан қажетін дайындау, майдандағы жауынгерлерге еңбекпен көмектесу ісін де мол жырлайды. Ақын бұл тақырыптар арқылы майдан мен тылдың, біздің совет халықтарының саяси-моральдық бірлігін айқын суреттейді.

Ерлікті, батырлықты жырлау, ел қорғаны болған ерді жырлау Нұрпейіс творчествосында бұрыннан мол орын алып келді. Ақын Ұлы Отан соғысы кезінде өзінің көптен жырлап келген батырлық, ерлік туралы тақырыбын негізінен жаңарта жырлады.

Нұрпейістің Ұлы Отан соғысы кезіндегі шығармаларында өте үлкен орын алған тақырыптың бірі — Совет Одағындағы көп ұлтты бір тілекті совет халықтарының мызғымас берік ұлт достығы. Бұл тақырыпты ақын соғыстан бұрынғы шығармаларында да мол жырлаған болатын, ал соғыс кезеңінде бұл тақырып ақынның күшті жырлаған тақырыптарының бірі болды. Нұрпейіс Байғаниннің Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қандай тақырыпқа арналған шығармаларын алсақ та онда ең үлкен орын алып, көп маңыз беріп жырланатын совет халықтарының мызғымас берік достығы мен шын берілген достық туысқандық сезімі. Бұл тақырып әсіресе ақынның «Москва», «Жау қары кесіледі», «Ер Талалихин», «Капитан Гастелло», «Мамедовқа», «Ерлерім алды Харьковты», «Азат Киев», «Арыстаным өренім» т. б. шығармаларында жырланған. Соғыстың сұрапыл күндерінде тусықандарымыз ұлы орыс халқының, Украина, Белоруссия, т. б. халықтардың жеріне төнген зор қауіп соғыстан алыс тылдағы қазақ халқы үшін де зор қауіп, өйткені:

Ежелгі орыс қонысы —
Қазақтың да өрісі
Киевім менің туысқан
Бауырымның бесігі —

деп ақын: «Он алты одақ, алпыс ұлт, бір кісінің ұлындай» бір тілекте екенін жырлайды.

Совет халықтарының қайғысы да, қуанышы да бір біріне ортақ. Ақын осы жағдайды шын жүрегімен, жалынды туысқандық сезіммен:

Қуанса, қайғыланса, орыс, өзбек,
Қуанған, қайғыланған бірге қазақ.
Жау басса қасиетті орыс жерін,
Емес пе қазаққа да қайғы азап.
Қуаныш ертеңгі күн одан дағы
Жау қашып, Украина болса азат —

дейді.

Ақын совет жауынгерлеріне арнаған «Арыстаным, өренім» деген өлеңінде Ұлы Отан соғысы кезеңінде соғыс зардабынан азап көрген батыстағы туысқан халықтардың хал-жайын оқушының (читатель) өзі көріп отырғандай көз алдына елестетіп, соншалықты әсерлі етіп жырлайды. Бұл импровизатор ақынның шығармасында болатын негізгі қасиетінің бірі. Ол шығармаларын негізінен тыңдаушыға арнайды. Совет жауынгерлеріне: арыстан балам өренім, қарашы анау батысқа, онда көптеген туысқан халықтар жаудың қалып қолында, өртенгенін көремін, соны тез босату сенің міндетің деп үндейді.

Совет Армиясы неміс-фашист басқыншыларына өлтіре соққы беріп, оларды қасиетті совет жерінен айдап шыға бастаған кезінде ақын өзінің жүрегін билеген асқан қуанышын білдіре жырлады. Ол әрбір совет қаласының азат етілгенін совет информбюросының хабарынан естігенде жүрек қуанышын жалынды өлеңдері арқылы бүкіл совет халқына есіттіргенше асығып отырды. Украинаның тамаша қалалары Киев, Харьков жаудан азат етілгенде ақын:

Киев алтын ошағым,
Қанатым жоқ ұшарға,

Украина бауырды
Барып сүйіп құшарға —

деп зор қуанышын білдіреді.

Нұрпейіс Ұлы Отан соғысы кезінде, халықты зұлым жауға қарсы күреске аттануға шақыратын үгіттік маңызы күшті қысқа өлендер шығарып қана қойған жоқ, сонымен қатар, соғыс уақыттары ұлғайып, күшейген сайын, майдандағы жауынгерлердің әрбір учаскелердегі жеңістерін, соғыста айрықша ерлік, батырлық жасаған ержүрек батырлардың ерлігінің эпизодтарын суреттейтін көлемді кесек шығармаларды да көп берді. «Ер туралы жыр», «Жыйырма бес» атты кесек шығармаларының тәрбиелік мәні күшті. Советтік патриотизмнің күшін, оның маңызын көрсететін шығармалар. Ақынның бұл шығармаларының геройлары оның революциядан бұрын жырлап келген эпостық батырлары сыяқты хиялдан алынған, халықтың арман етіп, алдан күткен батырлары емес, Отан соғысы кезінде ерлігімен көзге түскен шындық өмірдің батыры. Жалпы осы тұстағы шығармаларының геройы социалистік өміріміздің өзі туғызған, халықтың өз ішінен шыққан, бақытты социалистік гүлденген өмірімізді, совет халқын, советтік Отанымызды зұлым жаулардан қорғаушы — халық геройлары — Совет Одағының геройлары мен еңбектің қажырлы ерлері.

Нұрпейіс шығармаларының геройлары — Ұлы Отан соғысы майдандарында ерлік, батырлық даңққа ие болған геройлар. Бұл геройлардың шығуы кездейсоқ нәрсе емес. Олардың ерлік батырлық ісі әрбір совет азаматына совет патриотына тән типтік қасиет. Сондықтан да Ұлы Отан соғысы кезінде: «Майдандағы жастардың ерлігі жаппай ерлік болып отырғанын еркін айта аламыз. Бір адамның ісі ондаған, жүздеген жаңа батырлар шығаруда...»¹ болды.

Нұрпейістің жоғарыда аты аталған шығармаларының барлығына да негізгі герой совет жауынгерлері — батырлықтың, ерліктің, Отан сүйгіштіктің, Отанына жан-тәнімен шын берілгендіктің тамаша үлгісін көрсеткен қайт-

¹ М. И. Калинин. Коммунистік тәрбие туралы, А. 1949, 97-бет.

пас қажырлы совет патриоттары. Ақын бұларды жас буындарға «Батыр болсаң осылардай бол» деп үлгі етіп жырлайды. Ақынның «Капитан Гастелло» деген шығармасында Отан соғысы майданында батырлықтың, қорықпаушылықтың асқан ерліктің үлгісін жасаған Совет Одағының батыры — Совет офицері Гастеллоның ерлігі айқын суреттеледі. Гастелло Нұрпейістің хиялынан алынған герой емес, совет дәуірінде туып-өскен, коммунистік партияның тәрбиелеп өсірген совет азаматы, совет өмірінен алынған реальный герой. Сондықтан да ол советтік патриотизмнің тамаша үлгісі болды. Нұрпейіс Гастеллоның образын жалпы сөзбен суреттемейді, геройдың нақты іс әрекетіне, ерлігіне сүйеніп отырып жасайды. Нұрпейістің бұл шығармасының тууына негіз болған газетте жарияланған совет информбюросының хабары. Соғыстың күнделікті хабарын үзбей тыңдап отыратын ақынға майданда ерекше ерлік жасаған ұшқыш, совет жауынгері Гастелло туралы хабар айрықша шабыт берді. Ақын газет хабарының ізімен, геройының жасаған ерлігінің барлығын айқын суреттейді. Ұлы совет халқын, хасиетті совет жерін жексұрын жаудан қорғауға аттанған ержүрек ұшқыш —

Ақтық демін алғанша,
Сарқылып күші қалғанша,
Қорқаулармен алысқан
Гастелло ер — арыстан, —

аспандағы жаудың «жүздеген құзғынымен» алысады. Гастелло жаудың самолетімен аспанда қырғын соғыс жүргізіп жүрген кезде өзіне байқаусызда оқ тигенін де білмей қалады. Бойын жауға деген өшпенділік кек кернеген батыр, өзінің қатты жараланғанына қарамастан, аспанда жау самолеттеріне қыйрата соққы береді.

Тәуелді болып жау қолына түскеннен көрі, ақтық демі біткенше Отанын қорғап, өзінің азаматтық борышын адал орындағысы келген батыр өмірінің ең соңғы минутында да жауға қарсы, адам айтып болмас ерлік жасап өледі. Ол өзінің жанған самолетін жаудың қару-жарак және көп бензин жыйнаған үлкен қоймасына түсіреді де,

жаудың қару-жарақ базасын өртейді. Ақынның бұл шығармасы нақты өмір шындығын айқын суреттейтін социалистік реализм әдісімен жазылған шығарма.

Ақын батырдың самолетін «қыран», Гастелло батырдың өзін «Қорқаулармен алысқан ер арыстан», «Қосқанатын қомдаған, алғыр қыран бүркіттей, көк алыбы керім» — бейнесінде суреттейді. «Ер туралы жыр», «Жыйырмабес» атты поэмаларының бас геройлары—Ұлы Отан соғысының сұрапыл майдандарында асқан ерлік көрсетіп, сүйікті Отанын қорғау жолында, даңқты батырлықпен қаза тапқан совет жауынгерлері. Москваны неміс-фашистерінің басқыншыларынан қорғауға қатнасқан даңқты 28 геройдың бірі Совет Одағының геройы Нарсұтбай Есболатов пен Отан қорғауда көрсеткен ерліктері үшін Советтер Одағының геройы атағына ие болған Төлеген Тоқтаров.

Поэмада майдандағы жауынгерлердің достық, туыскандық бейнесін, олардың Отанымыздың сүйікті астанасы — Москваны қорғау жолында жан аямай істеген ерліктерін, батырлықтарын шындықпен нақты жырлаған.

Бұл екі поэманың екеуінде де ақын совет халықтарының достығын, әсіресе, ұлы орыс халқының ағалық, достық ролін күшті жырлады. Мысалы ақынның «Ер туралы жырында» майданның қыйын жағдайының бірінде Нарсұтбай өзінің ең жақын ақылшысы, досы Қлачковпен құшақтасып сүйісіп, Москваға қарай бірде-бір жау танкісін өткізбеске ант етісетін болса, «Жыйырма бес» деген поэмасында Төлеген Қазақстанның дивизиясын бастаған даңқты генерал Панфиловқа келіп:

Ар намыспен аттандым,
Найзамды жауға үйіріп...
Қатарыңа ала көр,
Қыйынға батыр сала көр,
Жата алмаймын бұйығып, —

деп қолбасшыдан қатарына алуды өтінеді. Бұл екі поэманың бас геройларының екеуі де асқан қажырлы, қайтпас, ажалды жеңген батырлар. Екеуі де ерліктің — батырлықтың асқан үлгісін көрсетеді. Олар Отанның алақандай жерін зұлым жауға бастырмау үшін, қасық

қандары қалғанша, соңғы демдері біткенше соғысады. Жау жақындап қалғанда да абыржып саспайды, өзіміз құрбан болсақ та, қалай да ілгері қарай дұшпанды бастырмау керек деген антпен, Нарсұтпай бойына барлық қаруын байлап, жаудың ілгері кетіп бара жатқан соңғы танкісінің астына түсіп өзі өледі. Бірақ жауды ілгері жібермейді, жаудың танкасының күлін көкке ұшырады. Төлеген өзінің қатты жараланып, жүруге жарай алмаған халіне қарамастан бойындағы бар соңғы қайратын, жігерін жыйнап қасынан өткен соңғы фашисті өлтіреді.

Сөйтіп ақынның бұл сюжеттік поэмаларында совет адамының Отанға деген ең жоғарғы қасиеттері, яғни батырлық, қаһармандық күресте қорықпаушылық, халықпен бірге Отанымыздың жауларына қарсы күресте даярлық совет адамдарының негізгі қасиеті екендігі айқын шындықпен реалистік әдіспен суреттелген. Ұлы Отан соғысы кезеңінде Нұрпейіс шығармалары патриотизм үлгілерін көрсету де асқан шеберлік көрсетті.

* * *

Нұрпейіс Байғанин совет дәуірінің ақыны. Октябрь социалистік революциясы ақынның творчестволық талантының көзін ашты, асқан шабыт және рух берді. Оның творчествосының ең жоғарғы сатыға көтеріліп, гүлденіп дамыған уақыты — Совет өкіметі тұсында ғана. Бұрын өзі жүрген аудан, облыста ғана аты шығып жүрген ақын, Совет үкіметінің, Коммунистік партияның арқасында бүкіл Қазақстанға даңқы жайылған ақын болды, оның шығармалары қазақ тілінде, орыс тілінде үздіксіз шығып тұрады.

Нұрпейіс творчествосының негізгі мазмұны — социалистік өміріміздің шындығын суреттеу, халықтың ғасырлар бойы арман еткен бақытты өмірі — социалистік өмірді жырлау. Нұрпейіс социалистік өмірімізді жырлап оған қуанып қана қоймайды, сонымен қатар социалистік қоғамның одан әрі нығаю жолындағы, коммунизм жолындағы күресіне белсене қатысады.

Нұрпейіс шығармаларына керекті материалды, тақырыптарды, образдарды совет адамдарының өмірінен,

еліміздің барлық түкпірлерінде қайнап жатқан творчестволық еңбектерден алады. Совет жазушыларының I съезінде сөйлеген сөзінде А. А. Жданов: «...көркем шығармаларда өмірді шын суреттеп беру үшін, суреттегенде жай «объективті шындық» деп, жансыз түрде, атүсті, суреттемей, өмір шындығын революциялық дамуы жағынан алып суреттеу үшін сол өмірді білу керек...

Сонымен бірге көркем суреттеудің шындығы мен тарихи нақтылығы еңбекші жұртты социализм рухында тәрбиелеу, идея жағынан қайта тәрбиелеу міндетімен байланысты болуы керек»¹ — деді.

Нұрпейіс өзінің көркем шығармаларын тарихи нақтылы жағдайларға сүйене отырып жасайды.

Сөйтіп, кешегі езілген шаруаның бірі, революциядан бұрын бостандықты арман етуге жараған, бірақ, оның қайдан, қалай келетініне көзі жетпеген, Совет үкіметінің халықтарға берген табыстарын алғашқы кезде жекелеп қана, көргенін көрген қалпында жырлаған тар шеңберлі, сауатсыз қарт ақын, елімізде социализм жеңген кезеңінде соншалық обобщение жасарлық дәрежеге жетті. Мұншалық ғажап оқыйғаны социализм заманына дейін ешбір ғасыр білген емес. Бұл жағдайлар Нұрпейістің творчествосының өсу эволюциясын айқын көрсетеді.

Нұрпейіс Байғаниннің революциядан кейінгі жырларының қоғамдық, тәрбиелік мәні күшті. Оның жалынды жырларының халықты, әсіресе, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде маңызы зор болды.

* * *

Нұрпейістің шығармаларын әлде де мұқият жыйнау, зерттеу және баспа жүзінде жариялап тұру Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің алдына қойып отырған көп міндеттерінің бірі.

Совет үкіметі орнағаннан бері, әсіресе 1938-жылдан 1945-жылға дейін Нұрпейіс талай желілі поэма, дастандар, Отанымыздың күнделікті табыстарына, даңқты оқыйғаларына байланысты көптеген өлең-жырлар берді.

¹ А. А. Жданов. Совет жазушыларының I-съезінде сөйлеген сөзі, 1934, 17. 18 б. б.

Үкімет пен партия Нұрпейістің көп жылғы ақындық еңбегін өте жоғары бағалады. Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1939-жылы 14-ноябрьдегі указы бойынша Нұрпейіске «Искусствоға еңбегі сіңген қайраткер» деген құрметті атақ берді. 1940-жылы Қазақстан жұртшылығы ақынның 80 жасқа толғандығын тойлады және осы юбилейіне байланысты ақын «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

1938 — 39-жылдардан бастап ақынға әдеби хатшы белгіленді. Олар ақынның шығармаларын түгелдей жазып, жыйнап отырды. Сол кезден бастап ақынның шығармаларын зерттеу жұмысы да қолға алынды. Оның шығармалары газет, журналдарда жарияланды. Сонымен қатар ақынның 1939-жыл «Өрістеген өмір», 1940-жылы «Ақын шабыты», 1945-жылы «Таңдамалы шығармалары», 1946-жылы ақынның осы «Таңдамалы шығармалары» орыс тіліне аударылып басылып шықты.

1950-жылы Институт ақынның шығармаларын екі том етіп бастыруды міндет етті. Ақынның революциядан бұрынғы эпикалық жырлары, өлең, айтыстары, поэмалары I-том, совет дәуіріндегі шығармалары II том етіліп бөлек берілмекші еді. Алдымен баспаға оның тек совет дәуіріндегі өлең-жырлары дайындалып, II томы баспадан бұрын шықты. Ақынның революциядан бұрынғы репертуарын зерттей, іріктей түсу мақсатымен I томын баспаға әзірлеу жұмысы осы уақытқа дейін тоқтатылып келді.

Нұрпейістің 1950-жылы шыққан жыйнағы тез арада тарап кетті, және ол шыққан кітапта ақынның шығармалары хронологиялық принциппен емес жанрлық принциппен берілген еді, біраз көркемдік жағынан төмен шығармалар да кеткен болатын. Осы жағдайларды ескере отырып оқушы жұртшылығымызға ақынның шығармалар жыйнағын екі бөлімді бір кітап етіп ұсынып отырмыз. I бөлімге ақынның революцияға дейінгі шығармалары жанрлық принциппен берілді де, II бөлімге совет дәуіріндегі шығармалары хронологиялық тәртіппен берілді.

Нұрпейістің революциядан бұрынғы шығармаларының нақты шыққан уақытын білу өте қыйын болды. Сондықтан ол шығармаларының уақытын қойғанымыз жоқ.

Тіл және әдебиет институты Нұрпейіс Байғанинның

қайтыс болғанына, 1955-жылы, 10 жыл толуына байланысты ақынның осы жыйнағын баспаға әзірледі.

Бұл жыйнақтың Н. Байғанинның 1950-жылы шыққан «Шығармаларының жыйнағынан» біраз өзгерістері де бар. Ол мыналар: Жыйнаққа алғысөз қайта жазылды, бұрын баспаға шықпаған, Институттың ғылыми экспедициясы кезінде жыйналған бірнеше қысқа өлеңдері қосылып, оларға толық түсініктер берілді. Ақынның революциядан бұрынғы репертуарларынан «Нұрпейістің Қазақпаймен айтысы», «Төрехан», дастаны және «Ақкенже», «Нарқыз» поэмалары қосылып оларға түсініктер берілді.

Нұрпейіс мақал-мәтелдерді көп білетін, өзі де жанынан көп шығаратын ақын, және оның өлеңдерінің көбісі терме, нақыл болып келеді. Ал, ақынның бұрынғы (1950) жыйнағында осы нақыл сөздерінен ешнәрсе берілмеген болатын. Сондықтан бұл жыйнаққа ақынның көп терме, нақылдарының бәрі болмағанымен, біразын қосып отырмыз. Сонымен қатар осы жыйнаққа Нұрпейіс ақынның өмірі мен ақындық қызметіне байланысты фотосуреттерінен біразын бердік. Ақынның бұл суреттері оның бұрынғы шыққан кітаптарында берілмеген болатын.

Нұрпейістің осы жыйнаққа жаңадан қосылған, революциядан бұрынғы шығармалары ақынның 1945-жылғы Қазақстанның XXV жылдық юбилейіне арналып шыққан «Таңдамалы шығармаларының» текстісі бойынша алынды. Бұрын бұл шығармалардың ешқайсысына түсініктер берілмеген, осы жыйнақта мүмкін болғанша барлық шығармаларына түсініктер берілді.


Ал, Ақынның едтеден есінде сақтап, көп уақыт жырлап келген «Қобланды», «Құбығұл» т. б. дастандарын зерттеп тәрбиелік мәні бар құндыларын баспаға әзірлеу Институттың алдағы уақыттарда істейтін міндеттерінің бірі.

* *
*


КПСС XX съезінің тарихи қаулы-қарарларымен байланысты ақындарымыз өздерінің бұрынғы шығармаларының көбісін қайта қарап түзетуде. Осы жағдайға байланысты Нұрпейіс Байғанинның шығармалар жыйнағын

қайта бастыру үстінде жыйнақтың редакторлары ақынның кейбір шығармаларының негізгі мазмұнына ешбір нұқсан келтірместен аздап қысқартулар енгізді. Ал, мазмұнына қарағанда жыйнаққа енгізуге өте қажет деген кейбір шығармаларында да, атап айтқанда: «Ұлы Отанның сүйікті ұлы болындар», «Май толғауы», «Көктем», «Қазақстан» т. б. өлеңдерін де, мазмұнына қарай қысқартуға келмейтін жерлерін, ақынның негізгі айтайын деген ойына байланысты кейбір жолдарын, немесе сөздерін өзгертуге тура келді.

О. Ә. Нұрмағамбетова.



БІРІНШІ БӨЛІМ
РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ
ШЫҒАРМАЛАРЫ



* * *
*
•

Ақтан тентек Адайсын,
Байлығыңа мас болып
Өктемсініп сабайсын.
Елге тұлға сен емес,
Жұртты қалай қамайсын?
Осынша көптен жоғары
Өзіңді неге санайсын?
Ақынмын деп мақтанба
Өлшеу салшы өзіңе
Білемісін қандайсын?
Көрген жерден тап беріп,
Қасқырша неге талайсын?

* * *

Ауылда бір келін бар Жаңғак деген
Шымырып ши орайды бармақпенен
Келіннің әруақытта мінезі бар
Нәсілі шатас білем қалмақпен.

* * *

Ақша дейтін шешеме
Бардым сәлем берем деп,
Тәжік деген жеңешем
Отыр екен көлеңдеп,
Біз үйіне барғаннан
Тұра алмады безеңдеп,
Өтірік алдап та айтпады
Шай қайнатып берем деп...

* * *

Жеңешем тәуір еді-ау илі қайыс
Басыңнан дәурен өтті-ау жеңгем байғұс.
Үйіне барған сайын қонақ етеді
Келіннен көріп жүрмін көп райыс.
Келінім таулы жердің қасқырындай
Әнәпия ақбоз үйдің басқұрындай.

* * *

Алыппын Бәйімбеттен Тайба келін,
Кісіден жаман-жұман тайма келін,
Апырмай аңғармай-ақ алып қалдым
Сол келін ақылы жоқ шайма келін.

* * *

Қосап қара Мұнайсын
Айтуыма оңайсын.
Бір мінезің келген де
Барып тұрған құдайсын.

* * *

Тапбергеннің Байұзақ,
Ақылың сенің тайыз-ақ,
Мұхамбетқали жүр десе,
Атқошыға қайым-ақ
Бес-алты саулық бітті деп
Қеткен екенсін байып-ақ.

* * *

О, әлеумет жарандар,
Сөзіме құлақ салындар!
Екшеп сөздің асылын
Ұнағанын алыңыз.
Тіл алсаңдар жігіттер,
Бұл ұрысқа бармаңыз.
Қолға қару алмаңыз.
Залалдан басқа пайдаң жоқ
Қапыда жұртым қалмаңыз.
Біреу үшін қан төгіп,
Қайғыға елді салмаңыз.
Ожан менен Қожандай
Арандаған екі бай
Айырды елдің арасын.
Әкесінен айырды
Іштен туған баласын.
Қызыл қанға бояды
Шағырдың кең даласын.
Еріксіз өскен елім-ау
Шақыртты деп Біржан бай,
Өлімге қалай барасын?
Зейіні бар жастарым,
Сөзімді байқап қарасын.
Қабыл көрсе сөзімді
Ел-еліне тарасын.

* *
* *

Сөз айтасын Қосеке
Шарифаттың жөнінен,
Ақындардан сөз шығады,
Қызыл тіл, ерін-емінен.
Ақын болсаң бастап айт,
Халықтың артық-кемінен.
Тұлпар мініп ту алған,
Атақты елдің ерінен.
Көк майсалы шалғынды
Суы шарбат жерінен,
Айту бізге жарасар,
Кім қымбатты, кім арзан,
Елдің жайын кеңінен,
Елді өтірік алдаған
Тозақ жанып жатыр деп,
Керерсін сенде ғапыл деп,
Халықтың малын жалмаған,
Астана елді алдаған,
Шаршамаған, талмаған,
Қосекемдей қартыма
Жырым осы арнаған?!

КЕКТИҢ ДАУСЫ

Қара жүзді би, болыс
Қайырым жоқ сендерде,
Қаймығу жоқ, ар да жоқ.
Болыс, билер бойында
Ардан түкте қалған жоқ.
Бұл сөзімде жалған жоқ.
Көп дәулетің көрінбей
Кедейді жеп жалмадың,
Жылатудан нашарды
Шаршамадың, талмадың.
Әділ жолдан аулақсын,
Байды сүйеп қолдадың.
Сөздерінде шындық жоқ,
Халықты ылғый алдадың.
Ар, нысаптан бездіңдар,
Елді жаншып ездіндер,
Сүйетін қылық болмаса,
Қалай сүймек сендерді ел.
Қара жүзді би, болыс!
Бұзылған ниет түрлерің,
Тура жолмен жүрмедің,
Туралықты білмедің,
Әділдікті сүймедің.
Шен-шекпенге мәз болып,
Елдің қолын күрмедің.
Жетім-жесір жарлыға

Қарасуды білмедің.
Пара берген адамды
Бйыққа салып сүйредің.
Пара бермес пақырды
Саз балшықтай иледің.
Сендерді қайтып ел сүйер,
Сендерді қайтып мен сүйем!

ҚАЗАҚПАЙ АҚЫН МЕН НҰРПЕЙІС АҚЫННЫҢ АЙТЫСЫ

Қ а з а қ б а й:

Қанатым талмас қаршыға
Жайнап дәурен сүргенмін.
Шеңгелім қайтпас шын болат
Шын күйіме түскенде,
Қыядан көзім шалғанды
Не болса да ілгенмін.
Жасым жеткен арыстан
Дүбірден әлі қалыспан.
Екіталай жер болса,
Таптап жерге жанышқам.
Әркімдер әуес сыртымнан
Қазақбай деген дабыстан,
Жүйріктің жайы көрінер
Алқалы дуда шабыстан,
Тауым қайтып көрген жоқ
Жақын менен алыстан.
Алқалы топта айтыссам
Бергенім жоқ намыстан.
Қамал бұзған қайратты
Қызыл тілім ерікті.
Тарлан тартқан Қазақбай
Қыялап шауып желікті.
Жырдан дауыл тұрғызам,
Көмейден басып көрікті.
Шын желденіп желгенде

Өзгеге бермен ерікті.
Жас жыршыны көрген соң
Желігер жерім келіпті.
Қыядан жарды ұрармын,
Екпініме шыдар кім?
Егескенде егеулі
Жыр қылышын шығардым.
Құрлыққа шыққан шынармын,
Айтысуға құмармын.
Азу тісім сақылдап
Қандай жүйрік болса да
Қос өкпеден сығармын.
Тұяғым болат тұлпармын,
Дуда неғып шыдармын.
Руымды сұрасаң
Мен Майлыбай — Қетемін.
Қашқан жерде құтылып,
Қуғаным жетемін.
Осы отырған жамағат
Жаңа талап балаға
Домбырамды қолдағы
Енді ұсыныс етемін.

Н ұ р п е й і с:

Жырыңды байқап қарасам,
Ешбір жоқ сенің ғапылың
Жаңа өспірім бала деп,
Жетіспеген шала деп,
Толмады ма тақымың?
Өзінді сонша зор айтып
Мұнша неге тасыдың?
Түлектен шыққан шынығып
Балапан бүркіт, мен болам
Құлағыңды сал сұңқарым.
Тұяғым тастан қайтпайтын,
Жарауым түскен тұлпармын.
Бәйгелі жерге қосқанда
Жер танабын құртармын.
Қазақбай ақын келед деп

Сәрсенғали, Құлназар
Ат жіберіп шақырды.
Қанша бала көрсең де
Толтырармын тақымды.
Өзінді зорға санайсын,
Аржақ пенен бержағын
Алыстан орап қарайсын.
Қарағанмен Қазеке
Сен бір гүлсіз қу ағаш;
Миуалы мен балдырған.
Сүйексіз қызыл тілімді
Жаңылдырман, талдырман.
Тарлан тартқан көкжалға
Жастығымнан шалдырман.
Қырқып қыйып желісін,
Ағыным бөгеп өрісін
Кілтсіз кісен салдырған.
Естуімше сыртыңнан,
Жырдың ағыс көзі едің,
Айтулының өзі едің.
Сіздей жүйрік шежіре
Іздеген менің керегім.
Аңсағанда алдымнан
Тілегенім табылған.
Тарлан тартқан жүйріксің
Талай топта шабылған.
Екпінің күшті көрінді
Тас аунатқан ағыннан.
Айрылмасам бағымнан,
Кесілмесем қарымнан,
Сөйле деп кезек бергенде
Айтарымнан жаңылман.
Тас кесетін алмастай
Жыр күштісі табылған.
Даңқынды естіп сыртыңнан
Бір кездесем деп едім.
Дүбірің алып тынышымды,
Жанымды жастай жеп едің.
Әр мысалдан жыр жырлап
Домбыраны беремін.

Жасы үлкен қарт аға
Қазекен алсын кезегін.

Қ а з а қ б а й:

Домбыраға үн қоссам,
Әнге жырым жарасқан
Алпысқа жасым келсе де,
Жерім жоқ бұрын адасқан,
Шүреннен¹ шыққан жас бала
Меніменен таласқан.
Талай айтқыш егесіп,
Тозаңымнан адасқан.
Жыр қанаты қомдалған,
Жыр қымбаты таңдалған.
Етектен бала алды деп,
Арланбан да, шамданбан.
Дуа тиген Майлыбай
Енді бастап сөйлейін.
Ожырай, Кете елімнен,
Елімде өткен байменен
Қайтпайтын жаудан ерімнен.
Жау дегенде желіккен
Кілең мықты серімнен,
Дербісәлі, Сүлекең,
Кетенің биі — данасы,
Халқымның қорған панасы.
Әулие өткен жан еді,
Үлгі болған халқыма
Қеремет үгіт, санасы,
Ел бастығы ер еді,
Ерлер мен биім көп еді
Ежелден-ақ Майлыбай,
Мақтауыма сыятын,
Аузыма толы сөз еді.
Ақынды айтсам мақтанам:
Жастілеу мен Бақберген
Тасыған судай қаптаған,

¹ Шүрен — Н. Байғаниннің руы.

Майлыбайдай ерім көп,
Елді берік сақтаған,
Білімі артық биім көп
Екіталай жерлерде
Елдің сөзін бастаған.
Малы өріске сыймаған
Сан жетпейді байларым.
Ақ сүйектің ұлындай
Елден озған паңдарым,
Таршылықта жол тауып,
Орындаған арманын.
Осынымның бәрі рас
Айтпаймын сөздің жалғанын.
Көпті көрген көнемін,
Біраз жерден қармадым.
Екіталай кезеңде
Қабады жайын қармағым.
Ежелден ақын үлгілі,
Мен Майлыбайдың бұлбұлы
Басады балам салмағым.
Қартайып жасым жетсе де,
Батпай кетпес бармағым.
Жыршының сөз табады тіл мен жағы,
Майлыбай, Бақтыбайдың артық бағы.
Ерегіс екіталай сөз болған соң
Қартыңның айдын көлдей шалқыр шағы,
Аяма барың болса қыймылдап қал,
Жас бала, кезегінді бердім тағы.

Н ұ р п е й і с:

Ақылмен ойлап сөз табар,
Адамзаттың данасы.
Өзіңе аян Қазеке,
Әлімнің алты баласы
Біреуі Кете, Майлыбай,
Теріс, Таңбалы, Ожырай,
Ән мен жырым сайма-сай,
Ата тектен жырласан
Бола алмассың маған сай.

Ерлерімді екшесем
Сонда менің көңілім жай.
Біз баласы Әлімнің,
Өзімнің атам Жаманак,
Жыр жырлаймын саралап,
Жөн білмейтін олақтай
Сөз айтпаймын каралап.
Қаймығып кімнен қорқайын,
Кім қымбат та, кім арзан,
Атадан бастап айтайын;
Тұқым, текте кемім жоқ
Айтыстан неге қашайын.
Орыстан¹ өрген үш бала
Есенәлі, Айдарбек.
Есенәлі баласы,
Жетеу екен шамасы.
Шектінің шексіз ерлігіне
Болмаған ешкім таласы
Құрманай мен Құттық
Жиеншора, Жолшора,
Асан, Үсен, Кішкене —
Осылар туған баласы.
Өзімнің атам Бөлекті,
Бөлектен туған кім десен,
Шамаң келсе Қазеке,
Айта бер бетке мінімді
Тіл найзанды салып көр
Аяма жас деп ініңді.
Сендерді жерге қаратсам,
Сұрама жұртым құнымды,
Тілеуқабак мың айдап,
Қай жауынан сүрінді?
Оқпен атып шіркейді
Мергендігі білінді.
Алысқанмен алысып
Әділдікке жүгінді.
Сөзбен егеп Қазеке
Шығарма сыртқа түгінді.

¹ Рудың аты.

Тілеуімнің ішінде
Әулие өткен Өңке би,
Даулет пен баққа асқандар
Қайырын судай шашқан бар,
Халықыма жаққан бар,
Халықты қорғап баққан бар,
Түрлентіп салған әнім бар,
Әнде көркем сәнім бар,
Өркешті туған нарым бар.
Ұзын сақал, Қарақұл,
Батақтан туған Сарым бар....

Қ а з а қ б а й:

Білікті кем болмайды болса дана,
Сөзімді менің айтқан тыңда бала.
Майлыбай, Бақтыбаймен бөтен емес.
Қарағым ойға салып ойлап қара.
Екі елдің жігін ашып таласпайық,
Ішінде Тама, Табын адаспайық.,
Айтыстың алды, арты осы болсын
Бұл сөзді бөтен жерге таратпайық.
Жаңа өспірім баласын,
Дауылдап өрттей жанасын.
Балалықтың жөнінен
Қатты кетіп барасын,
Қарт ағанды сыйламай
Найзадай тілді саласын,
Біздің Арыс, Қетеде
Байқошқар мен Құттығай
Бәрі тегіс, бәрі бай.
Малы жонға сыймаған
Есмағамбет, Өмірбай.
Байлықпен озды Көздібай.
Көздібайдың Бітені
Болып өтті қонақ жай.
Мал мен бағы сайма-сай
Байыңды айтшы осындай.
Мақсатқа мақтау сыятын

Байқошқарда Оразбай.
Қайсы бірін айтамын,
Біздің Кете бәрі бай.
Ағып жатқан аппақ май,
Дәулетімен бағы тең,
Қайнатулы қызыл шай.
Шалқып жатқан жерім кең,
Теңгерісіп айтысқақ
Майлыбайдан елің кем.
Өте алмассың шырағым,
Қыйыннан өткел салармын.
Қазулы ор сен болсаң,
Өткел бермес дариядай
Алдыңнан орап ағармын.
Жеңемін десең жырымның
Қыйынын келтір желімдеп,
Айтып өттің бірталай,
Шектімде көп ерім деп.
Мен Майлыбай Ақкете,
Сүйегім қызыл желігіп
Өзіме өзім сенемін.
Дуды көрсем желемін,
Байың менен еріңнің
Қалдырмай айт дерегін,
Жалын атқан жас бала,
Жастығына мас бала,
Кезегінді ал, беремін.

Н ұ р п е й і с:

Қазақбай білдім жайыңды,
Болдың ба айтып байыңды?
Мен білмейтін байың жоқ,
Қайыры жоқ малынан,
Зекеті жоқ жанынан
Байдың несін мақтайсын?
Құдайы қонақ келмеген,
Бір аяқ ас бермеген,
Бөтен түгіл өздері

Мал рахатын көрмеген.
Табындар¹ отыр арада,
Екеуімізді сынаған.
Ұят та болса айтайын
Бір сөзің жоқ ұнаған.
Қайыры жоқ байларын
Бір мал өлсе жылаған.
Шеберлікпен Қазақбай
Жоқтан барды құраған.
Жасы жеткен ақсақал
Алыстан айтып орадың.
Бейсенғали, Құлназар,
Екеуіміз де қонағың.
Бұл Қазекең мақтайды
Құнсыз болыс Оразын.
Әдеттенген кісі екен,
Айтысқанда әр жерде
Ақынның тауын қайырған.
Құрыш-болат мен алмас
Тасқа салса қайтпайтын,
Бәрін айтып нетейін,
Білдіріп қана өтейін,
Егізімнің сыңары
Тілеуқабак ауылым,
Бірге тума бауырым
Айтбай, Бұжыр дейді жұрт,
Кіші жүздің сауырын...
Қарақұлдай ерім бар
Қарағай найза толғаған,
Талай-талай жауларға
Аттанысқан, аламан,
Ханмен, баймен қас болып
Талайын жұлып талаған,
Өтірік десең көзіме айт,
Дәрібай менен Қарақұл,
Бар ма еді жауды санаған.
Ерлігіме мақтанам
Дұшпанын қылған қара қан.

¹ Ру аты.

Жауға бүлік салған ер,
Беттеген жауын алған ер,
Бұл дүниеде опа жоқ
Соларды да алды қара жер
Сен қараңғы тұмансың,
Мен жайнаған панармын,
Қыйыннан өткел табармын,
Шындықпенен шідерлеп
Аяғыңнан шалармын.
Жырмен болат суарып,
Алдыңа бөгет салармын.
Өтірікті өнер көрмеңіз
Негізін іздеп табармын.
Бала екен деп басынба!
Жасың үлкен болса да,
Қасқайып кезек алармын.
Бай мырзаға жалбақтап
Бағынасын сонша тым.
Ар емес пе өзіңе,
Айтқаным достық көзіңе
Емес пе, жұртым, мұным шын?

ТӨРЕХАН

(Дастан)

Баяғыда Темірхан деген хан болыпты. Темірхан Нұрадын ханның Сәуле сұлу деген қызын алады. Сәуледен көпке дейін бала тумайды. Дүниеден перзентсіз өтемін бе деген қауыппен Темірхан Түрікпеннің Қараман деген ханының Қарашаш деген қызын елшілікпен кішілікке алады. Қарашаштың нағашысы Қоңырбек деген хан берісі қалмақ екен. Қарашаш түскен жылы төсегімен көтеріп ұл туады. Артынан жалғасы болар ма екен деп, ұлдың атын Егізбай қояды. Егізбай екіге келгенде Қарашаш тағы ұл табады. Мұның аты Сегізбай болады. Темірхан Егізбай, Сегізбай мен Қарашашқа арнап, байырығы шаһарынан күншілік жерге салтанатты сарай салдырады да, өзі екі балаға айналып, Қарашаштың үйінде болады. Сәуленің ордасына айда, аптада бір келетін болады. Хан келмегесін Сәуле: «Қарашаштың өзі өзімнен, тұқымы тұқымымнан артық емес еді, менің төркінім хан Нұрадын еді де, оның нағашысы Қоңырбек деген қалмақ еді. Менен ханды аударып кеткен екі баланың қызығы-ау» деп зарығады да, қамығады. Сөйтіп жүріп, қырықтоғызға шыққан жылы Сәуле жүкті болып, бір ұл, бір қыз егіз бала тапқан. Ұлдың атын Төрехан да, қыздың атын Хан-бибі қойыпты. Қызық дәуірде жүріп, бір күні Темірхан ауырады. Сәуленің ордасында жатып, Темірхан сол аурудан дүние салады.

Халықтың кәрі-жасы: «Ел тірегі! — хан еді, тірексіз ел болмас, хансыз тұру жөн болмас» — деп, кімді хан қою

жөнін сөйлеседі. Бұл кезде Егізбай жыйырма үште де, Сегізбай жыйырма бірде еді, ал ханның кенжесі Төрехан онтоғыз жаста болатын. Әкесі өлген кезде Егізбай мен Сегізбай дауға барса, дауды алған, жауға барса, жауды алған белгілі ер-азамат еді. Төрехан еркелікпен ештеңеге қатыспаушы еді. Хандық жайын сөйлескенде, әрі жасы аға, әрі ісі аға, кемдігі жоқ ер, міні жоқ шешен Егізбайды таққа отырғызуды жастар қолдаған екен де, қариялар: «Хан болу Егізбайға жол емес, оның түп нағашысы қалмақ еді, Төреханның нағашысы хан, Нұрадын текті еді, хан тағы Төреханға лайық еді» депті. Қариялар жастардың тілін алмай, хан тағын Төреханға арнайды. Төрехан алтын таққа отырады. Айтқандары болмаған соң, жастар шамданып, ортасынан зирексінген тақ-тақ біреуін Егізбай, Сегізбайға хабар салуға жібереді.

Сөзге шебер — сұңғыла,
Елден шыққан бір залым,
Астына мінді сұр құла,
Егізбаймен замандас
Жасы қатар құрбы да,
Сұр құламенен желеді,
Егізбай мен Сегізді
Азғыруға келеді,
Сөзге шебер неме еді,
Келе сөйлей береді:
—«Егіз бен Сегіз сен деді,
Бұзылған халық ел деді.
Хабарға келдім мен деді,
Туғаннан туға таласқан
Патша болды Төрехан
Мұнда жатқан нең деді.
Халықтың үлкен кәрісі
Жастарға билік бермеді,
Сіздерге хабар келмеді,
Егізбай менен Сегіздің
Түп нағашысы қалмақтан
Бір нәсібі кем деді.
Егізбай елге хан болса,
Ыңғайында болмасак,

Еріксіз елді жер деді.
Төрехандай төренің
Нағашысы ер нәсеп,
Екі жағы тең деді.
Төрехандай төрені
Хан қою болар жөн деді.
Тақ берді халық балаға,
Екеуің қалдың далада
Өзің ойла, Егізбай,
Аға тұрып, інісі
Төрден орын ала ма?
Жас қорланар іс болды,
Туғаным деп аяма!
Артымнан өскен інім деп,
Дұшпан болған шіркінді
Туысқанға балама.
Ағаға ерік салмаған
Жаман іні оңа ма?
Аға тұрып, інісі
Халыққа тұлға бола ма?
Арқызыл мен Сарқызыл
Қос тұлпарға мін деді,
Адырналы бек сауыт,
Екі батыр ки деді,
Көк сүңгіні қолға алып
Беліңе алмас іл деді,
Туғаным деп аямай,
Сәуленің алтын ордаға
Жаушылықпен ти деді.
Егізбай сонда арланды,
Айбаттанып шамданды,
Жаушылықпен баруға
Қаһарланып қамданды,
Қатты жедел ойға алды,
Ашу қысып долданды,
Жылқыдағы Сегізге
Ер Егізбай жолданды.
Жедел қуды батырды,
Тентек ісі өзіне
Егізбай ердің мақұлды,

Жылқыдағы Сегізді
Бермен кел деп шақырды.
Ажары кетіп қуарған,
Екі көзі қызарған,
Ашуын сыртқа шығарған:
— Туған інім сен едің,
Сенің ағаң мен едім,
Суық сөз естіп құлағым
Ашу қысып келемін,
Ашуланған себебім, —
Темірхан атам өлгесін,
Төрехан жыйған халықты,
Өз аузына қаратып,
Атадан қалған алтын так
Параменен алыпты.
Бізге хабар берген жоқ,
Беруді мақұл көрген жоқ,
Бірге туған ағам деп,
Туыстыққа сенген жоқ,
Біз жүріппіз бекерге
Туғаннан туға таласқан
Қорлығы естен кетер ме?
Мұның берген зәбірі
Көкіректен өшер ме?
Арқызыл мен Сарқызыл
Тұлпарға мініп алалық,
Бірге тума десекте, —
Төрехан еткен алалық,
Көкірегі қаралық,
Туысқан емес, бұ да жау,
Дұшпан болып шабалық;
Басын кесіп арамның,
Қанын ұрттап қаналық,
Атадан қалған алтын так
Жалғыздан тартып алалық,
Сегізбай да долданды,
Солқылдақ құрық қолға алды
Ағасының жауабын
Теріс демей жолға алды.
Арқызыл мен Сарқызыл,

Тұлпарды ұстап алады,
Қарашаштың ордаға
Екі батыр барады.
Жау көргенде мінетін
Атқа ерді салады,
Береңгілі бек сауыт,
Шығыршықты көк сауыт
Беркіне киіп алады.
Алтын балдақ ақ алмас,
Қәрленіп шапса, жан қалмас,
Белге орай шалады.
Жабылыққы қабағы,
Төреханды өлтіру,
Екі залым талабы.
Алды-артына қарамай,
Қарулары жарқылдап,
Қос тұлпары аңқылдап,
Екеуі кетіп барады.
Қарашашқа бармады,
Сыр айтып ақыл салмады.
Сапарынан қалмады,
Жеделінен танбады.
Білігі артық Қарашаш
Екеуінің жүрісін
Ақылмен байқап аңдады.
Қарашаш сонда ойлайды,
Екі балам есер деп,
Отырмаймын бекер деп,
Түрі жаман бұлардың,
Ашу қысқан секілді;
Төрехандай төрені
Екеуі жазым етер деп.
Өзімнен туған бала-ды
Өтінейін жалынып,
Білігі болса ашуын,
Анам деп, маған «кешер» деп.
Егізбай мен Сегізбай
Қос тұлпармен жөнелді,
Қигені сауыт береңгі,
Рауан жолға кенелді.

Қырыққа келген Қарашаш,
Артынан куды сол ерді.
«Егізбай» — деп ақырды,
«Сегізбайжан!» — деп шақырды.
Шақырды екі батырды
Балам деп айқай салады.
Айқайлаған дауысы
Егіз, Сегіз ерлердің
Құлағына барады.
Айқайына тоқтамай,
Егіз бенен Сегізі
Қос тұлпарын сабады.
Қарашаш жылап еңрейді
— Екі балам сен дейді,
Маған ақыл салмаған,
Шешеден ұлықсат алмаған,
Екеуіңнің нең дейді.
Перзенттерім шырағым,
Бір қайрылып кел дейді.
Қай сапарға барасың,
Жөніңді айтып бер — дейді.
Сонда Егізбай сөйледі:
— Ал, Сегізбай бауырым,
Артыңнан куды анаң-ай,
Қос балам деп шақырған
Даусы құлақ жарады-ай,
Қайрылмай кетсек жаман-ай,
Қарғыс берер Қарашаш
Қайта айналып, баралы-ай.
Төрехандай ініге,
Қорған бола барам деп,
Алдап кетіп қалалы-ай.
Егізбай менен Сегізбай,
Қарашашқа келеді,
Келіп сәлем береді.
Дүзі жанбай анадан,
Өтірікті тереді:
— Темірхан атам өлгесін,
Қалмақ деген көп халық
Ел шабуға келіпті,

Еңсеге дұшпан төніпті,
Ел қысылып көп жаудан,
Егіз бен Сегіз келсін деп,
Бізге хабар беріпті.
Әрі батыр данамын,
Әрі елге ағамын,
Қуырам жаудың заманын,
Тоқтатам дұшпан табанын,
Ел қорғаны батырмын,
Бірге туған бауырым,
Төрехандай ініме,
Қорған бола барамын.
— «Ей Егізбай, Сегізбай,
Өтірік айтып алдама,
Анаңды, шіркін, арбама,
Туған шешенді алдайсың,
Мақшарда не деп барасың,
Жаратқан жаббар аллаңа?
Шайтан кірді кеудеңе,
Жеделіңнен танбайсың,
Жаратпаймын түріңді,
Екеуінде он қару,
Төреханға арнайсың,
Шамаң келсе жалғыздың,
Қанын ұрттап жалмайсың,
Өтірік айтпа анаңа,
Емізген ақ сүт мамаңа,
Темірхан атаң өлгесін,
Хан болған шығар Төрехан,
Байтақ елге жаңа да.
Қәрге мінген ажарың,
Не жүріске жүргенің,
Танып тұр көңлім назарың,
Суытуға барасың
Сәуленің қызық базарын,
Қайыруға барасың
Жас тілектің қажырын.
Айтқан шығар бір залым
Төрехан бала хан болған
Азғырумен хабарын.

Тілімді алсаң, сындырма
Бауырыңның назарын,
Екі балам сындырма,
Шын тілеген, сағымды,
Сындыра қойсаң сағымды,
Өшірдің бастан бағымды,
Ашуланып арлансаң,
Ініңнен алып берейін,
Таласқан, балам, тағыңды.
Төреханжанға барайын,
Барып тілеп қарайын.
Арланғаның тақ болса,
Төреден сұрап алайын.
— Ей, Қарашаш алжыған,
Жасы жетіп қажыған,
Сөзіңе құлақ салмаймын.
Қолымдағы көк алмас
Төреханға арнаймын.
Ол жалғыз да, біз екеу,
Қу бастың басын жалмаймын.
Айналдырма Қарашаш,
Сапарымнан қалмаймын.
Жау жақыннан табылды,
Ажалды соған арнаймын.
Бұ қорлыққа көнгендей,
Қарашаш шешем, қандаймын?
— Көзімнің жасын көр, балам,
Шын тілегім бер балам,
Жығыла тілек тіледім,
Бермеген тілек нең, балам?
Ақ сүт берген мен едім,
Ішімнен шыққан сен едің
Екі шырақ керегім,
Төрехан бөтен кісі емес,
Мен үшін таста жеделін.
Екеуің үйде жата бер,
Төрехан мінген алтын тақ,
Ініңнен алып келемін.
— Қалдырып жолдан былшылдап,
Сындыра берме сағымды;

Байлаймын деме бағымды,
Жеделге мінген шағымды,
Суығасын көңілім,
Елдікпен алман тағымды,
Шын қаһарға мінгесін,
Келтірмей қайтпаң, жазымды.
— Жығыла тілек тіледім,
Тілегімді бермейсің,
Көзімнің жасын көрмейсің,
Қыйсық істі жөн дейсің.
Нағашысы Төрехан,
Хан сұлтан еді Нұрадын,
Айтулының өзі еді.
Төрехан жалғыз беренім
Соның нәсіл көзі еді.
Төрехан бала хан болса,
Жаман менен жақсының
Бәрін бірдей көреді,
Қара қылды қак жарып,
Әділ төре береді.
Пақыр менен мүскінге,
Төрениң тиер себебі.
Егізбай егер хан болса,
Қазіргі сыйқы мынау ғой,
Елді басып жер еді.
Тілек тілеп зарладым,
Тілекке құлақ салмадың,
Сөзімді қабыл алмадың.
Көзімнің жасын көрмедің
Қолымды теріс жаяйын,
Теріс бата қағайын,
Пиғылың арам болғасын,
Балам деп неге аяйын?!
Жеделің қабыл болмағыр,
Бұ дүниеде оңбағыр,
Төрехандай төрені,
Әулиелер қолдағыр,
Бабалары қорғағыр,
Ер ашуы қызады,
Айтқан сөзі Қарашан

Ерлердің жанын сығады,
Өзінің тапқан шешесін
Екі батыр қуады.
Қамшыменен сабады,
Шашынан алып шыңғыртып,
Қос бұрымын жұлады,
Табанда ұрып жығады,
Екі бала қамады,
Қамшылап қуып сабады,
«Батыр болсаң, сондай бол»,
Ананың басын жарады,
Қарашаш ана басынан
Сорғалап қан ағады,
Қатты таяқ зарпынан
Қарашаш сұлу талады.
Ұрып жығып шешесін,
Сәуленің алтын ордаға
Екеуі кетіп барады.
Қарашаш сонда жылады,
Көзінің жасын бұлады,
Көзден аққан ыстық жас,
Омырауын жуады.
— Тоғыз ай, он күн көтерген
Еңбекті анаң мен едім,
Өзімнен туған перзентім,
Ізгілік етер деп едім,
Қаражүрек арам ит,
Анаға жоқ керегің,
Ақ сүтімнің айы ұрсын,
Қазіреті баба ұрсын,
Еңсеңнен басып тағы ұрсын.
Осыны айтып Қарашаш,
Қос бүйірін, сығады,
Көзінің жасын бұлады,
Орнынан талып тұрады,
Ордасына өзінің,
Асыға қадам ұрады,
Бір қайнысын тауып ап:
— Астыңа ат мін деді,
Қарыңа қамшы іл деді,

Төреханның ордаға,
Шабарман боп жүр деді:
Төреханның ордаға,
Шабарман боп бара көр,
Айтқан тілім ала көр,
Екі ағасы тақ жаулап
Өлтіруге барады
Қапыда Төре қалмасын,
Құлағына сала көр.
Жеңгесінің бұ сөзін
Қайнысы мақұл алады,
Атына қамшы салады
Төбеден жұлдыз ауғанда,
Таң сімері жауғанда,
Төрехан жатқан ақ орда
Ішіне кіріп барады.
— Төрехан, құлдық, алдияр,
Елдің ханы сен деді,
Қарашаштай анаңның
Хабаршысы мен деді,
Сөзге ұлықсат бер деді,
Хан болғаның есітіп,
Егізбай мен Сегізбай
Анаң билік бермеді,
Өлтіріп, басын алам деп,
Жалаңдап сұмдар өрледі,
Келіп қалар ұзамай
Абайсыз жатпай ордада
Қамданып ханым көр — деді.
Төсегінен Төрехан
Шошынып сонда тұрады,
Шешесі жатқан бөлмеге
Төрехан қадам ұрады.
Хабардың түрі тым жаман,
Баланың сағы сынады,
Есіткеннің баршасын
Сәулеге баян қылады.
— Сәуле, анам сен деді,
Жалғыз балаң мен деді,
Әже, ақыл бер деді,

Хабардың түрі тым жаман,
Жалғыз балаң қысылды,
Бере ме деп ойлаймын
Дұшпан залым қысымды,
Жылы жаздың ішінде
Сар аязды қыс қой бұл;
Жаратпаймын пішінін
Әжептеуір іс қой бұл;
Хабар жалған болмаса,
Қыйындық басқа төніп тұр,
Осындай зауал жаман іс
Жалғыз ұлың көріп тұр.
Атадан қалған алтын тақ
Өлтіріп мені алам деп,
Егізбай менен Сегізбай
Жаушылықпен келіп тұр.
— Темірхан атаң өлгесін,
Халқың тақты берген соң,
Ел алдыңнан өргесін,
Сен падиша болғасын,
Басыңа бақыт қонғасын,
Егізбай мен Сегізге
Халқың хабар салмаған,
Екі тума ағанды,
Мәжіліске алмаған,
Хан боларда, қарағым,
Ағаңа хабар бармаған,
Өкпеменен екі аған,
Тағынды сенің арлаған.
Егізбай мен Сегізбай —
Бұларда ердің данасы,
Азғыруға халқыңнан
Арам ниет бір залым
Айтқан шығар шамасы.
«Түбі бірге түтпек жоқ»,
«Жат болмайды — деген сөз —
Бір кісінің баласы».
Баланың қорған панасы —
Ата менен анасы.
Інінің қорған панасы —

Алдында өскен ағасы,
Бауырына шыдай ма
Бір кісінің баласы?
Араз болып адассаң,
Дұшпанның қанар табасы,
Туысқанға жаттық жоқ,
Өзің ойлап қарашы.
Егіз бен Сегіз екі аған,
Көңілі сенен қалмасын,
Көңіліне қайғы алмасын,
Көзімнің ақ пен қарасы,
Тілімді алсаң шырағым,
Екі ағаңа сене көр,
Ағаң басшы, сен қосшы,
Айтқанына көне бер.
Арланғаны тақ болса,
Өз қолыңнан бере көр.
—«Ана, айтқан сөзіңе,
Мақұл деп жауап берейін,
Егізбай мен Сегізбай,
Бірге туған екі ағам,
Сірәде бөтен демеймін,
Елшілікпен келсе егер,
Атамнан қалған алтын тақ
Ықтыярыммен берейін.
Дұшпандықпен келсе егер,
Қорлыққа қалай көнесін»!?
Сауыттан тон жамылған,
Қуарып беті қабынған,
Арамдық залым ниетке
Жүректері малынған,
Бес қаруын сайланған,
Алмас өткір қайралған,
Белге қылыш байланған,
Қолына жебе найза алған,
Шамырқанған, шамданған,
Қаны қайнап арланған,
Ендіктіріп тұлпарын
Егізбай мен Сегізбай
Екі батыр желікті.

Қан құйылып көзіне,
Тарылып алқым демікті.
Желігіп те, демігіп
Сәуленің алтын ордаға
Екеуі жетіп келіпті.
Даярлаулы қаруы,
Қақпасына орданың,
Емініп жетіп барулы,
«Орда ішінде кім бар?» деп.
Жынданып айқай салулы,
Айқайлаған дауысы,
Төрехан менен Сәуленің,
Құлағына барулы.
Құлаққа дауыс жеткесін,
Төрехан төре саналы
Терезеден қаралы,
Көрді сонда жас дана
Егіз бен Сегіз ағаны.
— Ініге аға серікті,
Сәуледей асыл анамыз,
Екі балаң келіпті,
Ажар-түсі тым қату,
Бұлар неге желікті?
Атасы басқа жаттай-ақ,
Үйіріп қолда найзасын
Терезеге төніпті.
Тума болса екеуі
Үйге неге келмейді?
Жасы жеткен анам деп,
Неге сәлем бермейді?
Қанша тума болса да
Бұларға көңлім сенбейді.
Дұшпандықпен келсе олар,
Жалғызда болса қарашың —
Қорлығына көнбейді.
— Төрехан шық—деп Егізбай,
Қақпадан айқай салып тұр,
Айқайлаған дауысы,
Құлағымды жарып тұр,
Ақылмен байқап қараса,

Дұшпандығы анық-дұр.
Сонда Сәуле сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Алыстан емес жақыннан,
Жаттан емес туғаннан
Жауың, балам, табылды,
Жауың жақын болғасын,
Тартпа балам, қарыңды.
Кеудеден жаның кеткенше,
Қолдан берме арыңды,
Туысқаным інім деп,
Түрі жоқ сені аяған,
Ол екеу де, сен жалғыз,
Сескеніп бойың баламан,
Жасық туған ұл болсан,
Тегімнен бол садағам.
Ержүректі болмақ жоқ,
Кекті жерде қарыспай,
Дұшпанмен қарсы алыспай,
Жақыннан дұшпан болғасын,
Қаса жасық болмасаң,
Жалғызым қойма жанышпай.
Шешесінің бұл сөзі,
Ерге қайрат болады.
Бойына жігер толады,
Булығып ыза ашуға
Теңізде асау толқындай
Жүрегі тулап соғады,
Қаһарға бала тынады,
Бой денесі қызады,
Көзінен ұшқын шығады,
Бес қаруын асынып,
Қақпа аузында сұмдарға
Төрехан кадам ұрады,
Төрехан сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Туысқан ағам сен дейді,
Туған інің мен дейді,
Ат үстінен, қос батыр
Түспегенің нең дейді,

Сәуледей асыл анаңа,
Түсіп сәлем бер дейді.
Тіл қатпады қос батыр
Екі жақтан қамады.
Өлтірмекке ұмтылды
Төрехандай баланы.
Бірақ Төре қынаптан
Суырып қанжар алады,
Олар екеу, бұл жалғыз
Қарсы келіп қалады.
Көздері оттай жанады,
Тоғысып қайта келгенде,
Жақындай тағы бергенде,
Сегізбайдың санына
Төрехан қанжар салады.
Бірге туған бауыры
Өлтіруге аяды.
Қанжар тиген Сегізбай
Санын басып құлады.
Кенет батыр Төрехан
Алыса кетіп Егізбен
Астына бүктеп ұрады,
Таянғанда қанжары
Алқымына Сегіздің,
Арасына бұлардың,
Сәуле келіп құлады.
— Төрешім, балам, сен деді,
Сенің анаң мен деді,
Бөтен емес, өз ағаң.
Егізбай мен Сегізбай,
Ашумен бір іс істеген,
Ағанды жықтың күшпенен.
Бұрынғыдан нақыл бар
«Түбі бірге тұтпеген»,
Сауғаға жанын бер деді.
— Бопса қылған аға еді,
Кешірейін көнейін,
Анам тілек тіледің
Мұның бөтен демейін.
Өкпелеген ағамның

Жолына тағын берейін.
Туысқаным, екі ағам
Ордаға түс те, қонақ бол,
Құрмет етіп көрейін.
Ордаға кілем салдырды,
Үстіне мақпал жайдырды,
Алуан тағам алдырды,
Қонақ етіп құрметпен,
Арақ пенен шарапқа,
Екі ағасын қандырды.
Татулыққа той етіп,
Малды түрлеп сойдырды,
Халықты жыйып той қылды,
Келген жанның бәріне
Тағам, шарап қойдырды.
Достасқанды көрсін деп,
Қарашашқа тезінен,
Жіберді шабар келсін деп.
Егізбай мен Сегізбай
Жалғызды жазым етті-ау деп,
Отырған жылап еңкілдеп,
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Шабар хабар бергесін
Қуанып көңілі еркіндеп,
Үш баланың достығын
Қарашаш сұлу ойға алып,
Қуаныш ойын толқытып,
Ақылмен тоқсан толғанып,
Сәуленің мекен ордаға
Қарашаш жүрді жолданып.
Қарашаш қашан келед деп,
Сәуле менен Төрехан
Жолын күтіп карады,
Күн еңкейіп келгенде,
Мінген аты боз тұлпар,
Қамқадан асыл кигені,
Достасқан үш перзентін,
Көруге көңілі боп іңкәр,
Төрехандай ұлына
Шашуға деп қондырып,

Иығына ақ сұңқар.
Астындағы ақбозын
Ескен желдей сулатып,
Қос танауын пырлатып,
Ел көңілін қуантып,
Саржаның жебе оғындай,
Қарашаш келіп қалады.
Сәуле менен Төрехан
Алдынан күтіп алады.
Қарашашқа құрметпен
Бел бүгіп, қолын жаяды,
Ақбоз аттан түсіріп,
Сүйемелдеп екеуі
Ордаға алып барады.
Қарашаш кірер ордасын
Кілең қызға бақтырған,
Кілем жайып үстіне
Қош иісті шаштырған,
Ордасы көркем болсын деп
Ақмақпалдан жаптырған.
Гауһардан шамдал жақтырған,
Үй ішіне келгесін,
Балаларын аман көргесін,
Төрехандай баланың
Саулығына сенгесін,
Егізбай мен Сегізбай,
Төреханмен үшеуін
Қарашаш сұлу шақырды.
— Егізбай мен Сегізбай,
Қара ниет неме едің,
Ақылсыз, мыйсыз кем едің.
Төрехандай баланың
Қанын төгіп өлтіріп,
Тағын алам деп едің,
Қайғылы мені еткенде,
Ұрып жығып кеткенде,
Екеуің де ер едің.
Төрехан жалғыз, сен екеу
Айтқаныңа жетпедің.
Ақсүт берген ананды

Сыйлап құрмет етпедің.
Ақылсыз, мыйсыз, жарымсын
Анаңды сабап өктедің.
Тоғыз ай, он күн көтерген,
Еңбегім босқа кеткенің,
Ісіне қарап іс қылмай,
Жаулық қылған жақынды
Төрехандай балам-ау,
Өлтірмегенің не еткенің?
Сәуле сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Айтқаның жөн Қарашаш,
Әзәзіл шайтан азғырса
Бір-біріне тума қас,
Жастықпен артын ойламас,
Толықсып тұрған толқын жас,
Адасып азған күнінде,
Араз болып кім тұрмас?
Уа, Қарашаш, Қарашаш,
Татулық шегін шешейік,
Атадан қалған үш жетім
Тілегінде өтейік.
Жастықпенен болған іс,
Кел күнәсін кешейік.
Күнәнді кештім шырағым.
Үшеуің тату болғансын,
Болыпта тұр міне мұрадым.
Өмір, заман өткенше,
Татулық болсын тұрағың.
Осыменен балаларым,
Батамды тамам қыламын.
Қарашаштың келген жер,
Татулыққа той етіп,
Халық қызық көрген жер,
Көп жыйналған халқына,
Қарашаш, Сәуле бәйбіше
Алтыннан шашу берген жер.
Жасы жеткен кариялар
Достығының ерлердің,
Шашуы деп ат алды,

Шашу елге беруге
Қысырақ бөліп маталды.
Тізе бүгіп қол жайып,
Балалар елден бата алды.
Алтын қабақ атқан күн,
Ел қызыққа батқан күн,
Бірлігіне үш ердің,
Қарашаш, Сәуле бас қосып,
Табақтан алтын шашқан күн,
Халық қызық көрген күн,
Тумаға тума сенген күн,
Достығына балалардың
Есепсіз шашу берген күн.
Егізбай менен Сегізбай
Тумасымен табысып,
Достасып құшақ жайысып,
Екі тума ағасы.
Зыяпат сыйлық алысып,
Ырзаласып, қоштасып,
Екеуі қайтты аулына.
Арқызыл мен Сарқызыл,
Қос тұлпармен жарысып,
Дана Сәуле қасында.
Қарашаш сол күн қалады,
Ерлігіне Төренің,
Ана кеулі толады.
Шыққаннан соң аулаққа,
Егізге Сегіз сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ай, Егізбай, басшымсың,
Батыр сенің не еткенің.
Алдағанға алданып,
Қалай болды кеткенің?
Серт ойлаған ағасың,
Сынық болды ерлікке,
Мақсатты тамам етпедің.
— Тұлпар міндік баптаулы,
Үшқырлы найза саптаулы,
Өткір алмас таптаулы,
Қынапқа қылыш қаптаулы,

Алдап едім Сегізжан,
Дұшпандығым сақтаулы.
Ат басын кейін бұралық,
Ат жігіттің қанаты,
Ұрлап алып қара атын
Қос қанатын қыялық.
Жедел еткен жігітке,
Осы болар лайық.
Бұ секілді зәбірге
Не себепті шыдалық.
Ойлаған ойға жетейік,
Бірге туған бауыры
Қарындасы Ханбибі,
Ұрлап алып шіркінді,
Шын қайғылы етейік.
Көрген қорлық баршасын,
Қараманға баяндап,
Іштегі сырды шешейік.
Сонда Сегіз сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Су тасады сағадан,
Ақыл өсер ағадан,
Айтқаныңның бәрі жөн,
Қара көкрек Төрені,
Туысқа тіпті санаман.
Сенің айтқан сөзіңді,
Егізбай, көңілім қалаған.
Қара ат пенен Ханбибі
Ұрлап алып екеуін,
Бүгін-ақ шығып кетейік
Сәуленің сәнді қаладан.
Елдің шығып шетіне,
Осы ақылды ойлады,
Арамдығын қоймады.
Залымдыққа тоймады.
Бір бірі сөзін мақұлдап
Қаралдарын қолдады.
Пиғылы арам залым ит
Ақырында оңбады.
Түн ортасы болғанда,

Екеуі келіп торыды
Сәуленің сәнді орданы.
Сонда Егізбай сөйледі:
— Жеделге кім нық тұрса,
Бәтуалы ер деді,
Уәдені, Сегізім,
Берік ұстар жер деді.
Ұйықтаған ба Төрехан,
Көзіңменен көр деді,
Көріп хабар бер — деді.
Ағасының айтқанын,
Інісі қабыл алады,
Төрехан жатқан ордаға,
Ұрлана басып барады.
Терезеден көреді
Ұйқыда жатқан дананы,
Қатты ұйқысын біледі,
Алып ұшып жүрегі,
Егізбайға асығып
Бүкшендеп басып жүреді.
Төрехан ұйықтап жатыр деп,
Қуанады, күледі.
Қара ат пенен Ханбибі,
Ұрлап кету тілегі.
Қара атты баққан сарайға
Егізбай бұғып барады.
Топсасынан талқандап,
Қақпа есігін шабады,
Қарға жүнді қара атты,
Екеуі ұрлап алады.
— Ей, Егізбай ағайым,
Түрікпеннің еліне,
Жүру болды тағайын.
Алмасты қайрап алайын,
Жолда біреу тап болса,
Кім екенін білдірмей,
Шықшыттан басын қағайын.
Терезесін талқандап,
Аузы-басын таңайын.
Осы арада күтіп тұр,

Ханбибі атты ханшаны
Өзім-ақ ұрлап алайын.
Ұлықсат алып ағадан,
Алмасын қайрап алады,
Ханбибі жатқан орданың
Терезеге барады.
Қыз күзеткен азамат
Сегізді көріп қалады,
Ұстауға жақын келгенде,
Қанішер залым Сегізбай,
Алмасымен шабады.
Қапыда қан боп бейшара
Қылыш тиіп құлады.
Терезені қыйратып,
Ұйқыда жатқан жерінде
Бибіні ұрлап алады,
Аузы-басын таңады,
Еш дыбысын шығармай,
Бауырына алып барады.
Қыз бен атты алғасын,
Екеуінің көңілі өседі,
Залымдықпен жауыздар,
Дегеніне жетеді.
Талақ салып халықты,
Елден шыққан сұрқыя,
Егізбай мен Сегізбай,
Сол түннің-ақ ішінде
Түрікпен жаққа кетеді.
Түн ортасы болғанда,
Төбеден жұлдыз ауғанда,
Сегізбай шапқан күзетші
Есін жыйып алады,
Ақыл тоқып көңіліне,
Жан-жаққа көз салады,
Демі бітіп алқынып
Мойнынан қан ағады,
Әр бұтаға сүрініп,
Қан жылыстап шұбырып,
Төрехан жатқан ордаға
Сүйретіліп барады.

Төреханның кұлағы,
Ыңырсыған дауысын,
Ұйқыда жатып шалады,
Ұйқысынан оянып,
Көтеріп басын алады,
Аласұрған шыбын жан,
Үсті-басы қызыл қан,
Аққан судай жылыстап,
Қойынына құйылған,
Күзетші сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Халықтың ханы, Төрехан,
Басыма қорлық жетті ғой,
Асылы жаман арам ит,
Егізбай мен Сегізбай,
Түп-түбіме жетті ғой.
Қарауылда тұрғанда
Иықтан шауып кесті ғой.
Сарайға барсам қара ат жоқ,
Атыңды алып кетті ғой.
Арам жедел қуған ит,
Ел батасын бұзған ит,
Ақылсыз, құдай ұрған ит,
Асылы жақсы атадан,
Азғын болып туған ит.
Уағдадан тайып, ант ұрып,
Абройын төкті ғой.
Төрехан сонда шамданып,
Ашуланып сандалып,
Қара ат тұрған сарайға
Жүгіріп барды қамданып,
Ансызда іс өтіпті.
Адалдықта көңілі жоқ,
Арамнан еткен кесіпті
Егізбай мен Сегізбай
Мақсатына ойлаған
Зұлымдықпен жетіпті,
Талқан қылып есігін
Қара атты алып кетіпті.
Орала беріп Төрехан,

Ханбибі жатқан сарайдың:
Терезесін қыйраған
Көзі көріп қалады.
Алып ұшып жүрегі,
Жүгіріп шапшаң барады,
Бірге туған Бибідей
Қарындасы тағы жоқ,
Қайғымен Төре жанады.
Тұла-бойы тітіреп,
Алғыр бүркіт секілді,
Қарыс түсіп қабағы,
Жынданған пілдей шамданып,
Сәуле менен Қарашаш
Анаға жетіп барады,
Бара сауал салады:
— Қарашаш, Сәуле анам-ай,
Егіз бен Сегіз балаң-ай,
Істеген ісі жаман-ай,
Қорлығы еске түскенде,
Ішім оттай жанады-ай.
Екеуі ұрлап кетіпті,
Атамнан қалған қара ат пен
Ханбибідей баланы-ай.
Мыйығыма мұз тоңып,
Бұрылмастай күн болды,
Қапа қалың қар жауып,
Қайырылмастай күн болды;
Жарқыраған жарық күн,
Қараңғы түнек түн болды,
Қайғырамын қапамен
Ер басыма сын болды,
Хан басыма мін болды.
Көңіліме дақ түсіп,
Көкірегім кір болды,
Арт жағыма қарасам
Өткел бермес терең жар,
Асырмас алдым қыр болды.
Қара орманым, жыйғаным
Ақырында тұл болды.
Қаптан биік қаратау

Үстіме менің құлады.
Жан сүйегім сықырлап
Қабырғам күйреп сынады,
Ашу қысқан көңілім,
Қайда барсам тынады?
Екі сұмның азабы
Жас кеудемді сығады.
Бірге туған бауырым,
Бауырым еске түскенде
Қайғының көрем ауырын.
Иесіз қалар, екі анам,
Алтын орда ауылым.
Жауға кеткен секілді
Үйрек жүнді оттасым,
Қарға жүнді қаттасым,
Серпіп қаққан қанатым
Ханбибідей бауырым,
Осы айтқаным анық-ты.
Тума қорлық бергесін,
Ашумен Төрең зарықты.
Ханбибі мен қара атты,
Екі ағам ұрлап алыпты.
Бауырым жауға жіберіп,
Көрмен сәуле-жарықты,
Ұлықсат бер іздеймін
Естісін халқым даңқты.
Әркімге де бақ керек,
Патшаларға тақ керек,
Ақ сүт берген екі анам,
Төреханға ат керек.
Сонда Сәуле сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Саспа балам Төрехан,
Енші атың арнаулы,
Көрінбей жанға бағылар,
Қайғы шекпе жалғызым
Мінуге тұлпар табылар.
Өзің аман қалғасын,
Жат-жұрттыққа жаралған
Жауға кеткен бір қызды

Кумай-ақ қойсаң не нышар?
Ақыл салсаң анаңа,
Еш қайғырма құлыным,
Қарға жүнді қара ат пен,
Ханбибідей балаға.
Өзің аман қалғасың,
Қара ат пенен Ханбибі,
Төрехан, сенен садаға!
— Сұрама, анам, тіл алман,
Енді мұнда тұра алман,
Жақсылық пенен жамандық,
Жазған шығар бір ашман,
Қаһарлансам жау қалмас
Белімдегі құралдан,
Етегің түріп жау қашар
Балаң салған ұраннан,
Сыр алдырып дұшпанға
Сірә да, шешем, сыналман.
Ханбибіні алып қайтармын
Жасаған жау құралдан,
Қайтпаймын алған бетімнен,
Тіл алман, анам, тіл алман?
Екі анасы қасында,
Атты баққан сарайға,
Батыр төре келіпті.
Ардақтап баққан тұлпарды
Өз көзімен көріпті.
Төңкерілген сауыры,
Келбетті құла келісті,
Денесінің бәрі тең
Қабыртқасы шеңберлі,
Жоны тұтас тегісті,
Жалтаңдатып бастырған,
Арпа менен сүт беріп,
Бағып Сәуле мас қылған,
Уайымсыз тұлпарды
Жақсы баққан шат қылған,
Торқадан жабу жаптырған,
Шылбырына құланын,
Жібектен есіп тақтырған,
Қос құлағын тігілкен,

Ортекедей ойнатып,
Құланың көңілі өссін деп,
Еш адамға көрсетпей,
Оңашада жүгірткен,
Кем бақпаған анасы,
Қарға жүнді қара аттан,
Керек болса, мінсін деп
Бабыменен жаратқан,
Жез тарақпен таратқан,
Жалы жұмсақ болсын деп.
Көтендігі шығыңқы
Келбеті артық әр аттан,
Қос жұдырық сыйғандай
Үңірейген сағақтан,
Жал, құйрығы салынған.
Азырақ аттың еті ауыр
Жоны майға малынған,
Ардақтап жақсы бағылған,
Төрехан ердің бағына,
Құлықтан құла табылған,
Асығып тұр Төрехан,
Құла атқа мініп алуға,
Тезірек жауға шабуға.
Ізгі қолын беруге,
Қапаста жатқан бауырға.
Құлашаның басына
Алтын жүген салады.
Шыйрата күміс құйысқан
Нақышты ерге тағады.
Түгіне жұмсақ тисін деп,
Мақпал тоқым салады,
Ерттеп алып, саймандап,
Атын сынап қарады.
Тұрманы атқа жарасқан,
Батырға тұлпар жағады,
Аттың көзін жайнатып,
Ауыздығын шайнатып,
Құйрығыменен ойнатып,
Олай-былай сыдыртып,
Ортекедей жүгіріп,
Құлын сауыр, құлан жал

Ерекше белін бүгілтіп,
Атты баптап алыпты.
Көңілінде қалмай уайым.
Қуанғаны ердің анық-ты.
Ұлықсат бер анам деп,
Қарашаш пен Сәулеге
Баласы тілек салыпты:
— Анаңның тілін алыңыз,
Астыңа құла ат мінгесін,
Қетпес жауға арыңыз.
Хабарсыз жатқан халқыңа,
Бүгін хабар салыңыз,
Ханға лайық сол болар —
Әскер жыйып алыңыз.
Құралданып қол жыйып,
Салтанатпен барыңыз,
Ақылменен ойласам,
Осы болар сәніңіз!
Анасының бұл сөзін
Төрехан мақұл көреді.
Жыйылсын деп азамат,
Халқына әмір береді:
Елімнің батыр ұлдары
Алмас қару қайрасын.
Атқа мінген азамат
Біреуі кейін қалмасын,
Жеделге мінсін байтақ ел,
Ат жүйрігін таңдасын.
Елге әмір салыпты,
Ерлерін жыйып алыпты.
Қаруланып келді ерлер
Атағы шыққан даңқты.
Қарашаш сонда сөйлейді:
— Қайырлы болсын, шырағым,
Жыйнаған батыр жолдасын,
Нағашыңның ескі аруак
Қысылған күнде қолдасын,
Қастық қылған дұшпанын,
Бұ дүниеде онбасын,
Аруағы бабанның,
Еңсеңе келіп орнасын.

Дұшпандық қанша қылса да,
Асылы бірге түрікпен,
Қараманның талқандап
Бұза көрме ордасын.
Жабдықтап ерлер ат мінді,
Ат құйрығын шарт түйді,
Жарқылдап күнге найзасы,
Сапар шекті, жол жүрді,
Тыным алмай күндіз-түн,
Азғана емес мол жүрді,
Төрехан батыр алдында,
Артында қалың қол жүрді,
Түстік жерге соң жүрді.
Күндіз жарыс, аударыс,
Түнде айтыс, өлең, жыр,
Көңілі шат боп жүрді;
Қол алдында Төрехан
Атын сынап алуға
Санға қамшы басады,
«Шу» дегенде жануар,
Арандай аузын ашады,
Әрі-бері шапқан соң,
Ақ көбігін шашады.
Белес-белес қырқадан,
Соққан желдей аңқылдап,
Жануар құла асады.
Төрт аяқты аңдарды,
Тура келіп кеткенін,
Тұяғымен басады.
Сапардың жүрген орнына,
Тұяқпен қағып жөнелді,
Аң кездесе жолына
Шаңын шаңға қосулы;
Қиік пенен құланның,
Алдынан орап тосулы;
Жүрген жері жол болып,
Қазылып ордай осулы;
Бір құлағы тігіліп,
Бір құлағы жығылып,
Ақ маралдай бүгіліп,

Сауырынан аққан тер,
Құндыздықтан құйылып,
Тебінгісі терлейді,
Шапқан сайын өрлейді,
Құлашын жайып сермейді.
Қатар ұшқан қаз бен ку
Қапталына ермейді.
Шыны қызып жануар
Сай-саланы көрмейді.
Кекіл қағып шұлғыды.
Ортып жануар құлаша,
Оқ жыландай ырғыды,
Жал құйрығын жел соғып,
Жұлдыздай аққан сырғыды.
Бір жабынды астынан
Былаң етіп жөнеді.
Астындағы тұлпарды,
Жетпеймін бе бұған деп,
Тебінгіден тебеді.
Соғарына түлкіні.
Сол бойымен Төрехан
Бір төбеге жеткенде,
Қырық қыз нөкер қасында,
Қараман қызы Ақмаржан,
Қарсы шыға келеді.
Ат сабылтып далада,
Түлкі қуған жолшыны,
Ақмаржандар көреді.
Көреді де бір қызға,
Шақыр деп ана жолшыны,
Ханша әмір береді.
Алып келді нөкер қыз,
Ханның қызы ханшаға
Так иесі Төрені,
Сонда Маржан сөйлейді,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жолаушысын жас түлек,
Сыяғыңа көз салсам
Нәсілді тұқым ақ сүйек.
Батыр саған кездестім,

Тілеймін сенен бір тілек:
Көріселік жас жігіт,
Ұсынып тұрмын ақ білек.
Намыс буған Төрехан,
Сөзін қабыл көрмеді,
Жалынып тұрған Маржанға
Ұсынып қолын бермеді.
Айласы артық Маржан қыз,
Толғанып сонда сөйледі:
— Бел, бел асқан, бел асқан,
Беліне садақ жарасқан,
Астында тұлпар құла ат,
Түн қатырып жаратқан,
Аруағың аспанда
Бұлттарменен таласқан,
Жалғыз атты жолаушы,
Жөнінді айтшы кім едің,
Ел-жұртыңнан адасқан?
Артық туған Төрехан
Сауалын қабыл көрмеді,
Қызға жауап бермеді,
Ханның қызы ханшаға
Паңсынып көңіл бөлмеді.
Сонда Маржан сөйлейді:
— Айтпасаң да білемін,
Асылың — төре, сүйегін
Менің жездем Темірхан,
Сен сонан туған жиенім,
Қарашаш пенен Сәуленің,
Бөтен демен тілегін,
Ханбибіге келер деп,
Қасыма ертіп қырық қыз,
Алдыңнан күтіп жүр едім.
Қайырлы болсын жол деді,
Сапарың болсын оң деді,
Жемісті ағаш ішінде
Алтыннан тіккен шатыр бар,
Сонда қонақ бол—деді.
Төрехан сонда сөйлейді:
— Е, Ақмаржан, Ақмаржан
Айта берме сөзінді,

Сөз сұрайтын кезімді
Алдаймын деп амалмен
Сала берме ебінді.
Ұстай келдім екі ұры,
Егіз бенен Сегізді.
Талқандай келдім төрінді,
Қарамандай ханыңа
Бере келдім зәбірді,
Көрсетпей қайтпан көрімді.
Төреханның бұл сөзін
Тындаңыз да, сеніңіз,
Қарамандай әкеңе,
Ауыр қолмен Төрехан
Келді деп хабар беріңіз.
Болсын осы тау басы —
Тоғысатын жеріміз.
Қараман болса теңдесім,
Егізбай мен Сегізді.
Қорыққаннан бермесін,
Бермес болса ерлерді,
Осы таудың басында
Әскерін жыйып кездессін.
Батыр болса, шамданар,
Әскерін жыйып қамданар,
Жиенін қолдан беруге
Хан Қараман арланар,
Арлансын да, шамдансын,
Соғысқа ертең қамдансын,
Ерлерін жыйып қармансын.
Егер хабар бермесем,
Қапы да ісім өтті дер,
Аңсыз жатқан күнімде,
Елімді әлек етті дер,
Ұрланып шауып кетті дер!
Ханның Маржан шырағы,
Төреден сағы сынады,
Қараманның ордаға
Атының басын бұрады.
Қырық жолдас қасында,
Әкесінің алдында

Қол қусырып тұрады.
Ажары кеткен ақ жүздің
«Неге түсің қашты» — деп
Қызынан хан сұрады:
— Ардақты қызым, базарым,
Неге кетті ажарың,
Есіттің бе, шырағым,
Бір жамандық хабарын,
Сайранға шығып жүргенде,
Біреу зәбір көрсетіп,
Сынды ма сонан назарың?
— Қайғырып, әке, келгенім,
Қаһарлы дұшпан көргенім,
Айдаһардай ысқырған,
Айбатты көріп шерлі едім,
Қарыспа туған паң көрдім,
Темірхан ұлы Төрехан
Ашуы қатты хан көрдім,
Қылышынан қан тамған,
Найзасынан зәр тамған,
Егіз, Сегіз, Ханбибі,
Қарасын іздеп ел торыған
Жас арыстан жан көрдім.
Қаһарлы қабақ түйгені,
Астына құла мінгені,
Болат сауыт кигені,
Бес қару түгел ілгені,
Жеріңе басып кіргені,
Қолыңнан жоғын бермесек
Ордаңа анық тимегі.
Тусам да нашар анадан
Сөзіме, әкем көн деді.
Айтқаныма көнбесең
Әлек болар ел деді.
Халық аман, бас сауға
Егіз, Сегіз, Бибіні,
Өз қолыңнан бер деді.
Айтқаныма сенбесең,
Өз қолыңнан бермесек,
Неғылғанын Төренің,

Ертеңгі күн көр — деді.
Қараман сонда сөйлейді:
— Ел шегесі хан болар,
Қаһарланса, әкеңнің,
Жауға алды тар болар.
Ажал қуған Төрехан
Тиіп көрсін осыдан,
Кеңшілікке зар болар;
Қорғалап келген жиенді
Қолдан бермек ар болар,
Ел басшысы әкеңе
Жаппар ие жар болар.
Келді деп жаушы саспаймын,
Қонағымды сақтаймын,
Ат жүйрігін баптаймын,
Жасағымды саптаймын,
Көк сүңгіме ту байлап,
Жалғыз атты жолшыдан,
Қара бет боп қашпаймын.
Нөсердің қара бұлтындай
Түнөріп келіп төбеден,
Табанға салып таптаймын,
Өлімтігін қаңғының,
Түрікпендегі көп төбет
Алдына сүйреп тастаймын.
Ашу буған Қараман,
Жыйылсын деп алаңға,
Еліне әмір таратты,
Ханның бөрген әмірі,
Ілезде елге тарапты,
Намаздігер болғанда,
Жыйылып болған ел-жұртына
Қараман сонда сөйлейді:
Сайлаулы қару-жарағы,
Әскерлерін санады,
Көп жасақтың ішінен,
Таңдап жүріп Қараман,
Алты жүзін алады.
Қараман сонда сөйлейді
Топталып тұрған сабына:

—Уа ержүрек ұландар,
Құлақ сал менің жарыма!
Жеделденіп жауға ти,
Түсіріндер Төрені
Өлімнің құрсау торына!
Қаңғырып жүрген жалғыздың,
Салындар сауал жанына,
Ашыққан иттер тойынсын
Еті менен қанына!
Хан әмірін екі етпей,
Халыққа міндет тіл алмақ,
Жыйылды әскер құралды ап
Әлеһаллап¹ ұрандап,
Ертеңгі күн сәскеде
Ерлердің шебі сыналмақ.

* * *

Ертең сәске болғанда,
Қараман, Төре қолдары
Бір-біріне қаптады.
Астарында аттары,
Ауыздығы қаршылдап,
Дүбірінен жер қалтылдап,
Құтырып, орғып аттады.
Ұшқыш боп ұшты аспанға,
Тұяғы тиген тастары,
Ерегіскен екі жақ,
Өңмеңнен көз қадасып,
Кірпіктерін қақпады.
Жақындап қарсы келісті.
Сүңгісін дәлдеп дұшпанға,
Ұмтылып атын тебісті.
Бір-біріне төністі.
Көп алдына Төрехан
Түнеріп нөсер бұлтындай,
Құладан тұлпар мінген ер,
Бес қабат сауыт киген ер,

¹ Түрікпеннің жауынгерлік ұраны.

Жаландатып найзасын
Ойнатып көкке шүйген ер.
Қараманның қол басы,
Жаны шығар бірге жолдасы,
Күш қайраттың қордасы,
Қаһарбекке қадалып,
Кабағын қарыс түйген ер.
Ағызған бойы Төрехан
Әскерін бастап дұшпанға
Арыстандай тиісті.
Қараманның інісі,
Қаһарбек батыр сүйікті
Бұл жау емес бұрында,
Талай жауға тиіпті.
Тисе жауын ойрандап,
Салыпты талай бүлікті.
Бүгінде сондай жынданып
Сар тұлпарын мініпті,
Ерге басып төстігін,
Күдісті белін бүгіпті.
Төрехандай балаға
Жыландай көзін тігіпті.
Төрехан мен Қаһарбек,
Ағызған бойы аттарын
Қарсы келіп қалысты,
Қаһарланған Қаһарбек,
Жүрегіне Төренің
Сүңгісін салып қалыпты.
Жау найзасын дарытпай,
Сүңгімен Төре қағыпты.
Бірін-бірі ала алмай,
Ағып өте барыпты.
Араласты, қолдасты,
Қаптаған қалың қол енді
Айласы көп өнерлі,
Екі жақ та айқасып,
Қызып алға жөнелді.
Екі жақта екшелген,
Жаудан кайтпас беренді.
Ат үстінде алысты,

Қарсы келсе, қасқарып,
Семсерімен шабысты,
Ат бөксесін жалт берсе,
Көк сүңгімен шанышты.
«Алдырман өлмей жауға!» деп
Сарбаздар таймай қарысты.
Қос қаһарман кез келсе,
Семсерлерін жанысты.
Сынғанда қылыш найзасы,
Ат үстінен алысты.
Бір-біріне жабысты,
Білегі күшті балуандар,
Тақымы босты аударып,
Ат үстінен алыпты.
Реті келсе атынан
Жерге түсе қалыпты,
Бірін-бірі шалыпты.
Алып-ұрып қос бүктеп,
Шалқасынан салыпты.
Қаһарлы мықты береннен,
Талай жасық талыпты.
Күн төбеге жеткенде,
Екеуі қарсы келгені,
Бірін-бірі көргеннен
Қаһар мен Төре қос пері
Найзаласа бергені.
Алдырмаста айласы,
Бір-бірі күшін бермеді.
Жекпе-жегі екі ердің.
Күшейді де өрледі,
Екеуі де айлакер,
Алар жерін селдеді.
Үйіріп алып шоқпарын,
Бірін-бірі ұрады.
Ұрғанға шоқпар шыдамай,
Сағағынан сынады.
Ердің мықты болмағы,
Басқа қонған бағынан.
Қаһарлы ер еді күші асқан
Түрікпеннің табынан,

Сағактан шокпар сынғасын
Айбалтаға қол салды,
Екі ер де қажыған,
Шабысканда құлаштап,
Балта да шіркін шыдамай,
Сынып түсті сабынан.
Шегінісіп тұрады,
Қорамсақта жебеге,
Екеуі қолын сұғады,
Жасы үлкен Қаһарбек
Кезек бер деп сұрады,
Төрехан сонда сөйледі:
— Түрікпеннің ері едің,
Атағың шыққан сен едің
Күшіңе сенген Қаһарбек
Талайды сойып жеп едің.
Еліңе келген қонақ ем,
Қорыққаннан, сасқаннан,
Сұраған кезек нең едің?
Көмусіз қалам мен өлсем
Сыйлар сені өз елің,
Анадан туған нашар ит,
Қаймықпаймын оғыңнан
Жолсыз да болса көнемін.
Қасқайып қарсы тұрайын,
Қапы қалмай дәлдеп ат,
Қоянжүрек қорқақ ит,
Кезегінді беремін.
Қаһарбек сонда долданды,
Төрехандай төрені
Атамын деп оңдалды,
Тастан өткен жебесін
Толғап-толғап қолға алды.
Саржаға оғын кереді,
Қозы жаурын көктеме оқ,
Ұзындығы кез еді.
Толғап тартып жебесін
Ататұғын кезі еді,
«Алтын ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,

Ажал октың тұсы деп,
Өлер жерің осы деп» —
Толған тартып қалады.
Үзеңгіге тіреліп,
Шіренгенде табаны,
Бес қабат берік сауыттың,
Төртеуін жебе жарады.
Бесіншіге жеткенде
Оғы тоқтап қалады.
Оқтан есен қалғасын,
«Оғыңнан аман қалдым» — деп,
Толықсып жүзі Төрехан,
Саржаға жебе салады.
Тарса түйіп қабағын
Шірене тартып қалады,
Қаһарбек атты қаһарман
Оқ қадалып жүректен,
Сар тұлпардың белінен
Төңкеріліп барады,
«Апа» — деп құлап табанда,
Топырақты қабады.
Күн төбеден ауғанда,
Әскерге жетті Қараман,
Астына мінген тұлпардың
Жал құйрығын тараған,
Үстіне киген ақ сауыт
Көп сауыттан қалаған,
Тұяғынан атының
Тозаң көкке бораған,
Айқайлап кірді соғысқа,
Қарт бурадай жараған.
— Сарбаздарым, жолдас деп,
Жау жаққа маған жолды аш деп,
Мен тиісsem бәлемге,
Қаңғырған Төре оңбас деп,
Қаһарбегім өлгесін
Қыймылдамай болмас деп,
Төренің қанын сімірмей,
Қаһарбек орны толмас деп,
Бас боп өзі Қараман

Қыздырды қырғын соғысты.
Екі жақтың әскері.
Жігермен қайта тоғысты.
Найзаменен шанышып,
Қылышпенен қағысып,
Шоқпарменен соғысты.
Қараман ханды көргесін,
«Әлһалап» ақырып,
Айқайлап ұран шақырып,
Түрікпендер өрледі,
Төренің қолын жапырып,
Бұршақтай жауып түйдектеп.
Қу жебелер атылып,
Шуылдасты түрікпен
Аруағын асырып,
Төренің қолын қарқынмен
Белден-белге қашырып
Төрехан қолы сасады.
Сасқан емей немене,
Бытырап кейін қашады.
Бере алмай төтеп дұшпанға.
Үш белестен асады,
Шыға келіп сол кезде,
Тосқауылда тоқсан ер,
Майданға қарай ағызып,
Атына қамшы басады,
Түрікпенің көп қолмен
Қарсы келіп қалысты,
Қынабынан қылышты
Суырып-суырып алысты.
Ерге іліп тізгінін,
Шылбырды белге шалысты.
Бұлан-талан екі жақ
Араласа қалысты.
Қанды соғыс болып жүр,
Ерегіскен ерлердің,
Көзіне қан толып жүр,
Қараман хан ерлікпен,
Ел намысын қорып жүр,
Топ ішінде Төрехан
Қараманды торып жүр.

Ашу қысып екі жақ
Толғанды да, тебренді,
Өлім дейтін ойда жоқ,
Кеуделері желденді,
Екіталай соғыста,
Сыналатын жер келді,
Сол уақыттар болғанда,
Қараман мен Төрехан
Екі сері кез келді.
Қарсы келіп қалысты,
Жарқылдатып қылышпен
Бірін-бірі шабысты.
Шабысқанға шыдамай,
Балдағынан үзіліп
Қылыш сынып қалысты.
Жын қаққандай екеуі,
Бір-біріне жабысты,
Белдерінен алысты.
Қайраты басым жас батыр
Қарамандай патшаны,
Ерінен жұлып алыпты.
Алғанмен қоймай Қараны
Тақымына салыпты.
Қысып-қысып қойғанда,
Мұрнынан қан ағыпты.
Қараман сонда зарлады:
— Мен Қараман батыр текті едім,
Апырмай менің неткенім.
Өзімнен кіші баланың,
Тақымында кеткенім,
Уа, дариға дүние-ай,
Арманда болып өткенім.
Амалым бар ма сұм жалған,
Дегеніме жетпедім.
Қараманды Төрехан
Бөктеріп атқа алады,
Шынжырменен шыңғыртып
Берік етіп таңады,
Құнан қойдай бөктеріп
Алып кетіп барады.

Қалың қолды қасқайтып
Жарып кетіп барады.
Қылышынан қан жосып,
Жау қолына ойранды
Салып кетіп барады.
Өзінің де Төренің
Самайынан қан жосып
Ағып кетіп барады.
Күн бесінге жеткенде,
Жау тозғындап тарады,
Дұшпан қолы қашты енді
Бетіне алып қаланы.
Жеткендерін шабақтап,
Төреханның көп батыр
Қуып кетіп барады.
Сол кеткеннен қалаға,
Кіреді Төре жарағы.
Соғысқан жауын қашырып;
Жарқылдатып қаруды,
Қалаға кіріп барулы.
Қол қусырып алдынан
Халқы күтіп алулы.
Төремен бітім жасауға,
Хан ханшасы Маржан қыз,
Халқына хабар салулы,
Төреге өзі келулі,
Қол қусырып, жиен, деп,
Қөтеріп аттан алулы,
Қызметі ханшаның,
Төреханға жағулы,
Маржан қыз сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Жаулық қылды, Төрехан,
Егіз бен Сегіз өзіңе,
Құлақ салып тыңдаңыз
Маржан қыздың сөзіне,
Жау шыдамас батырсын
Садағыңның кезіне,
Жаман туған Егіздің
Кесірі тиді еліме.
Қонағымды бермен деп,

Өлім жетті еріме,
Қызмет етіп қарайын,
Қонақ бол Төре төріме,
Тілегім бар тілейтін,
Беремісің өзіме
Ойлаған батыр қаралды,
Егізбай мен Сегізбай
Қаракөңіл арамды,
Кесірі тиіп солардың
Мал мен басым таланды.
Қаһарың күшті жиенсін,
Халқыма бер сауғаны.
Өтінемін Төрехан,
Қанжығаңа бөктерген,
Қапастан құтқар бабамды.
Төрехан сонда сөйледі:
— Нағашы, айтқан сөзіңді.
Енді бөтен демейін,
Айтқаныңа көнейін,
Тілегіңді берейін.
Ашу кернеп келгенде,
Ақыл болмас адамда,
Жеделденсе кімде-кім,
Берік тұрар қаралда,
Бермен қарап жүрерде,
Белге қару ілерде,
Қараманды сақта деп,
Өтінішін көп айтқан
Қарашаштай анам да.
Өтінішін ақтайын,
Қараманды сақтайын,
Қарашаш үшін, сен үшін
Алжыған атаң Қараны,
Атпайын да, шаппайын,
Маған Маржан жалындың
Күнәсін кешіп атанның,
Жалынғанға бағындым,
Кеткеніне көп болды,
Ханбибімді сағындым.
Қызмет етер жеріңіз,
Бауыр тәтті-ау жалғанда

Бұл сөзіме сеніңіз.
Сағынғаннан аңсаймын,
Осы түннің ішінде,
Бибімді тауып беріңіз.
Ал, Ақмаржан басшы бол
Сенімен бірге ерейін.
Сағынып келдім алыстан
Шырағымды көрейін.
Артымнан ерген жалғасым
Ақ бетінен өбейін,
Сағынғаннан сарғайған
Іштен шерді төгейін.
«Апар мені» — деп еді.
Төрехандай батырды
Қарындасы Бибіге
Маржан бастап келеді.
Жыйылып тұрған көп халық,
Жолын аша береді,
Төрехан келді деген сөз,
Бибіге жетіп, о дағы,
Көкесін күткен жер еді.
Бұрын барам дегенде,
Соғыста жазым болар деп,
Жібермеген нөкері,
Қырық қыз жолдас қасында,
Төреханды көргесін,
Құшақ жая береді
Қарындасын Төрехан
Ақ бетінен өбеді.
Жүрген бала тарығып
Қайғы шермен қамығып,
Жүрегі тулап қабынып,
Жан көкешін көргесін
Шыдап тұрсын нағылып.
Қуанғаннан жылайды,
Көзінің жасын бұлайды,
Мауқын басып болғасын,
Сәуле менен Қарашаш,
Аналарын сұрайды.
— «Сағынғаннан Бибісін
Екі анаң тарыққан

Көреміз деп қай күні
Ұйқысы қашып зарыққан.
Көңілі түсіп жабыққан.
Кеткеніме көп болды
Туып өскен халықтан,
Ана мен ел аман-сау,
Сәлем жолдап жатқан-ды
Ханбибім, саған алыстан.
Амандық сұрап болыстық,
Көп тұрмайық бекерге,
Егізбай мен Сегізбай
Екі сұмның қорлығы
Көкіректен кетер ме?
Ұлықсат бер барайын,
Екі жарым, есерге.
Бауырым, енді барамын,
Сұмдардың басын кесерге.
Мені әлек еткенде
Қара ат пенен өзінді
Ұрлап алып кеткенде,
Төрехан жалғыз, мен екеу,
Кегімді алам деп еді,
Қара ниет залымның
Туғанға бар ма керегі?
Мен жалғыз да, ол екеу.
Шайқасып бір көрейін,
Ит сазасын берейін.
Ұлықсат бер, бауырым
Есіп қанын төгейін.
Жаман туған жақыннан
Атасы басқа жат артық
Жанын алып келейін.
Ханбибі сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Айтамын арыз жан көке,
Бір іс қапыл өткенді,
Арадағы сөзге азып
Екі ағаң әлек еткенді,
Жасы үлкеннің хақы бар
Олардың сөзі өктемді.
Мен үшін таста хан көке,

Туысыңа өкпенді.
Төрехан сонда сөйледі:
— Көрген қорлық көп еді,
Көрмеген қорлық жоқ еді,
Қорлығынан иттердің,
Ішім жалын шоқ еді,
Екеуіне керегі
Саржаның улы оғы еді.
Берер ем сұмның сазайын.
Сен үшін кештім күнәсін,
Сонда да бірақ барайын,
Іздеп тауып алайын,
Есіне түссін екінші
Қетпес таңба салайын
Ұлықсат сұрап алады,
Екеуі жатқан жеріне
Салдыртып жетіп барады.
«Төрехан келіп қалды» деп,
Жанашыр бір құрбысы,
Егізге хабар салады.
Екі «батыр» сасады,
Жүректері дүрсілдеп,
Уһлеп аузын ашады,
Адырайып көздері
Құттары әбден қашады.
Арқызыл мен Сарқызыл
Мініп ала асады.
Қашқанын көріп Төрехан
Құлаға қамшы басады
Төрехан жетіп келіпті.
Еңсесіне Егіздің
Желекті найза төніпті.
Қорыққаннан Егізбай
Өкіріп жылай беріпті.
Төнген найза еңседен
Қылт-қылт етіп тұрады.
Жалғаншыда жан тәтті,
Өкіріп Егіз жылады,
Қарсыласар күні жоқ,
Шығатұғын үні жоқ.
Қол-аяғы құрысып,

Ат үстінен бүрісіп,
Ерден ауып жылысып,
Егізбай жерге құлады;
Көзін тастай жұмады,
Қойнына басын тығады,
«Жан сауға, көке, жан сауға»
Деген үні күрмеліп,
Азар-азар шығады.
Көрген халық күлсін деп,
Есіне түсіп жүрсін деп.
Төрехандай батырың
Аттан түсе қалыпты,
Егізбайдай жарымның
Құлағын кесіп алыпты.
Бұл уақытта Сегіздің
Жүрегі әбден сығылған,
Төрехан көріп қалар деп
Бір жыраға тығылған.
Қос өкпесі дүрсілдеп
Бағы тайған тұғырдан.
— «Біраз мезгіл өтті-ау деп,
Кідіріп мұнда жатқанда,
Бір қоян қашып кетті-ау деп.
Жан ұшырған бейшара,
Қоян қасқа епті-ау деп,
Түрікпеннің жерінде,
Жыра мен шұқыр көпті-ау деп,
Қай шұқырдың тасасын
Сорлы кеуек етті-ау деп,
Жағалап жүріп қарады,
Бір қазынды шұқырда,
Сегізбайдай ағаның
Үстінен шығып қалады.
Ентігіп жатыр күрсілдеп,
Жүрегі соғып дүрсілдеп,
Кеуектегі қояндай
Мойнын тығып бүлкілдеп,
Қуарыпты ажары,
Кездесе кетті сол жерде
Екеуінің назары.
Алмас қылыш қолға алып

Қасына жетіп келіпті,
Үстіне келіп төніпті,
Ұшып тұрып Сегізбай,
Қол қусырып тұракеп
Төреге сәлем беріпті.
Бауырым деп жылады,
Қол қусырып тұрады.
Жан сауғалап қалшылдап,
«Күнәмді кеш» деп сұрады.
— Азғырумен азғанмын,
Ақылым жоқ жазғанмын,
Саған қастық қылам деп,
Ханбибі мен қара атты,
Ордаңнан ұрлап алғанмын.
Бүлік қылдым мен дейді,
Не етсенде бауырым
Істегенің жөн дейді,
Күнәмді кешіп, Төрешім,
Бір шыбындай жанымды
Жан сауғаға бер — дейді.
— Іс қылдыңдар бекерге,
Екеуіңнің қорлығың
Өмірде естен кетер ме,
Қарашаш, Бибі көңлі үшін,
Амалсыздан күнәнді,
Кештім залым есер — деп
Ер Төрехан екеуін,
Аттарына мінгізді,
Қатарға алып жүргізді,
Жыйналған көп халыққа
Даналығын білгізді.
Тамашаға танданып,
Жыйылған халық көп еді,
Ханбибідей балаға
Екеуін алып келеді,
Үсті-басы қызыл қан
Егізбайды сол кезде
Ханбибі бала көреді.
Ханбибінің Төреге
Сондағы айтқан сөзі еді:
— Өтініп едім мен дейді,

Өтінішін бердім деп,
Айтқан едің сен дейді,
Құлақ бастың сәні еді,
Құлағын кескен нең? дейді,
Күлкісі болар Егізбай
Ертеңгі күн халықтың,
Бастың құлақ ажары ед
Құлағын кесіп алыпсың,
Басына қайғы салыпсың.
Сонда Егізбай сөйледі:
— Өкпелеме Төреге,
Ханбибі қалқам сен дейді,
Әуелінде бүлікті
Бастаған ағаң мен дейді,
Ісім бұзық болғасын,
Төрештікі жөн дейді.
Тілегенде тілек бермедім
Ақ сүт берген анама,
Өлімді жер кездесті,
Шыбын жанымды алғын тек,
Төреханнан қала да.
«Бұрынғыдан нақыл бар,
Атқа келген бәледен
Айыл-тұрман садаға,
Басқа келген бәледен,
Бастан құлақ садаға».
Сүйтіп жатқан жерінде
Хан хабаршы салады:
— Жиенім қонақ болсын деп,
Ордама халық толсын деп,
Бүгін, ертең Төрехан,
Ерлерімен қонсын деп,
Шақырып өзі алады,
Даярлаулы тағамы,
Құюлы арақ-шарабы,
Тартулы алуан табағы,
Ортасында орданың
Мейізбенен ашытқан
Қымызбенен қойды сабаны,
Мақпал көрпе жабады,
Гауһар шамдал жағады,

Қонақтармен күлісіп,
Мамырлаған аққудай
Маржан қыз жүр көлбендеп,
Қасында қырық жараны,
Әзілдесіп қыздармен,
Нағашыға ырза боп
Төрехан отыр жоғары.
Егізбай жүр құнтыйып,
Құлақсыз басы сымпыйып,
Төрехандай ініге
О да ырза болады.
Сол шаттықты думанмен,
Түрікпенге Төрехан
Екі күн бойы қонады.
Үшінші күн болғанда,
Қараманмен достасып,
Құшақтасып қоштасып,
Апаларын көрсін деп,
Көріп сәлем берсін деп,
Маржан қызды ерітіп,
Төре мен Егіз, Сегізбай,
Ханбибі бала көп әскер
Қайтады кейін еліне,
Туып-өскен жеріне,
Темірхандай әкенің
Берекелі төріне.
Бірге туған бауырлар
Достасып қол берген жер,
Ұмыт болып өткен күн
Шын достыққа енген жер,
Бір жарым ай жол жүріп,
Сәуленің сәнді ордасын
Көз ұшынан көрген жер.
Туып-өскен мекенге
Соныменен тыңдаушым
Ерлік пенен ізгілік
Зұлымдықты жеңген жер.

АҚКЕНЖЕ

Мен жырлайын тындаңыз,
Жас күнімде көргеннен,
Сақтаулы бір сөз көңлімде
Айтуға қартың жөнелген.
Бес Шүреннің ішінде
Жалғыз үйлі бір Тама
Қорлық көріп жерленген.
Таманың аты Батырбек,
Тама бір үй, Шүрен көп,
Күнде қорлық көргеннен
Сол Тама жүрді еңіреп.
Екі ұл, бір қыз баласы,
Көзінің ағы, қарасы,
Қызының аты Ақкенже
Ақ алмастың сағасы,
Айдын көлдің жағасы,
Алтыннан артық Ақкенже
Ата-анаға бағасы.
Ақкенжені айттырған
Төрт жасында шамасы,
Ақкенжеден кем емес
Көшектің де баласы.
Шүреннен шыққан алаяқ
Көшек қу еді құдасы.
Көшек құда менсінбей
Алшақ болды арасы.

Жалғыз үйлі келімсек
Батырбектің жаласы.
Бойжетсе де Ақкенже
Жек-жаттығы болмады,
Құда болып оңбады,
«Қара қарын Тама» деп,
Құдасы күліп, қорлады.
Жалғыз үй қызын алғаным
Қорлық қой деп ойлады.
Арада біраз жыл өтті,
Он сегізге қыз жетті,
Ешкімге қызын бере алмай
Берейін десе басқаға,
Жалғыз үйлі Батырбек
Өз күшіне сене алмай,
Он сегіз жасқа толғанда,
Ақкенжедей аруың:
— Менді қара келсін — деп,
Көзімен келіп көрсін деп,
Тең көрмесе бойына,
Ұлықсат маған берсін деп
Хабар салды күйеуге.
— Шақырғанға бармаймын,
Қатар көріп алмаймын.
Қаңғы Тама қызына
Көзімнің қырын салмаймын,
Қыз өзіне қарасын,
Мен бір биік жоталы
Асқар Алатаудаймын,
Созғанымға қол жетер,
Өз теңімді таңдаймын.
Ұлықсат бердім, мен — дейді,
Алады деп, Ақкенже,
Дәме қылма сен, — дейді.
Ұлан байтақ халықтан
Табылар саған тең — дейді.
Ақкенже сұлу жылады,
Көзінің жасын бұлады,
Менді қара алмасын —
Сәлемінен сынады.
Күйеуі тастап кетті деп,

Естиді елдің кұлағы.
Бойына сұлу мін көріп
Қайғымен жасын бұлады.
Мендіқара мырзадан
Сұлу үзді күдерді.
Қатыны бар шалдар да,
Қатыны өлген жандар да,
Айттыра кісі жіберді.
Әкесіне көнбеді,
Ықтыярсыз әкесі,
Ешкімге оны бермеді.
Избасар дейтін ауылда
Атақты тұқым тегі еді.
Мықтылық пен болыстық
Бізге мирас деп еді.
Алпысқа келген шал Дербес
Ақкенжені алсам деп еді.
Бәйбішеден бала жоқ,
Перзент еді керегі.
— Тымақ істеп берсін деп,
Біздің үйге келсін деп,
Ақкенжені ардақтап
Арам Дербес шақырып
Қармағына түсірмек.
Ақылдасар адам жоқ,
Тек әкесі болмаса,
Жан-ашыры және жоқ.
Шарасыз қыз қамалды
Бармасына амал жоқ.
Ақыл айтшы көке деп,
Әкесінен сұрады;
— Ел ішінде жалғыз үй
Қара қарын мен едім,
Жалғыз қызым сен едің.
Өзің ойла шырағым
Құтылатын амалды,
Ақыл таппай қарт экен
Жөн табалмай қамалды...
— Амалым бар ма барайын,
Қалпын байқап қарайын,
Шамам келсе орайын

Өзім ойлап табайын.
Егер теңдік бермесе,
Көзімнің жасын көрмесе,
Мені алуға меңзесе
Сорлы басым нетермін,
Жылаумен шалға кетермін,
Зарлай-зарлай өтермін...
Көзіңе күйің болғанша
Әкесі мен шешесі
Үйде жылап қалады,
Амалы жоқ Ақкенже
Шарасыз кетіп барады.
Көргеннен-ақ Дербес шал
Қызды еркіне қоймады.
Көнбеймін десе ұрады,
Көзден аққан ыстық жас
Омырауын жуады.
Қартыш деген молданы
Шақыртып алып сол күні
Басып неке қыяды.
Артынан келер адам жоқ,
Қыздың көңлі торықты,
Өлтірем деген сөзінен
Ақкенже сұлу қорықты.
Ел билеген Дербеске
Шарасыз әйел болыпты.
Амалы бар ма Ақкенже
Туысқан жоқ, тума жоқ
Қапас күнге жолықты.
Айдай ару Ақкенже,
Шалға қатын болады,
Іші шерге толады,
Мендіқара мырзаның
Жесірің шалға кетті деп,
Бетіне әркім соғады.
Бай баласы басылып,
Арланып атқа мінеді,
Үйшікке мырза келеді,
Үйезге арыз береді.
Жетік тілмаш Байсалы
Үйшіктегі үйездің

Билігі менде, деп еді,
Есебі жоқ ақшаны
Байсалыға береді.
Айыбымен өзіне
Ақкенжедей аруды
Қайтарып берем деп еді.
Көп кешікпей шақыртып,
Қыз бен Дербес зәлімнен
Жауап алам деп еді.
Орнына ісім келді деп
Қуанып елге келеді.
Кешікпей-ақ шақыртқан
Қызға да хабар барады.
Алаяқ Дербес қалтаға
Көп ақшаны салады.
Жеті жігіт қасында,
Ақкенжені ертіп ап,
Үйезге жетіп барады.
Қыз үйезге келеді,
Залым тілмаш Байсалы
Жауап алған жері еді.
Әйел де болса артықша
Ақылы дария-көл еді.
— Ықтыярсыз кәрі шал,
Қорашсынып кедейді
Басып алды деп еді.
Сонда тұрып Байсалы:
— Бір-екі күн ішінде
Жауабын ал деп еді.
Үш күн бұлар қарады.
Байсалының амалы —
Өтірік қызды көнді деп,
Көп ақшасын Дербестің
Тағы да ептеп қағады.
Алтын менен күмісті
Қалтаға тағы салады.
Үйшіктің игі жақсысын
Бөгеймін деп параға
Күні-түні жол жүріп
Меңдікара да келіпті.
Сары бала — Байсалы

Тағы олжа болды деп,
Мұрытынан күліпті.
«Бес жүз сом ақша берсең» деп,
Сен жағына шығам — деп,
Айтқаным тұрам деп,
Тек орыстың аты ұлық,
Өзімізде құрал деп,
Бес жүз теңге ақшасын
Тағы да алдап қағады.
— «Ісім оңға келді» деп
Мәз болып елге барады.
Онбес күннің соңынан,
«Ақкенже сендік болды» деп
Ашық хат қағаз жазады.
Үйшіктегі адамды
Тойғызам деп параға,
Он төрт қара, жетпіс қой,
Айдап барып салады,
Мендіқарадай мырза да.
Ай жарым өтіп арада
Ақкенже мен Дербеске
Шақырту қағаз келеді.
«Қайтемін деп Ақкенже?»
Қәрі Дербес сөз қатты.
Ақкенжедей арудың
Сүймеген көңлі тым қатты,
«Барам десең баралық»
Қыз сөзіне сүйеніп
Қара нарға жүк артты,
Кілем мен киіз көп артты,
Байсалы досын көрмекке
Тағы Дербес құмартты.
Жол шығыны болсын деп
Үйдің мүлкін шын артты.
Атаңа нәлет Байсалы
Нәпсі үшін, бұлардың
Дауын созып ұзартты.
Қаңбақ деген базарға
Тағыда малын айдады.
Дауға басы ілініп,
Дүниесі бүлініп

Дербестің соры қайнады.
Үйшіктегі кілең қу,
Арыз қуған адамнан,
Солай тапқан пайданы.
Малды сатып базарға
Сандыққа ақша салады.
Байсалыдай тілмаштын
Керегін сайлап барады.
Қонақ қылды Дербестер
Құрмет әбден жағады.
Байсалы сонда сөйлейді:
— Дауға Дербес көп болды
Жәрдем беріп қорғадым,
Мендіқара екеуің
Бұл дауынды қоймадың.
Губернатор Геккеге
Арызынды жолдадым.
Ісім ұзап кетті деп
Қайтпасын Дербес назарың,
Бұзылмасын ажарың,
Жас алпыстан асса да
Жастан артық базарың.
Сонан келер ұлықсат
Аулыңа бар да жата бер.
Почта арқылы өзіңе
Жібереміз хабарың.
Жылмандаған Байсалы
Арбауды әбден табады,
Тағыда алдап қарады,
Мүлік пенен ақшасын
Тағы олжаға алады,
Осыменен алданып
Дербес қайтып барады.
Қар кетті де жаз болды,
Жер бетінен су ағып
Үйрек ұшып қаз қонды.
Үйшіктегі алдауыш
Арбап айтқан сөзіне
Арам Дербес мәз болды.
Көшпелі көшіп кетеді,
Арада төрт ай өтеді,

Бүлгін, сүргін, қуыспен
Екі жылға жетеді.
Мал шығыны үдеді,
Меңдіқара, Дербестің
Суыды даудан жүрегі.
Байсалының алдаған
Таусылмады қу ебі.
Ақкенженің дауынан
Бар малынан айрылып
Екеуі де жүдеді.
Осы даудың зарпынан
Меңдіқара, Дербестің
Қыйынға басы қалып жүр,
Күйініп іші жанып жүр.
Ел ішінде тағы да
Сөйлеймін деп сөзінді,
Екеуінен ақырын,
Қулар ептеп алып жүр.
Ісі оңға келмеді
Меңдіқара мырзаң да
Жүрісінен танып жүр.
Нақыл болды халыққа
Сол Дербестің бүлігі.
Сөз сөйлеген адамның
Сатулы болды билігі.
Күннен-күнге ұласып
Ашылды даудың тығыны.
Меңдіқара, Дербестің,
Көп дәулеттен айрылып,
Басынан асты шығыны.
Меңдіқара мырзаның
Сүйегінен сөз өтеді,
Жалғыз үйлі Тамаға
Қалайда әлі жетеді,
Қызынды өзің бердің деп
Шауып алып кетеді.
Батырбектей кәріпті
Талапайға салыпты.
Он бес кісі құралмен
Малын қуып алыпты,
Бір сыйыр, бір нар, жалғыз ат

Мал сілекей қалыпты,
Бар малынан айрылып
Елсізде жылап тарықты,
Туысқансыз, туғансыз
Қысқа қолды бишара
Қайғыменен жабықты.
Малын талап Таманын
Шүрен алып кетеді,
Таманы шауып алғаны
Ел-елге тарап жетеді.
Қалниязды шақыртып
Дербес залым алады.
Сөзбен орап алды-артын
Күлімсірей қарады:
— Қалнияз батыр қайтпайтын
Еңреген ер едің.
Екі талай жер болса
Батыр жүрек сен едің.
Жүз де болса қашпайтын
Қайраты мәлім халыққа,
Адамнан қорқып саспайтын,
Барымталы жер болса,
Азаматты бастайтын,
Айтамын саған сөзімді,
Жаныма теңеп жас батыр
Жолдас қылам өзінді,
Осы сапар қолында
Ашамын десең көзімді,
Кем болмайды ер жігіт
Ерлігі мен ары бар,
Жеделге мінген жігіттің
Әр керегі табылар,
Мына Ақкенже сұлудың
Үйінде қалған нары бар,
Соған сені жұмсаймын
Алып келсең нағылар?
Батырбекке барып кел,
Нарын берсін қызына
Құлағына салып кел!
Бермесе нарын безеріп
Қалай да болса алып кел!

Қалнияз сонда сөйлейді:
— Тама да болса Батырбек
Қызын алған жақының
Қорлағанға әкесін
Ренжімей ме Дереке
Сүйіп алған қатының?
Ақкенже естіп жылады,
Көзінің жасын бұлады,
Жалғыз нарын алма деп
Дербестен жылап сұрады.
— Қатынның сөзі не керек,
Атыңа бүгін мін — деді.
Таба қылмай дұшпанға
Таңға жақын жүр, деді,
Беті алғаннан қайтпаған
Қаһарлы батыр сен — деді,
Сені дауға бермеймін
Сүйенішің мен — деді,
Жылайды деп қатының
Жалтарғаның нең — деді?
Қамшы басты қараға,
Сол күн қонды араға.
Қалнияз келіп жолықты,
Ертең сәске болғанда,
Түйе баққан балаға.
— Түйеші бала сен — деді,
Қалнияз деген мен — деді;
Үмітің болса жаныңнан,
Жалтақтамай, жүгірмек
Нарды тауып бер — деді.
Түйеші бала түнеріп,
Түйіне қарап тұрады.
Қаһарын тіккен батырға
Баяулап мойын бұрады.
— Астында атың сабылған,
Қыйналып терге малынған,
Түсің қатты түн қатқан,
Жолаушысыз нағылған?
Қатуланып Қалнияз
Балаға төне ақырды;
Алты қырлы қамшыны

Арқасына батырды,
Құлындай шығып дауысы
Шырылдап бала бақырды.
Тұщы еті дуылдап
Нарға қарай жүгірді,
Жас жүрегі суылдап
Аш күзендей бүгілді.
Бұйдасынан жетелеп
Нарды алып келеді.
Айыр кезең қызыл нар
Жетекке еріп жөнеді.
Басы жұмыр Батырбек
Сыртынан жауын көреді.
Жалғыздық түсіп басына
Батырбек сонда қамықты,
Күйікпен жаны күйініп
Көзінен жас ағыпты,
Жан-жүйесін кеміріп
Хасрет-қайғы дамыпты.
Сырты бүтін, іш түтін
Құр сүлдері қалыпты.
Күшейіп зорлық, зомбылық
Сондай заман тұс болды.
Жалғыз бенен жарлыға
Көрсеткені күш болды.
Кендік те жоқ, теңдік жоқ,
Басып жейтін іс болды.
Ағайын, тума ауыл жоқ,
Бірге туған бауыр жоқ,
Батырбектің қолында
Жалғыз ешкі сауын жоқ,
Аш-жалаңаш жүрсе де
Жәрдем етер қауым жоқ.
Адамға ашып айталмай
Ішінде шер, арманын,
Уайыммен сарықты
Ақ жүзінің бар қанын.
Жан жолдасы Қанымай
Қатар көшкен аулының
Сұрап ішті айранын...
Батырбектің туысы

Тама деген ел еді,
Сол Таманың ішінде
Руы «Бұйра» дер еді.
Түйетастың сағасы,
Ақбұлақтың жағасы,
Ағайыны байғұстың
Әбіл, Бәбіл деп еді.
Қатыны мен екеуі,
Кезек мініп атына,
Майдың айы туғанда
Түйетасқа келеді,
Әбіл менен Бәбілдің
Дидар жүзін көреді.
Көрген кемдік-қорлығын
Соларға шаққан жер еді.
Әбіл, Бәбіл азамат
Маңындағы халықтан
Жәрдем жыйып береді.
Жас балалар сыйлайды,
Батырбек шал, бабасын.
Құрмет етті інілер
Жетпістен асқан ағасын.
Елінен келіп Батырбек
Азамат басын құрады.
Көргенін айтып жыр қылып
Мұңын шағып жылады.
— Дербесте кегім кете ме?
Жасынан оқып ысылған
Әбіл білгіш паң еді,
Жөн сұраған адамға
Айтқаны оның заң еді.
Кектенгенге кезерген
Арлы туған жан еді.
Бейілін бермей безерген
Алды сондай тар еді.
Егескенге ерімес
Өткелсіз терең жар еді.
— Келдің Бәке маған — деп,
Заң-законды табам — деп,
Мендіқара, Дербестен
Кегінді сенің алам — деп.

Аралап елді мауқын бас,
Жабығып, болма алан — деп.
Үйшіктегі ұлыққа
Арызынды жазам — деп.
Әбіл білгіш ойланбай
Арызын жазды ұлыққа,
Ол да күйіп қорлыққа...
Үйездегі ұлықтар
Хатты оқып қарады.
Батырбекке келсін деп,
Шақыру қағаз жазады...
Үйшік алыс, жер шалғай,
Шілде ыстық күн қандай! —
Түйесі арып шалдығып,
Қартыңнан кетті, әл-жағдай.
Ел арасы тым сирек,
Уағында келмейді.
Батырбек қартың шөлдейді,
Алыс сапар жол шеккен
Қалжырап байғұс мендейді.
Есіне түсіп көргені
Жолда жүріп еңрейді...
Талай қонып арада
Жыйырма төрт күн өткенде,
Арып, шаршап, шалдығып
Барды Үйшік қалаға.
Үйшікке қартың барыпты,
Қуандырды сөзбенен
Батырбек нашар кәріпті.
Алдағанға мәз болып
Сорлы шалың қалыпты.
Оған билер сөйлейді:
— Ұлықтан келген әмірді,
Әбден қабыл көреміз.
Күшті келген бұл әмір
Малыңды алып береміз.
Қабылдаймыз арызды,
Мал өнбейді деменіз,
Сегіз бидің біреуі —
Алдындағы мен — дейді.
Мәніс білген кісінің

Өзің ойлап көр — дейді.
Ер еңбегі деген бар
«Шайлығың болса бер» дейді.
Сұрап апты сол қарттың
Насыбай салған шақшасын.
Елді жеген жалмауыз
Тағы әдетін бастасын.
Қағып алды сегіз би
Қалтада бар ақшасын.
Қайта тұр, қартым, сіз — деді,
Таянды жақын күн — деді.
Осы мизам ішінде
Волостной үйезге —
Мендіқара, Дербесті
Шақырамыз біз — деді.
Он төрті деп мизамның
Қағазын қолға алады,
Батырбек қайтып барады.
Оңғарылды деді жұрт
Батырбектің талабы!
Билердің берген мерзімін
Батырбек күтіп қалады...
Жұлдызында мизамның
Би, болыс үйезд бастады,
Қасында бар көп жолдас,
Елдің ішін қаптады.
Пара берген адамды
Би мен болыс мақтады.
Пара таппас нашардың
Орындамай арызын
Ілтипатсыз тастады.
Мендіқара, Дербесті
Шақыратын келді жер,
Адамға теңдік бермейтін,
Азулы қара Дербесті
Жығарма екен бұл билер?
Батырбекке билердің
Жүзі суық көрінді,
Мықтыларды көрген соң
Арасы биден бөлінді.
Бәрінің бастық болысы

Көп бидің сөзін жөн — деді.
Екеуі де акыры
Сонша қуған арыздан
Ешбір пайда көрмеді.
Төресін тура берген жоқ,
Туралық биден көрген жоқ,
Жылап қайтты үйіне
Қайғыдан қарт өлген жоқ.
Еңіреп үйге келеді,
Көрген қорлық көп құса
Еңіреудің себебі...
Екі ай жатып ауырып
Қайғымен қарт өледі.
Қысқа қолы күрмеулі
Арманда өткен ер еді.
Қара басы Аккенже
Күннен күнге жүдеді.
Бәйбішенің зәбірі
Күннен күнге үдеді.
Қатты көрген қысымнан
Қайда деп, өлім тіледі.
Жүндей сабап бәйбіше
Қайғыға толды жүрегі.
Ажар кетіп, оң кетті,
Бәйбіше сабап меңдетті,
Қармаққа шаншар еті жоқ
Жылатып күнде еңіретті.
Ұсқын менен түрі жоқ
Күннен күнге кер кетті.
Ажар көрік бетте жоқ,
Ақыл да жоқ, ес те жоқ,
Арсыйған құр сүйегі
Денеде шаншым ет те жоқ...
Әркімдердің басынан
Дәурен зулап озады;
Қалыбында тұрмақ жоқ
Қамқа тоны тозады.
Жамандықты жақсылық
Бір-ақ күнде бұзады.
Жыйырмадағы Аккенже
Күндерде жүкті болады.

Тоғыз айдан өткенде
Санаулы күн жеткенде
Бір қыз бала туады.
Көңлімнен құса кетті деп,
Өзіне сұлу шарт қойды.
Жаңа туған сәбиге
«Алданыш» деп ат қойды.
Еріні жылып сүйген соң
Қайғысын сұлу тастады.
Талпынып бала күлген соң
О да күле бастады.
Баласыз Дербес қуанып
Баланы сүйіп қолға алды.
Садаға болып сағатта
Айналды да, толғанды.
Кеше туған жас бала
Төртке жасы жетеді,
Тілі шығып, балдырлап,
Үйін базар етеді...
Енді қоңыр күз болып,
Атырауға ел көшеді.
Қонды ауыл Аралға,
Шара бар ма ажалға,
Сағынып көрген сәбидің
Санаулы күні жетеді.
Қоңыр түсті қорасан
Бөбегін алып кетеді.
Ақкенже ана зарланып,
Қайғы менен қан ішті,
Төсі сыймай кеудеге
Тұлымын жуып жер құшты.
«Шарқ ұрып жүрген құлыным
Тарылтып кетті заманды,
Бал татыған шырыннан
Суалтып кеттің анаңды!
Аялаған Алданышым
Аңыраттың анаңды.
Қуанышым, қуатым,
Сенсіз күнім қаранды.
Сергелденде жүргенде

Сен жазып ең жарамды!»
Деп зарланған Ақкенже
Ұзамай дертке шалынды.
Жас жүрегін өртеді,
Қайғының өрті жалынды.
Қызыл жүзі сарғайып,
Қос өкпесі қабынды.
Қайғыменен қан жұтып,
Ақкенже байғұс торықты.
Тор етінен арылып,
Өлер халге жолықты.
Жайнаған сұлу ажары
Топырақтай болыпты.
Жатқан жерден тұра алмай,
Кірпік қағу, ұйқы жок,
Езу тартып күле алмай
Түзелетін сыйқы жок,
Өзегіне өрт толды,
Айдан сұлу Ақкенже
Мезгілі жок мерт болды...
Бұл сөзімде жалған жок
Әңгіме еткен араңда;
Әлі есімнен қалған жок,
Біздер көрген заманда
Сондай-сондай кеп болды!...

НАРҚЫЗ

Өткеннен жыр бастайын
Кіші жүз — Әлім Алшыннан.
Бұрынғы өткен бұл сөзді
Тыңда халқым қартыңнан.
Сейіт қызы Айшадай
Айдай сұлу жарқыннан.
Кедей қызы болса да
Нұрлы өнердің күшімен
Әр нәрсеге талпынған.
Өлең айтып, ән созған,
Домбыра тартса, топта озған.
Өлең-жырды ағытып
Шаршы топта жақ тозған,
Ару еді нұр шалқып,
Балуан еді даңқы артық
Жауырны жерге тимеген,
Талай мықты балуанды,
Тұмақ құрлы көрмеген,
Жығылуды білмеген.
Бәйгесіне ат алған,
Алғыс алған, бата алған.
Айша сұлу жасынан
Балуандығы асқан соң
«Нарқыз» болып атанған.
Ажарына көз салсаң
Нұрланған ай сыяқты.

Мінезінен сынасаң, —
Көрген адам ұнатты.
Және жүйрік жауапқа
Құрбы көңлін құлатты.
Балтыр еті — бесіктей,
Омырауы — есіктей,
Жауырыны — қақпақтай.
Желкесіне ораған
Бұрымы бар тоқпақтай.
Келбетіне қарасаң
Ерден озат көрінген.
Кербездігін айтайын
Басуға аяқ ерінген.
Жыйынды жерде жырласа
Әсем, сұлу әнінен
Тау бұлағы төгілген.
Өнер, келбет, балуандық
Бір өзіне берілген.
Айналаға сүйікті,
Салтанатпен жүріпті.
Домбырасы қолында
Сөзін елге тыңдатқан
Ақылы артық білікті.
Сол заманда, сол жақта
Ел билепті Мәмбет хан.
Қарауындағы халыққа
Көрсетпепті атар таң.
Хан ағасы таз екен,
Ақылы да аз екен,
Інісі хан болғанға
Қарап жүріп мәз екен...
Әмірі зор Мәмбет хан,
«Қыз берсін деп ағама!...»
Сейітке күш сөз айтқан.
Хан айтқан соң амал жоқ,
Қөнбейтұғын заман жоқ;
«Хан сөзінен шығатын —
Депті Сейіт — шамаң жоқ!...»
Келген елші кісіден
Осыны естіп, аһ ұрып,

Нарқыз тынған ішінен...
Нарқыз сонда қорланды
«Жан екем ғой бағам жоқ
Әке тілін алмаймын,
Тазға болып тәуелді
Тіршілікте бармаймын!
Өлең айтып зарлаймын.
Домбырамды өңгеріп
Дүниені шарлаймын.
Құрым іліп жүрсемде,
Осы жатқан халықтан
Өз теңімді таңдаймын...
Ол сертімнен танбаймын!»
Осыны айтып бота көз
Ақбоз атқа мінеді,
Ер қасына шашақты
Домбырасын іледі,
Қайда сауық, жыйын той
Ортасында жүреді.
Қыз күйігін зарлаған
Елі-жұрты біледі.
Жаны ашыған жақындар:
«Қайран боздақ — бота көз!...»
Деп ішінен күйеді.
Көшіп, қонып жүретін
Ханның байтақ мекені...
Нөкерлері қасында
Салтанатпен Мәмбет хан
Көш алдында келеді.
Түлкі тұмақ басында,
Ақбоз аты астында,
Күміс сапты қамшыны
Мықынына таянып
Мәмбет ханның алдынан
Біреу кесіп өтеді.
Оны көрген Мәмбет хан
Ашуланып сөйлейді:
— Мен Мәмбет хан болғалы,
Хандық бақыт конғалы,
Абыройымды жан төкпеген

Қадырлы едім көпке мен.
Халық билеп, хан болып,
Қолым неге жетпеген!
Бұрын-соңды алдымнан
Ешкім кесе өтпеген.
Қасымдағы нөкерден
Бір бесеуің барыңдар.
Хан алдынан кесе өткен
Жігітті ұстап алыңдар.
Басына қайғы салыңдар.
Ханың қорлық көргенде
Аянар не шағың бар?
Білдіңдер ме халайық,
Ақын сырын ашады.
Жігіт емес ол біреу
Ханның қуған жасағы.
Өзімізге белгілі
Нарқыз еді қашанғы.
Астындағы атына
Нарқыз қамшы басады.
Бес жігіттен қашады,
Бір белестен асады,
Қырдың асты шабынды
Көрінбейтін таса еді.
Аттан түсе қалады,
Тартпа менен айылын
Қатты тартып алады,
Қашатұғын бұл емес
Бес жігіттен жаңағы.
Найза, қылыш қолында
Бес жігітке ағады,
Келе найза салады.
Мақталы екі шапаннан
Қарулары өтпейді.
Маңайына келе алмай
Кейбіреуі шеттеді.
Кейі қайрат қылса да
Нарқыз елең етпеді,
Нарқыз қайрат бастады,
Бес жігіттен саспады,

Бойын ашу басқаны.
Ақбоз атпен ұмтылып
Бес жігітті атынан
Жұлып-жұлып тастады.
Бес жігіт күні тарылды,
Қол қусырып бағынды,
Өзің біл деп «ағатай!»
Ер Нарқызға жалынды.
Қаһарман қыз сөйлейді.
— Бері қарандар, ей! — деді.
Бәрінде де ақыл бар,
«Қой қорықса, ешкіні
«Апа» дейтін нақыл бар.
Қызды «ағалап» жалынған
Ылғый дейді «батырлар!»
Білемісін жігіттер
Адасып айтқан сөзінді.
Адырандап келдіңдер
Аңғармай-ақ өзімді.
«Ағатай» деп айтпасаң,
Ояр едім көзінді.
Не десемде бағындың
Бағынып маған жағындың,
«Апатай» деп айта алмай
«Ағатай» деп жалындың.
Байқадыңдар затымды,
Білмедіңдер атымды.
Хандарыңа айтыңдар
Көрдік деп бір ақынды...
Ақын емес батырды...
Оған қалай теңейді
Сонау тазша қатынды?!
Әуре болмай қайтыңдар
Мініндер де атыңды!..
— Мінген аты жараған
Қаса арғымақ шын жүйрік,
Сағағынан үзіліп
Басы көкке қараған.
Бізді көріп ырғытты
Құс дер еді оны адам.

Шапқан сайын үдеді.
Күдірден күдір асқанда,
Біздің мінген тұғырлар
Болдырып жолда жүрмеді.
Ілесіп көрдік қарасын,
Кім екенін біле алмай
Болжай алмай шамасын,
Әрлі-берлі шапқан соң
Көрсетпей кетті қарасын,
Жүйрікке не амал қыласын.
Әдейі өткен кісі екен
Атының біліп шамасын,
Осыған ханым нанасын!... —
Деді осылай бес жігіт,
Ханның келіп алдына.
Нанды Мәмбет жігіттің
Сөзіне құлақ салды да.
Нөкерлерім, сырласым,
Таң қаламын, ғажап жан
Ол не қылған өктем деп.
Алдыр айтпай алдымнан,
Жолымнан өтіп кеткен деп.
Хан әмірі өктем деп:
Талай сондай қашқынға,
Әмірім менің жеткен деп.
Ашуланды Мәмбет хан
Ақбоз атты жолшыға
Кіжінді, адам, неткен деп!?
Бұйрық берді хан сонда;
— Көк аттыны бағындар,
Көк ат мінген адамды
Жібермей ұстап алындар,
Көк аттыдан қорланып
Қапа болған шағым бар.
Қайрылмай кеткен адамға
Өткізетін зәрім бар.
Бүгін қашып кеткенмен
Ертең алар арым бар!...
Мәмбет жарлық салады,
Жасауылдар жарлығын

Дереу қабыл алады.
Жолаушы мен жортушы
Жүрер жолдың торабын
Жасауылдар бағады.
Көк аттылар кездесе
Ханға айдап барады.
Тергеп жауап алады,
Жауап берген көктіге
Ылғый дүре соғады.
Бейнет шегіп талайы
Жылап кетіп барады.
Жасауылдар жаландап
Қарауыл тағы қарады.
Көк ат мініп жүруден
Енді халық қалады.
Осы хабар халыққа
Құйынша тез тарады.
Осыны естіп ер Нарқыз
Ойға салып қарады.
— «Мәмбет ханды көрсем деп,
Ерлігімді көрсетіп
Қорықпай жауап берсем деп,
Сырымды алар сол төре
Көрінбей қашып жүрсем деп.
Қабырғама ақыл салайын,
Ойлайын ойдың талайын,
Ел жыйналған ас болса
Ақбоз ат мінген қалыппен
Саспай ханға барайын.
Көкірегі қара хан,
Алдынан ел тараған,
Көп ішінде бармасам,
Хан жолдасы көп адам
Жалғыз барсам қапыда
Ұстап алар Аламан.
Жыйында барсам егерде
Айтармын көпке сөзімді,
Жыйналған жыйын көп халық
Қорлыққа бермес өзімді,
Көп ішінде сөйлейін

Айтайын деген сөзімді,
Сонда халық көзімен
Көрсін менің күшімді,
Білсін менің ісімді!
Жалғыздық түсіп кәзір мен
Қайырсыз ханнан ығысып
Көріп жүрмін қысымды.
Ұлы жыйын: той, аста
Күреске түссем белсеніп
Жыйналған көрер сұсымды —
Осыны Нарқыз ойлайды.
Көңілінде жігер, қайраты
Асқан сайын Нарқыз да
Бұл талабын қоймайды.
Жақын күнде жыйын, ас
Тап бұл жылы болмайды.
Малы семіз, халық шат
Аман шығып сол қыстан,
Қелесі жаз болғанда
Көп дәулетке көңіл мас...
Күзінде өлген Жарлығас
Осы байдың асына
Сауын айтып халыққа
Бермек болды сыйын-ас.
Ас бермек елге санатты
Әркімдер атын жаратты.
Астың күні жеткенде
Бәйбішелер байсалды
Бай асына саба артты.
Алшын, Жаппас, көп Шекті
Он екі ата байұлы
Жолдың шаңын боратты.
Ел билеген би, болыс
Ас беретін мырзаға
Ата жолы осы деп
Шайіге жамбы орапты.
Орнаған дәулет шағымда
Қызметімді көрсін деп
Жағалбайлы, жеті ұру
Ат шаптырған еліне.

Келсін деп оған тағы да,
Тама менен Табынға,
Рамазан, Төлеуге,
Кердері мен Керейтке.
Ат жетер жердің шегіне,
Он алты болыс еліне
Аян болған ас екен.
Қолдей қымыз шалқыған
Ішкен адам мас екен.
Жүйріктерді санаса
Бес жүз сексен ат екен.
Балуан келді одан көп:
Асқа тіккен бәйгесін
Сонда жығып алам деп.
Ат пен түйе бәйгеге
Күшімді бір салам деп...
Келді балуан әр жерден
Айтса мақтау сыярлық
Сандақтары әр елден.
Осы ас көпке даң болды,
Асқа сойған көп малдан
Аққан өзен қан болды,
Бұрын-сонды көрмеген
Талай адам көрісті,
Есен, сәлем берісті.
Ас қызығы ұласты,
Арада неше күн асты,
Ат жаратып келгендер
«Ат шаптыр» деп шуласты.
Ат айдайтын көмбені
Бәлен жерден шапсын деп
Ас басқарған мырзаның
Айтқан сөзін жөн көрді..
Салтанатты жүргені,
Астына ақбоз мінгені;
Неше түрлі асыл зат
Мақпал, жібек кигені;
Ер мүсінді, сүйкімді
Жүргені жұрт түйдегі;
Құрбысынан мінезі өр,
Үсті, басы сары ала

Балағында алтын зер.
Дөңгелек жүз, көрікті.
Шашын түйіп төбеге
Баса киген бөрікті;
Түрме белбеу белінде
Кім екенін білдірмей
Нарқыз асқа келіпті.
Ас үйлерін тіккен жер
Ұлы Жемнің саласы,
Қалың жыңғыл — ағашы,
Саралжынның сағасы.
Асқа келген көп адам
Жөңкіле қырға шығады.
Өтетілеу бір жарлы
Түйе мініп астына
Қорағашқа ту байлап
Туды ұстап тұрады.
Көптен шығып бес кісі
Ат айдады бәйгеге
Жемнің бойы шаң болып
Түсіп жатыр әуреге.
Биік дөңнің басында
Ел жыйылып болған соң,
Батуаға келісті:
Ат айдаушы жігіттер!
Ұрлап шабу болмасын!
Буаз төбе шенінен
Балаларды бағындар.
Балаларды асырып
Бері өздерің қалындар.
Аттар қайтқан кезінде
Сендер дереу шабындар.
Бұғып келіп қоспасын
Соған көзді салындар!»
Сілтеу берген жерінен
Тізе қосып көп бала
Жүйріктермен жөнелді.
Ат шапқан жер шамасы
Екі көштей жер еді,
Жүйрік сіңір созады
Тұяқтан жері тозады,

Айқай, ұран шыққанда
Кей жүйріктер озады.
Жемнің бойы айқай-шу
Шұбатылды тозаңы.
Сол бәйгені көргенде,
Жүрек тулап кеуденде
Делебеніз қозады!...
Ат бәйгесін көрді көз,
Күрес бастар келді кез,
Жарқын-жарқын естілді
— Балуан шықсын! — деген сөз.
Жұрт отырды айналып,
Орталарын кең салып,
Балуандарын әркімдер
Күресуге келді алып.
Қызығын көзбен көруге
Анталап тұр ел-халық,
Талай топта күрескен
Шықты сонда балуан қыз.
Сыйпатына көзің сал,
Енді қапы қалмаңыз.
Көзі гауһар көз талған,
Бойы шынар ырғалған,
Мүсініне қарасаң
Шығар едің құмардан!...
Қымқап шапан киінген,
Мақпал шалбар зер салған.
Түрме белбеу белінде,
Алып ұшып жүрегі,
Топта қызып сүйегі,
— «Келіндер, деп балуандар!»
Нарқыз қарап күледі.
Бұрын-сонды болған жоқ
Бұл Нарқыздың теңдесі,
Балуандардың көргенде
Түсер еді еңсесі.
Балуан Нарқыз шыққан соң
Балуандар тұр кідіріп,
Күрескенше Нарқыз тұр
Даярланып, түйіліп.
Кейде бір сөз айтады

Жұрт алдында иіліп!
— «Атым әйел болса да,
Нарқыз болып туғанмын.
Мақтануға сыйғанмын.
Талай, талай балуанды
Жерге бұлғап ұрғанмын.
Қарсыма ешкім келмеген,
Мерекелі жыйында
Жанға бәйге бермегем.
Топта шығар айбатым,
Халыққа аян қайратым.
Бұл жыйында бар ма екен
Менің қатар тайласым.
Қатар балуан бар болсан,
Шықшы бері, қайдасың?!»
Мәмбет хан да ақырды,
Балуандарын шақырды.
Топта озат бәйге алған
Шақырып алды қасына
«Алып балуан» батырды.
Намысты алып берсін деп,
Шақырып алған төменнен.
«Алып балуан» атанып
Шашылған даңқы ежелден.
Ат, түйені шығарған
Түскен құдық тереңнен.
Атын естіп Нарқыздың
Күрессем деп сол қызбен
Асық болып кезенген.
Келбеті мен ерлігі
Бұл балуанның кем емес!
Тұла бойы тұп-тұтас
Келбеті ірі жан екен,
Бұған да ешкім тең емес,
Халық тұрды анталап:
Шекпен киіп етіне,
Шалбары бар кең балақ,
Нарқызбенен күреске
Келді көзі қанталап.
Қарсы келіп екеуі
Шап берісіп күресті

Алалмады тіресті.
Бір-біріне алдырмай,
Аяқтарын шалдырмай
Айламенен сіресті.
Бұ да мықты жан екен
Алдырмады, алысты.
Жібермеуге намысты,
Жығылмасқа қарысты.
Сонда Нарқыз ағасы
Аңғарады Нарқыздың
Жыртылғанын жағасы.
Дем болсын деп Нарқызға
Сонда айтқанын қарашы:
— «Балуан Нарқыз сен, деді
Кенже ағаңмын мен, деді.
Сені тәңір алдыма,
Адыра күшің қалдыма,
Әлі жүрген нең деді?!
Тілегінді тілеп тұр
Бұқара халық ел деді.
Хан балуанын жықтағы,
Аброй ап бер деді!»
«Ауп!» деп Нарқыз ақырды,
Әйелде асқан батылды,
Бір үйіріп жіберді,
Жерге аяғы тірелді...
Қаңбаққа ұсап сол кезде
Хан балуаны талықсып,
Қанды көбік қақырды.
Бетіне оның су бүркіп,
Зорға жанын шақырды...
Хан кәрленіп, шамданды,
Енді Мәмбет арланды,
Тағы бірің шық деді
Балуандары қамданды.
Хан балуаны тағыда
Жалпақ жаурын қара екен,
Бұ да айтудай бар екен.
Хан балуаны жығылса
Қарашадан ар екен.
Келбетіне қарасаң,

Қайсар қара нар екен.
Бүйірге қол таянып,
Жан жағына қаранып,
Келді дағы Нарқызды
Ұстай алды шап етіп.
Қалған емес бұл балуан
Еш қорғалап аянып.
Ұстаса жүріп Нарқызға
Хан балуаны сөйледі;
«Атандың Нарқыз сен, дейді,
Күреске келдім мен дейді,
Еркектен қыздың жолы үлкен,
Кезек бердім мен дейді.
Жолыңды ала бер дейді».
Нарқыз айтты балуанға:
— «Түріңізге қарасам,
Жасың үлкен ағасын.
Қызда болсам, кішімін,
Жолыңды аға аласын.
Қолденеңнен көз салып
Халық бізге қарасын.
Кім балуан да, кім осал,
Байқасын жұрт шамасын!»
Нарқыз кезек берген соң,
Балуан ырғап қарады:
Қозғалмайды Нарқыздың
Басқан жерден аяғы.
Көтеріп толғап тағыда
Байқады жігіт шаманы;
Басқан жерден Нарқыздың
Еш аумады табаны.
Әдіспенен толғады,
Қос аяқтап орады,
Бәріне де болмады.
Мықтымсынып келгенмен
Балуан тағы оңбады,
Кезек берді Нарқызға
Жыға алмасын көргенде ол.
Балуан қыздың қайратын
Осы болды көрген жер.
Аузында елдің ұраны,

Арыстандай сыяғы.
Соны көрген халайық
Қайтер екен Нарқыз деп,
Тамаша етіп тұрады.
Айналдырып, үйіріп,
Хан балуанын бөріктей
Нарқыз тағы ұрады.
Тілеп тұрған халықтың
Көріп көңілі тынады...
Ел бастығы Мәмбеттің
Мықтап сағы сынады.
Сағы сынбай неғылсын,
Сеніп тұрған қос балуан
Екеуі де құлады!
— Күшің тасып қайнасын!
Бұл бір қыйын іс болды,
Балуан Бегім қайдасын?
Арыстан деп атандың,
Ер сыналар жер келді.
Тұла бойым шымырлап,
Мандайыма тер келді.
Тайынбайтын едің ер,
Арланатын келді жер!
Кесілмесең қарыңнан,
Хан-төренің намысын,
Қарашадан алып бер!
Бұл балуаны Арыстан
Талай қармен алысқан.
Күрең тартып тұр екен
Өле жаздап намыстан.
Күресем деп Нарқызбен
Келген екен алыстан.
Көйлегін тастап шалбаршаң,
Етіне шекпен киінді,
Ақ балтырын түрінді.
Келбетіне қарасаң,
Келісті туған ер екен.
Балтырына қарасаң
Нар санымен тең екен.
Жауырыны қақпақтай,
Бұлшық еті тоқпақтай

Айтулының бірі екен.
Тұлғасы тым ірі екен!...
Отырған Нарқыз — балуанға
Талтандап басып барады.
Қасына жақын келгенде
Жаннан қайтпас ер Нарқыз
Белден ұстап алады
Балуан сынап сыртынан,
Жыйналған жұрт қарады.
Екі балуан алысты,
Қолдары да қарысты,
Алдырмады андысып
Бірін-бірі бағысты.
Екеуі де салып жүр
Әдіс пенен амалын.
Бірін-бірі жұлқыйды
Аударып алмай табанын.
Мәмбет сонда ақырды:
— «Туған інім Арыстан!
Әркім құмар өзіңе
Балуан деген дабыстан.
Мін емес пе өзіңе
Қызбен мұнша алысқан?
Келтірдің кір сен маған.
Нарқызбенен алысып,
Әлі жүрсің оңбаған!
Атасы әйел шіркіннен
Болғаның ба сен жаман?
Бүйтіп тірі жүргенше
Тірі жүрмей өл арам!!»
Сонда Арыстан шамданды,
Күшін жыйып қарманды.
Дем алдырмай Нарқызды
Түрлі әдіске салғанды.
Ашуланып Нарқыз да
Түйілген екен қабағы.
Ақ бетінің қуарып
Кеткен екен ажары.
Көп кісінің ішінен
Шыға келіп сөйледі,
Кенже деген ағасы,

Екеуі Сейіт баласы.
— «Айналайын, Нарқызжан,
Тынысың неден тартылған?
Екі талай жер болса,
Саған біз ек жалынған.
Айрылдың ба барыңнан?
Кесілдің бе қарыңнан?
Бауырым Нарқыз қыймылда
Жұртың отыр сарылған!...»
Сонда Нарқыз бойына
Қайрат мықтап келгенді.
Намыс түсіп ойына
Ашуланып тербенді.
Жыйындағы көп халық
Қайратын қыздың көрді енді
Бірғап, толғап, көтеріп,
Кеудеге қысып алады.
Мәмбет ханға қарады:
— «Қара Мәмбет сен деді,
Нарқыз едім мен еді.
Қатыны өлген таз аған
Меніменен тең бе еді?
Туған інің — Арыстан
Не қылғаным, көр деді,
Көрінсін бір шырайым!
Тимейсін деп тазыңа
Қайырдың талай райым,
Өзім Нарқыз болған соң
Қорлыққа неғып шыдайын:
Қайратын көр Нарқыздың
Арыстандай інінді,
Өз алдыңа ұрайын!»
Арыстанды ұрады,
Өкпесінен сығады,
Қысылғаннан балуанның
Мұрнынан қан шығады,
Дүрілдетіп үйіріп,
Мәмбет ханның алдына
Бұлғап-бұлғап ұрады.
Ортан жілік шарт етіп,
Ортасынан сынады.

Кескен терек секілді,
Ұзынынан сұлады.
Сонда Мәмбет жылады:
— Бақытым бастан өттің бе?
Маған қайғы жеттің бе?
Еркек емес әйелден
Бірге туған бауырым
Арманда боп кеттің бе?
Арыстан балуан талады,
Ақыл, естен танады,
Төрелер келіп қамады,
Қалың жыйын халықтан
Сынықшы іздеп табады,
Теңге салып көтеріп,
Алып кетіп барады.
Жігерін Нарқыз білдірді,
Төре жағын жылатып,
Бұхараны күлдірді:
— «Балуан болсаң сондай бол,
Арыстан атты төренің
Жілігін де сындырды!?
Тілеген тілек бұхара
Көңілі осы тынған жер.
Мәмбет ханның балуанын
Алдына әкеп ұрған жер.
Хабар айтты Нарқызға
Мәмбеттен бір елші кеп:
Жіберіпті жігітті:
— «Маған Нарқыз келсін деп.
Нарқыз кегі бар болса
Мәнісін айтып берсін деп,
Нарқызға әлі айтамын
Хан екенімді білсін деп.
Бұхарада жүрмесін
Нөкеріме кірсін деп.
Ақылы болса Нарқыздың
Қадырымды білсін деп.
Жығылған соң Арыстан
Хан көңілі гүнерген,
Нарқыз маған келсін деп
Шақырушы жіберген.

Хан шақырса тартынып
Кім қалады бұл елден?
Бірақ Нарқыз қасарып
Бармайын деп ойлады.
Тастайтындай бас алып,
Жұрт еркіне қоймады,
—«Халыққа қыйын іс болар,
Хан ғой елдің қорғаны.
Көпке мұның тыс болар...»
Деп ағайын зорлады.
Қорықпайтын ер Нарқыз,
Халық тілін алады,
Алты кісі жолдаспен
Хан алдына барады.
Ызасы кеп хан Мәмбет,
Ашу көзбен қарады.
Нарқыз одан ықпады,
Айтар сөзін жұптады:
—Елдің басшы қорғаны,
Қарағаны сен едің.
Ақын Нарқыз атанған
Аты шыққан мен едім.
Әуелі атым — Айша еді,
Қайрат, қажыр күшпенен
Нарқыз болған себебім.
Шақыртыпсын, сұрапсын
Соған жауап беремін.
Алдыңа неге алдырдың,
Барма ед әлде керегім?
Батыр керек болды ма
Айтыңызшы дерегін?
Ханым, ойлап қараңыз,
Қандай ерге тең едім?...
Сейіт әкем мал бітпей,
Кедейліктен тарыққан.
Тамаққа кем, киім жоқ,
Малай болып зарыққан.
Қатыны өлген таз аған,
Соны біліп алыстан,
Кісі салып араға,
Мал салам деп қораға,

Мені алуға жабысқан.
Әкем байғұс тарыққан
Ағасы хан деген соң,
Қарсы айтуға қорыққан.
Ақылдасқан адамы:
«Хан тұқымы керек» деп,
Сендіріпті сондықтан.
Атым әйел болса да,
Тең туып ем адамға...
Малы толып тұрса да,
Тең емен таз жаманға.
Кімге ылайық көрінем
Төреші бол өзіңіз.
Арыстанды жыққанда
Көріп еді көзіңіз!
Намыс алып бергенді,
Ханым, артық санаңыз.
Ойласаңыз, теңбе еді,
Маған сіздің ағаңыз.
Әділ болсаң ұлықсат бер,
Ұлықсат сізден аламыз.
Бұрынғының нақылы:
«Ханда — деген бір сөз бар —
Қырық кісінің ақылы»
Ойлаңыз да қараңыз,
Бізде сіздің балаңыз.
Хан әділдік қылмаса,
Кімге барып шағамыз?
Таусылады шарамыз,
Ушығады жарамыз...
Сіз шақырды деген соң
Келіп едім осында.
Алдыңыз кең, алдияр,
Лұқсат бер басыма?!»
Нарқыздың айтқан арызын
Мәмбет қабыл алмады,
Сөзіне құлақ салмады.
Хан ыңғайын, қабағын
Нарқыз әбден аңдады:
«Отыр ма екен әлде хан
Қызды ұстап қалғалы...

Үйден дереу жөнелді
Атқа Нарқыз қонғалы.
Атына Нарқыз келеді,
Қасындағы жолдасы
Атын тарта береді.
Шапшаң мініп боз атқа
Еліне тартып жөнелді.
Қара Мәмбет залымның
Аламаны көп еді.
Қуыстанған Нарқызды
Тез ұстандар деп еді.
Ұстауға нөкер ат қойды.
Нарқыз мінген ақбоз ат
Күйіне түсіп жараған
Құлағын тіке қадаған.
Ат қойғанын қыз көрді
Шуылдаған аламан...
Нарқыз қымтап тақымын.
Атқа қамшы басады,
Белес-белес асады.
Қолтығынан тер шығып,
Ақ көбігін шашады...
Ақбоз аттың байқады
Аламандар шамасын.
Тоқтасып бас шайқады:
«Көрмейміз деп қарасын!...»
Жыйындағы адамға
Әмір етті Мәмбет хан,
Бәрі маған келсін деп,
Айтатұғын сөзім бар,
Көңілдерін бөлсін деп,
Айтқаныма көнсін деп.
Алдымнан қашқан Нарқызды
Ұстап әкеп берсін деп.
Шақыртқан соң хан Мәмбет
Ел жөнелді елпілдеп.
Отыр екен Мәмбет хан
Ашуланып желкілдеп:
—«Бәріңе еткен әмірім:
Мені Нарқыз қорлады,
Сөзім қабыл болмады.

Мұндай қорлық көргем жоқ
Мен Мәмбет хан болғалы.
Нарқызды ұстап беріңдер,
Айтатыным сол, ғана!...
Айтқаныма көндірем,
Сендерге сөз өтпесе,
Несіне хан болдым мен!!»
Құлдық ұрды халайық
— Әмірдің бөтен демейік,
Сізден әмір болған соң
Рыйзалықпен көнейік.
Қашып кеткен Нарқызды
Сіз үшін іздеп көрейік.
Табыла қойса егерде
Ұстап әкеп берейік!
Бұзық еді Бөктергі
Талайларды бүлдірген.
Тәуір көрген кісісін
Қуандырып күлдірген.
Жала жауып талайдың
Басына пәле ілдірген,
Мәмбет ханға ол келеді.
Мәмбет ханға жағынып,
Сізге сонау Нарқызды
Ұстап берем деп еді.
Бөктергінің бұл сөзін
Мәмбет мақұл көреді.
— Уа Бөктергі, Бөктергі!
Ерді Мәмбет көп көрді
Сыйласар ер сен едің,
Сыйлармын деп серт берді:
Қашып кеткен Нарқызды
Әкеліп бер қолыма.
Ашуым зор, кегім көп
Түсіріп бер торыма.
Әкелген соң Нарқызды
Мен жарармын сонына
Жолдас қылып өзінді,
Кірермін жұрт тобына!
Қалың елді Бөктергі
Бүрді де көп зарлатты.

Бас, басына түгендеп,
Үйді қоймай санатты.
Топ ауылда бір отау,
Көзді тартып тұр отау,
Осы отауға Бөктергі
Барайын деп бет берді.
Соған ептеп барады,
Қыз нөкері қасында,
Ақ отаудың ішінен
Қыз Нарқызды табады.
—«Қызда болсаң айбынды
Бала екенсін шырағым.
Ерлігіңді сынадым,
Жыйын астың ішінде
Көзге түсті сыяғың.
Қарсы болып ханменен
Келіспей жүр тұрағың.
Ниетің болсын оң дейді.
Мен Бөктергі ағаңмын,
Шырағым, қонақ бол дейді.
Сендей асыл балаға,
Құрмет ету жол дейді.
Үйіме алып барайын.
Пәле келмес маңыңа,
Қызмет етіп қарайын...»
Адал жүрек, ақкөңіл
Нарқыз бұған сенеді.
Бөктергіге ереді,
Үйіне еріп келеді.
Жақсы сыйлап хұрметтеп
Қонағасы береді,
Қызметі қызға жағады.
—«Бөктергідей жақсы аға
Қамқорлығың көрінді,
Ән салдырып, ойнатып,
Бердің маған төрінді.
Мен қарындас, сен аға,
Ақырында табарсын
Ылайық бір теңімді.
Хан ағасын сүймедім
Ханмен бірге туса да,

Менсінбедім, тимедім.
Өзім Наркыз болғансоң
Бар қызықты шүйгенім.
Байдан қызық емес пе,
Жаны бірге құрбымен
Күнде ойнап күлгенім?
Өз теңіңе бармасаң
Қызығы не дүниенің?
Домбырашы, акындық
Болды менің дүрмегім,
Бөктергідей жақсы аға
Өзіңе билік беремін,
Теңім тапсан теріс емес,
Айтқаныңа көнемін.
Жаны ашыған жақсы аға
Атаң басқа демейін.
Сенбеуші едім басқаға
Саған ғана сенейін!...»
— Шырағым, Наркыз, асылым,
Сөзімде жоқ терістік.
Енді уайым ойлама,
Халық болып сөйлесіп
Мәмбет ханмен келістік
Жолың ашық, шырағым.
Енді өзін қарарсын,
Қалың елден қалаған
Өз теңінді табарсын,
Ылайығың, қатарың
Сүйгеніңе барарсың!»
— «Аға, сендім, өзіңе!
Рыйзамын ағажан
Қуандырған сөзіңе.
Болыса жүр жан аға,
Жабырқаған кезімде?!»
Осы сөзге қуанып,
Наркыз дамыл алады.
Жасырынды он жігіт
Бөктергінің адамы:
Наркызды ептеп ұстауға
Үй сыртында бағады.
Оңаша үйде Бөктергі

Бір ылақты сояды,
Екі жібек белбеумен,
Қылдан ескен арқанды
Даяр қылып қояды.
Ол сұмдықтан хабарсыз,
Мейман асқа тояды,
Ойын, күлкі сауықпен,
Шаршап жүрген ер Нарқыз,
Қатты ұйқыға кетеді.
Барлайын деп ұйқысын,
Қара ниет Бөктергі,
Жыбыр-жыбыр етеді.
Қатты ұйқысын аңғарды,
Айдан сұлу қыз Нарқыз
Тәтті ұйқыға барғанды.
Қайран сұлу қапыда
Қолға түссе арман-ды!
Он жігітке Бөктергі
Нарқыз ұйықтап жатыр деп,
Қалмаңыздар қапы деп,
Хабар берді сыбырлап.
Даяр тұрған он жігіт
Үйге кірді білдірмей
Әкеткелі түнде ұрлап.
Қыз ілінді қармаққа,
Жәрдемші жоқ жан-жақта,
Тұзақ арқан салғанда
Нарқыз біліп бұлқынды,
Қол, аяғы байлауда,
Сорлы сұлу жұлқынды.
Ұруына дәрмен жоқ,
Босанам деп ұмтылды.
Бас дұшпаны Бөктергі
Аяғын ұстай береді.
Жыйырып алып аяғын
Қыз жүректен тебеді.
Бүктетіліп Бөктергі
Аузынан қан төгеді.
Қасындағы жігіттер
Басын сүйеп «батырдын»,
Не қылуға біле алмай

Аң-тан болып тұрады.
Бізге қайғы болды деп
Халыққа хабар қылады.
Екі сағат соңынан
Бөктергі есін жыяды.
Жұрт көбейіп келіпті
Әлсіреп жатқан Бөктергі
Халықты сонда көріпті.
Есін жыйнап алғанмен
Өлуіне сеніпті.
— Жыйылған халық, сен едің,
Хұрметті ханға, халыққа
Жаға білген мен едім.
Бұл ауруға тап болдым
Ол өзімнің себебім.
Арыздасам сендермен
Болмаймын адам, өлемін.
Садақа айттым жан үшін,
Мұндай болдым хан үшін,
Өле кетсем егерде,
Мәмбет ханға сәлем айт
Жоқтаулы болсын намысым.
Достым Мәмбет,— шектесім,
Өлсем мені кектесін,
Хан Мәмбетке көп сәлем,
Жоқтаусыз артым кетпесін!
Адам болмас түріміз,
Күрмеледі тіліміз.
Мәмбет ханға көп сәлем,
Рыйза болсын ініміз!...»
Тек жаны бар, халі жоқ,
Ішуге тамақ әлі жоқ,
Сұрғылт тартты ажары
Бет жүзінің қаны жоқ.
Шалқасынан жатады
Қозғалуға әлі жоқ.
Ел жыйналып келеді,
Бөктергіні көреді,
Күдер үзіп жанынан,
Жыйылып келген халыққа
Арыздаса береді.

Кеш уақыты болғанда,
Қайта-қайта талады,
Ақыл, естен ауады,
Арыздасып, қоштасып
Халық қолын алады.
Қатыны менен баласы
Баршасы шулап жылады.
Әлсіреген уақытта,
Туысқан аға, інісі —
Арманда кеткен тумам деп
Үстіне кеп құлады.
Жамылып ымырт, күн батты,
Жұлдыздың алды шығады,
Әлсіреп жатқан Бөктергі
Жұлдыз шыға тынады...
Арыздаса халықтың
Жыйналып келген ері еді.
Ханға жаққан Бөктергі
Қадірі бар неме еді.
Екі сөздің бірінде
Мәмбет досым дер еді,
Арын арлап жалпылдап
Ақырында өледі,
Тепкісінен Нарқыздың,
Жаны шыққан жері еді.
Қол, аяғын беркітіп,
Қызды байлап алады,
Нар үстіне таңады.
Қайырсыз қара Мәмбетке
Нарқызды алып барады.
Сонда Мәмбет сөйледі:
— «Кісі өлтірдің сен деді,
Не себептен өлтірдің,
Жауабыңды бер деді!»
Беруге жауап көнбеді
Өз намысын кектеді,
Күреңіткен ажары
Ханнан қорқып кетпеді,
Ханға жауап бермеді,
Беруін мақұл көрмеді.
Қайта-қайта дікілдеп

Жауабынды бер деді.
Ашуменен тынады,
Ешбір жауап бермеді,
Мелшиіп қарап тұрады.
Бермеген соң қыз жауап
Ханның қаны қызады.
Жігіттерін шақырды
Қара Мәмбет ақырды:
—«Жігіттер, құрал сайлаңыз,
Бұрынғының үстіне
Нарқызды тағы байлаңыз,
Жамандықты аяма
Еш жамандық қалмасын,
Бар амалды ойлаңыз!
Жыйылып келген жігіттер,
Артына қолын таңады,
Бұрынғының үстіне
Берік байлап алады.
Енді ететін айла жоқ
Сонымен Нарқыз қалады.
Осы берген қысым іс
Нарқызға қатты батады.
Оңаша тіккен жалғыз үй
Есігі кісен салулы
Сонда Нарқыз жатады.
Ашуы кеп, ұйқы жоқ
Қабағы әбден катады.
Он жігіт сырттан бағулы,
Есігі кісен салулы,
Арқанменен бастырып
Үйді мықтап таңулы,
Қыйындықта, қысымда
Сұлу Нарқыз қалулы.
Ашуы қыздың күшті еді
Қанша тамақ әкелсе,
Хан тамағы арам деп
Бір қасық су ішпеді
Кекке толды жүрегі.
—«Ханнан алсам кегімді!»
Нарқыздың сол тілегі.
Сол Нарқыздан жері жоқ

Хан Мәмбеттің аянған.
Айнымайды Нарқызда
Ойлаған намыс, қарадан.
Ашуы келіп әр түнде
Батыр Нарқыз акырса,
Ұйқысынан Мәмбет хан
Талай шошып оянған.
Ханнан Нарқыз асылды.
Әрі күшті ақылды,
Қарны ашып, шөлдесе
Байлаулы жатып ақырды.
Ханымдары сол ханның
Ақырғанда ер Нарқыз
Ақылынан шатылды.
Қыздан қорқып ханымдар
Қымыздарын сапырды,
Айыбымыз осы деп
Тамақ әкеп бас ұрды.
Тамақты қыз ішеді,
Жәрдем берер ешкім жоқ
Сүйенгені Нарқыздың
Өзінің қайрат, күші еді,
Қастасқан жас сол ханға
Осылай еткен ісі еді,
Нарқыз тілек тіледі.
Ызасына шыдамай,
Жылап алып бір мезгіл,
Бір уақыттар күледі.
Ұлықсат жоқ беретін
Күнінің жоқ сүрегі,
Мейірім қылмас залым деп,
Ханнан күдер үзеді.
Ашуменен ар тұтып,
Батыр Нарқыз жүреді.
Енді Нарқыз ойлады,
Ойламасқа болмайды,
Бір қыял ойға орнайды.
—«Бір хикмет бастайын,
Құр қамауда жатпайын,
Айламды ішке сақтайын,
Қалай болар жағдайым,

Ханды да сынап барлайын
Жауабын естіп Мәмбеттің
Арбайында, алдайын...»
Қарауылдың бастығын
Бермен кел деп хабарлап,
Шақырып Нарқыз алады,
Сөйлесуге сол қыздың
Ханмен болды талабы.
Қарауылдың бастығы:
«Не дейсіз» деп Нарқызға
Шақыртқан соң келіпті.
Нарқыз жауап беріпті:
—«Мені баққан сен едің,
Тұтқында Нарқыз мен едім,
Айтатұғын сөзім бар
Сізден хабар беремін
Бұл сөзімді мақұл ал,
Көңіліңе тоқып ал,
Сен Мәмбетке жылдам бар,
Жылдам барып хабар сал,
Мені ұстады Мәмбет хан
Ашу тұтып арменен,
Тақ үстінде ел билеп
Отырған төре сәнменен.
Көңілімдегі айтар сөз,
— Жауаптасам, ханменен.
Тілдесуге Мәмбет хан
Ұлықсат маған бере ме?
Болмаса өзі келе ме?
Ел бастаған хан еді,
Көз жасымды көре ме?
Ханыңызға айтып бар,
Осыныма көне ме?!»
Нарқыздың айтқан сөзіне
Қарауылшы қанады,
Естігенін түп-түгел
Ханына айтып барады,
Қайырсыз Мәмбет Нарқыздың
Осы арызын алады.
Хан да бұған көнеді,
Аяғын босат деп еді.

Екі аяғын босатып,
Үйде баққан он жігіт
Мәмбет ханның алдына
Қызды айдап келеді.
Нарқыз үйге кіргенде,
Тақта отырып Мәмбет хан,
Арызыңды айт деп еді.
— Не екенімді Мәмбет хан
Көзбен көрдің сен деді,
Таз ағаң түгіл, Арыстан
Меніменен тең бе еді?
Ақылы кәміл, күші сай
Табайын өзім тең деді,
Басыма ұлықсат бер деді,
Ханның сойы болғанмен
Аға, інің менен кем деді.
Арыз айтам құлақ сал
Рас айтқан сөзге нан,
Тақ үстінде сенсін хан,
Ел биледің, болдың паң,
Қызыққан маған талай жан, —
Туысқаның тең емес,
Алсаң, мені өзің ал!
Алам десең тиемін,
Қадырыңды білемін,
Мәмбет сені сүйемін
Өзің ойлап қарашы,
Тұқымы деп төренің
Тазыңа нағып тиемін?
Ағама ти дегенде
Ызаланып күйемін!!
Сізге жетсін сөзіміз,
Ортадағы құрулы
Ел қыйсығын түзейтін
Сіз едіңіз тезіміз.
Әділдік ханым етер деп
Жаудырап тұр көзіміз,
Мені Мәмбет қор етпе
Серіктікке ал өзіңіз!..»
Біресе хан қуарды,
Біресе жүзі қызарды.

Бір көңілмен караса
Қыз алуға құмарды.
Өзіме әйел болар деп
Ішінен хан қуанды.
Тағыда хан ойлайды:
— Нарқызды алсам болмас, деп
Меніменен жолдас деп;
Сірә ісім оңбас деп,
Қызда өткір алмас деп,
Маған жолдас болған соң
Сөзімді қабыл қылмас деп,
Қайраты артық, жүректі,
Өткірлігі алмас деп!...
Көңілін тоқсан толғайды,
Толғанбасқа болмайды
Ақырында қызығып,
Алайын деп ойлайды:
— «Асыл Нарқыз сен едің
Мәмбет дана мен едім.
Ханға ылайық әр түрің
Меніменен тең едің,
Тілегінді берейін,
Мұнына Нарқыз көнейін,
Егер сені алмасам,
Үстем болмас мерейім,
Сындырмайын сағыңды,
Байламайын бағыңды,
Бас қосасын ханыңмен
Нарқыз теңің табылды.
Оздырайын халықтан
Сендей сұлу жарымды.
Мен алған соң халықтың
Сенсін Нарқыз ордасы.
Арманы барма жігіттің
Сендей болса жолдасы,
Рыйзаласып, сүйісіп
Неке қыйсын ақ Нарқыз,
Өз еліңнің молдасы.
Басыларсын қыз Нарқыз
Ішің ашып қайнаудан,
Кешікпей ел көшеді,

Осы отырған жайлаудан.
Уәдені берік еттік,
Бүгіннен бастап босатам
Қол-аяғың байлаудан.
Ұлықсат бердім қыз Нарқыз
Еркін тыным алуға.
Қырық арқанмен тұрады.
Сенің үйің таңуда.
Есігің берік сақтаулы,
Темір кісен салуда.
Қарауылда он жігіт
Бұрынғыша бағуда!!»
Нарқыз сұлу сөзіне
Мәмбеттің сол көнгені.
Бір-біріне сенгені
Ашу, кегі ішінде
Нарқыз алдап Мәмбетті,
Осылай еді жеңгені.
Көңілінше мақтанып:
Нарқыз дейді жолдасым.
Бұл ісінің білмейді
Мәмбет бірақ оңбасын.
Шолақ хандар халықты
Жігін ашып басқалап,
Билеп жүрген күн екен.
Елде ықтыяр, ерік жоқ,
Не деседе хандардың
Өтірігі шын екен.
Ала күйін сол замап
Біреуге біреу жармасқан.
Ел арасын бүлдіріп
Алауыздық лаң басқан.
Күштілері күшсізді
Еңіретіп, зарлатқан.
Ерегіссе ел шауып
Екі арасын шандатқан.
Бейкінәні күйдіріп
Талай-талай қандатқан.
Орта жүздің Ниязы
Азамат жыйып алыпты.
Көңілді жігіт бар болса

Мәмбет ханды шабам деп,
Түгел хабар салыпты.
Еркөңілді жігіттер
Нияз тілін алыпты,
Көліктерін күйлепті.
Шабамыз деп Мәмбетті
Күні-түні гулепті.
Қайраты бар жүз жігіт
Өткір қылыш қайрады,
Саптады ұшқыр найзаны,
Қару-жарақ сайлады,
Батыр балуан Ниязбен
Уағаданы байлады.
Мінер атын жаратты,
Сыйрақты мылтық қаруы
Белге байлап садақты:
Мәмбет ханды шабуға
Жүз жігіт етті талапты.
Нияз да ердің нары еді,
Өзі жарлы болса да
Киген киім, мінген ат
Жүрісі артық сән еді.
Домбырашы, өлеңші
Түрлеп салған әні еді.
Барын беріп айттырған
Ақық сұлу жары еді.
Көрген адам танданған
Әйелде ару жан еді.
Нияз жігіт жыйғаны —
Жұмыс еді жөні бар.
Ақық сұлу — аруды
Мәмбет зорлап әкетіп,
Соған ыза, кегі бар.
—«Уа жүз жігіт, жүз жігіт,
Дос болыңдар маған деп,
Мәмбет ханның аулына
Өзім бастап барам деп.
Ақық сұлу жарымды
Қайта тартып алам деп.
Қайырсыз қара Мәмбеттің
Жылқысын бүгін шабам деп»

Аттанғалы отырмын
Не дейсіңдер соған көп?...»
Қасындағы жүз жігіт
Ниязға серт береді.
Ат күйрығын өреді,
Садақтарын асынып
Найзаларын егеді.
Атқа мінген жігіттер
Үзенгісі сартылдап,
Белінде қылыш жарқылдап,
Еңку-еңку желеді.
Хан Мәмбеттің ауылына
Түн ішінде келеді.
Айналасын ауылдың
Әбден торып көреді.
Мәмбетті ұстап алуға —
Мойнына шылбыр тағуға
Нияз ойы төнеді.
Ашуы іште қайнайды
Жылқы жақты барлайды.
Жылқы жатқан өрісін
Әбден біліп аңдайды.
Жүз жолдасы қасында,
Солай қарай заулайды.
Сатырлатып сойылды
Көп жылқыны айдайды.
Енді Нияз желікті,
Ол желікпей нағылсын,
Жауға алдырмас жүз жігіт
Қасындағы серікті.
—«Қара Мәмбет кайда?» деп
Қайта ауылға келіпті.
Ұйықтап жатқан хан Мәмбет
Ұйқыдан шошып тұрады.
—«Бұл не сұмдық, шабуыл?!»
Деп айқайлап сұрады.
Бәйбішесі Мәмбеттің
Болды ғой деп бір сұмдық,
Еңіреді, жылады.
Қаһарланып ер Нияз,
Жаландатты найзасын.

— Кәне, бәлем шық! — деді
Қара Мәмбет қайдасын?
Қайырсыз хан сен едің,
Батыр Нияз мен едім,
Қапы қалма хан Мәмбет
Кегімді ала кеп едім.
Өзім Нияз болған соң,
Қорлыққа неғып шыдайын?
Тартып алып жарымды
Басыма салдың уайым.
Шауып алдым жылқыңды,
Керегенді отын қылайын!
Мәмбет жаннан түңілді,
Бір тықыр ханға білінді.
Үй ішінде сандалып,
Әрі-бері жүгірді.
Барайын деп Нарқызға
Етек-жеңін түрінді.
Қараңғыда қалбандап,
Буындары қалтырап
Ортада көп сүрінді.
— «Ойбай, Нарқыз» жау шапты
Құт ордамды қыйратты.
Жалаңдатып найзасын,
Ауылымды шулатты.
Сен бір жәрдем ете көр!» —
Деп Мәмбет хан жылапты.
Сонда Нарқыз киініп,
Ханды шапқан күйініп
Ер Ниязға келіпті.
Келе жауап беріпті:
— «Атың Нияз әйгілі
Артық туған ер едің,
Ақық сұлу аруды
Құтқарғалы кеп едің.
Жолбарыстай қайратты,
Дұшпаныңды мұкатып,
Талай басып жеп едің,
Әрі Нияз ақынсын,
Менде өзіндей өнерлі,
Өзгеден сен жақынсын.

Жаудан қорқып саспайтын,
Атың шыққан батырсың.
Кетпеген деп естимін
Еш дұшпанға теңдігің.
Хан ауылына кеп тидің.
Бұл да сенің ерлігің,
Қыяңқыны сұрасаң
Оның теріс демеімін.
Кегің кеткен адамды
Өз қолыңа берейін,
Еске түсті ескі кек
Нияз сенде ашу көп.
Кекті адамың Мәмбетің.
Өңгертемін алып кет!...»
Сескенбейтін ер Нияз,
Шалқайып атта тұрады,
Аты шыққан ер Нарқыз
Адамның алып қыраны
Көтеріп алып Мәмбетті
Алдына әкеп ұрады,
Балуан Нияз өңгеріп
Тақымынан сығады.
Ханның даусы шыңғырып
Сонда қатты шығады:
— «Азырақ батыр босат!» — деп,
Нияз ерден сұрады.
Тақымынан босатып
Азырақ тыныс береді,
Ашу қатты ер еді,
Хан Мәмбетті бұлқынтып
Ер Нарқыздың қолынан
Қолына алған жер еді.
Сонда Нияз Нарқыздан
Жөн сұрайын деп еді:
Келбетіңе қарасам
Көрмеген бір нәсілсің.
Сөздеріңе қарасам
Тұрған бойың ақылсың.
Жөніңді айтшы, азамат,
Сен, кім деген батырсың?»
— «Мені кәзір сынама,

Сын тағар күн жоқ маған.
Қауып алма көңліңе,
Хан намысын жоқтаман.
Елге лайық жерінде
Еш іркіліп тоқтаман.
Кім екенім сұрама,
Әзір атымды айтпаймын,
Көрісерміз қыяда,
Сонда айтуға сақтаймын.
Әзір кейін қаламын,
Олжанды алда жүре бер
Менде артыңнан барамын.
Мәмбет ханды өңгеріп,
Жолдасына барасын.
Менің айтқан сөзімді
Бірақ ұғып аларсың.
Сөзге тұрар ер болсаң
Жолдан күтіп қарарсың.
Замандассың, қатарсың,
Жолдан күтіп, сөйлесіп,
Кім екенімді ашарсың.
Қорқақ болсаң егерде,
Қарамассың, қашарсың,
Талай белден асарсың,
Осы олжа да жетер деп,
Қашып барып жатарсың,
Егер тоссаң жолымды
Тағы олжаға батарсың...»
Қол алысып қос батыр
Айнымалық дегенді,
Мәмбет ханды өңгеріп
Нияз шауып жөнелді,
Қас дұшпаннан құтылып
Қыздың көңілі кенелді.
Нарқыз сонда ішінен.
Айтты мынау өлеңді.
— Қыймас қымбат елімсің,
Сенің арыңды арлауға
Нарқыз неге ерінсің.
Жара салған жаныңа,
Қара жүрек ханның да

Ары бір күн төгілсін.
Қылғаны елге көп еді
Сол сазайы берілсін.
Ер ерінбес білемін,
Орындауға ел тілегін.
Елім десем күш тасып
Алып ұшар жүрегім.
Халқым үшін, қам үшін
Ақбоз атқа мінемін.
Қылыш байлап беліме,
Қарыма найза ілемін.
Көрген ел ең кемдікті
Көксеген ең ерлікті
Енді қара Мәмбеттен
Әперемін теңдікті!

* * *

Жылқышыны шақырды
— «Ақмоншақты тез әкел
Ардақтаулы атымды.
Қапастағы жан едім
Басымнан түнек ашылды,
Уәдеменен жөнелттім
Қайсар Нияз батырды.
Аралаймын енді еркін
Байтақ жатқан халқымды;
Қайтарамын жылқыны,
Орындаймын шартымды!...»
Нарқыздың айтқан бұл сөзін
Тұрған халық жөн көрді.
Ақмоншақты әкеліп
Берік тартып ерледі.
Көк найзасын қолға алып
Алға қарай сермеді.
Көрген жандар ойлады:
— «Сол, деп, серт бергені...»
Қаруын түгел сайлаған,
Беліне қылыш байлаған,
Аты шыққан ер Нарқыз
Жаннан қорқып таймаған,

Тұлғасы артық, қайратты
Ажары айдай жайнаған.
Қасына жолдас алмады,
Ақмоншақ ат заулады.
Бұлдырады белестер,
Мұнарланған тау қалды.
Атка қамшы басады,
Көп қырқадан асады,
Бір төбенің шаңдағын
Бір төбеге қосады.
Қол бастығы Нияз да
Уәделі ер екен,
Нарқыз іздеп келер деп
Орта жолдан тосады.
Өлең айтып, ән салып
Нарқыз толғап қайырды.
Қол қарасы көрінді
Тартты мықтап айылды.
Жылқы айдаған ерлерге
Нарқыз тимей өтті де,
Жылқының алдын қайырды.
— «Жеттім Нияз соңыңнан,
Қалап барған жауынды
Ұстап бердім қолымнан,
Елдің малын бермеймін
Ұрыға ауыл торыған!...»
Қайырмасаң сен дейді,
Ел намысын жақтауға
Қуып келдім, мен дейді.
Айтқанымға көнбесең
Жекпе-жекке кел дейді.
Нияз қыймай жылқыны,
Қарсыласып барады.
Бірін-бірі найзамен
Қарсы сілтеп қалады.
Екеуі де шапшаң ер
Өздеріне тигізбей,
Найзаларын қағады.
Сабы сынып найзасы
Жерге түсіп қалады.
Екі батыр тіресіп

Қылышпенен шабысты,
Ат үстінде алысты,
Бірін-бірі алалмай
Қолдары да қарысты.
Ат белі де талады,
Бір айқасып өткенде,
Ат сүрініп кеткенде,
Қыз басынан тұмағы
Ұшып түсіп қалады.
Нияз да жалт қарады:
Қос бұрымды қолаң шаш
Жауырынын жабады.
Қыз болды ғой батыр деп
Нияз аң-таң қалады.
Қыз қайратын білдірді.
Қыздан Нияз ұялып
Алданғанға бұл ғұрлы,
Ортасынан қылышын
Екі бүктеп сындырды.
Қызға Нияз тіл қатты.
— «Жаныма бұл тым батты!
Ерде болсам — жеңілдім,
Елге болдым ұятты.
Естуші едім атыңды,
Ерлерден артық деуші еді,
Сенің асыл затыңды.
Хан інісі Арыстан
Сен сындырып жілігін
Күлдіріп ең халқынды.
Қарсыластым сенімен
Айыбыма ал атымды,
Таныстығым жоқ еді
Келбетіңе қарадым,
Жоғары екен еркектен
Сенің Нарқыз талабың.
Жеңбесем де мен сені
Жеңілуге жарадым.
Бердім саған ықтыяр,
Шын ашуың келгенде,
Дұшпаныңды ықтырар.
Мен жеңілдім, сен жеңдің

Бұл сөзімді құп қып ал!
Екі қолым байла да
Енді мені тұтқынға ал!...»
Нарқыз қарап Ниязға
Тұрды үндемей бір азға.
Жаза кесу бір қыйын
Жолын тауып, кінә азда:
— «Айтқан сөзің орынды,
Айттың маған жолыңды,
Еттім саған кешірім
Байламаймын қолыңды.
Қайта берсін жолдасын
Сөзім екі болмасын
Еріп жүр де алып қайт
Нарқыз берген олжасын».
— Мен де ұнаттым құлқыңды,
Сен де таны, көріп қайт,
Менің елім, жұртымды,
Ер де болсам — жеңілдім,
Елге болдым ұятты.
— Ерге, Нияз, ел керек,
Қайтар алған жылқыңды!...»
Сөзге Нияз жығылып
Қызға салды олжасын,
Аямайтын түрі бар
Алам десе өз басын.
Қызға ілесіп жөнелді
Ертіп екі жолдасын.
Көрген жандар дер еді:
«Сапарларын оңдасын!»
Нарқыз айдап келеді
Елдің жүйрік, жорғасын.
— «Ел қызығын көре алмай,
Енді Мәмбет сорласын!
Залым күні солай деп
Артымызға жол қалсын!
Айтарым сол ер Нияз,
Арыстаным, жолбарысым!»

Наркыз сыйлап мейманын,
Жыйнап ауыл-аймағын,
Алдына қымыз қойдырып,
Құрметтеді, қонағын
Ұлы думан, той қылып.
Аттанарда Ниязға
Наркыз сұлу тіл қатты:
— «Мейманымсың қымбатты!»
Сөзімді тында Нияз ер,
Білімі артық кеменгер,
Орта жүзде Бала би
Бала биге хабар бер.
Кіші жүзде Шоңай би
О да келіп бас қосып,
Кеңесетін болсын жер.
Аттанатын кезің бар,
Айтар менің сөзім бар!...
Батыр Нияз білікті,
Қыздың сөзін ұғыпты.
Орта жүзге шаптырды
Қасындағы жігітті.
Бала биге шақырта
Нияздан хабар барады.
Шақыра барған кісіден
Мәнісін сұрап қарады.
Әбден жайын түсініп,
Он екі кісі жолдаспен,
Нияз бенен Наркыздың
Келсін деген еліне
Бала би кетіп барады.
Бала би атқа мінгеннен
Жұртқа хабар тарады,
Үй тіктіріп алдынан
Наркыз күтіп алады.
Ортаға келген қонағын
Қызмет етіп бағады.
Бала би, Шоңай сөйлесе:
Төгілгендей сөзден күй.

Халық сүйген шешендер
Мейман болып Нарқызға
Неше күндей көрді сый.
Көп көңілін тебіrentіп,
Сөз сөйледі Бала би:

— «Ежелден топ бастаған тіл демесен,
Шоңаймен мені атакты би демесен,
Билігі осы сөздің Нарқызда ғой
Сол болып сөз иесі тұр демесен.

Енді пәлен демелік,
Нарқызға билік берелік.

Нарқыз айтсын билікті,
Не айтса да көнелік.

Осы сапар сөз айтып
Билікке ие болмаймыз.

Халық билік берген соң
Соның сөзін қолдаймыз!»

Сөз басы Бала биден ашылғаны,
Шоңай би мұның сөзін мақұлдады.

Аяғы осы сөздің басылсын деп,
Нарқыздың сол себепті шақырғаны.

Бала би мен Шоңай би
Нарқызға билік беріпті,

Халық та соған көніпті.

Дұрыс билік айтар деп,

Азаматтар сеніпті.

Түрекеліп ер Нарқыз,

Билігін айта беріпті:

— «Мықтылық пен байлық деп,

Мәмбет елді бақпады,

Жұртты аяққа таптады.

Хан шықпасын төріңе!

Туған елім құлақ сал

Билік айтқан жеріме.

Қара қазақ болсын да,


Қайтсын Мәмбет еліне!

Бала би мен Шоңай би

Билігіме құлақ сал:
Екі Жүздің тізгінін
Екі биім сендер ал.
Қайырсыз Мәмбет тұсында
Қысым көрген жандармыз.
Бала би мен Шоңай би
Екеуің елге бас болып
Елді тура жолдаңыз,
Қайырсыз хандай болмаңыз,
Жарлы менен нашарды
Жамандықтан қорғаңыз.
Қара қылды қақ жарып,
Халыққа әділ болындар
Мойынындағы сол қарыз!»
Биліктің қыз Нарқыздан ашылғаны,
Қөңілдегі айтты сөзін, жасырмады,
Жыйылған кіл саң мүйіз, самар жақтар
Нарқыздың бұл билігін мақұлдады.
Жақсының елге тиер қайыры көп,
Жаушылығы екі жұрттың басылғаны.
Нарқыздың айтқан сөзіне
Кімде болса кәнеді.
Айтқаны дұрыс болған соң
Халық оған ереді.
Түйе бастап Мәмбеттен
Ел билігі: Нарқызға
Тоғыз алып береді.
Бұрынғыдан артықша
Бақыт қонған жер еді.
Қызға Нияз тіл қатты,
Тыңда, құрбым, сымбатты
Келбетің келген керімсін,
Заманы қатар теңімсін.
Өзге олжаны қайтейін,
Қалауым сенің өзіңсін!...»
Сонда бір би айтады,
Шын жорғадай тайпалды:
— «Қызым, қолым жаямын,

Бақыт күткен баладан
Қашан батамды аядым!
Саған ғашық Нияздың
Қайырма, қызым, талабын,
Суытпа ердің назарын,
Сындырма ердің ажарын.
Нарқыз қызым тұрарсын,
Екі атаңның осындай
Билік айтқан жеріне.
Мақұл көрсең шырағым,
Қосыл, Нияз теңіңе!»
— «Әркім табар жолдасын,
Сіздер үшін қыз басым.
Билік айтсаң, екі ата,
Сөзің екі болмасын!» —
Не десеңде көндім деп,
Сіздер сенген Ниязға
Мен де алаңсыз сендім деп
Нарқыз жауап береді,
Нияз жасқа тең еді,
Бір сұңқар мен аққуды
Бала би мен Шоңай би
Тауып қосқан жер еді.
Жаушылықтан достасқан
Екі тайпы ел той қылды.
Қуанышқа қой қырды,
Келген халық сауықпен
Дүрілдетті ой-қырды.
Кімге тимес жақсының
Сондай күнде себебі.
Орта жүз бен Кіші жүз
Көп жауласқан ел еді.
Нарқыз бенен Нияздың
Елге тиіп себебі:


Жаушылықтан достасып
Орта жүз бен Кіші жүз,
Татуласқан жері еді.
Бір кісінің ұлындай
Араластық деп еді.
Өмірінен сол елдің
Айтар жырым көп еді.
Тым ұзартып жібердім,
Әзірінше осымен
Аяқтағым келеді...



ЕКІНШІ БӨЛІМ
СОВЕТ ДӘУІРІНДЕГІ
ШЫҒАРМАЛАРЫ



Нұрпейіс Байғанн өзінің әдеби хатшысы Ескендіров екеуі жұмыс үстінде.



1938

ӨРІСТЕГЕН ӨМІР

Үш аталы Бәткінің,
Нашары дейтін Медет-ті
Ауқаттысы Қуат-ты,
Орталауы Төлес-ті.
Барлық пандық мықтылық
Қуатқа тиген үлес-ті.
Қамшысымен тоздырған.
Тобырлы кедей Медетті.
Ежелден мешеу қысқа қол.
Тендік көрген емес-ті.
Босынды болды жерінен
Қоныссыз қалған себепті,
Құйқалы қоныс ала алмай,
Байға қарсы бара алмай,
Бір қолтық шөп шабалмай,
Бір уыс астық салалмай,
Нысанбай тобы сандалды.
Аялдар мекен табалмай
Азып-тозды, жұтады,
Тел ешкі бітіп бағалмай,
«Қоқырсық кедей» атанды,
Адам деп аты саналмай,
Ойды-қырды жағалап,

Теңізге дейін аралап
Ұлтарактай жер таппай,
Сағыздың суын жағалап,
Жыландының сағасы,
Қызыл құмды паналап,
Нысанбайдың төрт ұлы
Баспана салды азамат.
Тек селеу мен қу шағыр,
Жердің шөбі жаман-ақ.
Қаңғырттық деп бәлемді,
Мәз болды байлар табалап,
Елдің қуы сол күнде:
Өтеулі мен Әділбай,
Жеті атадан шынжырлы,
Дәулет бағы бәрі сай,
Жарлы-жалшы, қоңсыға
Мінгізбеген жалғыз тай.
Ортаймаған сабасы,
Сүрлеулі қазы, аппақ май.
Түйелеп артқан матасы,
Тайлап артқан қант пен шай.
Алмаспаған болыстық
Атадан қалған мирастай.
Қайырымсыз халыққа,
Мейрімсіз адамға,
Сүліктей сорып халықты,
Таптап, жаншып табанға.
Қарсы болған пенденің
Басын салған зауалға.
Әділдің өзі жеті жыл
Болыс боп тұрған заманда,
Қандидаты Рысалы —
Қан жауғызған қоғамға,
Жеті басты жалмауыз,
Ұқсаушы еді жыланға.
Талайды шауып, шанышып
Талайды қамап камалға,
Қанау, талау дағдысы,
Талайды езіп таптаған.
Құлқыны үшін күні жоқ

Ел намысын сатпаған,
Ел тілегін таптаған.
Сол сыяқты озбырға,
Қазақтан солдат алуға
Жарлық келді патшадан.
Төбесінен халықтың
Жасылдай болды тастаған.
Қанды жасы аралас
Қалмады сора ақпаған.
Әділ болыс параға,
Тоймайды мал мен ақшадан.
Уысына илікті —
Ішінде кегін сақтаған,
Қысымшылық көрмейді
Дос-жараны жақтаған.
Кандидаты Рысалы,
Қатырып мініп ақтабан,
Ыландай тиіп үркітіп,
Жұртқа салды шатқалаң.
Қабағы қарыс түйіле,
Мақұлдатып дегенін
Ақсақал мен биіне.
Он екі кісі үдеріп,
Бәкірдің келді үйіге,
Келгендігін білдіріп,
Жан-жағынан хабарға,
Қалдырмай жый деп Медетті
Бұйрық берді шабарға.
Сойылған семіз мал еті
Бүлкіл қақты қазанда.
Мүсәпірсіп молла, ишан
Икемделді азанға.
Күмпілдесіп билері,
Дабыл қағып ажалға.
Езіліп жүрген халықты
Айдап тықты аранға,
Қарсы тұрған кісіні
Айдаттырды қамауға.
Көрді халық қасқырды
Көз алдында талаған,

Бұл қорлыққа шыдамай.
Майданға шықты Қаражан,
Есігін бұзып босатты
Жігіттерді қамаған.
Ұрандаған үн шықты
Жер сілкініп даладан.
Өтеулі мен Әділдің
Ұстады қолын сабаған.
Ұлғайып кетті төбелес
Енді тұру жөн емес.
Осындай жерде халық үшін
Майдан болмай ер емес.
Елді езіп қанаған
Алды жауды жағадан
Өтеулідей залымның,
Таншанбай атты ер кедей.
Жібермей кегін зәбірдің,
Қаражанмен бірлесіп
Болысты қуды ауылдан,
Екпіндері кем емес
Үдеріп соққан дауылдан.
Ұрандасып ел жыйды
Қалмаңыз деп қауымнан.
— Басқа зауал төнген күн
Аянба деп бауырдан.
Күрессіз теңдік тимейді
Тайсалма деп тауыңнан.
Берілетін бала жоқ,
Бағынатын дала жоқ,
Өшіккен жауға бас исек
Не қыламыз адам боп.
Болыстан, байдан, патшадан
Не келсе де көреміз,
Осы жердің өзінде
Соғысып-ақ өлеміз.
Енді елге керексіз
Сәнді шекпен төреңіз.
Шық майданға қалың ел!
Халықпыз, жауды жеңеміз!
Деп Қаражан салды ұран.

Сілкініп шықты далаға
Болыс, бидің алдынан.
Сарбаз құрап, қол жайды
Кедей менен жарлыдан.
Қаражан батыр белгілі
Өжет, бір бет, ер кісі.
Жауырыны жерге тимеген
Денеге біткен зор күші,
Жетпістен аса палуан
Жарменкеде жығылған,
Табылмай күші тең кісі.
Қаражан батыр атайтын,
Содан бері ел іші,
Зауалды заман келген соң
Көпшілікті бастады.
Соңынан халық ерген соң
Хабар шашып алапқа
Деді — дала тербелсін!
Мұны көріп болыс, би
Елге қалай жөн келсін.
Көнбейтінін халықтың
Көзіменен көрген соң,
Жарақаттап денесін
Өзіне соққы берген соң.
Жеті атадан бері қарай
Көрмеген қорлық, кемшілік
Басына бүгін төнген соң.
Халықтан үзіп күдерді
Губернаға, уезге
Шапқыншысын жіберді.
— Құралды күшпен көп солдат,
Шығарагөр деп далаға.
Күш бермей жатыр болысқа
Аттанған халық жаңада.
Бір жағынан кулықпен
Жұмсады жаушы араға,
Сеністік деген тоғышар
Ере алмай қалды қараға.
Болыстан күтіп ізгілік,
Қайтысып барды салаға.

Солдат та келіп үлгірді
Іріткі жүрген шамада.
Бұлан-талан басталды
Ұлан-байтақ далада.
Қолына солдат келген соң
Әділ болыс есірді
Қылыш жұмсап оқ атып,
Тынышын елдің кетірді.
Майдан ашып, дар құрып.
Талайдың отын өшірді.
Көрінгенді өлтіріп
Өліктен салды көпірді.
Қарсы шығып қарусыз
Нешелер басы кесілді.
Өлімменен алам деп
Халыққа кеткен өшімді.
Түрмеге топтап қамады
Қыз, келіншек жесірді.
Күдерін үзген жұртшылық
Сыбанды білек шешінді.
Қаражанның сарбазы
Қалың құмға бекінді.
«Қара құлак» бекініс
Қосынды соған көшірді.
Бекіністен айрылған
Әділ болыс өкінді.
Сонда да бастап солдаттың.
Құртамын — деп жекірді.
Зеңбірек, бомбы тастады
Амалын қарап алудың,
Айқасуға бетпе-бет
Қалың шыбық, шатқал шың
Сақтайтын берік бекініс
Қол болса да неше мың,
Осы жерде солдатпен
Андысты сарбаз неше күн.
Құмды кезді бытырап,
Жаңылған солдат есінен.
Неше күндей су көрмей,
Аттары да, өзі де

Әбден жүдеп, шөлдеген.
Жұмсаса да қанша күш
Суды сарбаз бермеген.
Не де болса алам деп,
Онды-солды оқ атып,
Біраз қайрат сермеген.
Құмда туған Қаражан
Оңайлыққа келмеген.
Ататын оғын тауысып
Солдатты ыза кернеген.
Бастығы бір офицер,
Ұзын бойлы денелі,
Бекіністі қамауға
Солдаттарын бөледі.
Аңдысып жатқан сарбаздар
Сығалап сырттан көреді.
Бөлінген құмда солдатқа
Өтірік белгі береді.
Офицер мен он алты
Солдат тұрған дөң еді.
Мергендерін аңдытып
Сайға қойып Қаражан,
Жеті кісі келеді.
Оқ жұмсамай ұмтылды
Алмақшы болып офицер
Қаражанның атына,
Жақындап қолы тимей-ақ
Мұрттай ұшты қапыда.
Түре қуып түсірді
Қалғанын жаудың жапыра!
Түсіріп қолға солдатты
Команды берді ақыра.
Ат, құралын тартып ап
Жоғалтты шыңның шатына.
Құмды кезген солдаттың
Барлығын баудай түсірді
Қарасын құртып батыра.
Жеңілген сонша солдаттан
Алтауы қашты алыстан.
Қос аттап қуа шаршады

Күн-түн бірдей шабыстан.
Жаңалап жолдан ат мініп
Жеткізбеді қашқан жау.
Жаңғырықты кең дала:
Айқай менен «аттанға-ау»
Сол бетімен үйезге,
Құтылып барып Темірге.
— Бағынбайтын қалың қол
Қарсы тұр — деді елінде.
— Мындаған солдат бермесен
Бармаймыз — деді өлімге.
Кернеген ашу үезді
Ырық бермей сол күнде,
Жандаралға білдіріп
Отряд жыйды келуге.
Зеңбірек пен пулемет
Дайындады көп құрал
Ажал оғын төгуге.
Үезден солдат келгенше,
Ел езуші болыстың
Ойран шықты төрінде.
Өртеліп отқа үйімен
Күлі қалды көңінде.
Аттанған халық асықты
Жетуге жайлы өмірге.
Құралып сарбаз бас қосып,
Аманкелді батырға
Жөнелісті еруге.
Ел талаған жауларды
Түп көтере жеңуге.
Кетісімен сарбаздар
Солдат келді қаптаған,
Ауыл-үйдің арасы,
Құралмен толды атты адам,
Басы сау пенде болмады
Таяқтың дәмін татпаған.
Азаптады отряд
Осы деп тәртіп патшадан.
Бұрынғы қорлық қорлық па
Кескіленді кемпір, шал,

Қыршын жастар қыйылды,
Жаңа өспірім шыбық тал.
Қыз, қатында ерік жоқ,
Зорлықпен өлді сұлу жар.
Босынды болып қоныстан,
Қош айтысты жер мен мал.
Ел басына ауырлық
Төніп тұрды мүшкіл хал.
Қартайып мен де, сол күнде,
Еңкейді белім бүгіліп,
Басыма пана таппадым
Құлазыған даланың.
Тау-тасына тығылып.
Үміт үзіп өмірден
Қол сілтеп ем түңіліп.
Көп кешікпей әлемге
Октябрьдің таңы атты,
Нұр сәулесі білініп.
Шайқалған жалпақ далаға
Қызыл ту тұрды тігіліп.
Құнарсыз, өмір өзгерді
Күн нұрымен жылынып.
Бүгінгі күні көз салсам
Социалдық жарысқа
Аттанған дала жұмылып.
Трактор мен комбайн,
Тіркеліп барад шұбырып,
Ойнақтап барад жүгіріп.
Мектеп, клуб, театр
Көз алмастай қызығып.
«Қара бұлақ» — колхоздың
Қонысы болған өмірлік.
Өрістеген өмірмен
Жасара түстім сүйініп.

БІЗДІҢ КӨЛ

Күміс сулы біздің көл,
Күндік жерден көрінген,
Май айында маужырап,
Мәуесі иіліп төгілген.
Салтанатты көлдерді
Жыр қылуға ерінбен.
Шалғынының биігі
Атты кісі адасқан.
Көк торқадай майсасы
Көл көркіне жарасқан.
Шама қылсаң айдыны
Ат шаптырса жеткісіз,
Өсімдігі шекер, бал
Татқан жануар кеткісіз.
Нарын қамыс, қалың ну
Кесе шауып өткісіз.
Балығы арда — бесті асау.
Шортандары бақандай,
Жайыны шөккен атандай
Аулағанға біткісіз.
Отаным да осындай
Күміс сулы көлдер көп
Татсаң естен кеткісіз.
Жапырағы жайқалған
Ерлер киген шапандай,
Қымыздығы күректей,

Баттауығы жүректей,
Шиесінің сабағы
Әуелеп өскен теректей.
Ауызға салсаң атады
Фантан атқан шүмектей.
Бүлдіргені ал қызыл
Қызыл-ала жібектей.
Тобылғысы құрықтай,
Қамысы шынар сырықтай.
Сүйегі жоқ қызыл тіл
Сөз керегін береді.
Күйлендірген жаһанды
Отанның қызық заманы,
Сексендегі шайырмын
Сауатым жоқ айыбым,
Қартайғанда табады
Сөздің талай қайырын.

СӨЗ БҰЛАҒЫ

(Максим Горькийге)

Артық туған сабазым,
Белгілі берен сен едің.
Екі талай күндерде
Қайратты туған ер едің.
Қыяғы алмас дауылпаз
Алғыр бүркіт сен едің.
Асыл сөзге келгенде
Ағыл-тегіл сел едің.
Таусылмайтын сарқылып
Сөз бұлағы, көзі едің.
Ленин менен Сталин —
Екеуіне сүйікті
Қадірлінің бірі едің.
Қасқайып дұшпан келсе де,
Еңсеңе жау төнсе де
Қажымайтын ер едің.
Дабыл ұрған әлемге
Дауылпаздың өзі едің.
Сені халқың сағынды
Отаның — елің жүрегің.
Сөз қыйсығын түзеткен.
Құрулы тұрған тезімсін.
Айтқаны көл, дария
Таудың тасқын бұлағы,

Балдан тамған шырындай,
Тәтті сөзің ұнады.
Сен сөйлесең тыңдаған
Миллионның құлағы.
Баға жетпес гауһарым
Қапылыста мерт болды,
Фашистен болып ажалы.
Ұзақ өмір жасаған,
Қаншама ақын дегенмен,
Сыпыра¹ сендей болған жоқ,
Бейне бұлбұл секілді
Келіспей сөзің қалған жоқ,
Көкейіме құйылды
Айтқаныңда жалған жоқ.
Дәлдеп айтқан әр сөзің
Досыңа шырын, жауға оқ.
Серігің сенің дауылпаз
Біздің елде жолықты.
Ойлағаны ісінде
Зор бақытқа молықты.
Шарықтаған дәуірі
Қайырлы қоныс болыпты.
Сексендегі шайырдың
Оң қолына қоныпты.
Дауылпаз шалқып өрлейді,
Шаттықпен қағып қанатын.
Қақса қанат талмайды
Оқ өтпейтін болатым.
Туралықтан таймандар,
Гүлдей өсіп жайнандар!

¹ Сыпыра—ақынның ұғымында Сыпыра жырау күшті ақындардың бірі деп есептелінген.

КӨРІМДІК¹

(Алматы қаласына)

Ассалаумағалайкум,
Астанамыз — шәһәріміз
Ақыннан сәлем алыңыз.
Үлкен, кіші бәріңіз
Сөзге құлақ салыңыз.
Сәлемін берді халықтың
Сексенге келген кәріңіз.
Көңілімді жасартты
Салтанатты сәніңіз.
Күн нұрына бөленіп
Толықсып атқан таңымыз.
Қуаныш билеп жүректі
Жыр төгетін шағымыз.
Табысты дәулет, тасқын күш
Орнаған күні бағымыз,
Бақыттың жырын ағытып,
Ән қосайық бәріміз.
Тыңдағанды ұйытып
Шыйыршық атсын әніміз.
Алматы, менің астанам
Өміріме жарасқан.
Алматы торқа жамылған

¹ Бұл өлеңді қысқартып басып отырмыз.

Мәуелеген ағаштан.
Жапырағы жайқалып
Терегі көкпен таласқан.
Көшенің бойы құлпырып
Төселген кілем паластан.
Асқар шыңды Алатау
Әлемге тегіс көрінген.
Саянда колхоз малдары
Шөбіңнен шайлап семірген.
Игілікке кенелдік
Ерлік еткен еліммен.
Көпті көрген көне едім
Сексенге жеткен мен едім,
Ақсақалмын аулымда
Колхозды жырға бөледім.
Аңсап жатып ауылда
Астанамды — ордамды
Деп едім, қашан көремін?
Кәрі көңлім жадырап,
Құмарлана келемін,
Ақынымын халықтың
Түйдектеп жырды төгемін;
Жібектей сөзді өремін.
Айға астасқан Алатау
Асқар биік кемерің.
Тарам-тарам таралған
Тасқын дария өзенің.
Мекендеген салаңды
Сан жетпейтін көп елім,
Елге еңбек сіңірген
Тас түлек талай беренім.
Көкректің көп сөзі
Таңдай мен тілдей өреді.
Сөйлетсең, жұртым, көнені —
Жасынан жолдас өнері
Ортаңа жырды төгеді.
Тасқындатып табысты
Талай жүйрік келеді.
Айтуыма сыярлық
Қазақстан көлемі.

Өлеңге, жырға ысылған,
Қанатты құсты ұшырған,
Ғасырға жуық өмірде
Талайды көрдім тұсымнан.
Бүгінгі біздің Алматы
Бағдат, Мекке, Медина
Мың есе артық Мысырдан¹.
Капиталистік қоныстың
Суы сортаң, жері шаң.
Топырағы толған қан,
Азаптанған шыбын жан,
Табылмас үзіп жейтін нан.
Халықтары қаналған
Еңбек жеген байлар паң.
Алай-түлей сұрапыл
Салтында жоқ өнеге.
Адамға азап тарттырған
Париж, Лондон, Женева.
Астанам менің Алматы
Саған еш тең келе ме?
Самал алып саянда
Қайнады қуат денемде,
Өлеңнен ескек ескізе
Міндім болат кемеге.

¹ Ақынның ұғымында бұл қалалар ең үлкен қала болып келген.



Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Орынбай Тайманов және басқа ақындар.

ҒАСЫРДЫҢ ҚАРТ БҰЛБҰЛЫ

Төсіне таққан ордені
Тұлғасына жарасқан.
Ғасырдың қарт бұлбұлы
Тындаушысын ұйытқан.
Алатауда ән шырқап
Бөлмеген үнін халықтан.
Үздік, өрен жүйрігім —
Жамбылға сәлем жазайын,
Ғасырдың сырын ақтарып
Өмірдің көрдің талайын.
Жүз жасында жасардың
Сексенде сенен үлгі алдым,
Жасармай нағып қалайын
Жолдасым шешен домбыра
Әсерлі күйін қағайын.
Қуанышты тойында
Құттықтап ән салайын.
Сөз маржанын терейін,
Аяп қалмай барымды
Байғазыға қадайын.
Шешен тілін сайратқан,
Сөз маржанын жайнатқан
Алдында бұлбұл бас ием
Сертіңе сенің мен дайын.

АҚЫН ШАБЫТЫ

(Жамбыл тойына)

Күйдің сәні келер ме,
Алқалы топты көрмесе?
Жырдың сәні келер ме,
Жібектей есіп өрмесе?
Жыршыда қанша қасиет,
Үлгілі сөзді бермесе?
Бейпіл сөзден не пайда,
Тыңдаушы тәуір көрмесе?
Әнде қанша қасиет,
Қаумалап халық келмесе?
Ақын қадірін жұрт білер,
Түйдектеп ойы өрлесе.
Алғыр зейін сөз табар,
Қыйыннан терең сермесе,
Жер танабын қуырар,
Жүйрік қыял тербесе.
Жүйрік жұртқа көрінбес,
Думандата желмесе,
Топтан торай шалдырмас,
Баптанып тұлпар терлесе.
Ақтарылар асыл жыр,
Көкректі кернесе.
Байтақ жұрт кезек бергенде,
Қанеки сөйле, дегенде,
Сөйлейін күнім ендеше.
Адаммен өмір бапталап,
Өмірім сайран, шаттанар.

Сексен жыл сақтап Нұрпейіс
Алтын ойды ақтарар.
Жыр асылы басталар,
Ортаңа халық орамал
Өлеңменен тасталар.
Ғасырдың ұлы тойында
Той бастарың мақтанар.
Көкіректің көзі ашық
Көңілімде бақша бар.
Бақшадай жайнар Ұлы Отан,
Отанды берік қорғауға,
Әйел де, ер де аттанар.
Құрыш болат денесі
Ақын неден жасқанар.
Отан үшін, ел үшін,
Ұлы Октябрь жемісін
Сақтаймыз, мәңгі сақталар.
Өмірі жаңа қарт бұлбұл
Зеңбірегі — өлең, жыр
Жау ұясын қак жарар.
Ойласа қастық халқыма,
Сұқтанған дұспан жауыздар
Жермен жексен тапталар.
Қуаты күшті қызыл тіл
Тәтті жырды тақталар.
Ардақты жырды ел білер,
Ел міндетін ер білер,
Жүйрік тілім жүйткі бер,
Сөз асылын жыр білер,
Қымбат жырды тіл білер.
Отанға сеуіп сәулесін,
Әлемнің нұры күн жүзер.
Күн көркіне бөленген,
Он бір отау одақтас,
Алпыс ұлтқа нұр кірер.
Халықтың артқан міндетін
Отанды сүйген ұл білер.
Гүлденген заман тұсында
Әлемге раушан өң кірер,
Бұл бақыт бұрын болған жоқ

Оны тарих сыр білер.
Тарихтың сырын толғаса
Шежіре жыры үлгірер.
Көзбенен көрген ғасырды —
Жамбылдан бөтен кім білер?
Шығартпай сыртқа білімді,
Күрмеп еді тілінді,
Сол заман болып қомашау...
Қомашаудан азатсың,
Қайта туған халқыммен
Асқар биік Алатау.
Көрсетіп хұрмет барлық жұрт
Он бір одақ — алпыс ұлт
Әкелді саған құттықтау.
Өкілімін халқыңнан,
Халқыңның нұры алтын күн.
Ғасырды қайта жасатқан
Сәулетті заман жарқын күн.
Жүзге келген шағында
Қыран құстай шарқ ұрдың.
Құттықтау саған арналды
Ұлан байтақ еліңнен,
Қызғалдақтай жастармен
Заманың қатар теңіңмен,
Қыпша белді келіннен,
Раушан жүзді қызыңнан,
Бәйшешектей жеріңнен,
Бетегелі беліңнен,
Ұзын дария өлкеден,
Балдырғанды, балауса,
Күмістей сулы көліңнен,
Ойыл, Сағыз, Қобда, Елек,
Торғай, Шаған, Темірден,
Теңізге құйған Жеміңнен,
Жайық пенен Еділден,
Қалың орман алма ағаш.
Миуасы жерге төгілген,
Оңтүстіктен, Сибирьден,
Каспи, Қаратеңізден,
Памир, Кавказ, Қазбек.

Тайталасқан көгіңмен;
Сұлу Баян, Көкшетау,
Күншіліктен көрінген,
Қарағанды, Қарсақпай,
Кузбас, Донбас көмірден.
Фантан атқан өнімнен;
Химия, мұнай кеніңнен;
Колхоз, совхоз сансыз жұрт,
Өрісте малы семірген.
Қыйыр-Шығыс шегіңнен,
Қызыләскер ұлыңнан;
Сайраған бұлбұл серіңнен,
Шота, Байрон, Пушкиннен,
Некрасов, Гогольден.
Құттықтау сансыз арналды,
Достықпенен сеніммен.
Сәлемдеме келіп тұр
Жасасқан ғасыр өмірден.
Бүкіл әлем сәлемі
Жамбыл саған берілген
Халықтың ақын өкілі
Қуанышты тойыңды,
Құттықтап сүйген көңілмен,
Сексенде шайыр Нұрпейіс,
Көкейден жыры төгілген.
Енді бізге қарттық жоқ,
Бәйшешектей желектеп,
Мәуелейміз өмірмен.
Мәңгілік біз жасаймыз
Хауіп жоқ қартқа өлімнен.

ЖЫЙЫРМА ТӨРТІНШІ ИЮНЬ

Әділетсіз бұрын талай сайлау болды
Билеген қан жылатқан байлар елді.
Штат, ру таласы, тартыс пен жік
Халықтың басын шырмап байлау болды.
Кең дала байға күзек, жайлау болды,
Жерсіздің зығырданы қайнау болды,
Бәлелеп, жоқ нәрседен күйе жағып,
Жазықсыз жарлыларды айдау болды.
Қайғыдан қан жауғыза келсе штат
Сайлайды ұлық келіп байды нұсқап,
Сыртынан елу үйді түгел сатып
Дәулетті бір ақсақал билік ұстап.
Даланы зұлмат басып, алды тұсап,
Салатын үйез онда елге қыспақ.
Дұрыстық жолын айтқан адам болса
Шынжырлап, ұрып, жығып айдады ұстап.
Қара күн қанды селді қабат жауып,
Бай мен биден туып еді елге хауіп.
Көнсе де, көнбесе де құлқын үшін,
Талайды қанжылатып алған шауып.
Тұра алмай елдің іші бір күн тату,
Тәртібі — таластырып, ату, асу.
Заң мен дін, түтін налог — тонап жұртты
Халықты ыза кернеп, қайнады ашу.

Амал жоқ, таяқ тиер үйде жасқа,
Зарланған жан түршіккен сол заманда,
Жасылдап жарлық шашты залым патша.
Жарлықтың шыққан айы июнь еді,
Қайғыдан өмір қамыт киіп еді.
Зорлықпен, қалдырмастан, қыршын

жасты.

Еріксіз «солдат бол» деп жыйып еді.
Талайдың көзден жасын құйып еді,
Талайды қыршынынан қыйып еді.
Ашынып, қарсы шығып қалың қазақ
Бостандық, теңдікке бас қыйып еді.
Шапқылап елге бір күн шабар келді,
Халықты қуантарлық хабар келді,
Патша мен байдың салған ылаңына
Ту ұстап күрес ашты Аманкелді.
Жеңімпаз Ленин туын қолына алып,
Бірлесіп қол ұстасып байтақ халық,
Тайсалмай большевиктік берік күшпен
Алаштың ордасына төнді барып.
Қыйратып тас-талқандап бұзып-жарып,
Орданың шаңырағын отқа жағып,
Меньшевик, эсэр, алаш бандиттерді
Жоғалтты елімізден басын қағып.
Жасалды жаңа өмір, жаңа тарих,
Алмасын Аманкелді кір шалдырмай,
Асынып берік белге қойдым тағып.
Қорғаным — қызыләскер тұрған бағып,
Қырандай шарықтатып канат қағып.
Ұлы заң дүниеге теңдік берді,
Адамға күшті қуат ерлік берді.
Кеше күң, бүгін әйел теңелді ермен.
Сайлауда ермен бірге дауыс берді.
Гүл жайнап ұлы заңнан туған елміз,
Өрбіген онбір отау және теңбіз,
Сексен жыл сөйлей алмай келген шайыр.
Желдей ес, жібек жырды ойдан өргіз.
Гүлденді қайта туған қазақ халқы,

ЖЫЙЫРМА ТӨРТІНШІ ИЮНЬ

Әділетсіз бұрын талай сайлау болды
Билеген қан жылатқан байлар елді.
Штат, ру таласы, тартыс пен жік
Халықтың басын шырмап байлау болды.
Кең дала байға күзек, жайлау болды,
Жерсіздің зығырданы қайнау болды,
Бәлелеп, жоқ нәрседен күйе жағып,
Жазықсыз жарлыларды айдау болды.
Қайғыдан қан жауғыза келсе штат
Сайлайды ұлық келіп байды нұсқап,
Сыртынан елу үйді түгел сатып
Дәулетті бір ақсақал билік ұстап.
Даланы зұлмат басып, алды тұсап,
Салатын үйез онда елге қыспақ.
Дұрыстық жолын айтқан адам болса
Шынжырлап, ұрып, жығып айдады ұстап.
Қара күн қанды селді қабат жауып,
Бай мен биден туып еді елге хауіп.
Көнсе де, көнбесе де құлқын үшін,
Талайды қанжылатып алған шауып.
Тұра алмай елдің іші бір күн тату,
Тәртібі — таластырып, ату, асу.
Заң мен дін, түтін налог — тонап жұртты
Халықты ыза кернеп, қайнады ашу.

Амал жоқ, таяқ тиер үйде жасқа,
Зарланған жан түршіккен сол заманда,
Жасылдап жарлық шашты залым патша.
Жарлықтың шыққан айы июнь еді,
Қайғыдан өмір қамыт киіп еді.
Зорлықпен, қалдырмастан, қыршын

жасты.

Еріксіз «солдат бол» деп жыйып еді.
Талайдың көзден жасын құйып еді,
Талайды қыршынынан қыйып еді.
Ашынып, қарсы шығып қалың қазақ
Бостандық, теңдікке бас қыйып еді.
Шапқылап елге бір күн шабар келді,
Халықты қуантарлық хабар келді,
Патша мен байдың салған ылаңына
Ту ұстап күрес ашты Аманкелді.
Жеңімпаз Ленин туын қолына алып,
Бірлесіп қол ұстасып байтақ халық,
Тайсалмай большевиктік берік күшпен
Алаштың ордасына төнді барып.
Қыйратып тас-талқандап бұзып-жарып,
Орданың шаңырағын отқа жағып,
Меньшевик, эсэр, алаш бандиттерді
Жоғалтты елімізден басын қағып.
Жасалды жаңа өмір, жаңа тарих,
Алмасын Аманкелді кір шалдырмай,
Асынып берік белге қойдым тағып.
Қорғаным — қызыләскер тұрған бағып,
Қырандай шарықтатып қанат қағып.
Ұлы заң дүниеге теңдік берді,
Адамға күшті қуат ерлік берді.
Кеше күн, бүгін әйел теңелді ермен.
Сайлауда ермен бірге дауыс берді.
Гүл жайнап ұлы заңнан туған елміз,
Өрбіген онбір отау және теңбіз,
Сексен жыл сөйлей алмай келген шайыр.
Желдей ес, жібек жырды ойдан өргіз.
Гүлденді қайта туған қазақ халқы,

Әлемге әсер етті жайған даңқы,
Халықтың қалауымен заң шығарып,
Право кәрі, жасқа тиді жалпы.
Қазақтың Ұлы совет¹ — жоғарғы орным
Бұрың жоқты, тек бүгін көзбен көрдім.
Сексен жасқа жеткенде қайрат тасып,
Ортасында отырмын шаршы төрдің.
Қызыл тіл қымбат сөзді таба алатын
Жырлайды ерлік үшін жеңе алатын.
Отанға шын берілген, елін сүйген,
Таңдаулы халқым сайлап азаматын.
Июньнің жыйырма төрті сайлау күні,
Халқымның сайлау күні — мейрам күні.
Бәйшешек, бақша бөбек жайнар күні.
Мың тілек, миллион жүрек бір дауыспен
Жүректің қалағанын сайлар күні.

¹ Ұлы совет — Жоғарғы совет, 1938-жылдар «Ұлы совет» деген термин қолданылды.

АҚЫН

Қай дәуірде болса да
Халықта болған батырлар,
Жүректе халық сақтаған
Талай өжет батыр бар.
Ана сүтін ақтаған
Қайтпас жүрек батылдар,
Көңілдің қазына жеңазы
Жыйнаған асыл затым бар.
Қызыл тіл жүлде алған шақ
Айтайын десем хақым бар.
Жыр төкпейтін күн емес
Шарықтады шат ұлдар.
Өрім өрген өлеңнен
Үзенгілес ақындар.
Төрт аяғым тең жор
Ұмытпас мені ғасырлар.
Қол ұстасып халықпен —
Жасасқан бірге жасым бар.
Тарихтың кілті қолымда
Шежіре шешен атым бар.
Өмірлі өрге жүзетін
Халық аузында нақыл бар.
Білгенді айту міндетім
Тыңдасын жолдас, жақындар.
Бақшадағы бұлбұлдай,
Білімге бай жас ұлдар.

Мен де сіздей жауынгер
Зеңбіректей шанақтан
Жауға атқан оғым шатырлар
Топ алдында тартатын,
Үлгілі ісін айтатын
Жауынгер жас ақын бар.
Ақынның сырын айтуға
Мәңгілікті жалықпан.
Ақынның сырын айтуға,
Жыр нөсерін төгуден
Жан емеспін жалыққан.
Бәйгі алмаған жерім жоқ
Шаршылаған шабыстан,
Талайды көрген тарланмын
Жұлдені алған тарихтан.
Қызыл тілім қызады
Өрісін салса алыстан.
Жалынды жүрек жеңімпаз
Талаймен қылыш шабысқан.
Түре қуып дұшпанды
Жалаулы найза шанышқан.
Байсалды мінез шыдамды
Қыйындыққа қарысқан.
Өрлеген ұшқыр қыялым
Қыядан қанат қағысқан.
Қайтпас жүрек қаһарман
Алады жауды алысқан.
Құрыш дене, күміс жал
Айбынды мен бір арыстан.
Қан майданда халықтың
Қас дұшпанын жанышқан.
Арынды үнім армансыз
Ұлан байтақ халықпен
Ұрандасып табысқан.
Еміреніп тыңдасын

Тоғанындай дарияның,
Ақынның сырын ағыстан.

* * *

Қопасор, Жомарт, Тебенсу —
Көшпелі елдің жайлауы,
Көк майсалы құмайты,
Шұлғытып бие байлаулы,
Ағын өлке тасқын су
Тасбұлақтың қайнауы.
Балықтың бетін бүркейтін
Бәйшешекті балауса
Құлпыра түсіп жайнайды.
Қалың ауыл қатар үй,
Көк тепсенді сайдағы.
Қара лашық шеткергі
Бірі жоқ, құрал сайманы.
Қақпак жаурын кеспелтек
Жарқын жүзі жайдары.
Қолында жырық тостаған
Су қосқан шалап айраны.
Қасында қара балаға
Суырылып бұлбұл сайрады.

* * *

Бұрында, бұрын, бұрында,
Мыңда бір жүз тоғызда.
Он алтыншы жылында,
Патшаның темір торында
Жүргенде мұңды ед жырым да
Сол жырдың бір бөлегін,
Өмірдің өршіл өлеңін,
Тарихтың бір белесін,
Көреген көздің көргенін,
Есімде қалған елестен
Жұртыма айтып берейін.
— Сүйенішім, таяным,
Қауырсыны қатпаған,
Бекімеген бұғанан,

Жас ортаға келгенде,
Құтқармас құрсау шырмалап
Тарықты атаң ызадан,
Түннің түсіп жарлығы
Түскендей жасыл күн болған,
Қөз жасын халық бұлаған,
Күйзелер күн тап болып,
Сынуға белім таянып
Жырды төккен қыядан.
Ақыны едім халықтың,
Сөз қыйсынын құраған.
Өткен бір күңгірт заманда
«Тағдыр» дан келген тажалдай
Қыйындыққа шыдаған.
Жығылғанға жұдырық,
Сақтаулы шықты сыбағам.
Есінді біліп ержетіп,
Белді бусаң қынаған,
Қатармен торға ілессен
Күйзеліп мұндай жыламан,
Елуге келген әкенді
Отыз бірге есептеп,
Қаптаған қайғы ед ол заман.
Екеуміз бірдей кеткен соң,
Қара лашық бас пана
Адыра қалып құлаған.
Тыңдамады арызым
Ұлықтардан сұраған.
Әкімнен жәрдем табылмай,
Шығармай сырды тіс жарып,
Торға түскен торғайдай
Тұтқын құсқа ұқсадық,
Аршындай кеңес айталмай
Адымым қалған қысқарып.
Пәрменінен патшаның
Қәрі шал мен жас бала
Кетіп ек қолда ұсталып.
Елжіреді жүрегім,
Қыз-қыз қайнап зығырдан
Еңсеме өмір жүк салып.

Ақыл таппай амалсыз.
Жасыйма өжет күш қалып.
Жарқырап атар күттік таң,
Елді алатын құтқарып.
Ақынның тілі күрмелді
Ағытып сырын ақтармай.
Мұқады семсер ақ алмас
Қайрауы түсіп тапталмай.
Тұяғын тұлпар баса алмас
Болат таға қақталмай.
Шежіре шешен Саршолақ,
Шеменді болды жүрегі
Өңменге найза қаққандай.
Оналты жаста карағым
Мойнына түсіп бұғалық
Табаннан тұтты қақпандай.
Алды-артымды ойға алып,
Дөңбекшіп естен жаңылдым
Улы жылан шаққандай,
Өмірден таяу табылмас,
Өзекті жанға өлім бар
Шабайық қарсы жасқанбай.
Тұрар ма екен жарық күн,
Сәулесін бізге шашқандай.
Табылар ма екен айна жол
Бақыттың кілтін ашқандай.
Жүйріктің шаңы ұша ма
Тұяғы топ-топ тасталмай.
Жерден бәле шырмады,
Шығайық шырқап аспанға-ай.
Жігітке бақыт тап болмас,
Қан майданды басқармай.
Ойлағанға қол жетпес
Ерлердің ісі басталмай,
Екіталай күндерде
Етек, жеңін жастанбай,
Жаста болсаң құлыным,
Аламын сені қапталғай,
Құтылмаспыз құрсаудан
Жауға қарсы аттанбай.

Жасымнан тұзақ түсті деп,
Жабықпа жаным, жайранда.
Теңізде жүрген балықтай.
Шығарды өмір қайранға,
Жас ортадан асқанша
Жоқшылықпен күн етіп
Денеден қуат тайғанда,
Ішер асқа жарымай
Тіленіп қол жайғанда,
Күнәсіз әкең құлыным
Жазықты болды байларға.
Әмір келіп патшадан,
Төсеп тұр оғын отряд
Көнбеске болмай айбарға.
Протокол қағаз жасатты
Тотан бай, болыс Байманға.
Соғыспай қарсы сауал жоқ.
Қожа бол құрал, сайманға.
Жау құралын асынып
Шығайық қан майданға!...
Ер етекке сүрініп,
Басқа зауал төнген күн —
Жау табылды жақыннан.
Бұлбұлға түсті бұғалық,
Әлемге даңқы шашылған.
Халықтың жауы — би, болыс
Пайдасына сатылған.
Бас сақтайтын пана жоқ,
Параға берер қара жоқ,
Құтылатын жөн таппай.
Тарығып бір күн шатылған.
Сең соққан балық секілді
Мең-зең болды байтақ ел
Болыс, биден ақырған.
Қарыс айрылып көкірек
Қайғыдан қан қақырған.
Бас кессе де, тіл кеспес
Сондықтан жүрек ашынған
Хабар алдым қарағым
Аманкелді батырдан.

Халыққа айтып түсіндір
Түтеген оқтан таймасын
Болса да қарсы атылған.
Сәлем айт жалшы-кедейге
Саршолақ шайыр ақыннан.
Аманкелді батырдың,
Белгілеген жерінен
Табысайық шақырған —
Деп жұмсады баласын,
Қайғыға ортақ халқына,
Сеніскен жолдас болмаса,
Сездірместен жалпыға.
Баралық деп сарбазға
Білдірді Бегім қартына.
Бегімнің сыры белгілі
Ақкөңіл адам аңқыма.
Мен де басты қосам деп
Аманкелді даңқына.
Хабар алып келуге
Жүріп кетті Баршыға.
Аянар жағдай жоқты деп,
Бас түскен соң талқыға.
Патшаға, байға, болысқа,
Ханға, бекке, төреге —
Шықты халық қарсыға.
Тайсалмастан топ жыйып,
Бостандық үшін бас қыйып,
Ұлы жыйын шаршыға.
Соғысу үшін серттесіп,
Өзегін улы дерт кесіп
Толғады кедей жалшыға.
Томағалы сұңқардай
Толғаған сайын талпына,
Өрен ұшқыр өктем күш
Дауылпаздай қыядан
Қанатын қақты қаршыға,
Толқынды ойды тербетіп,
Қажырланып сілкініп,
Ыдырап, сәуле түскендей.
Көңілден қайғы жыртылып,

Ботакөзден моншақтап
Құйылған жас іркіліп,
Сергіген көңіл жұбаныш,
Құрғап жатты сүртіліп.
Ақын жүрек асқақтар
Аттаған сайын құлшынып.
Халықтың көріп қайратын,
Жеңгендей жаудың айбатын
Жасарып жайнап құлпырып,
Өлтірейік болысты,
Тартып алып тізімді —
Дегенде жастар ынтығып,
Тасталғандай қыршылып,
Атқа мініп азамат
Қаһарланып жұлқынып,
Қаптаған халық лап қойды,
Болыстың аулын, кеңсесін
Шауып, үйтіп, өртеуге
Ұран салып ұмтылып.

* * *

Асылқанұлы Отарбай
Желілеп түйе байлаған.
Қысырақ бөліп отарға,
Алалы жылқы айдаған.
Ақтылы қойы өрісте
Құмырысқадай қайнаған.
Баса көктеп күшпенен,
Жер шұрайын жайлаған.
Алты қарыс ауызы
Қан қақсатып талайды
Жалмап, сорып, шайнаған.
Кешегі өткен штатта
Есепсіз малға сатылып,
Борсықтай болыс сайланған.
Патшадан жарлық келгелі,
Осы қалай дегеннің
Өлімге басын байлаған.
Тоғытқан қойдай қосақтап,
Кәрі демей, жас демей,

Жалшы, жарлы, аш демей
Бұрыннан тісін қайраған.
Болсаң да бұлбұл сайраған,
Кәрімен тең жасты да
Бармаймын десе жайғарам.
Патшаменен белдестім,
Бақытым бастан таймаған.
Билігімде өзімнің
Қол астым тегіс айналам.
— Балаңменен екеуің
Алынасын солдатқа,
Болсаң да бұлбұл сайраған —
Деген сөзге төзе алмай,
Азаттық тілеп қолқалап
— Ең болмаса жас балам
Босансын—деді өтініп
Жас еді жалғыз қолқанат.
Талай-талай зар жылап,
Жалынғанды, ортаға ап,
Айтқан сөзін тыңдамай,
Таяқтан есін тандырып
Етін тілген боршалап.
Түңіліп, үміт етпестен,
Тепсіне мініп кершолак,
Кегі қозып қан қайнап,
Өлімге де бас байлап,
Өшіккен жауға Саршолак.
Төрт жүз кісі тобымен
Андағайлап анталап,
«Асқар тау» болсын төңкермей
Екпіні емес тарқамақ.
Арыстандай айбатпен
Ауыр міндет арқалап,
Дөңгелектей боз үйлерге
Ат қойысып алқалап,
Шашау қара шығармай,
Қамап алып қоршалап,
Кеңселі үйін болыстың
Тасталқандап балталап,
Өрт жалыны опырып

Орта түсті шалқалап.
Бір минутте жоқ болды
Парамен жыйған салтанат.
Песір¹ мен болыс екеуі
Мойнынан шылбыр күрмеліз
Тақымға түсті зәнталақ.
Қарғысы атып халықтың
Жарылғамай марқамат.
Қамыс үйіп үстіне
Көк түтінін бықсытып
Пісірді етін арсалап.
Күл қылып желге ұшырды
Жапырағын жаңқалап.
Қапылыста байқатпай,
Басын сақтап күтініп,
Ақтабан торы ат астында
Мейіздей жарау жұтынып,
Болысқа² хабар айтуға
Шыға қашты сытылып.
Ілесе қуған жігіттер
Жақындап қалды жыпырып.
Сұлы жеген, сүт ішкен
Бабына түскен Ақтабан,
Ащы тері шыққансын
Топтан шықты құтылып.
Ұсталмай шабар кеткенсін
Қапаланды Саршолақ
Ашумен беті түтігіп
Өрістен байдың жылқысын
Майданды жерге керек деп
Ұстап мінді сыпырып.
Шабардан хабар алғансын
Болысы өліп қалғансын
Волковский начальник
Жын соккандай құтырып,
Ояздың болыс, билерін
Шақыртып алды қалаға.
Ебресман Торғайдан

¹ Писарь деген сөз.

² Болысқа деп жерде кеңсені айтып отыр.

Шығып губернаторы
Келіп кайтқан жаңадан.
Шекпен киген, шен таккан
Би менен болыс, ақсақал.
Кебеже карын, мес кұрсак
«Знак» таккан сарала
Ояздан хабар жеткесін
Жыйналысты қалаға.
Тоғыз болыс халықтың
«Игілері» кұралды.
— Отарбай өлді, бізге де
Халык қаһарлы долы деп
Жапырақтай калтырап
Көзінен жас шығарды.
Патша әмір берер-ақ,—
Халықтың күші кайыспас.
Табылмай ақыл ұнамды
Өлімнің қауып елестеп
«Пәтуәлі» казірет
Төсіне басты кұранды.
Өтінгенсін болыс, би
Берем деп үйез отряд
Білегін түріп сыбанды.
— Ойран салып қырайық
Болса да көк тас шыдамды.
Жазалаушы әскерге
Ұстап тауып беріндер
Адам болса күмәнді.
Адамды жылдам көндіріп
Орындалса өмірім
Кешірем деген күнәнді,—
Деген сөзін есітті
Би, старшын, болыстар.
Кұлқынын көздеп кулықпен
Қыстырылды ақсақал.
Ылайдан алған балықтай
Босатам, деп жыйды мал.
— Сүйіншілеп өтірік —
Таратып лақап халыққа
— Жан-жаққа — деді хабар сал.

— Күлекең мырза берді, — деп
Біздің үйден бір ат ал.
Арты шығып жүрмесін
Соңынан көре жатармыз,
Іліккенін алып қал, —
Деп жіберді пысықтап.
— Ит терісін мөр басып
Манифест патша шығарды —
Деп өтірік ұшықтап
Хабар тарат сал дыбыс,
Саршолақтың тобына
Жазалаушы бөгет алдауыш, —
Деген ақыл табылды.
Өтірік жар салынды,
Аман молда бас болды,
От тісті, орақ ауызды
Майда тілге алынды.
Сүйінші сұрап әр елден
Аттың тері алынды.
Іле сала жүз солдат
Елге қарай ағылды.
Қара жүрек қабынды
Ту-талақай өрт қаулап
Жазықсыз бастар жарылды.
Қылышталды шабылды,
Талай бастар қағылды.
Талайға беріп зәбірді,
Аралап құм мен адырды,
Тінтіп солдат шабылды,
Талайға әлек салынды,
Саршолақтың тобын тап —
Деп бұйырып әмірді.

* * *

Іліккен жауды қолына
Қалаға айдап тоғытты.
Қайғылы сарын сар дала
Бәлекетке молықты.
Заңғардың биік шыңында
Саршолақтың сарбазы

Төрт жүз теңеу тобымен
Қуғыншыға жолықты.
Бәрін бірдей жоқ қылып
Жоям, деп Саршолақты
Көрген жерден оқ атты.
Сарбазға, ерген көп халық
Сыртынан көрсе қомақты
Топқа қарай туралап
Мылтықты қардай боратты.
Атқан оқтан тайынбай
Сарбаздар қарсы лап қойды
Құралданған солдатқа
Сойылмен соққы ат қойды.
Ыза кернеп, кек қайнап
Түтеген оқ байқалмай
Тоқтамасқа серттеніп
Жаудың бетін қайтармай,
Көтеріп сойыл, қадағаш,
Жауға шауып жалаңаш
Ерегіскен екі жақ, —
«Қоян-қолтық» аралас.
Солдат пен сарбаз беттесіп
Болды қиқу сабалас.
Талай адам қан құсып
Талай ат шықты жалаңаш.
Топырақты тозаңнан
Біреуді біреу көрмеді.
Қайнаған қаны қыршын жас
Онды, сол сойыл сермеді.
Төбеден тиген сырыққа
Мылтықты солдат мендеді.
Ұшқан шаңның астында,
Шандақты жалап көлбеді.
Араласып кеткесін
Атқа мінген азамат
Әскерге есе бермеді.
Жігерінен тайынбай
Жер менен көкті тербеді,
Түріп шықты тасқан күш
Ен елдің сарбаз ерлері.

Қанша екені белгісіз
Қаза тиіп өлгені.
Беті қайтқан солдаттан
Ілесіп сарбаз қалмады.
Қершолақ, кеспелтек —
Саршолақ ақын алдағы
Бастаған қолмен майданда
Үдеген күштен танбады.
Қысылған жаны офицер
Құтылмасын сезгесін
Қарумен қайта қамданды.
Омақасып Қершолақ
Бұрық етті жердің шаңдағы
Басы айналып Саршолақ
Теңселіп кетті жан-жағы.
Жыйналып қалды сарбаздың
Ұмытылмай енді қалғаны,
Құмалақтай қорғасын
Қалың етке қадалды.
Жарақатын тандырып
Заңғарға қойды қадамды.
Солдаттар қашып кеткесін
Жыйнасты өлген адамды.
Қырық бір солдат, он сарбаз
Қайта-қайта саналды.
Жарақатты алты адам
Талықсып әбден қыйналды.
Шапқыншы жұмсап жіберіп
Әр жерден алды хабарды.
Мындаған солдат қайтадан
Құралмен күшті шықпақшы
Қуыруға заманды.

* * *

Ол орыннан жылысып
Торғайдың түсті жолына,
Қосылуды мақұлдап
Аманкелді тобына,
Жарақаты күшейіп

Жау жүрек ақын Саршолак
Кейін қалды соңында.
Он алты жасар баласын
Аттандырды сарбазбен
Құрал беріп қолына.
Шыңда жалғыз қалалмай
Қошқарата бойына
Жасырын қалды аялдай,
Ойын дағы жіберді
Түсіндіріп баяндай,
Аурудан қалсам жетермін —
Шап деді—жауды аянбай, —
Деп тапсырып аманат,
Жүрегін ыза жаралап.
Арынды күшті ақтарып
Тербеді жырды салалап.
Жыл жарым жатып жазылмай
Қаза тапты азамат.

* * *

Шомылып күннің нұрына
Шағырмақ түсте шаңқайған.
Тыңдады халық жұмыла
Сөйлеп отыр партизан.
— Баласы мен—деді ол—
Қол бастаған ақынның.
Азарынан ашынып
Ауқатты деген жақынның.
Екі жыл ақпен соғысып
Себебі болды дұшпанның
Қаза тапқан батырдың.
Дұшпанымен тіресіп
Аманкелді тобында
Жауды жаншып жапырдым,
Ойрандап алашорданы,
Жоқ қылдық бай мен молданы,
Арпалысқан дұшпанның
Ойлағаны болмады.
Қызыл әскер құрылды

Еңбекші таптың қорғаны.
Дүркіретіп жауларды
Түйдектетті бомбаны.
Қол салсақ кәзір көреміз
Таудай үлкен олжаны.
Әнге басты әдемі
Бақыт құсы қолдағы.
Сайраған жаңа замана
Мәңгілікке орнады.
Еркіндікке қол жетті
Ленин берген жол менен
Өндірісі қайнаған
Болды халқым қонысты.
Бетегелі тегісті
Балғын құрақ өрісті,
Көлді, сулы, егісті,
Бәйшешекті балауса,
Балғынды бақша жемісті.
Құзды, шынды асқар тау,
Тасқан дария ағысты.
Жүз жетпіс миллион азамат,
Еркін күнде табысты.
Темір жолды отарба
Жақын етті алысты,
Аспанда алып самолет
Қыядан қанат қағысты;
Трактор мен комбайн
Автомобиль ағындап
Қол ұстасып жарысты.
Мұхиттай қайнап тасқан кен,
Жұртшылық жеңіп алысты,
Білімнің кені мектепке
Ертелі кеш жайрандап
Ұл мен қыздар барысты.
Жауынгер жас азамат
Сұқтанған жауды жанышты!
Бақыттың жырын сайрады
Ұрандап қосып дабысты.
Мәңгілікті қорғаймыз
Октябрь берген табысты.

Аброй, атақ, геройлық
Бізде жеңіс мақтан деп,
Бүкіл халық дәулеті
Ұлы еңбекпен тапқан деп,
Азаматтың міндеті
Отанын қорғап баққан деп,
Берік тұтып семсерді
Жауды шөптей қаққан деп,
Түсіндірді інісін
Армия бол жауынгер,
Жалындай жайнап аттан деп!
Мақұл деді қуанып
Айтқан соң үгіт ағасы.
Бұл азамат Таңатар —
Ақынның кіші баласы.
Он алтыншы жылғы күз
Туған мезгіл шамасы.
Таң алдында туды деп
Оның атын ардақтап
Таңатар қойған анасы.
Екі бала ержетіп,
Бақытты күнге қол жетіп,
Түгенделіп кем кетік,
Жазылған жүрек жарасы.
Жыл артынан жыл өтіп
Күз артынан күз өтіп,
Жаңа дүние жасалды
Тұрмысын халық дүзетіп!
Жыйырма екі жастағы
Комсомол біздің Таңатар
Армияға алынып,
Қызыл ердің бірі боп
Отанды тұр күзетіп!
Бақыттың атқан таңында,
Осындай қызыл ерлерді —
Шырқайды ақын жыр етіп!

ОТАРБА

Ақынның аты ақын ба.
Жылжымай сөзі жорғаша,
Телегей теңіз тәтті жыр
Көкіректе толмаса?
Жарыққа шықпай жатар ма,
Көңілге кеңіс орнаса?
Халық сүйіп тыңдар ма,
Кестелі кеңес болмаса?
Жауынгер болып саналмас,
Жанын аяп қорғаса.
Зеңбіректің оғындай
Жау ұясын ойрандар
Шайырың жырын толғаса.
Қуатым толық сенімді
Толғасам кеңес табамын.
Көптен бергі жолдасым
Домбырамды аламын.
Он екі перне, ұзын жол
Екі шекті қағамын.
Бабына түскен тұлпардай
Бауырымды жазамын.
Тарланындай Тарғынның
Тайғанамас табаным
Тайбурылдай тас илеп
Жұлдыздай зымырап ағамын.
Алпамыс мінген Шұбардай

Аспанға атар тозаным.
Ақанның Құлакеріндей
Топтан торай шаламын.
Дүлділіндей өмірдің
Қанатымды қағамын.
Жылдык жолды бір аттап
Секунтінде барамын.
Құлашымды кең жайсам
Айлық жолды аламын.
Сексенде қайта жасарып
Күнбе-күн қунап барамын.
Мақсатыма жеткісіз
Гүл жайнаған заманым.
Бакытты дәуір қартымын
Орындалған талабым,
Сондықтан да шарықтап
Әнге шырқап саламын.
Алысты жуық етеді
Отарбаның шабысы,
Барса келмес баяғы
Жақын болды алысы.
Ылағып қалды ілеспей,
Ұшқан құстың жарысы.
Бауырын жазса аршындап
Жер танабы жарылмақ.
Дүниенің жүзінде
Қандай жүйрік артылмақ?
Майданында шам-шырақ
Күндік жерден жаркылдап.
Зыр қағады дөңгелек
Түстік жерден сартылдап.
Батыстан Қыйыршығысқа
Аптада барар аңкылдап,
Қыруар жүкті сүйресе,
Жоқ оған шаршау алқынбак.
Май сіміріп сусындап,
Дем алады тым-тұмдап,
Шайнамасы таскөмір
Ауызында бартылдап,
Дауылпаздай дауылда

Нажағайдай жарқылдап,
Демі — жалын, лебі — от.
Шудадай түтін бұрқылдап
Шұбатыла жүйткіді.
Жабыла мінсе жалпақ ел
Қабырғасы қайыспас.
Күдірейіп күшті бел,
Шаршылаған шабысқа
Ілеспейді соққан жел.
Қойыны құтты даладан
Айқыш-ұйқыш тартты жол,
Туркстанды Сибирьге
Ұштастырып жалғады,
Қарағанды — Жезқазған
Екі араны шарлады.
Рубцовка — Риддер
Араласты шаңдағы.
Елек пенен Оралдың
Тұтасып жанды шамдары.
Қандағашқа — Гурьевтен
Нефть жылжып парлады.
Алтайдан алтын бөктеріп
Қырандай жүйткіп самғады.
Жеті мың километрдей
Ұзақ жолда талмады.
Сан мың жылдар көксеген
Орындалды ойға алған
Халқымның асқақ арманы.

ОКТАБРЬ

Жасымнан жеңісті той құмар маған,
Жүрек пе ұлы тойда қуанбаған?
Жарығым аңсап көрген жылда тойым
Көруге көрген сайын құмарланам.
Толығып жыйырма бір жасқа жеттім
Октябрь — жеңісті атың ұрандалған.
Жеңімпаз Ленин туы қолымдағы,
Халықтың сан тілегін орындады.
Дұшпанды түп көтере талқандадық,
Құрылыс коммунизм жолындағы.
Бір жүзде жетпіс миллион біздің халық,
Одақтас он бір отау күндей жарық,
Құлпыртып, гүлдендіріп, молықтырып —
Алпыс ұлт, сансыз жұртты нұрға малып.
Төбесі көк тіреген асқар зәулім,
Бақыттың шығып тұрмыз шыңын алып.
Бұл біздің ұлы Отан — совет елім,
Таңында Октябрдің бақыт құшқан.
Қорғаным — құрыш ердің күшіменен
Тұмсығы тойтарылар тисе дұшпан.
Талмайтын құрыш дене, өткір жебе
Қыйғаштап көктің жүзін шарлап ұшқан.
Ерлерім — ұл мен қызым қанаттанып,
Жүлде алды, жүйріктерім ұшқан құстан.
Елімнің табыстары ұшан теңіз
Шығыстан ұлы Қытай, батыста — Испан.

Мерейім үстем болған қызық заман,
Жүрегім алып ұшад қуаныштан.
Сексенде қайта жасап алшаңдадық,
Көк сауыт, дулыға мен қалқанды алып.
Тарихқа бағынбаған асау долы,
Мөңкітіп мұз мұхитты арқандадық.
Шыдамай ерлерімнің екпініне
Қатқан мұз, қара тас та талқандалып.
Құлпырып, бақша жайнап гүл-гүл жанды
Сәулетті, қызғылықты өмір сәнді,
Шат заман, бақытты адам Отанымда
Бөледің қуанышпен барлық жанды.
Сексенге жасы жеткен қарт Нұрпейіс
Шаттықтың күйін шертіп, шырқады әнді
Тойыңды табыспенен құттықтаймыз,
Жеңісті ұлы Октябрь жаса мәңгі.

ҰЛЫ ЗАҢ

Көп жасап талай-талай заман көрдім,
Заманның сұрын алған адам көрдім,
Адамды тұншықтырған зынданында,
Пиғылсыз қара ниет, арам көрдім.
Халықты қан жылатып жалмап жұтқан,
Аңғарын ашып тұрған аран көрдім.
Зәрімен дүниені уландырған,
Шұбар төс, түсі суық жылан көрдім.
Ел үстін зіл боп басып серпілмеген,
Қапас түс, қара түнек тұман көрдім.
Тұманды топшысымен тепкілеген,
Мен сонда құрыш қанат қыран көрдім.
Астында азат туы көтерілген
Жалынды күшті дауыс ұран көрдім,
Құлдықтың тор, бұғауын талқандайтын
Ашынған ер қолында құрал көрдім.
Көзіме шалынбаған қалған жоқ сыр
Өмірдің бас-аяғын тамам көрдім.
Құтылып тағы дәуір, қу өмірден
Советтік заманыма аман келдім.
Жарқырап нұрын шашқан таңды көрдім,
Таңменен бірге туған жанды көрдім.
Аспанның аясында дамылдаған,
Шырқалған қуанышты әнді көрдім.
Бөленген, бақытты өмір байлығына,
Халқымды салтанатты сәнді көрдім.

Жасарған, қартайғанда қайта туып
Жастармен қатар өскен шалды көрдім.
Жауларды жермен жексен жаныштаған,
Ұлымды, қызымменен әлді көрдім.
Ғылымды қарыштатып дамытатын,
Таңдайдан кетпейтұғын дәмді көрдім.
Бақыттың, қуаныштың туы болған, —
Мен міне, ұлы совет заңын көрдім.

ЖАУЫЗДАР ЖЕРГЕ ТЫҒЫЛСЫН

Шалқып өскен күнімде
Сөйлетейін жағымды,
Мен сөйлесем жұртыма
Елге жырым жағымды.

Аласұрып, анталап,
Екі көзі қанталап,
Алмақ болған бағымды,
Сатпақ болған табымды,
Ежелгі улы жыланның
Қорда — ұясы табылды.
Барлық халық тілейді
Жоқ қылуды залымды.

Шырқайын мен, сайрайын,
Сайрайтұғын күнімсің,
Күніме қарай қол созған
Жауыздар жерге тығылсын.

Елдің жауын ататын
Домбырам менің — винтовка.
Әр сөзімді балаймын
Атылған жауға зәрлі оққа.
Ел жауының ежелгі
Екі көзін оямын,
Жалғыз жауды қалдырмай
Жер бетінен жоямын.

Шабам десе еліме,
Кіркөк болса жеріме,
Отанымды қорғауға
Жауға қарсы барамын.
Ойлағаны қан ішу,
Іздегені жанышу,
Қарақшыны қанішер
Оң жамбасқа аламын.
Сексендегі жасым бар,
Көпті көрген басым бар,
Ұрынса жау, мен — жасак
Қару-жарақ асынар,
Оғым соған атылар
Қызыл сақшы атым бар.

ЛЕНИН

Сен болмасаң, уа, сабаз,
Түсер ме ед тоқпақ төбемнен?
Қарманып халық шығар ма ед,
Тұңғыйық түпсіз тереңнен?
Құтылар күн болар ма ед,
Құлдық, бұғау көгеннен?
Аршылар ма ед көкірек
Кернеген қайғы шеменнен?
Серпілер ме еді қара түн
Бекініп қалған ежелден?
Жаңа өмірді жасаушы,
Табысар ма ед ел елмен.
Көкке жетіп созған қол
Шығар ма ед өрге төменнен?
Қайнаған қайрат тұрар ма ед,
Көк сауыт кимей переннен?
Тар дүниені кеңейтіп,
Бал ішер ме едік зереннен?
Қолға түсіп жарық күн,
Кем-кетігім теңелген,
Жеткізер ме еді нұр заман
Бәйшешегі безенген.
Шөлдеген көңіл қанар ма ед,
Гүлденген көркем өмірден?
Шаттықтың жырын қызыл тіл,
Айта алар ма еді өлеңмен?

Осының бәрі өмірде —
Тараған тұлға Лениннен,
Қара түн, қою зұлматтан
Таң аттырып күн берген,
Аңсаған бүкіл әлемге,
Ажар шашып нұр берген,
Жауыздықты жоғалтып,
Жер жүзіне түр берген.
Сөйлетіп түрлі тілдермен
Күшті бір ұран үн берген.
Октябрьді туғызып
Өмірді берген гүлденген.
Жерде тұрып көктегі
Алып жедік күннен жем.
Талқандалып тағы өмір
Жаңа дүние түрленген.
Бәйшешекті бақшалы
Безелген сәнді гүлдермен.
Бақыттың асқар биігі,
Тіреген көкті шың берген.
Осындай қызық заманды
Сен болмасаң, кім берген?
Шөлдегенді қандырып
Күмістей тұнық су берген,
Өмірімнің жемісі
Орманды қалың ну берген,
Халқымның қуаты
Жеңілместей ту берген,
Сан миллион халқыма
Арылмайтын бақ берген,
Атың халық бақыты
Тілегіме тап келген,
Адамзаттың қамқоры
Большевик деген ат берген,
Еңбекші халық қамы үшін
Бейнетті бастан өткізген,
Орнатам деп шам-шырақ
Өмірдің түрін тексерген,
Арпалысып алыстың
Ақсүйекпен, бектермен.

Дегенінді орындап,
Халықтың қолын жеткерген —
Ұлы Ленин есімің
Ұран болған еліме,
Сенің атың майданда
Құрал болған еліме.
Ленин — атың бак, дәулет
Халықтың нашар, кеміне.
Ленин — атың сән, сәулет
Көк майсалы жеріме.
Ленин атың — жетекші
Жеткізген өмір кеңіне.
Өсиетің бұлжымас
Шығарды бақыт өріне.
Сен берген қуат жеткізді
Ұлы Отанның төріне.
Сексенде қайта жасарттың
Жастармен қатар мені де.
Өлгенше сүйіп жырлаймын
Елімді де, сені де.
Мындаған герой жауынгер
Қайнаған қайрат жігері.
Келелі байтақ кең дала,
Кестелі өмір кілемі.
Етегі бақша жайнаған
Орманды таудың ірені,
Миллион деген жылдарға
Халқым өмір сүреді.
Сол өмірдің ұстазы —
Ленин емей, кім еді?
Ұлы әлемдік Ленин —
Өмірдің жарық күні еді.
Ленин туын берік тұтқан —
Партия халық тірегі.

ВОРОШИЛОВ КЛИМГЕ¹

Домбырамды өңгеріп,
Сексен жылдай тербеніп
Ақын едім толғаған.
Ойласам өткен өмірді,
Қаптаған түнек жерімді
Пәле, қырсық торлаған.
Заңы, діні бірігіп,
Содан халық бүлініп
Бәлені байлар қолданған.
Атағын жайып бақ үшін,
Сатып ары-намысын
Шіреніп түспей жорғадан.
Неше билер, неше хан,
Неше мықты палуан,
Алып үлгі ордадан,
Ерегісіп ел шауып,
Ел жылатып, жем тауып
Бірлігі жоқ орнаған.
Жайық жаулап Сібірді,
Сібір жаулап Еділді,
Ертіске көк мұз тоңдаған,
Тыныштық бір күн болмаған.
Ер мен елде сенім жоқ,
Тіршіліктен өлім көп.

¹ Бұл өленді қысқартып басып отырмыз.

Қанатын ажал қомдаған.
Бүлінбеген күні жоқ,
Бүтін тұрған бірі жоқ
Би мен ханы оңбаған.
Тұяғы бүтін тұлпарсыз,
Қыяғы бүтін сұңқарсыз
Қара түн еді сол заман,
Неше хан, би өтсе де
Бірі жоқ халқын қорғаған.

Әлем, әлем болғалы,
Әлемде адам толғалы
Құрыш болат құралды,
Туы жеңіс ұранды,
Біздің Қызыл Армия
Ұлы Отанның қорғаны.
Күн күлімдеп күшінен,
Ел сүйінер ісінен,
Винтовка берік қолдағы,
Қерек болып көп елге
Құрылған қыйын кезеңде.
Қызыл әскер болғалы
Жеңілуді білмеген,
Жауды саздай илеген,
Қас дұшпанды қаусатып
Қатарынан түйреген.
Жалақтаған жанарал,
Алшақтаған адмирал
Күйген шөптей күйреген.
Тәжін жұлып хандардың,
Назын тыйып пандардың,
Желкелеген шүйдеден,
Түнекті түріп айдаған,
Алған серттен таймаған,
Тимегенге тимеген.
Күнде кіршік жолатпай,
Жасымас құрыш болаттай
Әлемді еркін билеген.
Командирі Қлим ер
Маршал алғыр, жауынгер,

Тәрбиелеп өсірген,
Құралайды көзге атқан,
Көк сауыты — сом батпан,
Жауды жаншып, өшірген,
Теңізді, мұзды меңгерген,
Аспанды жермен теңгерген.
Жер қырсығын көшірген,
Табиғатты құрықтап,
Беріктікке бекінген,
Ел есейіп ержетіп,
Түгелделіп кем-кетік,
Білімді, бәрі жетілген.

ҰЛЫ ПРАВО

Дағды еді қалың малға қызын сатқан,
Жас қызын байлап беріп шырылдатқан.
Оқу жоқ, өнеге жоқ, өсер жол жоқ
Қаран еді, әйел күні зұлмат жапқан.
Атар таң әйелдерге болар ма? — деп,
Халық еді қу өмірге мұңын шаққан.
Зарлаумен теңдік көрмей, бақыт таппай
Көзінің қанды жасы судай аққан.
Ойлаған мақсатына қолы жетпей
Арманда талай әйел суға батқан.
Қыз қашса, әйел кетсе сүйгенімен
Ел талап, қан төгісіп, жауша шапқан.
Сол өмір ұмытылып өте шықты
Жарлыны жапырақтай қалтыратқан.

* * *

Сорлы әйел сонда сені азат етіп,
Заманды күн нұрымен жарқыратқан —
Тек қана Ұлы Октябрь жеңістері,
Қандырған шөлдегенді мол суаттан.
Тек қана большевиктер партиясы
Адамға көрік берген нұр шуақтан,
Коммунистік партия туы астында
Әйелдер СССР да бақыт тапқан.
Қолхозда, құрылыста, өндірісте

Ардақты абыройлы озған топтан.
Қыздарым қанат байлап, желге мініп
Аспанды қыйын көрмес ерттеулі аттан.
Инженер, ғалым, дәрігер, профессор
Қызынан өз елінің шығып жатқан.
Сіңіріп адал еңбек Отанына
Қыздарым, келіндерім орден таққан.
Право әйелдерге бірдей беріп,
Кернеген бойға шаттық, берген мақтан

УКРАИНАНЫҢ ДАУЫЛПАЗЫ

Шевченко Тарас сен тудың
Әлемді түнек басқанда.
Кең дүние тарылып,
Жол таба алмай тарығып,
Қайғымен халық сасқанда.
Украина елінен,
Ресейдің төрінен
Сенің жырың тасқанда
Тітіреді Николай,
Үрейленді мырза, бай.
Қырандаған дауылпаз
Қаққанда қанат аспанға,
Қу өмірдің күрсауы
Құтқармады, сұңқарым
Құлашыңды жазсаң да.
Дұшпанға тілмен оқ атып
Сол үшін қолың байланып,
Украина жерінен,
Қазақтың құба жонында
Он жыл жүрдің айдалып.
Арпалысып өлгенше,
Шамшырағың сөнгенше
Қажымадың, талмадың.
Бақыты үшін халықтың
Көксегенің жарық күн,
Бостандық болды арманың.

Өлген жоқсың, халқың бар
Бақыты биік — асқар тау
Аспанменен тілдескен,
Жауыздықты жоғалтып,
Ел тұрмысын оңалтып,
Күнде түлеп, күнде өскен
Мәңгілік сақтар Тарасты.
Ленин туы астында —
Бақытты халқым бірлескен.

МАҒАНАС — ШАҒАНА

ЖАЗ

Жалтырап белді жайлы, жайнаған жаз,
Еңбекпен өмір қызып қайнаған жаз.
Тәтті үнмен гүлістанның бақшасынан
Жыл құсы — тоты, бүлбүл сайраған жаз,
Құрақты, айнадай бұл, тұнық суды
Қаз, үйрек, аққу жүзіп жайлаған жаз,
Ұранын Компартия орындауға
Қолхозшы мол егісін айдаған жаз.
Жеткізіп барлық жұртты мұрадына,
Адамның не берегін сайлаған жаз.
Қолхоздың шөбі шүйгін өрісінде
Құлын, тай құйрығымен ойнаған жаз.
Көктемнің көгалында ойнақ салып,
Шаттықпен жан-жануар тойлаған жаз.
Күндіз, түн ұлы еңбек, қызу істе
Кәрі, жас тамашаңа тоймаған жаз.
Нұрыңды сеп әлемге, жарқыра жаз!
Алтындай кір шалмаған жалтыра жаз!

МАЙ ТОЛҒАУЫ

Тындаңыз қала, қалың ел
Қарт Нұрпейіс толғасын.
Жас күнімнен жырлаған
Домбыра шешен жолдасым.
Жасарған қайта он саусақ
Көрсетсін көпке жорғасын.
Бәйге бермес жүйрік ой
Сұңқардай қанат қомдасын;
Шежіре тіл мен көмекей
Құйылған сөзің қорғасын.
Жеңісті жырмен безейін
Ұлы Отанның ордасын.
Асқанша жасым сексеннен
Ақтарған жырды көңілден,
Жібектей әсем өрілген.
Буыны жоқ сүйір тіл,
Өлеңге жастан үйір тіл
Жасарған қайта өмірмен.
Күрмеуінен құтылып,
Қыядан сұңқар ұшырып
Тұлпардай тұяқ тебінген.
Жауыр арқа жазылып,
Шеменнен жүрек арылып
Шу асаудай семірген.
Кем-кетікті бүтіндеп,
Жүректе шаттық лүпілдеп

Жыр тасқындап төгілген.
Асыл сөздің жыйыны,
Тоқсан ойдың түйіні
Жарасты сәнді еліммен.
Өтін жарып, көк өсіп,
Өсімдігім төл өсіп
Қайнады ырыс жерімнен.
Қызғалдақ, шайыр құлпырған,
Қызара бөртеп құлшынып
Құнартып көзге көрінген.
Таймай басып табанын,
Көпіртіп егіс алабын,
Трактор жортты белімнен.
Қысырдың тайы құлындап,
Қозы, лак, бота қыбырлап
Мал қаптады дөңімнен.
Үйрек ұшып, қаз қонып,
Аққу жүзіп, мәз болып
Тулады жайын көлімнен.
Торлаған бұлтты айырып,
Нөсерді бөгеп қайырып
Самолет кезді көгімнен.
Маңғаз ай мен кербез күн,
Жол беріп жұлдыз неше мың
Төбесі көктің сөгілген.
Алдырмайтын арындап,
Тағы, долы табиғат
Қарсыласпай жеңілген.
Құлаштап ұзақ өріске,
Жетістікке жеңіске
Право толық берілген.
Жүз жетпіс миллион жалпыға,
Алпыс ұлтты халқыма
Октябрь нұры себілген.
Гүлденген Ұлы Отанға
Жеңіспен келді быйыл май.
Табысын майдың жырлауға
Жүйткісін тілім құйындай.
Сөз сарасы табылмас
Көмекейден құйылмай.

Құйылса шаттық өлеңім
Күнбе-күн қунап келемін
Қуаныш сүйген көкейім.
Мыйдағы думан жарысқан,
Орағытып алыстан
Аңқып-аңқып кетейін.
Аңқысаң аңқы арында,
Жеткізбей желге, сағымға
Алтын арна көкірек.
Құлындай түзу мүшеңмен
Орғытып бақ, өт үдеп!
Әлем сыйған құлашым,
Жер менен көк сынасын
Майға келдім жеңіспен.
Деменіз кімге айтасын,
Дос, дұшпаным байқасын
Көз салып бүгін, көрінсін.
Көк жиегін көмкеріп,
Астына үстін төңкеріп
Жаңарттым жерді егіспен.
Ылдый, өр, асқар, құзынды,
Құлазыған түзінді
Мәуелеттім жеміспен.
Тамырсыз тасты балқыттым,
Теңіздей жырды шалқыттым,
Ешбір жаудан тайынбай,
Өрге жүзген жайындай
Мұхитты кездім өрістен.
Найзағайды меңгеріп,
Отты, буды өңгеріп
Желге міндім еріксем.
Құрыш денем талмайтын,
Қамалым жоқ алмайтын
Соқтығып зұлым керіссең.
Күшім — берік, жолым бір,
Ұраным — жеңіс, тобым бір,
Жүз жетпіс миллион бір жерден.
Партия туы астында
Кәрінің де, жастың да
Құлпырған Майы түрленген.

Одактас онбір астана,
Көрнейіп бүгін бақшада
Ұлы Отаным гүлденген.
Көсемнің сөзі жаңа күш
Берді, қызды жаңа іс.
Үйренді сансыз тілдермен
Кіндігі, жердің жүрегі,
Таяуы көктің тірегі
Кремльден нұр берген.
Алпыс ұлт тіккен орданы,
Сыртынан берік қорғаным
Кестелі кеңес жырласам
Қосылған көппен дабысым.
Күйіне түскен тұлпардай
Тосансымас шабысым.
Түлеп ұшқан сұңқардай,
Жықын болды алысым.
Қуаныш күйіп көңілге,
Жеткізген сәнді өмірге,
Таптырған сөздің мәнісін,
Сексен жыл қалған далада,
Сегіз жасар баладай
Жасартқан қайта кәрісін —
Советтік менің заманам.
Өсемін, өрлеп жанарам,
Таусылмас, тізсем, табысым.
Табысымды қорғайтын,
Саржадай кезеп толғайтын
Отан қорғау әдісім.
Жауған қардай боратам,
Қызыл тілден оқ атам
Партия берсе команды.
Мақсатыма жеткізген,
Күннің нұрын сепкізген,
Сүйемін Отан — анамды.
Көре алмай дұшпан күйінген,
Соктықпақ болса бүйірден,
Тап бастырмай табанын,
Қабырғасын қаусатып
Жусата шөптей шабамын!

Қанқор дұшпан залымға
Төндіремін қара түн!
Біз большевик жеңімпаз,
Соқтыққан жауды аламын.
Қашан да болса дайынмын,
Жеңісін шырқап Майымның
Ұл-қызымды қаптатып
Майданға бастап барамын.

БОЛЬШЕВИКТИК БАСПАСӨЗ

Суарылған тұнықтан
Мазмұны терең асыл сөз.
Бастауымен көсемнің,
Күресте өсіп, шыныққан
Большевиктік баспасөз.
Большевиктік газеттің,
Әрбір сөзі қашанда
Жауға — оқ, досқа — ақыл,
Сөйлеген, ол сөйлейді
Көсемдердің тілімен,
Көңілімді жайнатқан
Коммунизм гүлімен.
Өмір үшін нұсқауы
Сөзінің әрбір мысқалы
Қымбатты асыл, салмақты,
Большевик баспасөзіне
Екпінді тілші деген ат
Сондықтан да ардақты.
Большевиктік баспасөз —
Білім күйған көңілге
Саркылмайтын бұлақтай.
О, балалар, балалар!
Миллионның талабын
Орында адал ісінмен.
Найзадай өткір қаламын
Түйресін жауды күшінмен.

Отан үшін қызмет ет
Қуансын халқың ісіңмен.
О, балалар, балалар!
Тілші болсаң — сыншы бол!
Көреген бол — қырағы.
Кемшілікке жол бермес,
Білімді совет ұланы!
Жігерінді тасытқан
Партияның ұраны.
Біздің Совет елінде,
Бақытты бүгін елімде
Большевиктік баспасөз
Халықтың өткір құралы.

ЖАМБЫЛҒА¹

Жамбыл ағам ұсынып
Домбырасын берген соң
Домбыранды алайын,
Шын айқайыма салайын,
Жыйынның көрдім талайын,
Мына кең, қызық заманда
Алдан алға барайын,
Жәкем ұрықсат берген соң
Бұлбұлдай сайрап қарайын.
Тегін жырды терейін,
Байтақ сөзді төгейін,
Сексенге келген жасымда
Жастармен бірге ерейін,
Жәкем басшы, мен қосшы
Қапталына ерейін.
Таудан аққан тас бұлақ
Жырдың ағыс көзі едің,
Ағысы құлаш-ақ дария
Ақ теңізбен тең едің.
Сөз қыйсығын түзеткен
Құрулы алтын тез едің.
Бақытты Жәке ағамыз,
Білікке асқан данамыз,

¹ Бұл өлеңді қысқартып жіберіп отырмыз.

Мәшһөр¹ болған халыққа
Көңіліңнен өрген санаңыз.
Білікке асқан дүлділім,
Сөйлеген сөзі үлгілім,
Топтан озған жұлдызым.
Тоқсаннан жасың асқанда
Тұғырында толықсып
Өр киіктей ырғыдың.
Қарт тұлпардай шұлғыдың,
Ақындардың данасы
Сен едің Жәкем бұлбұлым.
Сілтеу берді бұл Жәкем
Сен Нұрпейіс жырла деп!
Аға басшы, біз қосшы
Ағаның тілін аламыз.
Жасы үлкеннің қақы көп
Алмасқа бар ма шарамыз?
Ақындарым сайрасын,
Қызық күшім жайнасын,
Артымнан өскен сүйеуім
Ақындарым қайдасын?
Біз жасы жеткен кәріміз,
Жырға құлақ салыңыз,
Партия берген дәуірде
Жарқырап атқан таңымыз.
Ән шырқайық бәріміз,
Мен аға да, сен іні
Домбыра қолға алыңыз.
Сөйлейтін бүгін күніміз
Бұлбұлдай сайра тіліміз.

* * *

Мен ортада шалыңыз
Жыр жырласын кәріңіз
Осы отырған бәріңіз
Сөзге құлақ салыңыз.
Нұрлыбек пен Нартайжан
Атаңның тілін алыңыз.

¹ Мәшһөр—әйгілі болу мағнасында.

Жарастықпен жырландар
Осы болар сәніңіз.
Сендер іні, мен аға
Ағаның тілін алыңыз.
Айтқанына ағанын,
Екі шырақ, көніңіз.
Шын жырлайтын жеріміз,
Татулықпен өлең айт
Ашылмасын шегіңіз.

* * *

Жасым сексенге келсе деп
Ақылымнан адаспан.
Бұрынғының ақыны
Байды мақтап былшылдап
Мысалы иттей таласқан.
Біздің қызық бұл заман,
Татулықпен сөйлейік,
Татулық бізге жарасқан.
Орынды жерге сөйлеген
Біз ақынбыз өрлеген,
Құлашты жазып сермеген.
Тұл заманда ақындар
Тура сөзден адасқан.
Біздің балалар жырласа
Маңызды сөзі жарасқан.
Әзілменен екеуі
Қағысып көкте жанасқан
Ынтымақ айтам ортаңда,
Қартайсам да адаспан.
Қызыл тілім желдей ес
Алдымда Жәкем жеделдес,
Кәрілік болмайды бізге кес.
Саған Жәке, маған да
Қайтып келді көрдің бе
Жайраңдаған жыйырма бес.

БЕРІК ДОСТЫҚ

Өмірдің көріп талайын,
Сексен жылды жасадым,
Сөйлеген сайын асамын,
Тау суындай тасамын.
Мен — бір ұзын көк дария
Көбігімді шашамын,
Жырдың көзін ашамын.
Тағыда талай дөңдерді
Аттап кесе басамын.
Балдан тәтті достықпен
Ұйымдасқан Отаным.
СССР да алпыс ұлт
Бәрі де тума біздің жұрт,
Бір кісінің ұлындай
Өзбек, орыс, түркпен
Бір атадан туғандай
Қол ұстасып, бірлесіп
Бірге дәулет жыйғандай.
Тілек пенен жүрек бір
Айтуыма сыйғандай.



Нүрпейіс Байғанин баласы Мамынға домбыра үйретіп отыр.

ТАСЫҒАН КӨҢІЛ

Дидарласып, көрісіп,
Қайттым Жамбыл ағадан.
Өлеңі шалқар дария
Асқақтап асып сабадан,
Жыр тасқының тасытқан
Дария көңіл санадан.
Қызғалдақтай жайнаған
Қызғалдақты заманым!
Бұл заманға кездескен
Бақытты болды талайым.
Өрге жүзген кемедей
Өрге беттеп шабайын.
Өлмейтін өмір бейнесі —
Жасарып қайта барамын.
Жастық, шаттық бейнесі —
Біздің елдің шалдары.
Шын өмірдің жұмағы —
Алатаудың аңғары.
Біздің совет елдері —
Бақыт, шаттық заңдары.
Ұлы байтақ елдерім,
Гүл бақшалы жерлерім
Сағат сайын жайнады.
Мыс, қорғасын, тас көмір
Жерден мұнай қайнады.
Білімпазым көбейіп

Халықтың қамын қамдады.
Советтік біздің ұлы заң
Халқыма бақыт бергені,
Қасірет жоқ, қайғы жоқ
Раушан жарық көргені,
Жылдан жылға бақ дәулет
Алға басып өрледі.
Өрістесін жыр дейін,
Жарқырасын күндейін,
Дәмі ұсасып шекерге,
Бау-бақшадай жайнасын,
Жайнаған елде сайрасын
Тәтті жырлар ұсасын —
Бәһәрда құйған нөсерге.
Біз халықтың дарқаны,
Ел — бақыттың шалқары,
Асқар таулы, арқалы.
Социализм белінен
Коммунизмге ел көшсе,
Сол күндердің, деймін мен
Жырым болсын арқауы.
Қуанышпен жетерге,
Коммунизм шыңына
Партияның съезі —
Адаспайтын ту берді,
Ұстады елім қолына.

ӨҢІМДЕГІ ЖҰМБАҚ

Жасымда: қараңғылық, түнді көрдім,
Буалдыр жүзі солы үнді көрдім.
Зарланып, қайғыланып, қапа шеккен
Өксіген, еңіреген елді көрдім.
Ақ балшық лайытқан, адам ішпес
Әрі ащы татқызбайтын суды көрдім.
Шулаған мүсәпір мен пақырларды,
Жылаған жетім-жесір мұңды көрдім.
Тіс шұқыр, қылтанақ жоқ, тұяқ күйген,
Шаңытқан, күлі шыққан жерді көрдім.
Адамға берер сусын кәусері жоқ
Нәрі жоқ қара балшық көлді көрдім.
Көксеген мұрадына қолы жетпей,
Қажыған, ыза шеккен ерді көрдім.
Сексен жыл, көп жасадым, жасым жетті,
Өмірді қартайғанда енді көрдім.
Айтайын тілім жетсе, біраз шолып,
Байлығын, салтанатын туған елдің.
Қарасам көз жіберіп, не көрмеймін,
Қыядан ұлан байтақ біздің жердің?
Мыс қайнап, күміс шашып, мұнай атқан
Жерімнен алтын қазына кенді көрдім.
Құс жолы жерге түсіп, миуа пісіп
Жайнаған шұғылаланған нуды көрдім,
Көл суы, өзен суы, теңіз суы,

Таңдайға балдан тәтті нұрды көрдім.
Келтірген көлдің көркін көк орайлы
Қаз бенен ақсары бас қуды көрдім.
Жеңістің ескерткіші мақтанышы,
Шашакты қызыл күрең туды көрдім.
Жалынды жадыраған жарқын жүзді
Қайыспас қайсар өткір ұлды көрдім.
Бейіштің, ертегінің сырлы аралы
Бақшаны қолдан еккен құрбы көрдім.
Көрмеде осыларды көрейін, деп,
Өлеңмен жібек шашақ төгейін, деп,
Даңқты, атағы асқан ел тойының
Бағасын, сыбағасын берейін, деп,
Ақынға жүйрік қыял болса серік
Көрмеге тілден ұрық себейін деп,
Мен келдім тігілгенге ел құлағы —
Құлпырған бұл аралға көл құрағы.
Үніне мөлдір судың, қызғалдақтың
Қосайын кәрі серік домбыраны.
Мекені біздің елдің — жайнаған гүл
Түсте емес, өңімдегі жыр жұмбағы.
Қартайып, жасы жеткен кәрі атаңнан
Шықсын да кәсіле бір жыр бұлағы.
Жасаған адам қолы — бақша көрдім,
Өзімді игілікті сапта көрдім.
Жерінен колхоз, совхоз бауыр төсеп
Жапырмай көк майсаны жидек тердім.
Бәрі бар өрік, мейіз, құрма ағашы —
Әмірі сондай күшті бақшагердің.
Егіні: бидай, арпа, тары, сұлы —
Көркі ғой бақшадағы шүйгін жердің.
Айтайын қайсыбірін бұл жеңістің
Сан түрлі неше алуан миуэ көрдім.
Ордадан онбір одақ астанасы
Елімнің салтанатын көркін көрдім.
Жасасын адамдарға — ұлы бақша
Қол жайып, кеудемді ашып, бата бердім

ҒАЖАЙЫП КӨРМЕДЕ

Мен жырлайын, жырлайын,
Сөзде қалау болмасын
Шынықтыра шыңдайын.
Дуалы ауыз сөз табар,
Айқын жүйрік жөн табар
Құлашымды жазайын.
Ұлы отан жерінде,
Ұлы Совет елінде,
Мақтанарлық табыс көп
Толған байлық маңайым.
Ұлы Совет халқында:
Таусылмастық мұра бар,
Айнымастық достық бар
Қайнап біткен күздайын.
Бітпес дәулет бізде бар,
Сәнді сәулет бізде бар,
Әділдік, нағыз дұрыстық
Істе де бар, сөзде бар.
Толып жатыр айтарлық,
Жетпей жатыр құшағым,
Десем де, бәрін қармайын.
Еңсесін жаудың үзерлік
Батыр ұлан бізде бар,
Отан үшін, жер үшін,
Бақыт үшін, ер үшін
Аттан! деген үн шықса

Совет халқы дап-дайын.
Астанам — Москва шәһәрім
Жер жүзінің биігі.
Аспанменен астасқан
Күміс күмбез қыйығы,
Дүниедегі шәһәрдің
Баршасынан асып тұр
Біздің Москва ыйығы.
Сөнбес жарық жұлдыз бар
Кремльдің үстінде.
Көрмені түгел көргенде
Қайта жасап жайнадым.
Домбыраны қолға алып
Жыр жырладым, сайрадым.
Үлде менен бұлдеге,
Киінгендей секілді
Онекі одақ — Ұлы Отан —
Жүрегі бір аймағым.
Желбіреді, желпілдеп,
Мақтанышы табыстың
Қызыл күрен байрағым.
Өміріңе сайма-сай,
Шат, шадыман күндерім
Көңілді, сауық-сайраным.

Павилионда мал көрдім,
Алшандап басқан паң көрдім.
Әукесімен жер сүзген,
Мүйізімен бұлт сүзген
Алып дене өгізді
Көрген жерде таң көрдім.
Өңкей бедеу ат көрдім,
Құлынсауыр, бөкен сан
Тұлпардан зыят зат көрдім.
Ордені бар төсінде
Атты баққан қарт көрдім,
Мол дәулеттің ішінде
Көңілдерін шат көрдім.
Күтушісін тұлпардың
Күтімге жетік бап көрдім.

Майға біткен жоны бар,
Астаудай болған қомы бар
Қара жердің кемесі —
Аруана нар көрдім.
Шудадай жүні салынған,
Тұлғасы майға малынған,
Алтын десен боларлық
Неше алуан қой көрдім.
Бойлауық өскен қамыстай
Қанарының саласы.
Өлшеп көрсен — қарыстай.
Басына біткен дәнінен,
Сынып кетпей апырмай,
Көтеріп тұр майыспай,
Маржан дерсін көргенде
Баданадай дән көрдім.

Көрмеген бұрын ғажайып,
Сонда көрдім өнерді.
Шат жүректен, тілімнен
Ағыттым сонда өлеңді.
Неше асыл тастардан
Есебін тауып үй салған
Инженерім шеберді.
Ұлы Отанға сай етіп,
Көркемдігін бай етіп,
Көрме үйін салушы
Ерлердің зейні тереңді.

ГҮЛДЕНГЕН ЗАМАН

Заман-заман болғалы
Мұндай заман болмады.
Ұлы Октябрь тойында
Өлеңін ақын толғады.
Тар заманды кеңітіп,
Кеңіс берген Октябрь,
Ел құлашын жаздырып,
Өріс берген Октябрь,
Бақыт үшін күресте
Жеңіс берген Октябрь,
Правоны халқыма
Алып берген Октябрь,
Торқа топрақ жеріме
Гүл бітірген Октябрь,
Шат заманға лайық
Түр бітірген Октябрь,
Сандуғаштай сайратып
Тіл бітірген Октябрь,
Сансыз миллион халқыма
Әл бітірген Октябрь,
Жайылымды толтыра
Мал бітірген Октябрь,
Өміріме бай етіп
Сән бітірген Октябрь,
Адамды құстай ұшырып
Қанат берген Октябрь,



Нұрпейіс Байғанин орденды жолдастары арасында.

Ұлым менен қызым
Талант берген Октябрь,
Өміріме өшпестік
Жарық берген Октябрь,
Аунас бақыт, мол дәулет
Алып берген Октябрь,
Гүлденді өмір, гүлденді,
Ұлан-байтақ ең далам
Бәйшешекке бөленді,
Қала мен ауыл құшыра
Мын құбыла түрленді,
Алып тұрмыз құшаққа
Қол жеткісіз бір кезде
Аспан болған өнерді,
Қатардан артық ел болдық,
Жер шарынан талшассыз
Біздің елге тең елді.

МЕН ДЕ СОНДА АТТАНАМ

Тыңда жырды астанам,
Көңіл өнер, тіл шебер,
Сөз ұйқасын тастаман,
Атты Армия жорығын,
Құйылтып жыр ғып бастасам, -
Әлі есімде сол күндер,
Атты Армия жорығы.
Буденный батыр бастаған.
Өмірге келген елімді,
Баспақ болған қайтадан
Қараңғы түнек түндерде,
Ер басына зор туып,
Жанталасқан күндерде.
Қаһарланып аттанса
Тастан өткен найзасы.
Болатқа шапса қайтпаған.
Белде қылыш алмасы.
Қыйған қамыс құлақты,
От орнындай тұяқты,
Астына мініп арғымақ,
Ақпандағы бурадай,
Ұйытқып соққан борандай.
Аттанды жауға ту ұстап.
Қатпаған буыны баладай,
Өмірге келген елімді,
Бақыт туын көтерген

Гүлстандай жерімді —
Баспақ болған жауларға
Дауылдай қайта тілгенде;
Тұлпарлармен жүйткітіп,
Құйындай екпін ұйтқытып,
Қырандай самғап тілгенде;
Түріле қашып мың сан жау
Кебінін өлім кигенде;
Талайларын құлатып,
Талайларын сұлатып,
Басып өтіп Воронеж —
Жалындай жауға шүйгенде
Буденный батыр тоқтады,
Ат тұмсығы тіреліп —
Варшауға¹ барып тигенде.

Содан бері жыйырма жыл,
Көгерді көлім, жерім гүл.
Буденныйдан үлгі алған,
Елімде өсті мыңсан ұл.
Астында тұлпар ойнақтап,
Ауыздықпен алысқан.
Табиғаттың жүйрігі
Жел құйынмен жарысқан.
Үстінде қару көк сүңгі,
Қолдарында алдаспан.
Қанды майдан кез болса,
Тайынбайтын табыстан
Аттанса қайта Буденный,
Тұрмас шыдап Қазақстан.
Сексенге келген жасымда,
Балаларыма бас болып
Мен де сонда қалыспан.
Жойқын жырды селдеткен,
Тындарсын сонда астанам.
Өлеңнен оқ жаудырып
Мен де сонда қалыспан.

¹ Варшаваға деген сөз.

* * *

Жырласын қарт Нұрпейіс тыңда, халқым!
Сөйлесем келтіремін сөздің парқын.
Бағы тең, дәулеті тең шат тұрмысты
Жайнаған біздің заман, бейне алтын.

Жырлаймын шын жүректен қуанышпен,
Астында Ленин туы бақыт таптым.
Жүйрікпін суырылып топтан озар
Болғанда сөз бәйгесі, өрге шаптым.

Жамбылмен жүз жастағы үш орденді
Қосылып ән салғанға мен де шатпын.
Қолымда Ленин туы желкілдеген
Шыңына коммунизм тура тарттым.

Жаңылмай сөзді өрбіт тіл мен жағым,
Жасарған, қайта жасап, сөйлер шағым.
Партиям, үкіметім, ұлы халқым —
Өнерпаз, қайраткердің берді атағын.

Халық үшін еңбек еттім, әлі де етем,
Сондықтан арта бермек менің бағым.
Ұлым ер, қызым герой, халқым батыр —
Патшаның талқандаған тәж бен тағын.

Жырлаймын ерлік істі бастан-аяқ
О, халқым, сертім осы ұмытпағын,



Нұрпейіс Байғанин және Нартай Бегежанов 1939 жылғы халық ақындарының слетінде.


Халқымның батырлығын жырлай берем,
Аспандап көкті тірейд әруағым.


Ел болдык егескенді жаныштарлық
Мол күшім, сауыт-сайман, жау жарағым.
Күзетте ұлдарым тұр, қаһарлы күш —
Жерімнің жау басалмас жапырағын.

ІС ІСТЕЛІК ЖІГЕРМЕН

Тыңда, халқым, сөйлейін,
Айтқан сайын өрлейін,
Заманым қызық, қызыл гүл,
Құлашымды сермейін.
Ел қалауы жыр болса
Ал, керегін берейін.
Жыр төгемін ел үшін,
Жыр төгемін жер үшін,
Жыр төгемін ер үшін.
Баяғыда есімде,
Байлардың тілін алмадым,
Молданың ісін қылмадым,
Тілді безеп оларға
Халық жырын жырладым.
Сұрқыя заман тұсында
Праводан кем болдым,
Көлеңкемен тең болдым,
Енді міне байқасаң,
Қайырламас кемесі —
Айдын шалқар көл болдым.
Қайта жасап бұл күнде,
Шырай кірген өңіме
Бозбаламен тең болдым.
Сөзіме менің құлақ сал:
Жолдас болма жаманмен,
Қас ойлаған еліне

Ниеті кара араммен
Серігі бол әрдәйім
Елін сүйген адаммен.
Құрмет еттің сайлаушым
Сексендегі қартыңа,
Сендіремін сендерді
Шын жүректен қуана,
Сөз маржанын беремін
Қуатты ұлы халқыма.
Өз халқыма беруге
Мен барымды аяман,
Жырым ортақ жалпыңа
Езілгенге күн берген.
Қолыңа қызыл гүл берген,
Айбатты қызыл ту берген,
Өмір берген, жыр берген,
Партиямыз бастаған
Тұрмысы шат елімде,
Отан үшін аянбай.
Іс етелік жігермен.





1940

ҰЛЫ ОТАННЫҢ СҮЙІКТІ ҰЛЫ БОЛЫҢДАР¹

О, депутат жолдастар!
Сексенге келген Нұрпейіс
Қалауымен халықтың
Домбырасын қолға ұстар.
Қуаныш, шаттық үстінде
Советтік ұлы заңының
Қосуымен сөз бастар.

Жер бітіп, су аққалы,
Тарих желі тартқалы,
Неше ғасыр өтпеді,
Жердің гүлін солдырған,
Елді есінен тандырған,
Есебінен жаңылтқан,
Несібесін халықтың
Тартылған көлдей суалтқан.
Праводан айырып
Тынысын елдің тарылтқан.
Талайларды жылатқан,
Талайларды зарлатқан
Неше заман өтпеді?
Қолға бұғау салдырған
Өзектің басын өрт шалып
Жан жүйені жандырған,

¹Бұл жыр қысқартылып берілді.



Нұрпейіс Байғаннн Еңбекшілер Депутаттарының Ақтөбе облыстық советінің
I-сессиясын ашып тұр.

Барымтамен малды алған,
Дүре соғып жанды алған,
Ел іреңін қашырған
Неше заңдар өтпеді?
Ондағы күн күн бе еді?
Күн дегені түн болды.
Түн дегені зымыстан
Қараңғы түнек көр болды.
Хан билеген заманда,
Бай билеген заманда
Ел өсуі тоқталды.
Ауру, аштық, сан апат,
Жүрген жері қанды орақ
Ел үстін қайғы дерт шалды.
Өрісі жоқ, өсу жоқ,
Қайда барсаң тосу көп
Теңселді халық, сандалды.
Атар таңды сағынған,
Белге қару тағынған,
Қайрауы жеткен болаттай
Қалың халық ашынған.
Жыйырмасыншы ғасырдың
Онжетінші жылында,
Ел жендеті — патшаны
Құлатты мәңгі тағынан.
Содан бері санасам
Жыйырма екі жыл өтті.
Міне, бүгін қарашы,
Балтық пенен Амурдың,
Кавказ, Алтай, Анадыр —
Біздің елдің мекені
Тұтасып жатқан арасы.
Тасыды өзен — тасыды,
Таудан аққан тасбұлақ
Теңіз болды сағасы,
Мақта, күріш, астыққа
Бөленіп тұр сағасы,
Одан әрі көз салсаң

Көмкеріп тұр жерімді
Тайганың қалың ағашы.
Қалың жыныс, ну орман
Халықтың ұлы қазнасы,
Одан әрі көз салсаң
Асқарлаған таулардың
Қойынында құлпырды
Өндірістің қаласы.
Тауым толы кен болды
Алтынның ұлы ордасы.
Жалпақ жатқан тепсеңнің
Астында толы байлық бар,
Керегіңше ала бер
Орта түспес сабасы,
Күннен-күнге ұзарды
Өндірістің құлашы.
Қолхоздасқан ауылдың
Малға толды қорасы,
Егіспенен жайнады
Торқа топырақ даласы.
Советтік біздің дәуірде
Маркстік-лениндік
Ғылымды халық меңгеріп
Жаңарып отыр санасы.
О, депутат, жолдастар!
Ұлы жолдың үстінде
Адастырмас бұл ғылым!
Ұлы күрес үстінде
Жаңылдырмас бұл ғылым!
Жармасқан жауды жайратып,
Жоқ қылады бұл ғылым!
Коммунизм шыңына
Шығарады бұл ғылым!
Халықтың ұлы достығын
Нығайтады бұл ғылым!
СССР дың қуатын
Күшейтеді бұл ғылым!
Ілгері басқан қадамды
Тездетеді бұл ғылым!

Бұл ғылым — құрал күштісі
Қарулансаң осымен
Майданда жеңіс сенікі.
Кемеңгер совет халықы
Осы ғылымның күшімен
Ежелгі жауды қаусатты.
Олай болса жолдастар
Біздікі жеңіс, біздікі!

О, депутат, жолдастар!
Сенді халық, сайлады
Депутат деген атым бар.
Отан үшін, халық үшін.
Ленин басшы данадай
Қызмет ету салтым бар.
Ленин туы астында
Қуанышқа кенелген,
Бақытқа ұлы бөленген
Ұлы совет халқым бар.
Ұйғарғанын халқымның
Орындауға серт еткен
Бұзылмастық антым бар.
Қырағы, алды болжағыш,
Батыл, іскер, табысқа
Халықты демдеп қозғағыш
Қаһармандық ерлікпен,
Қызмет ету шартым бар.
Қалаулысы халықтың
Депутаттар жолдастар!
Дана Ленин басшымдай
Ұлы совет қоғамның
Тамаша ұлы Отанның
Сүйіктісі болындар!
Сақалымның, шашымның
Қарасы жоқ жалғыз тал
Депутатың қартыңмын.
Советтік дәуірде
Алатаудай шоқтығым,
Тасқын судай шалқыдым.

Облыстық советтің
Сессиясын бірінші
Осыменен ашамын.
Бар ғылымның атасы —
Коммунизм құралы
Ленинизм жасасын!
Маркс — Энгельс — Лениннің
Жеңімпаз туы жасасын!

СЕДОВШЫЛАР

Ұлы Совет халқының,
Мақтаны болған жалпының
Экипажы «Седов» тың —
Ерлерін айтып толғаймын.
Мұзбен көшіп жол жүрген,
Азғана емес мол жүрген.
Қысы қатты, жазы жоқ,
Қаңқылдап ұшар қазы жоқ.
Аюдан басқа аңы жоқ,
Жарқырап атар таңы жоқ,
Мұз мұхитты меңгерген
Онбес герой ұлыма
Жалынды сәлем жолдаймын.

Отан үшін, халық үшін,
Ғылым үшін, жалпы үшін,
Адамзаттың бағы үшін,
Игіліктің қамы үшін
Қызмет еткен ерлердің
Даңқы артсын күннен күн.

Табиғатты бағынтқан,
Қоғамды ұдай байытқан,
Сымсыз хабар алғызған,
Тастан алтын ағызған,
Ой, сананы өрлеткен,

Аспанды өріс жол еткен
Алдыңғы қатар ғылымның
Даңқы артсын күннен-күн.
Өркендеді өмірім,
Шаттыққа толы көңілім.
Біздің Совет халқының
Өнерінен күшінен
Бұл жалғанда кім асты?
Айтшы тарих, куә бол,
Арктиканың аймағын
Бізден бұрын кім ашты!
Ашты совет ерлері,
Арктика алынды,
Жуасыды, бағынды,
Советтің қызыл жалауы
Солтүстіктің мұзына
Мәңгілік боп қағылды.
Солтүстік полюс арқылы
Төте жолдар салынды.
Аспан жолы, су жолы
Тартылып тегіс картаға
Көзге түгел шалынды,
Онбес герой әлемге
Бүгін міне танылды.
Ұлдан герой өсірген,
Қыздан герой өсірген
Қуат көрем бәріне
Компартия — таңымды.

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ

Даңқты Қызыл Армия,
Жыйырма екі жас мүшелін,
Толықсып бүгін толып тұр.
Жеңімпаз халық ұлысың,
Отанның күшті қолысың,
Майданда жолың болып тұр.
Азаттық үшін соғыста
Көрсеткен ерлік істерін
Тарихқа түгел еніп тұр.
Айбатың күшті Армиям,
Жауды қыя бастырма,
Күзетінде берік тұр!
Жабындыдан жау андып,
Қапысын тапса өтпекке
Ұры иттей торып тұр.
Күнбатыста Шемберлен
Ұяласымен қосылып.
Жемтік іздеп ұлып тұр.
Айбарлы күшті ерлерім
Сенімін ақта халықтың
Өз постыңа берік бол!
Соғыс бұлты төніп тұр.
Жеңімпаз Қызыл Армиям,
Сені халық өсірді,
Болаттан сауыт кигізіп,
Сөгілместік көбесі.

Қолыңа найза ұстатты
Желкеден жауды түйре деп,
Ұшқырлы өткір жебесі.
Тұлпар берді астыңа,
Құлынсауыр, құлан жал
Желден жүйрік желісі.
Қырмызы күрең ту берді
Жығылмайтын мәңгілік —
Жеңіс, табыс белгісі.
Шабысы жүйрік пырақтай,
Көзі жанған шырақтай,
Бұта менен теректей,
Жапырып өтер құрақтай,
Танкі беріп белсентті
Көліктің күшті белдісі.
Өкшенді жерге тигізбей,
Жалпылап жаяу жүргізбей,
Топшысы берік қыранмен,
Сұңқар етіп ұшырды.
Ширек ғасыр жыл өтпей,
Ұлы Совет халқының,
Көкке тиді төбесі.
Чапаевтың, Щорстың,
Аманкелді, Лазоның
Салтыңа әбден сіңіп тұр
Батырлық, ерлік үлгісі.
Хасан көлі маңында,
Жүгенсіз кеткен жауларды
Оқ жаңбырмен жайраттың,
Польша жерін билеген
Паңның үнін өшіріп,
Ұясын түгел қыйраттың.
Көгенінен құлдықтың
Он үш миллион халықты
Ерлікпенен босаттың.
Ленинград іргесін —
Қастасқан жаудан тазарттың.
Маннергейм бандасын
Қорғанында жайраттың.
Даңқты Қызыл Армиям,

Әлемге түгел көрсеттің
Үлгісін тегіс қайраттың.
Осы күнде майданда,
Қызыләскер ұлдарым
Қорамсадан оқ салып,
Аңдыған жауды аттатпай
Көрінім жерден абайлап,
Пулемет пен мылтығын
Атуына ыңғайлап,
Партия атын ұран қып
Жауға шапты айқайлап.
Жау ұясын талқандап,
Бомбавоздар бомбалап,
Истребитель жалт ойнап.
Қаһары күшті танкелер
Егескен жауды түре айдап,
Қарсыласқан дұшпанның
Адымдарын ашырмай
Алдына салып қақпайлап,
Қылт еткен жауды бұлтартпай,
Ұшырып оққа бір байлап,
Ақ финдердің басына,
Шүйліге төніп салды ойнақ.
Жеңілмейді біздің ел,
Берілмейді біздің жер,
Шегінбейді біздің ер,
Жарасқанға — жарасу,
Жауласқанға әзір — көр.

ЕЛІМНІҢ КҮШІ ОСЫНДАИ

Тында, халқым, жырлайын
Қызыләскер еріңнен,
Айбаты күшті керімнен,
Құрал, қару сайманмен
Керегі даяр берілген.
Қарсыласып келгенде
Жаудан жоқ жері шегінген.
Самолетпен ұшқанда,
Балаларымның бомбасы
Жау үстіне төгілген.
Бабына түскен сұңқардай.
Жауды көрсе түйілген.
Дұшпандар жаннан түңілген,
Финляндия, Жапонда
Жері жоқ тоқтап кідірген.
Қапаланып жау қашып,
Етегіне сүрінген
Жас бүркіттей қайраттым,
Айдаһардай айбаттым,
Заманымды жайнаттың.
Қызыләскер ұлдарым
Финляндия, Жапонның
Қыйратып жанын жайраттың.
Қарт бабаңды қуантып,
Жыр жырлаттың сайраттың.
Самолетпен ерлерім

Көк жүзінде ойнадың.
Ел қорғаны балаларым,
16 одақ халқыңды
Берік бағып қорғадың.
Қайратыңа балаларым
Қуанышпенен толғадым.
Көңіл жүйрік, көз жетік,
Алыстан жауды болжадың.
Байқадың жауды алыстан,
Қызыләскер балаларым,
Дұшпанменен алысқан.
Хасан көлдің қасында
Жапонды жерге жанышқан.
Оқ өтпейтін танкімен
Балаларым жерде зырлаған.
Самолет көкте зымыраған,
Жау қарасын көргенде
Іркіліп әскер тұрмаған.
Армия жауға кіргенде.
Қашып жаулар шулаған,
Бұршақтайын оқ жауып,
Самурайлар қыйраған.
Талайына оқ тиіп,
Атқан оқтың күшімен
Жау соғылып тулаған.
Қызыләскер балаларым,
Шегінді қорғап, берік бақ!
Ғылым менен өнер тап.
Біреуің мыңнан саспайсын
Ерлік пен бақыт сізде шак
Қайыспайтын қайсар ер
Біреуің қайтпай мыңға шап.
Беріспейсің, бермейсің,
Жауға алмас сермейсің,
Қызыләскер балаларым
Өрден өрге өрлейсің.
Тұлпар берді астыңа
Ұлы халқың, мінсін деп.
Танк берді тағы да
Құралыменен жүрсін деп.

Алмас ілді беліңе
Жауды сермеп шапсын деп,
Дұшпанның басын қақсын деп,
Шекке қойды сендерді
Халықты берік бақсын деп.
Сексеннен асқан қарт бабаң
Өсиеті сенікі.
Күннен күнге еркіндеп
Кеңіді халқым өрісі.
Бір тілекте, бірлікте
Заманның жедік жемісін.
Ынтымақты, тілекте
Қыямыз жаудың желісін.
Ерлердің қызған қайраты
Жанған жалын от болар.
Армияның құралы
Зеңбірек, мылтық, доп¹ болар.
Капиталшыл дұшпандар
Сырттан бізді күндеген,
Кезекті күні келгенде
Сурылған құмдай жоқ болар.

¹ Доп — зеңбіректің (пушка) бір түрі.

ЛЕНИН ТУЫ АСТЫНДА

Жарқырап атқан таңдаймын,
Асусыз биік таудаймын,
Қайрат берді партия
Көрші халқым, қандаймын.
Сексеннен жасым асса да.
Жігерімнен танбаймын.
Отан үшін, ел үшін,
Елімнің өңшең ері үшін
Жыр жырлаймын, сайраймын.
Жеңімпаз батыр халықтың
Ұлы менен қызына
Мен жырымды арнаймын.
Ленин туы астында
Жеңісті талай жыл өтті.
Жасампаз халық ерлікпен
Ұлы Отанды гүлдетті.
Бақыт құшқан жастарым
Еркіндеп өсіп ержетті.
Большевиктік партиям
Ел табысын үдетті.
Қара ниет жаулардың
Қабырғасын күйретті.
Коммунистік партия
Жеңіс жолын үйретті.
Коммунизм шыңына
Халықты бастап өрлетті.

Қолхоз бенен совхоздар
Ен даламды жайлаған,
Тау бөктерлеп жайылған,
Мың-мындап малды айдаған.
Тақыр жерге ну бітіп
Жасыл шөптей жайнаған.
Өндірісім өркендеп,
Ел керегін сайлаған.
Балығы тайдай тулаған
Өнім таптық дариядан.
Тұлпар міндік болаттан
Ауыздығын шайнаған.
Өрісімді кеңейтіп,
Өнер менен ғылымның,
Жері жоқ қанат жаймаған.
Қызыләскер ерлерім
Елін берік қорғаған.
Ақ алмасын қолға алып
Көк найзасын толғаған,
Айбары күшті Армиям
Қыйратты жауды торлаған.
Батыр туған ұлдарым
Болаттан сауыт киінді,
Ел шетіне жау келсе,
Алғыр қыран бүркіттей.
Қанатын қомдап шүйілді.
Хасан көлі маңында,
Халкин көлдің үстінде,
Бұрынғы Польша жерінде
Жау желкесі қыйылды.
Жаудың қолын қаусатқан,
Батырлардың ісіне
Қуанды халқым сүйінді.
Ер қалмасын қызбаған
Отан деген дауысқа!
Отан үшін күресте
Жау желкесін қыйғанбыз,
Шыныққанбыз ұрыста!
Андықан жау құтылмас,
Өшір үнін, жанышта,

Отаннан қымбат еш зат жоқ
Өміріңді бағышта!¹
Еңбектің мың-мың ерлері!
Қуатын күшейт Отанның
Түс өзара жарысқа,
Өндірістік өрлеумен
Тез жет жаңа табысқа.
Ленин туы астында
Сан табысқа жеткенбіз!
Ленин туы астында
Онбір одақ — Ұлы Отан
Мызғымас қып тіккенбіз.
Ленин туы астында
Халықтардың достығын
Бір туғандай еткенбіз.
Ленин туын қолға ұстап
Нелер қыйын асудан
Жеңіспенен өткенбіз!
Осы тудың астында
Талқан қылып жауларды
Жеңдік, әлі жеңеміз!

¹ Бағышта — арна деген мағынада.

БОЛЬШЕВИКТИК КӨКТЕМ

Жаз шықты, нұр төгілді алтын күннен,
Ән шырқап, сайрады құс неше үнмен,
Түгіндей көк мақпалдың құлпырды жер
Бөленді айдын дала? хошты гүлмен.

Қалада жұмыс қызды, еңбек тасты,
Ырыстың ұлы еңбек көзін ашты.
Еңбектің жаңғырыққан дабылына
Толқыған шаттық әні араласты.

Бірінші, ел нәсібі — еккен егін,
Егінді жайқалдырған өңшең ерім.
Қарасам ойда егіс, қырда егіс,
Құлпырған, торғын топрақ құтты жерім

Құрал сай, қолда даяр, керегіміз,
Шын ниет күшті болса жігеріміз,
Күресте сапа үшін, өнім үшін
Жеңіспен орындалмақ тілегіміз.

Қыймылда еңбек ері үдет істі,
Таңырқап көрсін әлем, біздің күшті,
Бүгін ексек, орамыз күні ертең,
Сары алтын — егін болсын жердің үсті!

Үшінші бесжылдықтың міндеттерін
Күнбе-күн орындауда байтақ елім.
Асып тұр арнасынан ел дәулеті,
Толысып толымдалды орта кемім.

Жырт жерді, сеп тұқымдар, дер күнінде
Тұқымның сенім күшті өнуіне,
Күні ертең еңбегіңнің нәтижесін —
Орарсын — піскенінде мезгілінде.

МАЙ ЖЫРЫ

Жердің жүзін жайнатып,
Әнші құсты сайратып,
Жарқыраған жаз келді.
Көл еркесі — жыл құсы,
Айдыннан болып қонысы
Аққу, үйрек, қаз келді.
Жаз жыршысы — бұлбұлдың,
Мың қайырған үнінен
Жүрекке жылы наз келді.
Құс балапан өрбітіп,
Мал соңына төл ертіп,
Өсіп көңілі мәз болды.

Майда шуақ, жылы жаз
Ұлы Совет елінде,
Ел ырысы — құт, байлық
Береген мырза жерімде,
Мыңғырған мал жайылған
Бәйшешекті белімде.
Асыл қазына мол жатыр
Океан, теңіз, көлімде,
Жүйткіді сансыз машина
Жайлауымның төрінде.
Қазылып канал, ақты сел
Құс ұшпастың шөлінде.

Болат күстар жаркылдап
Қалықтады көгімде.
Тусыраған неше жыл
Бөленді дала егінге.
Октябрь таңы атты да,
Жан саясы шықты жаз
Болмаған бұрын өмірде.
Жер жарылып көк шығып,
Жыныс ағаш көп шығып
Қоштандырған май айы.
Көңілді судай шалқытып,
Гүлдің исін аңқытып
Шаттандырған май айы.
Батыр, ұлы халықты
Жұмылдырып еңбекке
Аттандырған май айы.
Арық атқа жал беріп,
Атанға майлы қоң беріп
Баптандырған май айы.
Созған қолды ұзартып,
Әлемді түгел жасартып
Мақтандырған май айы.
Адамды күстай түлеткен,
Еңбегінді үдеткен
Біздің елдің май айы.

Он екі айда бір келген
Майым менің берген.
Сондықтан да бір өзін —
Он бір аймен тең көрем.
Май айында аңғарсаң
Жер желіндеп, төлденген.
Сабау — терек жайқалып
Жапырақ атып гүлденген.
Бетке жұмсақ тиеді
Жібек желі үрлеген.
Торғын топырақ жерім бай,
Жерім бай да, елім бай —
Қазынасы бар ма бермеген.
Еңбек ері күлшына

Табысқа құлаш сермеген.
Ұл, қызым шоқтай жайнайды
Үлде киіп бүлдемен.
Жеңімпаз халық күшіне
Табиғатта сыр да жоқ
Бағынбаған, көнбеген.
Батыр туған ұлдарым
Отан үшін ұрыста
Жауын жаншып, илеген.
Өндірісім өркендеп
Бесжылдықтың сазымен.
Шыйыршық атып билеген.
Заманымның пырағы —
Жүйрік поезд аңқылдап,
Планын артық орындап
Келіп тұр майға сыйменен.
Осыны көрген Нұрпейіс,
Шабыттанып, шаттанып
Төкті күйді пернеден.
Бірінші Майға ылайық
Тарту тарттым жырменен.
Алтын шоқтай жайнайды
Өмір қызық, тұрмыс шат
Қарауға көзің тоймайды.
Жерде жанған жұлдыздың
Сәулесі көкте ойнайды.
Жерге біткен жемісім,
Тұшытып тұр таңдайды.
Өмір жазын жырласам
Сауығы күшті шат халқым —
Құлағын тігіп тыңдайды.

ДОСКЕЙГЕ

Шын толғанып тербенсем
Сөз асылын табармын.
Тұрасы бітпес тұлпардай
Талай жылдар шабармын.
Қашаған сөзді құтқармай,
Қырандайын қағармын.
Алдын бермес жүйрікпін,
Алқалы жерде озармын,
Жаңылмас жақ, шешен тіл
Сөйлеген сайын қозармын.
Халқым үшін мәнерлеп,
Жырдан жиек ызармын.
Отан үшін, халық үшін,
Елім менен ерімнің
Көтерілген даңқы үшін
Шығандатып әнімді
Талай-талай салармын.
Сөз нөсерін төгемін,
Сөйледі тілмен көмейім.
Сөздің інжу, маржанын,
Қалдырмайын терейін.
Қалған жасым халық үшін
Жырымды түгел берейін.
Уа, Досеке, Досеке!
Тоқсан жасқа келгенше
Жыр-жырладың ел үшін.

Табысқа құлаш сермеген.
Ұл, қызым шоқтай жайнайды
Үлде киіп бүлдемен.
Жеңімпаз халық күшіне
Табиғатта сыр да жоқ
Бағынбаған, көнбеген.
Батыр туған ұлдарым
Отан үшін ұрыста
Жауын жаншып, илеген.
Өндірісім өркендеп
Бесжылдықтың сазымен.
Шыйыршық атып билеген.
Заманымның пырағы —
Жүйрік поезд аңқылдап,
Планын артық орындап
Келіп тұр майға сыйменен.
Осыны көрген Нұрпейіс,
Шабыттанып, шаттанып
Төкті күйді пернеден.
Бірінші Майға ылайық
Тарту тарттым жырменен.
Алтын шоқтай жайнайды
Өмір қызық, тұрмыс шат
Қарауға көзің тоймайды.
Жерде жанған жұлдыздың
Сәулесі көкте ойнайды.
Жерге біткен жемісім,
Тұшытып тұр таңдайды.
Өмір жазын жырласам
Сауығы күшті шат халқым —
Құлағын тігіп тыңдайды.

ДОСКЕЙГЕ

Шын толғанып тербенсем
Сөз асылын табармын.
Тұрасы бітпес тұлпардай
Талай жылдар шабармын.
Қашаған сөзді құтқармай,
Қырандайын қағармын.
Алдын бермес жүйрікпін,
Алқалы жерде озармын,
Жаңылмас жақ, шешен тіл
Сөйлеген сайын қозармын.
Халқым үшін мәнерлеп,
Жырдан жиек ызармын.
Отан үшін, халық үшін,
Елім менен ерімнің
Көтерілген даңқы үшін
Шығандатып әнімді
Талай-талай салармын.
Сөз нөсерін төгемін,
Сөйледі тілмен көмейім.
Сөздің інжу, маржанын,
Қалдырмайын терейін.
Қалған жасым халық үшін
Жырымды түгел берейін.
Уа, Досеке, Досеке!
Тоқсан жасқа келгенше
Жыр-жырладың ел үшін.

Елдің қамын ойлаған
Адал ниет ер үшін.
Ленин туы астында
Кеңейді міне өрісің.
Отан үшін жырлай бер
Алатаудай ақ басты
Төбең көпке көрінсін.
Өзегі қыл жырыңның
Отанымның жеңісін.
Айтып бер көпке жырменен —
Сұлу сөзді кестелеп
Бақыттың ұлы желісін.
Бұрынғы өткен ақындай
Жоқ мұқтажың, кемісін.

ОРЫНДАЛҒАН ТІЛЕК

Онекі перне екі шек,
Домбыра менің жолдасым.
Жүрекке жылы сазыңмен
Даусыма қосыл аңқылдап
Жырымды күй қолдасын.
Шабытымды шарықтат,
Жер танабын шаршылат.
Көп жасаған Нұрпейіс
Көрсетсін жұртқа жорғасын.
Тілден жырды күйылта,
Тындаған жанды ұйыта
Бақыт жырын толғасын.
Алтын Отан аймағым
Жырлады деп Байғанин
Құлақ түре тындасын.

Талай жылдар жырладым,
Жырлай жүре жыладым
Патшадан көріп зорлықты.
Желім болды жегенім,
Орындалмай дегенім
Байдан көрдім қорлықты.
Мінеріне ат таппай,
Ішеріне ас таппай
Нұрпейіс талай торықты.
«Жаяу жыршы» атанып,

Өзектің басын тат алып
Күшімді бойдан сарықты.
Октябрьдің таңымен
Көрдім нағыз жарықты.
Ағарғанда сақал, шаш
Қайта жасап болдым жас.

* * *

Совет елін тұс-тұстан
Жау қамаған күндерде,
Жиһангерлік соғыстан
Күйзеу тартқан күндерде,
Соғыс күші тым әлсіз
Төмен болған күндерде,
Жау қолында жер кетті.
Ағайыннан айрылып,
Айрылғанға қайғырып
Туысы бір ер кетті.
Жырымдалып жығылып
Украинадан жұлынып
Барымтаның жолында
Руминия қолында
Бессарав деген ел кетті.
Содан бері санасам
Жыйырма екі жыл өтті,
Сонда туған жас бала
Бүгін міне ержетті.
Тұлпар мініп жұлқынтып,
Танк мініп бұлқынтып,
Қыран құсын шүйілтіп
Отан шегін күзетті.
Алысқан жауын майданда
Келсе де мейлі қайданда
Қабырғасын күйретті,
Батыр туған ерлерім
Орындап елдің тілегін,
Андысқан жауын айбармен
Ұрмай-соқпай үйретті.

Барымтамен қыйсайған
Отан шегін түзетті.
Дунай бойын жайлаған,
Зығыры іште қайнаған,
Жат қолында жаншылған,
Бауыр қайта қосылған
Қуанышты күні өтті.

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ

Домбыра тартып, ән шырқап,
Жасымнан ақын атандым.
Думанды жырмен қыздырып,
Әнімді көптен оздырып,
«Бала жыршы» атандым.
Октябрь таңы атқанша,
Жанышталдым, тапталдым.
Қазір төбем көк тірей,
Жасарып күнде мың түлей
Ақыны болдым Отанның.
Ерте, ерте, ертеде,
Ел тұрғанда кертеде
Бөгеді патша жолымды.
Болыс, би, молда, бай мен бек
Білмеп еді пұлымды,
Күрмеп еді тілімді,
Бағаламай жырымды,
Өтірік деп шынымды,
«Өлең айтқан күнә» деп,
Келтіріп еді жынымды.
Енді қазір, мінекей,
Жыр төгеді көмекей —
Отан үшін, халық үшін,
Бұзылмастық ант үшін.
Осыдан артық бақ бар ма?

Мен секілді карт үшін!
Мұғалім өңкей жастарым,
Адал қызмет етіндер!
Халыққа іспен жағындар!
Бақытты жас ұрпақты,
Коммунистік рухта,
Тәрбиелеп, бағындар,
Ленинизм бал бұлақ —
Осыған әбден қанындар!
Домбыра тартып, ән шырқап
Жасымнан ақын атандым.
Думанды көрсем қызына,
Алқалы топты қыздыра
Көмекейден жыр төктім,
Домбыра тартып күй төктім
Құлақтың құршын қандыра.
Қолданған жастан домбыра
Тартқан сайын қунай түс
Құлындайын құлдыра.
Тыңдаушыны балқытып,
Даусың көкке аңқытып,
Мәнерлеп шығар үніңді
Көкейіне қондыра.
Мен сексенге келгенше,
Бақытты, шат өмірдің
Құшағына енгенше
Қалмап па едің әдіра,
Даусың көпке ұнасын,
Мың сан қырдан асыра
Жазғы таңдай жадыра.

ӨМІР КӨРКІ ОҚУДА

Тіл жеткенше жырлайын
Қызық, кеңдік заманды,
Шығарайын көңілден
Нешетүрлі санамды.
Қызыл тілім сөз тапқан
Желдей ескен самалды.
Оқу оқып, өнер біл,
Оқу — қорған пананды.
Адам деуге болмайды
Білмеген ғылым наданды.
Бұрынғы өткен ұрпақтар
Надандықтан қамалды.
Қыйыншылық сол заман
Басымыздан арылды.
Қайғымен жылап ел кетті,
Еңреуменен ер кетті.
Октябрь берген бақытқа
Халқым қолы тез жетті.
Оқу білген жастарым
Қуанышпен ержетті.
Оқу оқы жастарым
Бағынды заман өрлетті.
Қолың жетті уа, халқым,
Не десеңде талапқа,
Қыз бенен ұлым көңіл сал
Ұмтылыңдар сабаққа.
Надан болса адамның
Жетуі қыйын талапқа.
Оқу үйрен балаларым,
Біліктіге жанаста!
Шынымен көңіл салыңдар,

Надан болып адаста.
Оку билсен балаларым,
Көрмеген қызык көрерсің,
Өрте өрлеп жөнөрсін,
Оку алдым деген сөз —
Тәтті жеміс терерсің.
Балаларым сізде білік мол,
Еркін жетті тіл мен қол.
Ыждағат ет оқуға,
Оку сізге данғыл жол.
Білігінді көркейтп
Ыждағат ет адам бол.
Білік билсен озарсын
Халыққа басшы боларсын.
Егер білім білмесен
Өмірден сон қаларсын,
Ыждағат ет, оқуда
Қатардан орын аларсын,
Атанның айтқан бұл сырын
Көңіліңе тоқып аларсын.
Ғылым деген биік шың
Едбек етсең аларсын.
Сәулетті заман жанып тұр,
Қуанышта халық тұр.
Қуанбай халық неғылсын,
Коммунизм соңына
Қолы жетіп барып тұр.
Қайғысы жоқ, кемдік жоқ,
Қызыләскер ұлдарым
Халқымды берік бағып тұр.
Не істесек ісіміз
Алға басып барып тұр.
Білім билсең егерде
Халыққа пайда берерсің.
Егер оқый білмесен
Абройың төгерсің.
Оку билсең беренсің,
Ақылға асқан тереңсің,
Батыл жүрек, ерлікпен
Өзіңе-өзің сенерсің.

* * *

Ұшқыш — батыр ұланым,
Самолет — күшті құралым
Советтік менің заманым
Отан үшін тудырған.
Көк көбесін бұзатын,
Ескен желден озатын
Самолеттің маторы
Сом болаттан құйылған.
Қос қанаты жарқылдап,
Ұшқан сайын аңқылдап,
Күншілікті демде алып
Жер танабын қуырған.
Жау адымын ашырмай,
Аяғын қыя бастырмай,
Томаға көз қыраным
Көреді шолып қыйырдан.
Тандандырып әлемді.
Абыройға бөлендің,
Советтік біздің сұңқарлар
Өтіп сыннан, қыйыннан.
Қанаттанған ұл, қызым
Өріс еткен көк жүзін.
Күзетіңе берік бол,
Алысты болжап тұғырдан!

КОМИССАР ПОЖАРСКИЙ

Кестелі кеңес бастайын,
Қыйыршығыс жерімнен,
Шағалалы-шалғынды
Суы шарбат кәлімнен.
Арыстандай айбатты,
Қаһарман күш қайратты,
Отан шегін күзеткен
Қайтпас берен ерімнен.
Алтын туға бөленген,
Бір кем емес кілемнен,
Топырағы торқадай
Бетегелі белімнен.
Қарағай, қайың, тал, терек
Төбесімен көк тіреп,
Бұрымындай сұлудың
Мәуелеп өсіп, өрілген.
Отан үшін, халық үшін.
Астана жұрт, жалпы үшін,
Жыр жырлауға бұлақтай,
Ауырлығы сынаптай
Көмейден сөзім төгілген.
Бағыш егіп халқыма,
Отанымның даңқына
Ақтардым жырды көңілден.
Таудан аққан бұлақтың
Теңізге құяр сағасы.

Ер еңбегі — ел бағы
Халықтың болар қазнасы.
Дүбірлі туған тұлпардың
Тастақты жерде шапса да
Таусылмайды тұрасы.
Жалынды туған ер ұлдың
Жау үрейін аларлық
Айбатты келер тұлғасы.
Андысқан жауын ықтырған,
Жауласқан жауын жоқ қылған
Өткен талай қол басы.
Өжет ерге шыдар ма
Жаудың құрған құрмасы.
Берілмейді ешкімге
Октябрьдің олжасы.
Ел шегінде күзетте
Октябрьдің құрдасы.
Ел өсірген ұлдарым
Ақыл, ойдың құрдасы.
Сексеннен асқан Нұрпейіс
Хасан көлін жыр қыла,
Құлақ құрышын қандыра
Кәне, енді бір толғасын!

I

Көгілдір аспан төрінде
Алақандай бұлыт жоқ
Шілденің шуақ күні еді,
Хасан көлдің маңайы
Жайнаған көркем түр еді.
Әдемі жайлы жазында,
Жаздың көркем назында
Зеренге құйған тортадай,
Хасан көл тұнып тұр еді.
Хасан көлдің табысын
Әркімдер-ақ біледі.
Шар қозғалып жайқалмай,
Көл толқындап шайқалмай,
Жердің түрі маужырап,

Майса құрак балбырап,
Қарағашта қарақат
Бұтақтан төмен салбырап,
Орманда өсер жемістін
Толысып піскен күні еді.
Хоштандырған көңілді,
Бөлеген әнге өңірді.
Жыныс нудың ішінде
Сайраған бұлбұл үні еді.
Бұтағы бұлтты тіреген,
Түбір шалғын, самалды
Үстен төнген терегі.
Жерім бейне бүлістей,
Көлім бейне күмістей,
Айналасын көмкерген
Жұпар иіс гүл еді.
Салқын шалған белестін
Шоқтығын басқан нұр еді.
Мекен еткен бұл көлді
Ойлаңдаршы, кім еді? —
Біздің Совет елі еді.
Осы көлге сұқтанып,
Әскер жыйнап, топтанып,
Хасан көлін алам деп,
Қарсыласқан адамды
Қылыштаймын, шабам деп,
Өзін-өзі зорсынып,
Басқаны төмен қорсынып,
Елірген Жапон сол ісін
Көптен айтқан кеп еді.
Жапон бізге қашаннан
Аңдысып тұрған жау еді.
Бейбіт елге соқтығып
Іздегені дау еді.
Көздегені олардың
Хасан көлін қоршаған
Биік шоқы тау еді.
Сол жерімді күзетіп,
Жарқын жүзді, келбетті,
Қарсы келер жау болса

Дұшпанға кекті бермес-ті,
Арғымақ атын ойнатып,
Алмасын өткір қайратып,
Астына мінген тұлпардың
Ауыздығын шайнатып,
Батыр туған халықтан
Ұл екенін аңдатып,
Қыран құстай шүйліккен
Ісіне көпті таңғалтып
Жүрді қызыл ерлерім,
Сүйенішім, белдерім.
Ел дегенде есіме
Ұлан байтақ жер түсер.
Ер дегенде есіме,
Сол жерімді күзеткен,
Постыға тұрған кезекпен,
Айбыны жауды сескенткен,
Әлемге күшін көрсеткен
Қызыл жаға ер түсер.
Осы ерлері елімнің
Шаруасын бағып тұр.
Қарауыл берік, барласып
Қып еткен жаудың қыймылын
Алыстан байқап көруге
Қыяға көзін салып тұр.
Біздің ердің салты осы,
Отанға берген анты осы,
Берген антын ақтауға,
Өзінің ұлы Отанын
Жаудан аман сақтауға
Қызмет етті, етеді
Жауынгер қызыл ерлерім.

II

Пікірі жаман ойлаған,
Әлсіздердің жерлерін,
Бейқам жатқан елдерін
Күшпен басып алуға
Құныққан, әбден тоймаған.
Арам ниет самурай

Өзін мақтап зарлаған,
Көтеріп өзін жоғары
Басқаларды қорлаған.
Қашаннан бұзық ел еді,
Талайды жаншып жеп еді.
Жұртты өзіндей көрмеген,
Қанаттас, көрші еліне
Тыныштық сірә бермеген.
Мықтысынып өздерін
Бітімге сірә көнбеген.
Сол ниетпен самурай,
Манжурия көп халкын
Басып алды күшпенен.
Зәбірі бар ма бермеген?
Оны алып болды да,
Қытайға салды шеңгелін.
Алып жатыр біртіндеп,
Шетінен жаншып жеңгенін.
Оған місе қылмастан,
Сол қалпында тұрмастан,
Алмақ болды біздерден,
Ұлы Совет елінен
Хасан көлдің дөңдерін.
Ол ойлады өзінше:
Бір кездерде жапырып
Ресейдің патшасын,
Қуырып түгел апшысын,
Порт-Артурды алғандай,
Дабысы жерді жарғандай,
Қыйналмастан оп-оңай.
Хасан көлін алам деп,
Оған айла табам деп,
Қарсы шықса Советтің
Әскерлерін аттатпай
Оңды, солды шабам деп.
Міне осындай ниетпен,
Әскерін жыйып баптаған,
Жебелі найза саптаған,
Жер қайысқан колдарын
Хасан көлдің маңына

Душпанға кекті бермес-ті,
Арғымақ атын ойнатып,
Алмасын өткір қайратып,
Астына мінген тұлпардың
Ауыздығын шайнатып,
Батыр туған халықтан
Ұл екенін аңдатып,
Қыран құстай шүйліккен
Ісіне көпті таңғалтып
Жүрді қызыл ерлерім,
Сүйенішім, белдерім.
Ел дегенде есіме
Ұлан байтақ жер түсер.
Ер дегенде есіме,
Сол жерімді күзеткен,
Постыға тұрған кезекпен,
Айбыны жауды сескенткен,
Әлемге күшін көрсеткен
Қызыл жаға ер түсер.
Осы ерлері елімнің
Шаруасын бағып тұр.
Қарауыл берік, барласып
Қып еткен жаудың қыймылын
Алыстан байқап көруге
Қыяға көзін салып тұр.
Біздің ердің салты осы,
Отанға берген анты осы,
Берген антын ақтауға,
Өзінің ұлы Отанын
Жаудан аман сақтауға
Қызмет етті, етеді
Жауынгер қызыл ерлерім.

II

Пікірі жаман ойлаған,
Әлсіздердің жерлерін,
Бейқам жатқан елдерін
Күшпен басып алуға
Құныққан, әбден тоймаған.
Арам ниет самурай

Өзін мақтап зарлаған,
Көтеріп өзін жоғары
Басқаларды қорлаған.
Қашаннан бұзық ел еді,
Талайды жаншып жеп еді.
Жұртты өзіндей көрмеген,
Қанаттас, көрші еліне
Тыныштық сірә бермеген.
Мықтысынып өздерін
Бітімге сірә көнбеген.
Сол ниетпен самурай,
Манжурия көп халқын
Басып алды күшпенен.
Зәбірі бар ма бермеген?
Оны алып болды да,
Қытайға салды шеңгелін.
Алып жатыр біртіндеп,
Шетінен жаншып жеңгенін.
Оған місе қылмастан,
Сол қалпында тұрмастан,
Алмақ болды біздерден,
Ұлы Совет елінен
Хасан көлдің дөңдерін.
Ол ойлады өзінше:
Бір кездерде жапырып
Ресейдің патшасын,
Қуырып түгел апшысын,
Порт-Артурды алғандай,
Дабысы жерді жарғандай,
Қыйналмастан оп-оңай.
Хасан көлін алам деп,
Оған айла табам деп,
Қарсы шықса Советтің
Әскерлерін аттатпай
Онды, солды шабам деп.
Міне осындай ниетпен,
Әскерін жыйып баптаған,
Жебелі найза саптаған,
Жер қайысқан қолдарын
Хасан көлдің маңына

Күні-түні топтаған,
Мылтықтарын оқтаған,
Қару-жарак азығын
Неше айлық соғысқа
Жетерліктей мықтаған.
Окоп қазды терең қып,
Атпақ болып бұқпадан.
Сай болғанша жабдығы
Алас ұрып дамылсыз,
Бір күн тыным таппаған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде кірпік қақпаған.
Осылай болды дәл айтсақ
Самурайдың істері
Шекараны аттаған.

III

Шекарада, заставта,
Қызыл әскер өзінің
Атқарып жатты қызметін.
Отан шегін күзетіп,
Өтеп жатты міндетін.
Әлсін-әлі қарауыл
Қарасып тұрды кезекпен
Бос өткізбей міндетін.
Командирі заставтың
Постыға барар әскерге
Келсін деп хабар береді.
Он бір адам қарауыл
Қару-жарак, сайманмен
Алдына хош, деп келеді.
Кішілікпен честь беріп
Не айтасыз, деп еді:
— Әскерім, деді, салтың бар,
Қызыләскер — жауынгер
Күшті атак, даңқың бар.
Қару-жарак қолыңда,
Ерлерім, бейқам болмастан,
Шекараны күзеттің.

Шекарадан жаулардың
Аяғын қыя бастырмай,
Серт еткен антты бұлжытпай,
Жолдастарым, орында.
Берік бақ, ерлер, шебінді,
Қызыл әскер айбатты
Берме жауға кегінді!
Көтеріп дүрбі қолға алып
Қыйырға сал көзінді,
Сақ күзет тұрған жерінді.
Аранды сирек қалдырма,
Құрал-сайман, қарумен
Бір тілекпен түгел тұр.
Жау келетін турадан
Көзінді, ерлер, аударма
Берік сақта, шегінді.
Берік тұрсаң бірлікте
Самурайдан аларсың
Әлі-ақ бір күн кегінді —
Деп командир осылай
Ерлерге ақыл айтады.
Командирдің сөзіне
Түсініп ерлер жөнелді.
Техниканы меңгерген
Бәрі бірдей өнерлі.
Айла менен ақылға
Білігі артық, шеберді.
Қызыләскер ерлерім
Айбаты артық сымбатты.
Күзетте ерлер жүргенде
Қызара барып күн батты.
Күзетші берік бағып тұр,
Жорғалаған жаулардың
Бастырман деп аяғын.
Егер басса аяғын
Дейді мойын қыямын,
Қуырамын заманын,
Құрытамын амалын.
Өзіне-өзі серт етті,
Шекарадан екі елі

Аттатпасқа қадамын.
Советтің құтты жеріне
Бастырмасқа табанын.
Өз күшіне ерлерім
Әбден мықтап сеніп тұр.
Қараңғы түннің ішінде
Аудармай көзін басқаға
Күзетінде берік тұр.
Кірпік қақпай қадалып,
Маңайын түгел көріп тұр.
Түн ортасы болғанда
Уақығға болды айтарлық
Әңгіме, жыр қылғанға.
Көптен бері күтінген,
Самурайлар лап қойып
Шекараны бұзады.
Неше жылдай ойлаған
Мақсаттарын қылады.
Күзетте тұрған Советтің
Әскерлері аянбай
Гранат, оқпен сыбады.
Аянар жер қалған жоқ,
Қорқыныш ойға алған жоқ,
Мың сан жаумен он бір ер
Аянбай ұрыс қылады.
Жаулар көп те, бұлар аз,
Оны да елең қылмады.
Самурайдың тобына
Ержүрек он бір жауынгер
Қашпай, қарсы тұрады.
Оң келгені оңынан,
Сол келгені солынан
Жантая барып құлады.
Кейбір жаудың қолдарын
Қар түбінен жұлады.
Қылыш кескен бастары
Домаланып доптай боп
Шоршып жерде тулады.
Он бір жігіт осылай
Жігері мұқап жасымай,

Ұрыса берді жауменен
Шектен жауды асырмай.
Минут санап жаулардың
Әскерлері молайды.
«Банзай»¹ лаған ұранмен
Түн ішінде шулайды.
Күзетте тұрып ұрысқан
Қызыләскер ерлерді
Алды, артынан орайды.
Жаңбырдай жауған қалың оқ
Толастанбай борайды.
Отан үшін ұрысқан
Батыр туған ер ұлдан
Оққа ұшып төртеуі
Жаралы болып құлайды.
Сол арадан, заставтан
Әскер де келіп жетеді,
Жаудың шебін талқандап
Кедергіден өтеді,
Құрған торын қылыштап
Қырқа турап сөтеді.
Сонда да Жапон қаймықпай
Оқ жаңбыры айықпай
Азғана қолды басынып
Шекті бұзып өтеді.

IV

Шекараны жау басты,
Біздің Хасан көліне
Шеңгелін сала жармасты.
Әскерлерін көбейтіп
Күшіне күші ұласты.
Соғысқанға жауменен
Міне қазір түн асты.
Аз адамға бой бермей,
Тиісті сокқы берерлік
Күш келмесе болмасты —

¹ Банзай—жапонша команда, ұран.

Деп хабарды штабқа
Берді застав осылай.
Тездетіп жауап бермесек,
Басынып барад самурай,
Анау-мынау дегенмен
Ұрыс болды бір талай.
Осы хабар тезінен
Сталинге — көсемге,
Ворошилов маршалға
Барып шапшаң жетеді.
Осы хабар бойынша
Мәскеуден хабар алынды.
Хабарда былай жазылды:
«Ел шегіне берік бол,
Кірмесін ішке қапылда
Самурайдың сансыз қол.
Аяғын көлге бастырма,
Адымдарын ашырма,
Азаматтар ат қойсын,
Жауға қарсы лап қойсын,
Аяғын қыя бастырмай,
Жаудың қолын жойындар!
Тез құртатын жолың бар,
Ұрысқа бекем болындар!
Бұйрық осы сіздерге
Тап бұлжытпай орындар».

V

Шығыс шегін күзеткен
Жеңімпаз Қызыл Армия
Есітті түгел хабарды.
Түрлі соғыс құралын
Даярлады, қамдады.
Самурайды жоюға,
Жермен жексен қылуға,
Қайтпас жүрек ерлерім,
Асынып қару құрсанды.
Мәскеуден хабар алған соң,
Жаудың тобын қайырмақ,

Самолетті, танкіні,
Баршасын сайлап даярлап
Болғаннан соң бәрі сай
Тұрмады енді аялдап.
Пулемет пен зеңбірек
Бәрін құрып сайлады.
Алмасын өткір қайрады,
Шын болаттан соқтырған
Даярлады найзаны.
Бес атар мылтық қолға алып,
Қызыләскер ерлерім
Ашу қысып долданып,
Соғысатын шегіне
Шықты әскер жонданып.
Қызыл туы жалбырап,
Айбатты тудың шашағы
Тұс-тұсынан салбырап,
Ашу қысқан ерлердің
Екі беті албырап,
Көргенше жауды асығып
Екі көзі жаудырап,
Ашу қысып тербеніп,
Құралды түгел сайлады,
Күреңіткен қызыл ту
Тұс-тұсынан жайнады.
Өңшең батыр ер жүрек
Жеңімпаз тудың астында
Ұрысқа белін байлады.

VI

Бір бөлек әскер бастығы
Пожарский — комиссар,
Түсіндіріп әскерге
Соғыс жайын баяндап,
Айтты оларға көп мысал.
Қысқа айтып сөзін тоқтатып,
Өзінің досы, еріне
Бөлімнің командиріне —
Ласкинге келді жақындап,

Жүруді, енді, мақұлдап
Аттанды әскер майданға.
Пожарский жүрерде
Сүйікті жары — Ольгамен
Жарқын жүзбен қоштасты,
Қысып қолын ұстасты.
«Аман бар да, сау қайт» — деп
Шығарып салды жан жары
Пожарский жолдасты.
Атқа мінген азамат,
Астында тұлпар қазан ат,
Ашу ерді қамалап,
Санға қамшы сабалап,
Ардақтаулы тұлпарлар
Басы көкке қараған,
Кіндігінен жараған,
Ардақтап барып сейістер
Құйрық, жалын тараған.
Аяқтан ұшқан тозаңы
Жел соққан қардай бораған.
Біздің әскер мінген ат
Бәрі тұлпар озаған.
Жал құйрығы тігіліп,
Бауырдан жарап бүгіліп,
Ортекедей орғытып,
Ақ бөкендей жорытып,
Екі көзі жалтылдап,
Құйысқаны сартылдап,
Өмілдірік салынып,
Омырау да алқылдап,
Қара терге боялды,
Ерлер мінген тұлпары
Екіленіп оянды,
Аттылардың артынан
Жаяу әскер ілесе
Майданға о да таянды.
Ер екпіні осындай,
Жаудың қолын талқандап
Қыйратпай қоймас қамалды.
Самурайға тарылтып

Түсірер ақыр заманды.
Бәрі білгіш, айлакер,
Ақылға асқан амалды.
Жортқан сайын жел соққан
Аттың үсті самалды.
Баяулап ескен жылы жел
Көтерді жерден тұманды.
Пожарский мен ер Ласкин
Бір бөлек топты басқарып,
Майданға шықты жолданып,
Бес қаруын қолға алып.
Айбаттанып ақырып,
Ашу қысып долданып.
Алға басып, ұмтыла
Майданның кірді шетінен.
Заозерный тауының
Оңтүстік жақ жолдарын
Кедергілеп тастады.
Орналасып барлығы
Атылар оқтың өтінен,
Құйылып жатты майданға
Біздің әскер танкімен.
Әскердің әрбір бөлімі
Қызыл туы желбіреп,
Келіп жатты салтымен.
Жау шетіне келгенде
Жай тасындай жайнады,
Қажыры тасып қайнады.
Ерлерім елдің қорғаны
Қас қаққанша болмады,
Командамен лап қойды,
Жауға жаппай ат қойды,
«Ура» лап ұран шақырып,
Айбаттанып ақырып,
Әне-міне дегенше,
Самурайды састырып,
Өкшесін отқа бастырып,
Майданға кірді жапырып
Сансыз әскер, құралмен.
«Банзай» лаған ұранмен,

Тіресті, жапон қашпады.
Екі жақтың әскері
Хасан көлдің маңайын
Толтыра кеп қаптады.
Пожарский бастаған
Қызыләскер ерлерім
Жауға қырғын салып жүр.
Қылышын қанға малып жүр,
Қарсы келсе құлатып,
Қыя келсе сұлатып,
Ерлердің мейрі қанып жүр.
Пожарский, ер Ласкин
Шынардан да шынарды,
Шынарлығы емес пе,
Жолсыз жерден жол салды.
Гранат пен винтовка
Жау қаруын қолға алды.
Ашу тұтып айқайлап,
Түгі шығып сыртына
Қызарып жүзі нұрланды.
Жау ішіне кіргенде
Күреңітіп ажары,
Бойындағы қуаттың
Сыртқа тепті ызғары.
Пожарский, ер Ласкин
Айтулы ердің өзі еді,
Есік-есік жол салып
Жау арасын бөледі.
Қыядан ұшқан бүркіттей
Жау үстіне төнеді.
Ерік бермей дұшпанға
Бөріктіріп келеді.
Ерлер қайрат бастады,
Жаудан қорқып, саспады.
Терең су Хасан көлінен
Түсуге бойын тартпады.
Киім, бомба, қаруды
Арқасына таңады.
Малтып, өтіп сол көлден
Қызыләскер ерлерді

Пожарский, ер Ласкин
Алға бастап барады.
Машина кұрал қолдағы,
Кім шыдайды жолдағы.
Кездескен жау оңбады,
Бұл бір қызық күн болды,
Тұс-тұсынан танкі алып
Күндізгі күн түн болды,
Тау үстінде қара тас
Талқан болып, күл болды.
Түтінді қосып, түтінге
Пулемет пен зеңбірек
Тетігі түгел ашулы.
Пулемет пен винтовка
Бұршақтата атқан оқ
Қалың жауды састырды.
Үріккен қойдай дүркіреп,
Бірін-бірі басулы.
Қашып жаулар шулады,
Қайратына әскердің
Дұшпан шыдап тұрмады.
Қабат-қабат оқ өтіп,
Оқ тиген соң жауыз жау
Еңреп, жылап шулады,
Қырылған дұшпан сел болды.
Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты,
Бір атқанда он атты,
Атқан жауын кұлатты.
Қашқан жауды алдынан
Танкімен тосып орапты.
Әскерім ісін оңалтты,
Жан жетпейтін жауларды
Дүниеден жоғалтты.
Бір кісі мыңға саналды,
Қолындағы найзасы
Қарсыласқан жаулардың
Өңменінен қадалды.
Жаудың күні қараңғы,
Қашарына жер таппай

Жау тұйыққа қамалды.
Сонда батыр сөйледі:
— Бір жыл туған құрдастар,
Қашан да жеңіс біздікі
Партиямыз жол бастар.
Жау боп тиген жауыздың
Қайтпасын бірі қалаға,
Қалғаны болса іздейік
Жасырынса далада.
Қашқаны болса табалық,
Сай-саланы қаралық,
Тура келсе жау залым
Кескілеп басын қағалық.
Ұрынған қаншыл дұшпанның
Терісі бітеу сойылды.
Қарға шұқып көздері
Үңірейіп ойылды.
Жосадай аққан қанына
Сауысқан, қарға тойынды.
Желіккен жапон жаншылып,
Көрді қызық «ойынды».
Соғысты ерлер аянбай
Заозерный тауына
Шығуға ерлер таянды.
Түтеген оқтың ішінде
Пожарский Иванның
Қолына кеп оқ тиді.
Пожарский сонда сөйледі:
«Отан үшін соғыста,
Оқтың салған жарасын
Ауырлар батыр мен бе едім,
Сескенер жаудан ер ме едім,
Халық үшін, ел үшін
Дұшпанға қылшы сермедім.
Уа, Ласкин жолдасым,
Бак үстіне, қалың бак
Халқыма келіп орнасын.
Тілектесім, жолдасым,
Қысқарталық жаудың өрісін,
Қыялық жаудың желісін.

Партия үшін, ел үшін,
Мекенді қоныс жер үшін
Міндеттіміз қорғауға
Бақыттың тәтті жемісін.
Орады қолын байлады,
Ашуы ердің қайнады.
Берік байлап жарасын
Бұрынғы күшке күш қосып,
Алдан алға баратын
Қаптаған қалың жапонның
Батыр құртты шарасын.
Жапондар сонда зарласты:
«Ей, азамат, ағайын,
Бізден заман өтті ғой,
Әскерден қуат кетті ғой,
Советтің күшті әскері
Түбімізге жетті ғой.
Қызыләскер қылышы
Әскерді турап кетті ғой.
Жан қалмайтын түр болды,
Жолдасқа жолдас қарамай
Бас бағатын күн болды,
Біздің жапон әскері
Кеңшілікке мұң болды,
Ерлік, кендік оларда
Зауал бізге шын болды.
Пұрсат бар ма мұндайда
Қырын кеткен бұл ұрыс
Келмес бізге ыңғайға
Қатын менен балаға,
Өзіміздің қалаға
Жетер бізде күн қайда?»

Қорқып жапон ығысты,
Қаша жүріп ұрысты,
Ақ семсер қылыш қолға алып
Шапқыласты қылышты.
Сол ұрыстың ішінде
Пожарский батырға
Жанға бата оқ тиді.

Ажалдың оғы дөп тиді,
—«Жолдастар, бермен, кел деді
Тағы маған оқ тиді.
Елім үшін, бақ үшін,
Халықтың намыс, ары үшін
Сен қашпассың, жау қашар,
Дұшпанға кетпес намысың.
Орындаңыз, жігіттер,
Отанды қорғау жолына
Шын берілген ер антын
Орындалық бар ісін.
Қорғаламай батыл шап,
Кетпейді жауға намысың.
Неге керек ерлерге
Жалтақтап қорқу жан үшін.
Сендер риза болсаң мен риза,
Сырлас, тату жолдасым.
Қолда құрал, баста бақ
Ер қыймылдар келді шақ,
Тәуекел керек ерлерге
Жан достарым таймай шап.
Қызыл тудың астында
Ерлік бізде, бізде бақ,
Партия үшін, халық үшін,
Халықтың бақыт салты үшін
Күрескен ұлы майданда
Араңнан кетіп барамын,
Жүрген жерім жол болды,
Істеген қайрат оң болды,
Ерлерім алған қызыл ту
Бақыт бізге зор болды».
Тату жолдас қыймайтын
Жолдастың жолдас шырағы,
Пожарский оққа ұшты
Маңындағы достары
Ер досы үшін жылады.
Қадірлесі, сырласы
Құшақтап Ласкин құлады.
Қызыләскер ерлердің
Қайраты судай тасады.

Жаудың өлген денесі
Үсті-үстіне жатады
Мерт болған батыр қаны үшін
Ілгері қадам басады.
Айбатты біздің көргенде
Жапырылған қамыстай,
Ығысып дұшпан сасады.
Достықтан туған ен қайрат
Дариядай толқып тасады.
Советтің сандақ ұлдары
Соқтыққан жауды сорға айдап,
Жеңістің жолын ашады.
Батыр десең соларды айт.
Қорған болған еліме,
Берік болған жеріме.
Айналам берік, ел бүтін,
Ешкім келмес халқымның
Жер маңайы шеніне,
Келе қалса шеніне
Кездесер терең көріне,
Ерлерім бөгет жасатпас
Баланың жарық бақытына,
Ата менен ананың
Еркін алар деміне.
Соққымыз дайын қашан да
Соғысар жаудың шебіне.
Жаудан қорқар жерім жоқ,
Сескенетін серім жоқ,
Төрт жағым бірдей теп-тегіс,
Бақытым артық, кемім жоқ.
Ұлтарактай басқаға
Беретұғын жерім жоқ.
Айналам берік сақтаулы
Қорғаным тастан қаласы.
Көз салған талай дұшпанның
Тартылған талай сазасы.
Деміккен дүлей жаулардың,
Ұрына қалса сіздерге,
Хасан көлде соғысқан
Сұмдарындай жапонның

Жыртылар талай жағасы.
Жүзге жасым жеткенше,
Екі он жыл өткенше,
Денемнен қуат кеткенше,
Қызмет еткен еліме,
Елімдегі еріме,
Білгенін айтты қарт атаң,
Үлкендіктен жаңылсам
Кешірім ет кеміме.

ҚАЗАҚСТАН

Бұрынғы өткен сұм күнде,
Правосыз, еріксіз
Еңіреген ел едік.
Хан менен би, байлардың
Аузындағы жемі едік.
Өнер менен ғылымның
Барлығынан кем едік.
Жаттың көріп тепкісін,
Үн шығармай бұйыққан
Көлеңкемен тең едік.
Сондай ауыр күндерде,
Қараңғылық тұншықпа —
Сұм заманнан құтылып,
Көрем бе жарық деп едік.
Елде қоныс, жер де жоқ,
Рахат несіп елде жоқ,
Өмір мұңын айтарлық,
Құр сүлде бар, тіл де жоқ,
Сол күнде халық сандалды.
Қайғыменен құса боп,
Қапа шегіп зарланды.
Қорқау қасқыр — бай залым
Ағалық деп жерді алды.
Аранданған би, болыс,
Патша елді басынып,
Балаусалы Балқашты,
Қалың нулы көлді алды.
Сол бір өткен тұл күнде
Қазақ халқы ел ме еді?
Залым патша Николай

Қол, аяқты күрмеді.
Құлдық пенен күндіктен.
Ешбір теңдік бермеді.
Сәуле де жоқ, жарық жоқ,
Өмір бойы халықтың
Қараңғылық көргені.
Азат таңы халыққа
Жарқырап қашан атар деп
Ел шынымен тіледі.

Октябрь таңы атқан соң,
Қайғының бұлты серпіліп,
Құнарлы жердің нуындай
Халық қайта жетіліп,
Рахатты, шат тұрмыс
Сәулетті заман көргені.
Қазақ, қазақ болғалы
Мұндай дәуір болмады.
Жойылып құлдық жоғалып,
Жаңарған қызық заманмен
Халыққа бақыт орнады.
Біреуді-біреу қанау жоқ,
Бұрынғыдай тонау жоқ,
Ғасырлар бойы тілеген.
Халықтың болды арманы.
Жерімнің шөбі құрақтай,
Құлын, тайым құр аттай.
Ел байлығы кендерім
Қазынасын беріп тұр
Аспанға атқан бұлақтай.
Білім кірді көңілге,
Жолымды жүрер жайнатты
Маздап жанған шырақтай.
Сансыз жылдар көксеген.
Халқым жетті мұратқа-ай.
Күннен-күнге халқымда
Алға басқан шабыс бар.
Қазақстан жерінде
Ұшан теңіз мұхиттай
Шалқып тасқан табыс бар.
Екпін қатты, жүріс тез

Ленин туын қолға алып
Халқым алға қарыштар.
Темір жолдар тартылып,
Жақын болды бұл күнде
Айшылық жол алыстар.
Қарағандым қара алтын,
Жалпақ жатқан дала алтын,
Алтайымның бәрі алтын,
Отан үшін, халық үшін. —
Қазақстан аймағым,
Бере бермек көп алтын.
Неше түрлі өндіріс
Күнде шығад жерімнен,
Табысымды жырлауға
Жалықпан да, ерінбен.
Енді өнім тасыды,
Алуан түрлі кенімнен,
Дәулетім асып өрледі,
Батыр халық ерлікпен,
Күшейтуге Отанын —
Ұластырып табысты,
Көтере құлаш сермеді.
Парықтасақ олжа көп
Қазақстан жерінде,
Есіктегі халық едік,
Бақытты күнде отырмыз,
Рахат, дәулет төрінде.
Тұрмысы шат замана
Болмады бұрын өмірде.
Ұлы Ленин данамыз
Қазақ халқын шығарды,
Бақыттың биік өріне.
Жаңа тұрмыс орнаған,
Байтақ халқым бағың бар,
Қартыңның айтқан жырына
Халқым құлақ салыңдар.
Жырымда менің жалған жоқ,
Шын сөзіме наныңдар.
Бұл заманға кездескен
Қартайған жоқпын, бағым бар.

Қайта жасап, жасарып
Жыр тасатын шағым бар.
Төрт түліктің бәрі сай,
Қолхоз бенен совхозда —
Өріс толы малым бар.
Қомдарынан жарылған
Айыр түйе, нарым бар.
Әукелері салынған
Тұқымы асыл, табылған,
Күтімі жақсы бағылған,
Жазы, қысы сауылған,
Жайлауымда жайылған,
Қарағай мүйіз, құндыз түк
Сүті бұлақ сыйыр бар.
Жал бітімі құрақтай,
Жайнаған көзі шырақтай,
От орынды тұяқтай,
Мініп алсаң пырақтай,
Түгі жұмсақ жібектей,
Жағы жалпақ күректей,
Орайлығы жануар
Ірім тоғай түбектей,
Жал, құйрығы салынған,
Бір ай жерге жайылса
Майға бітіп малынған,
Үстіне мініп алғанда,
Желіктірер адамды
Қызуы күшті жалыннан,
Тайым тұлпар жүрісті,
Қызыләскер ұлыма
Тәрбиемен бағылған,
Өнеген тұқым жылқым бар.
Шудадай жүні салынған,
Сансыз қойым бағылған.
Әрнәрсемнің бәрі сай
Керек десе табылған.
Мүйіздері шыйыршық,
Құйрықтары тығыршық
Балпаң басқан паң басқан,
Мекіреніп аяғын

Жануарлар жай басқан,
Қой ішінде қошқар бар
Жүннен, еттен өнімді
Аз беретін тұқымнан —
Қоралы қойым арылған,
Қайда көрсең асыл қой
Өрісімде жайылған.
Ескілік кетті қараңғы,
Қараңғылық күндерде
Қазақ халқы наданды,
Сол заманда сұм патша,
Байдан сайлап бас қойды
Қара жүрек арамды.
Бұрынғы өткен адамдар
Надандықтың торына
Шырматыла қамалды.
Бақыт құшқан көп халқым,
Надандықтан арылтып,
Мектепке бердің балаңды.
Ежелгі жауды жоқ етіп
Тазартты жаудан араңды.
Айнадай боп жарқырап
Ғылымның көзі ашылды,
Тағы, дүлей табиғат
Тәжім етті, бас ұрды.
Біліммен елді суарған.
Ауылымда, қалада —
Мәдениет ордасы
Көп-көп болып салынды.
Кешегі биік қол жетпес
Бүгін міне алынды.
Үлкен, кіші, кәрі-жас
Мәдениет шыңына
Ұмтылып жаппай ағылды.
Ленин туы астында
Жүз жылдар бойы көксеген —
Мақсатымыз табылды.
Бейнетті бастан өткізген,
Бақытқа қолды жеткізген,
Таптың жауын жаныштап

Жоғалтып үнін өшкізген
Астана жұрт халықтың
Мақсатқа қолын жеткізген
Ұлы Ленин көсемім.
Бұрынғы өткен қу күнде
Таңдайы қатқан шөл болдық.
Қайғыменен қан ішіп,
Қасірет шегіп сел болдық.
Залым патша, қу билер,
Арам байға жем болдық.
Октябрь таңы атты да
Қайтпас жүрек ер болдық.
Советтік ұлы заңменен
Жас, кәріміз тең болдық.
Ұлт достығы жарасқан
Қуаты күшті ел болдық,
Бақытты заман тұсында
Ең дәулетке кенелдік.
Он екі одақ халқымның
Қатар болды елдігі.
Отаным шындай мызғымас
Елімнің жоқ кемдігі.
Ардақтап елді баққан ер,
Ел керегін тапқан ер,
Көп ұлтты ұлы еліме
Көреген болып жаққан ер.
Ұлы Ленин көсемім,
Қалың қазақ халқының
Ақынымын жырлаған
Шат өмірді, бүгінгі.
Көңілімде нұр, сәуле
Жүзім нарттай жайнайды
Кәрілік жоқ өңімде.
Осының бәрін әперген
Ұлы Ленин көсемім.

ЗАМАНЫМ

Замаң да, замаң, заманым,
Заманымды толғасам
Нұрланады ажарым.
Көңіл кұсы шарықтап
Арта түсед қажырым.
Мен сексенге келгенде,
Қолыма домбыра бергенде,
Нұреке, жырла, дегенде
Ән мен жырды қосарлап
Қыздырам сауық базарын.
Бәйгілі жерге қосып қал,
Дүбіріме кұлақ сал
Суырылып озамын.
Құлыя шапқан кұландай,
Жымыя қашқан бұландай
Бауырымды жазамын.
Ұлы тойдың үстінде
Аударам жұрттың назарын.

* * *

Сағым басқан сары бел
Табысы тасып қайнаған,
Мың кұлпырған, жайнаған,
Құлындарым кұлдырап
Құйрығын шаншып ойнаған,

Қолхоз бенен совхозым
Төңкере малын айдаған,
Қалың шыққан егінім
Қол ұсынып бойлаған.
Көк орайлы көгіне
Семіріп малым жайлаған
Қайырлы қоныс бел болды.
Тусыраған жалпақ жер:
Қазынасын ақтарған,
Алтынменен апталған,
Күміспенен күптелген
Ұлы Одақта бай өлке —
Мақтанышты атты алған.
Қойнындағы гауһары
Ұлы Совет халқының
Бақытына сақталған;
Риддер, Доссор, Қарсақпай,
Донской, Балқаш, Қемпірсай,
Қарағанды, Ащысай —
Отанымның құтысын
Ел аузында мақталған.
Қазақстан өлкесі —
Нелер завод салынған,
Неше жылғы көмбенің
Тығыншығы алынған.
Байлығы теуіп сыртына
Жондарынан жарылған,
Отан үшін қажеттің
Бар керегі табылған,
Отан үшін еңбектің
Дабылы күшті қағылған,
Мақтауыма сыярлық
Ырыс құты жер болды.
Құлан безген құтсыз көл,
Айналасы отсыз көл,
Ылайытқан сусыз көл
Бүгін, қандай толқыйды!
Толқындарын төңкере
Мекіре, жайын бұлқыйды.
Өсімдігі өрімтал —

Исі жұпар аңқыды.
Көлемі теңіз дерсін-ақ
Күн астында шалқыды.
Меруерт жұлдыз, күміс ай
Көлдің төсін аймалай
Шомып, жүзе қалқыды,
Атырау, Арал, Балқаштың
Айдындарын айқастап,
Үйірімге ау тастап
Пароходом тарпыйды.
Ел жайлаған өлкемді
Нарын десем болады.
Өзен бойы жыныс ну
Қалың десем болады.
Ойым, қырым теп-тегіс
Шалғын десем болады,
Суырмай орақ тартатын
Шабын десем болады,
Көк майсасы құрақтай
Балғын десем болады.
Алты құлаш құрықтай
Талым десем болады,
Өзен суы тасқынды,
Ағын десем болады,
Мыңғырған мал жайлаған
Маңым десем болады.
Есебіне жеткісіз
Саның десем болады.
Керегедей бойлары
Тарым десем болады.
Екі баудан толады
Қабым десем болады.
Омартада толып тұр
Балым десем болады.
Қолхоздасқан ауылым —
Мәдениет ордасы
Сәнім десем болады.
Барлығына осының
Күрестің ұлы жеңісін,
Социализм жемісін

Қуә етсем болады.
Жақын жолды алыс деу
Торыққанның салдары,
Жаяулықтан шалдыққан
Бұрынғының шалдары.
Желмаяны жүйрік деу
Зарыққанның салдары,
Енді кәзір мінекей,
Тұлпар міндік кіл өңкей
Жерді тарпып тебінген,
Ақсұңқардай ебінген.
Дүбірі құлақ жарады
Арқаның құба дөңінен.
Тарам-тарам жол түсті
Ұзын қырқа белінен,
Есіл, Нұра, Жем, Тобыл
Өзенімнің дөңінен.
Жүйткісе жерде паровоз
Самолет ұшты көгімнен.
Тоқсан жолдың торабы,
Аймағымды орады
Осыған көңіл толады.
Айшылық жолға бір түсте
Алып жетіп барады.
Құрыш қанат қырандар
Қанатын самғай қағады.
Шапшандығын сұрасаң
Жұлдыздайын ағады.
Ұшқан құс та ілеспей
Бұлдырап аттап қалады.
Осыған мінген Нұрпейіс
Жерге көктен қарады.
Көтерілсе Текеден¹
Алматыға қонады.
Шалқар, Арал, Шімкентті
Тек үстінен шолады.
Қырдан құсты самғатқан,
Екпініне таңғалтқан,

¹ Теке деп—Орал қаласын айтып отыр.

Тасыды жыр, тасыды
Толқыны көкке шапшыды.
Жүз жасаған Жамбылым,
Дүбірі күшті дүлділім,
Дабылы күшті бұлбұлым,
Меруерттей тұйнақтап,
Алтынменен бунақтап
Сөзден берді асылды.
Сөздің асқан зергері,
Өлеңнің асқан зеңгері
Ақын Абай аңқылдап
Өлеңімен қосылды.
Советтік біздің дәуірде
Жүректен жыр сарқырап,
Сап алтындай жарқырап,
Ашылды көзі, ашылды.
Ашылып білім бұлағы,
Жағылып нұрдың шырағы
Қанып тұр ел құмары.
«Оқу білім азығы,
Білім ырыс қазығы»
Зейін сала оқыймыз,
Оқығанды тоқыймыз
Деген жастың мінекей
Орындалды мұрады.
Теңіздің маржан тасындай,
Тіл үйірген талшындай
Ленинизм сөздері —
Мың сан жастың орнығып —
Көңіліне тұнады.
Қазақстан халқының
Сексендегі қартымын.
Сөзін айтып отырмын
Тілегі бір жалпының,
Шабыттанып жырладым
Аймағымның алтынын,
Алтын демей не дейін
Алтынға бәрін теңеймін,
Топырағым торқадай
Тасым лағыл алқадай.

Жыныс, нуым желектей,
Балғыным майса, жібектей.
Үлпілдеп тұр мақтамыз
Аялаған түбіттей.
Бидай, тарым маржандай,
Суым бейне нарзандай
Жылқыларым құландай,
Құлындарым құнандай,
Сұлу біткен бедені
Қорғасыннан құйғандай.
Кең жайлауым жайнап тұр
Қалі кілем жайғандай
Ұлым болып инженер,
Қызым болып дәрігер,
Жүзінде нұр тасып тұр
Бойына білім жыйғандай.
Қызыләскер қыраным,
Қолына ұстай құралын.
Күзетіп тұр ел шегін
Елге қорған болғандай.
Айтуыма барлығын,
Қазақстан байлығын,
Бір өлеңмен болмады
Құшағыма сыйғандай.
Қазақ, қазақ болғалы,
Тарихтан орын алғалы.
Дабысы мұндай шықпаған,
Тамыры мұндай соқпаған.
Соқтырған, кім тамырын,
Тасытқан кім өмірін,
Шығартқан кім дабысын,
Мол еткен кім табысын,
Ағызған кім арнадан
Өмірдің күшті ағысын!
Ол: Компартия штабым.

ОТАН ЖҮРЕГІ

Москваның қаласы
Инжу, маржан гауһар тас.
Шет елдердің қаласы
Мақтаса да дәріптеп,
Москвамнан артылмас.
Москвамды көргенде,
Кремльге кіргенде
Қайта жасап болдым жас.
Көргенде көзім тоймайды,
Көңілі өсіп қарт бабаң.
Кремльде толғайды.
Мен жырламай кім жырлар,
Көргенде ұлы орданы,
Жырлағанда жырымнан
Москваны қалдырман.
Өйткені оның сәулеті
Мейірімді қандырған.
Өйткені Ленин данамыз
Москвада тұрып бақыттың
Жарық шамын жандырған,
Ұлы Совет халқына
Нұр сәулесін жаудырған,
Сексен екі жасымда
Қуаныш көңлім шаттықта
Жүйрік тілім толғашы,
Кремльді мақтаған.

Ақынның талай жорғасы,
Ақындардың таппаған,
Төтесін тауып айтпаған,
Жырдың тауып қымбатын,
Сүйегі жоқ қызыл тіл
Сұңқардай қанат қомдашы.
Жер жүзінің қаласы
Москвама тең келмес,
Ойлап халқым қарашы.
Жарқырайды айнадай
Көшесінің тазасы.
Ұлы шәһәр Москвам
Мақтауыма сыйған жер,
Еркін алып еркіндеп,
Ұлы Совет халқының
Қуанып көңілі тынған жер.
Коммунизм штабын —
Компартия құрған жер,
Бақытты өмір меңгерткен,
Кем-кетікті теңгерткен
Ел құралын сай етіп
Даяр етіп жыйған жер.
Қан жылатқан халықты
Жаудың белі сынған жер.
Москваның төрінде
Жарқыраған жарық бар.
Осы жарық астында
193 миллион халық бар.
Жарық бар жерде өмір бар,
Өмір бар жерде өнім бар,
Өнім бар жерде өсу бар,
Өсу жоқ жерде өшу бар.
Жарықсыз жерде тосу бар.
Біздің елде тосу жоқ,
Күн-күн санап өсу көп.
Қанаттанған ұл, қызым
Томағасы алынған
Бүркіттей көкке шарықтар.
Іші күйіп төзе алмай,
Біздің бақты көре алмай,
Қасіретпен қайғыда

Капиталист қан ішер.
Қалың ағаш нуланған,
Ел конысы туланған,
Жасыл шөбі нұрланған
Елімде менің жерде көп.
Жауды көрсе жайнаған,
Жігері тасып қайнаған,
Сескеніп жаудан таймаған,
Қайтпас қайсар ер де көп.
Күннен-күнге уа, халқым,
Құлаш жаздың өріске,
Ұлы Ленин шығарған
Таршылықтан кеңіске,
Ленин тіккен қызыл ту
Жеткізді халқым жеңіске.
Мәңгілікті бағың бар,
Күннен-күнге өрісте.
Ел мақсаты болып тұр,
Біздің совет халқының
Басына бақыт қонып тұр,
Халқымның ғылым, білімі
Жер жүзінен озып тұр,
Советтің қызыл туына —
Бақытқа қолым жетсе деп,
Шет елдерде тұратын,
Табы бірге бауырлар
Ұмтылып қолын созып тұр.
Москваға барып өңденіп,
Кремльді көргенде
Көңілім өсті тербеніп.
Ағыта бердім жырымды
Қуанышпен желденіп.
Қол алысып Калинин
Шаттандым сонда көз көріп.
Жас сұрасып шаттандым,
Жыйырма бестегі жасымдай
Кремльде баптандым.
Неше түрлі жырымның
Мәнісін жырлап ақтардым.
Жігерім өсіп желіктім

Мен желікпей қайтейін
Желігуім лайық
Қалининмен көрістім.
Алдында тұрып жырладым,
Тоқталып қарап тұрмадым,
Қос қанатым шын болат
Бидайық құстай дуладым.
Қартыңның тасты қажыры
Мың есе артық пейіштен
Кремльдің ажары.
— Қуаттымысың қартым, — деп
Көңілімнен кеткісіз
Қалинин өзі сұраған
Әл, қуаттың хабарын.
Бұрынғыдан жырымды
Асырам да, тасырам.
Қыялы өрлеп қартыңның
Қызды сонда базары.
Жырламай тоқтап тұрмаймын
Он алты одақ халқымды,
Москвамды жырлаймын.
Мен бір майыспас болатпын
Майыспаймын, сынбаймын.
Жеңіс жырын жырлауға
Дария тасқын судаймын.

ГҮЛДЕНГЕН ДАЛА

«Жаяу жыршы» кезімде
Араладым талай жол,
Қазақстан даласын
Еділ, Жайық, Қобда, Елек,
Ойыл мен Сағыз, Ұлы Жем
Ор, Темірдің арасын,
Көзді бұлақ Балқаштың
Сансыз тарау саласын.
Сол күнде байқап көргенмін
Жер байлығы шамасын.
Тыңдаңыз халқым жырлайын
Өткен күннің сарасын,
Жалғаны жоқ расын,
Ел суаты өзеннің
Ойды қырға теңгерген,
Ағысы тасты төңкерген,
Жылап ақты ұлы өзен
Толтыралмай сабасын.
Су кеткен соң, ну кетіп,
Тамыр түбі тартылып,
Қуратты жердің ағашын
Көн тулақпен тең етті.
Топырағы торқадан,
Өсімдігі қамқадан
Өзенінің жағасын.
Қайғылы елді хан билеп,

Молда менен бай билеп
Кетірді солар мазасын.
Сол заманда қоныстың,
Көрмеді елім панасын.
Тарлық күнде тарығып
Жазалмады ел құлашын.
Көз жасынан жыйналған
Сорғалатқан сел көрдім.
Халық аңсап зарыққан
Аңызак қаққан шөл көрдім.
Қонысты мекен жері жоқ,
Сол заманның шағында
Қайғылы көңіл шер көрдім.
Дегеніне жете алмай
Арманда өткен ер көрдім.
Қонысы менен жері жоқ,
Еш пұрсат жоқ қолында,
Индудің құба жонында,
Түйенің жүріп қомында
Көшіп жүрген ел көрдім.
Қиік пенен құланға
Сол күнгі елді тең көрдім.
Қайғылы өткен заманда
Халық теңдік көрген жоқ.
Көруге теңдік берген жоқ
Бидайықтай қуырған,
Қолқадан жауды суырған
Николайдың заманы.
Шарасыз өтті сол заман,
Еркімен халық көнген жоқ,
Сол күндегі адам сандалды
Оқу да жоқ, білім жоқ
Мыйы ауған халық зарланды.
Ішуіне ас таппай,
Мінуіне ат таппай,
Күн көруіне қамданды,
Тоқтылы қойға жалданды.
Еділ менен Жайықтың
Ен жайлаған ел екен,
Елек, Жайық, Қобда, Ойыл

Қоныстанған жер екен.
Батыстағы елдердің
Талайлары сыйғандай
Жер алқабы кең екен;
Қойнындағы қазынасы
Мұхитпенен тең екен.
Жер шұрайын бай алып,
Манап пен молда, паң алып,
Кедей жарлы қамалып,
Ұлтарақтай жері жоқ
«Күн көрем қайтып», — дер екен.
Белес, белес белдерден
Күндіз-түні үдеріп
Қомын алмай ел көшкен.
Керегесі салдырлап,
Екі түйе артқаны,
Үзік арқан тартқаны
Малсыз кедей кем көшкен.
Қорлығын шағып мұңдасып,
Сырын айтып сырласып,
Мұңын айтып еңрескен.
Маңдайынан күн өтіп
Табандарын тас тескен.
Еш мақсаты бола алмай
Арманменен жан кешкен.
Дамыл алмай көшкені,
Бейнетпенен өткені,
Ықтыярсız еріксіз
Мақсатына жетпеді.
Әңгіме құрған жер болса
Кіре алмай кедей шеттеді.
Қолында даяр қорек жоқ
Күн елтуін ептеді.
Күндіз-түні қорлықта
Жарлыдан бейнет кетпеді.
Еркі қалып байларда
Пақырды жұмсап өктеді.
Шарасыздан жүгіріп
Бай жұмысын көп істеп,
Қабындырған өкпені,

Тіпті есімнен қалмайды,
Көзім көрді көп жасап,
Кедейді байдың сорғанын,
Бұрынғы өткен сұм заман
Солайша болып өткені.
Айдады заман халықты
Қысы-жазы көшумен,
Күйсіз халық жалықты.
Байдың күні барлықта,
Жарлылар көрген тарлықты,
Кедейді жұмсап бай айдап
Істеді байлар пандықты.
Бай жұмысын істеумен
Кедей талай шаң жұтты.
Бай мен молда, билері
Нашар адам бар болса
Жүргізді соған жарлықты.
Әйел-еркек шулайды,
Табанынан жер қағып,
Маңдайынан күн қағып,
Мұңайысып, мұңданып,
Қайғыланып, зарланып
Сонда айтып қайғысын —
Бізге сәуле болар ма?
Күніміз біздің оңар ма?
Кіл шулаған кедейге
Кендік нәсіп болар ма?
Айдарға дәулет мал да жоқ,
Бізді аяйтын жан да жоқ,
Басып жеген бақырды
Бай, болыста ар да жоқ.
Дұрыс тіккен үй де жоқ,
Бұл халықта күй де жоқ.
Тіккеніміз қараша үй,
Бүтін ұстар ши де жоқ.
Көп кедейді аяйтын,
Жаны ашымас бай, молда,
Мейрімді би де жоқ.
Қайырымсыз хандары,
Мейірімсіз байлары,

Күннің бізде тарлары
Кетер мекен халықтың
Көңілден қайғы, арманы?
Барымызды байлар жеп
Кұлқынына жалмады.
Мейрім жоқ, аяу жоқ
Қайғы отының жанғаны.
Көкірек қайғы, көз жасты,
Еділ, Жайық арасын
Ел жылаған зар басты.
Көзден аққан жасынан
Телегей теңіз су тасты.
Ел еңсесін еңсерген
Қайғыға қайғы ұласты.
Қайғы көрген қорлықтан
Күн артынан күн асты,
Ақша жүзді арудың,
Қайғыменен сарғайып
Ақ бетінен өң қашты.
Ерлер мінген тұлпардан
Жалы кетіп қан қашты,
Кәсіп те жоқ, несіп жоқ
Халықты мүшкіл сор басты,
Шұбырынды халықтың
Табанымен суырған
Жердің бетін шаң басты.
Қайрастырып хан мен бай
Ел арасын жау қылып
Жердің бетін қан басты.
Бір-біріне жұмсады
Өткір найза алмасты.
Тақырға қуып бай, манап
Шұрай жерге жармасты.
Халық үшін сөйлесе
Қайратты туған ерлерді
Атып, шауып, дарға асты.
Залым патша Николай
Жерден жеміс теруге,
Рахатын көруге
Халыққа ерік бермеген,

Сол секілді кең қоныс
Рахатын көрмеген,
Тұрақты қоныс салмаған,
Меншікті жері болмаған,
Тәуір қоныс бар болса
Ел билеген бай мен би
Жер жақсысын таңдаған,
Көк шалғынды тоғайды
Бай өзіне арнаған.
Егістік жердің жақсысын
Байлар таңдап тағы алған,
Көп дәулеттің күшімен
Әкім болып бақ алған,
Жалғыз қадам қоныс жоқ,
Таңқы құдық шандаққа
Қараша үйлер қамалған,
Не көрмеді көп халық
Қыйыншылық заманнан;
Ағайын ащы, ел араз
Жау шығады табаннан.
Ынтымақ жоқ, бірлік жоқ
Араздық шыққан араңнан.
Екі жақтық қанаудан —
Арсыздықпен тонаудан
Заманнан заман оралған.
Әкім болып қарыштап,
Пақырды жерге жаныштап
Наград медаль тағы алған.
Жетім менен жесірдің
Өксуменен еңіреп
Көкірегін кайғы алған,
Право жоқ кеудеде
Жарлы атағы — қу сыйрақ,
Штатқа байлар саналған.
Ерікті болмай ел болмай
Шын достаспай тең болмай
Ынтымақта тұрған жан,
Қатарынан кем болмайды,
Ашулы бүркіт айбатты
Арыстанға жем болмай

Шұқанақ сулар қосылмай
Дария шалқар көл болмайды.
Ел көңілін таппаса,
Қара басын сақтаса
Берекетті ер болмайды.
Жігіт, жігіт бола ма?
Астана халқын бақбаса;
Ердің ері сол болар
Қайратын халыққа сатпаса;
Ерегіскен дұшпаннан
Жасқанып тілін тартпаса,
Ердің ері сол болар
Қорқып жаудан қайтпаса,
Мың болмақтан сан болсын
Атының басын тартпаса;
Ерді ер деп кім айтар
Өзінің басын сақтаса;
Жігіттің жігіт болғаны
Отанды, — елді қорғаса,
Халықтың қамын ойласа.
Жігітті жігіт деменіз,
Қара басын қорғаса;
Ердің ері сол болар
Қаптаған дұшпан кез келсе
Үш қырлы найза толғаса;
Исатай мен Махамбет, —
Халық үшін, ел үшін,
Хандардың берген кегі үшін
Қыйып еді бай, бектің
Айнала тартқан желісін.
Ұзарту үшін кедейдің
Тарлықтан кеңге өрісін
Кедейге бұлар бас болып,
Хан, патшамен қас болып
Бірігіп жарлы тап болып,
Әперем деп халыққа
Тар заманның кеңісін,
Ен қазақтың елінде
Басқан, жүрген жерінде
Батыр деп халқым бұларды айт,

Намыстанған зәбірге
Халық үшін, ел үшін
Қыйғаны басын өлімге.
Жедел еткен ерлерін
Хандардың қанын төгуге,
Көзін ойып жауыздың
Қабырғасын сөгуге.
Аманкелді арыстан,
Батыр десең бұларды айт,
Айбаты артық дауылпаз —
Заманының кеңі үшін,
Ұлан байтақ ел үшін,
Ақтарменен алысқан,
Сансыз әскер кездесіп
Таптап жерге жанышқан.
Кеңдік үшін, ел үшін
Дұшпанменен қандасқан,
Бұл кеңдікті көре алмай
Арманда өтті данышпан.

* * *

Шығарайын халқыма
Ен даланың дабысын,
Халқым құлақ салыңыз
Жырласын қартың табысын
Қарт тұлпарың ұйытқып
Көрсетсін жұртқа шабысын.
Тасыған теңіз секілді,
Көрсетейін халқыма
Ақтөбенің табысын.
Өнім өнді әр түрлі
Қайырлы қоныс жерімнен,
Халқым жырлап берейін,
Жерімдегі өнімнен.
Алға деген шәһәрімде
Қислота завод бар¹,
Шығып жатқан заводтан,

¹ Кислота завод бар—Ақтөбе облысындағы кислород заводын айтады.

Судай тасып төгілген,
Инженерім басқарып,
Тас көмірлер табылды,
Қойным толы қуаныш
Көңіл өсіп семірген.
Таудай болып үйіліп
Шығып жатыр тас көмір
Отыз екі жерімнен.
Сансыз байлық тапты елім.
Жақсыбай мен Кейкібас
Мұнай аққан кенімнен,
Не керегі халқымның
Даяр болып табылды.
Жіңішкенің сағасы,
Бес шақырым арасы.
Хромиттің заводы
Кереметтей салынды.
Құрыштан сауыт кигізген
Қызыл әскер еріме
Таң қалады адамзат,
Жерімнен шыққан кеніме.
Жаудың күші жетпейтін,
Атқан оғы өтпейтін
Айбат берді еліме.
Ел сүйсініп қуанған,
Бақыт беріп түр берген
Қазақстан жеріне.
Арқаның алты саласы
Құлазып жатқан жер еді.
Біреуді біреу көрмеген
Тұншықпа халық ел еді.
Бұрынғы өткен атаға
Халыққа халық қосылып,
Құс ұшса күйген қанаты,
Дегеніне жете алмай,
Арманда кеткен ер еді.
Мына қызық заманда
Жақындаттық алысты,
Қанды-Ағаштан жол шығып,
Ұшқан құспен жарысты.

Бір сағаттың ішінде
Бір тәуліктік жер жүріп,
Оздырдық құстан шабысты.
Қол жетпеске қол жетті,
Тарау-тарау жол кетті.
Гурьев пен Оралға
Салынған жол тез жетті.
Жылдан-жылға табысты
Біздің халық өрлетті,
Жалынды оттай табысым
Дүниеде сөнбесті,
Ақтөбелік табысқа
Ешкім тайлас келместі,
Қанды-Ағаштан жол шықты
Жол төтесін шамалап,
Донской мен Кемпірсай
Кесіп өтіп аралап,
Ел қуанып жұмылып,
Әйел, еркек баршасы,
Стахановшылар бас болып
Жол жұмысын нық жасап,
Салып жатыр саралап.

АБАЙ

Ұстазы көркем сөздің ақын Абай,
Білімді, зейінді асқан асыл Абай,
Зейіні артық ұшқыр жаннан асқан,
Озатша астанада затың Абай.
Сіңірген байтақ елге еңбегіңмен
Шашылды жер жүзіне атың Абай.
Асқар тау, биік шыңсың қол жетпеген,
Білікпен зейініне сөз жетпеген,
Бұтағың көк тіреген сен байтерек,
Мәуеңе қараса жұрт көз жетпеген.
Зейінің артық асқан, көңілің кеңіс,
Ақылың, ақындығың бәрі тегіс.
Үлгіңнен, Абай ақын, нұсқау көріп
Ақындар күннен-күнге тапты өріс.
Үлгің деп сенің берген ақын Абай
Заманда рахатты жедік жеміс.
Аузыңнан шыққан сөзің гәуһар-маржан,
Жырыңның бас-аяғы бірдей тегіс.
Абайдың өзі өлсе де, сөзі өлген жоқ,
Абайға ешбір ақын теңелген жоқ,
Мәңгілік бүгінгідей сенің жырын
Ескіріп айтқан үлгің көнерген жоқ.
Халыққа үлгі берген сенен өзге,
Ақында сіз сыяқты шебер де жоқ.
Көңіл салып оқыңыз Абай жырын,
Аузынан шыққан жыры шекер-шырын.

Үлгілі айтқан жыры ақын Абай
Халыққа үлгі берген бізден бұрын.
Мақпалдай қалі кілем секілденіп
Тыңдатқан астанаға жырдың түрін.
Халықтың қамы үшін жырлап өткен
Сайратып шын шежіре шешен тілін.
Ақтарып көңілінен асыл сөзді
Заманның болжап өткен ақыр түбін.
Өзінің терең ой мен ақылынан
Ер Абай болжап кеткен ойдың түбін,
Бұрынғы өткен қулар елемеді,
Советім, халқым білді жырдың бұлын.

ӨСКЕН, ӨССІН БІЗДІҢ МАЛ

Отанымның бақ, дәулеті судай тасқан,
Өрледік еркін өсіп, болып аспан.
Өмірде мұқтажы жоқ, бәрі де сай
Шаңдатып төрт түлігің белді басқан.

Қайырмасы:

Құлын сауыр, құлан жал,
Еті шекер, сүті бал
Ең жайлаған өлкемде,
Өскен, өссін біздің мал.

Ырғалған жасыл майса қыр мен ойым,
Сыймайды жонға жайсам жылқы, койым.
Болғанда халқым бақытты, көңіл шатты.
Мереке күнде қызық, шаттық, тойым.
Қайырмасы:

Сауықты, салтанатты, мал мен бақты.
Советтік дәуірінде халқым тапты.
Еңбекті адал еткен кәрі мен жас
Өмірдің «Жеңіс» атты күйін тартты.
Қайырмасы:

Жібек жүн, жел жүрісті, сүті балдай,
Түлігім ел мейірін қандырғандай.
Өсір мал, өркендесін ел байлығы
Табысқа көрген адам таң қалғандай.
Қайырмасы:

ОТАНЫН ТАПҚАН БАУЫРЛАР

Отан үшін жыр табам
Қуаныш, шаттық күнімде,
Сылдырындай күмістің
Әдемі саз бар үнімде.
Тартсам даусы аңқыған
Шешен домбырам күйінде.
Нұрпейіс ақын толғаса,
Домбырасын қолға алса,
Ел жеңісін жырласа
Ұйып тыңдар ұл, қызым
Қошеметтеп үйінде.
Домбырамды алайын
Екі шегін сөйлете
Тіл бітіре қағайын,
Дос жүрегін жылытар
Сөз асылын табайын.
Отанын тапқан елдерге,
Қуанышты ерлерге
Қазақстан халқынан,
Совет халқы атынан
Таралғы тарту—сыйым деп
Өлеңіммен барайын.
Өлең сөздің көркі деп,
Өлең ақын мүлкі деп,
Өз қолымнан тапсырсам
Қуанысып қалыссын

Балтықтағы ағайын.
Бауыр едің туысқан,
Белді бірге буысқан
Жиһангерлік соғыста
Сені бізден айырды,
Қақпалап кейін қайырды
Көре алмаған көп дұшпан.
Енді бүгін қарашы,
Қосылып елдің арасы,
Жүрекке жүрек жұптасты,
Жеріме жерің тұтасты,
Ұлы Орда қасынан
Алтын отау көтердің
Іргесі берік құрыштан.
О, Балтықтағы бауырым,
Тұрмыстың көріп ауырын
Ішің толы шер еді,
Арам тамақ—бай, манап,
Басынып күнде ел тонап,
Қаныңды сорып сүліктей,
Сілтіге салған сүйектей
Қойып еді қуартып,
Семдіріп еді суалтып,
Тойдыруға құлқынын
Еңбегінді жеп еді.
Миуалы жерге орнығып,
Қарынбайдай құнығып
Жер менікі деп еді.
Зарыққан халық сол күнде
Тұншығып түнде түрмеде
Азаттық қайда? деп еді.
Ашынып шыққан дауысың,
Дабылдаған дабысың
Құлағыма кеп еді.
Азабын шегіп тарлықтың
Сәулесін көрмей жарықтың
Арманың іште көп еді.
Қу тұрмыстан безіп ең,
Атар танды сезіп ең,
Ұлы Совет халқының

Жау қолынан құтқарар
Күшіне бекем сеніп ен.
Міне, енді тілегің
Орындалды білемін.
Қайғы, шерден арылып
Айдында жүзген аққудай
Мың құлпыра түледің.
Жау өресі жетпестік
СССР—ұлы тірегін.
Ленин туы астында
Ұлы Совет халқымен
Ұштасып тұр білегің.
Өркенде, өс, өрлей бер!
Өсетұғын туды шақ.
Советтік ұлы заңменен
Қуаттандың, қанат қақ!
Отанын тапқан бауырлар
Баянды болсын мәңгілік
Ұлы Совет берген бақ.

НАГРАД ТУРАЛЫ

Жасымнан қыран бүркіт болдым сұңқар,
Лажсыз ұшуыма болдым іңкәр,
Томағам алынбастан тұғырымда
Жауыздар болды кесел әлді кұртар.
Халықта тыным да жоқ, тыныш та жоқ,
Бұзықтар ел биледі жаға жырттар.
Сол күннің көп жасадым, бәрін көрдім,
Бай, ханның улы жылан зәрін көрдім,
Қолданып елді алдаған шағын көрдім,
Ел жеген, еркінсіген залымдардың
Орнаған бастарына «бағын» көрдім.
Дүние жердің жүзін қаптап жауған
Жерді өртеп көк шарпыған жалын көрдім.
Еш бірде кеңдік көрмей, теңдік көрмей
Халықтың әлі кеткен халін көрдім.
Жастарда ажар да жоқ, сыйық та жоқ,
Өксіген кемпір менен шалын көрдім.
Бай еді сол уақытта елдің паңы,
Қайырсыз кара жүрек болыс, ханы,
Жөн таппай ел өксіген заманында
Жарқырап Октябрьдің атты таны.
Сол кезде ұлы Ленин ұран шашты,
Халкымның қуандырып бағын ашты.
Жаңа заң, жаңа бақыт арқасында
Жаулардан біздің халық жерін ашты.
Балаларым ақыл ой мен санаңыз бар

Білетін жақсылықты шамаңыз бар,
Тағасын еңбек қылсаң наград — орден
Ыждағат ер жолдасы ел несібі
Шын адал қызмет етіп қараңыздар!

Ерік алып, еркіндігі қолға тиіп
Қуанып кедей тобы көңілі тасты,
Қайраты қалай екен жарлы топтың
Табанға залымдарды таптап басты.
Өркендетіп халқыма кәсіп берген,
Астана ел-жұртына несіп берген,
Салдырып алтын орда ортамызға
Салтанат сән-сайманды етіп берген.
Жыр-жырлап талай жыл ел араладым,
Сайратып домбырамды сабаладым.
Сол күнде ел қыдырып дәурен сүріп
Көп көрдім таршылығын замананың.
Жырладым байға қарсы, ханға қарсы
Сонда мен өз әліме қарамадым.
Әркімнен соққы көріп, жырды қойып,
Амалдап басым бағып паналадым.
Жарқ етіп жаңа заман таң атқан соң
Халқыма жыр жақсысын сараладым.
Еңбегім бұл күндерде еленген соң,
Көңілден қайғым кетті баладайын.
Октябрьдің халқыма берген бағы,
Ақынның жыр табатын тілмен жағы,
Жастың да, кәрінің де көңілі өскен,
Бұлбұлдай шешендердің сайрар шағы.
Халық үшін, ел үшін,
Еш тоқталып тұрмаймын.
Қызметім халық үшін
Қымбат жырдан жырлаймын.
Күйіне түскен бидайық
Қанатын қағып зулаймын.
Жасым кәрі болса да
Жалықпаймын жырлаймын.
Бес атардың оғындай
Екпінім күшті зырлаймын.
Бұрынғы күнде мұңлы едім,

Бүгінде халқым мұндаймын.
Тек бір болат көк найза
Майыспаймын, сынбаймын,
Заманымды жырлаймын,
Жыр айтудан танбаймын,
Заманым білді бұлымды.
Ардақтаймын қызым мен
Батыр туған ұлымды.

ҚУАНЫШ ЖЫРЫ

Мен қарт ақын Нұрпейіс,
Өмірде көрдім көп кейіс,
Сонау-сонау сұм күнде,
Қу заманда кем болдым,
Қу ағашпен тең болдым.
Ішімде ыза қайнады
Еңіреп талай жыладым.
Ел зарымен күңіреніп
Сарнады менің жырларым,
Сарнады демей не дейін,
Домбырамды қолға алсам,
Еңіреді екі шек,
Күңіренді көмейім.
Булығып демім шықпады,
Үнімді өмір ұқпады.
Қайғылы қара заманда
Тынысым бітіп тарылды.
Қайғы жеді жанымды,
Самиян-сары далада
Қараңғыда сәуле іздеп,
Халқым сонда қанғырды,
Халқым мұңын жыр етіп
Мен де төктім зарымды.
Қу заманда қор болдым
Жарық сәуле көре алмай,



Нүрпейіс Байғанин мен ақын Дихан Әбилев.

Бұлбұл күй үнін бере алмай,
Жырымды еркін төге алмай.
Өтті-кетті ол күндер,
Енді өмірім нұрланды.
Рахат, қызық көргенім,
Қарт көңілім жасарды.
Өрден, өрге өрледім,
Ақыйық қыран бүркіттей
Көкке құлаш сермедім,
Қызыл тілім сайрады,
Тасқын жырым тасыды,
Ұмыттым озған жасымды,
Ұлы Ленин данышпан
Ұрпағыңа қарашы
Артыңнан ұшып келеміз
Өзің баулып өсірген
Бірнеше ұлттың баласы,
Даусым шырқап тұлпардай,
Бақытымның шағында,
Жайнап тұрмын бұл күнде.
Қуанбайын несіне,
Өрге жүзді талайым,
Көкке шықты талабым.
Қуат барда бойымда,
Жаным барда кеудемде
Жырлауға бір шаршаман
Алтын күндей нұр шашқан,
Бақытты менің заманым.
Оза шауып жүлде алып,
Орден таққан бұл күнде
Лениннің аты тұр
Менің кәрі кеудемде.
Қарт ақсақал Калинин,
Өз алдында серт берем
Ақын ағам Жамбылдың
Әуен соғып үніне.
Жырсыз едім жыр берген,
Күнсіз едім күн берген,
Мылқау едім тіл берген,

Заманыма нұр берген,
Халқыма ұлы бақ берген,
Қуаныш берген, шат берген,
Халқымды зардан арылтып
Мұрадыма жеткізген,
Қаршығадай қомданып,
Қарт бұлбұлдай толғанып
Отанымды жырлауға,
Заманамды жырлауға,
Мен ақындық серт берген.

* * *

Самғасам айлық жолды аптада ұтар,
Аңкылдап көктерінде талмай ұшар,
Суылдап қанатымен жел соқтырған
Жар қабак, салыңқы төс болдым сұңқар.

Сексен жыл қалды кейін, ұзақ сонар,
Өмірдің кетті қысы үсіп, тоңар.
Аршылды жүрер жолым, айкындалды,
Тосу жоқ орағытып алдымда оар.

Тарылтқан тынысымды қу өмірден,
Матаған қол, аяқты көк темірден,
Құтқарған Октябрьді жырлағанда,
Маржандай күйылад сөз, тіл көңілден.

Жырладым, жырлай берем өмір жазын,
Қондырған айдынына аққу, қазын.
Жырыма өзек етем — ұлы күшті, —
Патшаның талқандаған тақ пен тәжін.

Мен өттім ұзақ сапар өткелдерін,
Талайды талдырған ор өткендерім,
Ағартып сақал, шашты бейнетпенен
Өксітіп алпыс жасты өткергенім.

Көп жасап, көпті көрген сұңғыламын,
Ежелден жанға серік — сөз құрадым,
Сарқылмас қайнап шығар жыр көзі бар
Мейірін тыңдаушының қандырамын.

Қар жауған, мұз бораған қысаң күндер,
Әлемді тұншықтырған қапас түндер,
Жоғалып, жанға сая туды заман
Отанның жерін бөлей өсті гүлдер.

Жыр жырлап, талай жыл ел араладым,
Ертеде мақтарлық іс таба алмадым.
Кінәсіз қол күрмеліп, тіл буылып
Зарықтым — тұлпар ем, мамырладым, тұ-
ралмадым.

Бұлдыр күн, буалдыр түн қалды артта,
Өткенге оралу жоқ, алға атта.
Жүз тоқсан үш миллион барлық халық
Өмірдің ұшпағында, рахатта.


Бай мен бек, би мен болыс, патша мен хан
Ел тонап, ерді матап, еткен дархан.
Жойылды Октябрьдің дауылында
Тақтары қыйратылды, болды талқан.


Қуанып сол дауылды қарсы алғанмын
Дауылдың жаршысы боп жар салғанмын.
Күй шертіп, ән шырқаған, өлең айтқан
Заманның жыршысы боп саналғанмын.

Халық үшін қызмет еттім, етем әлі,
Қайратсыз, жер таянған, емен кәрі
Тыңдаңыз, құлағыңа жылы тиер
Жасарған Нұрпейістің салған әні.

Жырымен Нұрпейіспін елге жаққан,
Сексен жыл өлең-жырдың жүгін артқан.
Сол өлең ұлы совет дәуірінде
Менімен бірге о да орден таққан.

Жарқырап Кремльде сөнбес жұлдыз,
Жарығы Отанымды еткен күндіз.
Маздаған осы нұрдың аясында
Ер жүрек батыл болып өсті ұл, қыз.





1941

ЖАҢА ЖЫЛДА ЖАҢА МІНДЕТ

Келді міне жаңа жыл,
Астық тағы жаңа қыр.
Жаңа жылда шаттықпен
Айтылады жаңа жыр.
Календарьда төрт цифр
Мың тоғыз жүз қырық бір.
Жылдың әрбір күнінде
Алуан табыс бар деп біл,
Табысты табар ерлерім
Отанға тарту — берерің
Қомақты келсін десеңіз
Аброймен еңбек қыл.
Отан деген жалғыз сөз
Қуантады жүректі,
Құлшына істер жұмысқа
Сыбантады білекті.
Өсу, өрлеу ілгерлеу
Орындар өскен тілекті.
Отан күшін нығайту,
Ел дәулетін ұлғайту —
Мақсат осы көздеген
Ұғынсаңыз керекті.
Ол үшін: адал еңбек ет,
Еңбекте бар берекет,

Аброй, атак, даңққа
Бөленуді өзіңе
Ең бірінші міндет ет.
Еңбектің ұлы күшімен
Қорғасын, қола балқыған.
Ембіден шыққан көп мұнай
Теңіз болып шалқысын,
Нарын боп өскен егінде
Қомбайндар малтысын.
Кең өрісте жайылған
Мыңғырған мал төлімен
Өсіп саны артылсын.
Ұластырып табысты
Байлыққа елді бөлейік,
Отанның күш-қуатын
Күннен-күнге арттырып
Гүлдендіре берейік.

ЛЕНИНИЗМ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

Мен жырлағам талай жыл
Өмірдің нағыз шындығын.
Шындыққа шың қол артып,
Бақытты күнге құмартып,
Жырлай бердім жасымай,
Сырымды көптен жасырмай
Болар деп күткен ынтығым.
Ұлы Ленин данышпан
Алды болжап алыстан,
Ұлы майдан күресте
Жауын жеңген аңдысқан.
Ленин туы астында
Ұлты басқа, табы бір
Сансыз халық табысқан.
Өткен заман тұсында,
Тұрғанда ел қысымда,
Домбырамды тартқанмын.
Айыбын аша айтқанмын.
Елді езген патшаның
Жан түршігер сұмдығын.
Патша, хан, бай, болыстың
Көрді халық көп жылдар
Озбырлығын, зорлығын.
Мен де сонда тарыққам,
Жарық таппай зарыққам,
Көппен бірге езілдім.
Көппен бірге егілдім,
Қу өмірден безіндім,
Күттік қашан атар деп
Жарқыраған жарық таң.
Өтті жылдар, өтті күн

Аңсап күткен жетті күн,
Қараңғылық серпіліп
Ел үстінен кетті түн.
Өрмелеп шығып өмірдің
Көгінен жарып шықты күн.
Нұры бойды балқытқан,
Нұры ойды шалқытқан,
Өмірді қайта жаңғыртқан,
Өмірдің биік көгінен
Күлімдеп күндей шыққан кім?
— Ол, өмірдің шырағы
Ол, бақыттың бұлағы,
Ол, бұқара халықтың
Көзі, ойы, құлағы —
Данышпан ұлы Ленин.
Болашақты болжаған,
Тереңнен ойлап толғаған,
Өшпестік із қалдырған,
Өлместік іс қалдырған —
Данышпан ұлы Ленин.
Ленин өлді демеймін,
Өлді деп те сенбеймін
Өйткені күш, қуатым —
Ленинизм жасайды.
Ленин тіккен қызыл ту
Мәңгі тұрар, жығылмас.
Осы тудың астында,
Халықтың ұлы достығы
Ешуақытта бұзылмас.
Осы тудың астында
Еліме ел қосылып
Отанымның аумағы
Ұлғаймаса, азаймас.
БҚ(б)П — штабым —
Ленин салған жолменен
Бастаған ел өмірде —
Жүрер жолдан жаңылмас.
Өйткені, күшті құралым,
Қуатым, күшім, ұраным —
Ленинизм жасайды.

КЛИМ ВОРОШИЛОВ

Ал, Нұрпейіс, сайрашы,
Жасарып тұрған күнінде
Жаспен бірге жайнашы.
Көңілде асыл жырыңды
Ворошилов Қлимнің,
Қолбасы маршал ерімнің,
Алпыс жасқа толған күніне
Қуанышпен арнашы.
Берен сауыт киген ер,
Беліне семсер ілген ер,
Халық үшін, ел үшін
Сансыз жауға тиген ер.
Жеңімпаз ұлы халықты,
Шын жүректен сүйген ер,
Талай жауды қаусатқан,
Интервентті еңселей
Тұншықтыра оқ атқан,
Атса оғын боратқан
Көздегенін құлатқан,
Ұзынынан сұлатқан,
Жүйрік мінген пырақтан,
Сауыт киген болаттан,
Жауы жоқ оның алмаған,
Жері жоқ оның бармаған,
Қысқа күнде қырық шауып,
Шаршамаған, талмаған,

Сондай-сондай ерлікпен,
Майдандарда қолбастап,
Елін жаудан қорғаған,
Егесті жерде жүлде алған,
Қайтпас жүрек ерлікке
Қол жеткізген теңдікке,
Қайтпас ерім сен едің,
Қартайған қартың мен едім,
Ленин менен Сталин,
Елімнің батыр ұлдарын
Батылдыққа үйреткен,
Айдын майдан ұрыста
Қарсыласқан жауының,
Қабырғасын күйреткен,
Андықанды аттатпай,
Еңсесінен түйреткен.
Халықтың нағыз шын ұлы,
Социализм ісіне —
Жұмсаған күшін, қайратын,
Арнаған бар өмірін.
Шын жүректен сүйемін
Ворошилов ерімді.

КӨКТЕМ

Келеді жаз жақындап, қыста өтіп,
Қарайды қабақ басы қары кетіп.
Себелеп күн шуағын, нұрын төгіп,
Көктем де болып қалды мезгіл жетіп.

Егінмен құлпырады байтақ далам,
Береген, жерім мырза, емес сараң,
Алтынын астындағы алмақ үшін
Алмас жүз трактормен жонды жарам.

Гүлдендір, жайнатындар заманыңды,
Шын көңіл адал істе талабыңды.
Мезгілді болып тұрған уақытыңда
Гүрілдет трактормен сабаныңды.

Егіске құралыңды бұрын сайла,
Кешігіп дер кезінен қалма жайға.
Боразда бірін-бірі басып жатсын
Тегістеп боразданды терең айда.

Егіске кірісетін туды күнің
Өнімді мол алудың жолын білің,
Сонылап жерді жақсы тыңайтындар
Төгіңдер дән азығы — көң мен күлін.

Диқандар тазалаңдар тұқым түрін
Тазалап кетіріңдер шаң мен кірін.
Хажетті керек құрал өз қолыңда
Партия баршаңызға берген білім.

Егінің жылдағыдан бітік өссін,
Піскенде бітіктігін көзің көрсін,
Нұсқауын партияның орындаңыз
Астығың сегіз миллиард пұтқа жетсін.

Ұмтылдык әйел, еркек, жас пен кәрің,
Науқанға жұмылындар жаппай бәрің,
Күз күні қызыл қырман уақытында
Үйілсін таудай болып бидай, тарың.

Мол астық алам десең жерді бапта,
Күте біл егінінді қарап жатпа.
Отанның күш-қуатын арттыратын —
Өссін деп, бидай, тары, күріш, мақта.

Әрі ақын, әрі диқан мен бір қартың,
Білемін, астық бізде қызыл алтын.
Жыл сайын сегіз миллиард пұт астық
алып,
Орындау партияның қойған шартын.

ҚАРА ЖЕРДІҢ БАЛЫН АЛ

Кірді сәні жерімнің,
Ой, қыр, жазық белімнің.
Желегі есіп желкілдеп.
Ағаш соқа қалғалы.
Алмас жүзді ой болат,
Жердің жонын жарғалы.
Жазуымен ғылымның
Егінімді салғалы
Бітік өсті егінім,
Мол ғып берді өнімін.
Дәні маржан моншақтай,
Домаланған бұршақтай.
Жапырағы желді күн
Турылықтай желпілдеп,
Тракторлы ауылым,
Сыйпап жердің сауырын
Жазып ескі жауырын
Гүл бітірді жоныма,
Ну өсірді соныға.
Ойым, қырым бәрі егіс
Жайқалып тұр теп-тегіс.
Байлығы тасып даламның
Жүрегі соқты лүпілдеп
Шыныққан, өскен ерлерім,
Асырып тұр әлемнен
Таңқаларлық өнерін.

Соның бірі Шығанақ,
Озып шықты шығандап,
Бір гектардан жеті жүз
Елу пұттай тары ап,
Мырза жердің көрсетті
Қаншалықты берерін.
Көргенім жоқ мен бұрын,
Тары өсірген сендей ғып,
Диқанның асқан шеберін.
Уа, Шығанақ, Шығанақ,
Өсіре бер молайтып,
Даңқы шыққан тарыңды.
Бұдан да бітік өседі
Еккен тарың жарынғы,
Тарту үшін еліне
Жұмса күшті аяма
Қолдан келер барыңды,
Уа, тары өсірер ерлерім,
Шығанактан үлгі ал,
Тары үшін жарыста
Оза шауып бәйгі ал,
Бір дән сеуіп мың дән ал,
Қара жердің балын ал,
Ала білсең бәрін ал,
Кеңес берген қартыңның
Осы сөзін жадыға ал.



Нұрпейіс Байғаннн, Шығанак Берсеев Ақтөбе облысының атақты тарышылары аргсында.

ШЫҒАНАҚҚА

Сөйлейін Берсеевтей жүлделі ерден,
Халыққа жол көрсетіп үлгі берген.
Мақтайын еңбек еткен азаматты
Білімнің әдісі мен көзін көрген.
Ойылда Шығанақтың ақ тарысы,
Орын алды СССР шаршы төрден.
Таң қалды көрген орыс, қазақтары,
Таң етті сол тарыны көрген жаны.
Жер бейне көтере алмай ырғалып тұр,
Қарасам көлденеңнен бұйраланып.
Кісі бойы қол ұсынып өскен бойы,
Мәнісін ойлай білген ердің ойы.
Білім мен ақылы артық Берсеевтің
Осыны ойлап білген терең ойы.
Секілді қарағайдай тығыз шыққан
Метр жарым тарының шыққан бойы.
Адам түгіл аң көрсе айналады,
Көзбен көріп әркімдер таңданады.
Тарысын Шығанақтың көрген колхоз
Осындай болмадық деп арланады.
Тарысын Шығанақтың көріп жатыр.
Көрген адам баршасы таңданып тұр,
Балаларым мәні-жайы осылай деп
Ақылын түгел айтып беріп жатыр.
Сөйлейді бұрынғыны қоялық деп,
Бұрынғы ескі әдетті жоялық деп,

Ақсақал жәй-мәнісін айтып берді
Келер жаз бізде осындай оралық деп.
Тік шықты көтеріліп қамыстай-ақ,
Бітік шыққан тарылар майыспай-ақ,
Сүйеніп бір-біріне сонда ақ тары
Ырғалып түзу тұрған шалыспай-ақ.
Мысалы судан шыққан ақ маржандай
Байқасаң көзбен көріп парықтап-ақ.

* *
*

Сексен жылдай жасадым,
Талайды кезіп көргенмін.
Жыр айтып елді қыдырып,
Талай топта сөз сөйлеп,
Топқа жырлап желдендім.
Сонша жерді кезгенде,
Ел аралап көргенде,
Халық ішін аралап,
Қыдырып көпті кезгенде,
Қыдырып жүрдім жас күнде,
Ен қазақтың елінде.
Қазақстан жерінде,
Сабан айдап сол күнде,
Біздің қазақ халқы
Кәсіп қылған егінге,
Сонша аралап жүргенде
Талайды байқап телмірдім.
Бұрынғы өткен заманда
Шамалы еді егінің,
Осы жастың ішінде
Шығанақ еккен ақ тары.
Таң қалғандай көргенім.
Күйін тауып егіннің,
Тырма тартқан тегістеп
Жерді күйлеп айдасаң
Кәсібің табар өрістеп,
Тазартып тұқым шашайық,
Сонда берер жемістеп,
Төрт суарып бір жазда

Шаруаның күйіне
Осы болар келіс деп.
Ыждағат етіп егіске
Табыстың көзін ашалық,
Таңдап алған тұқымнан
Қел егіске шашалық.
Халықтан кәсіп оздырып
Өзгеден озат асайық.

ҰЛЫ ОТАН КҮЗЕТІНДЕ

Даңқты Қызыл Армиям
Тудың, өстің дауылда,
Бостандық туын көтерген
Октябрьдің таңында.
Іштен, сырттан жау қамап,
Тұс-тұсынан анталап,
Қол қойғанда еліме,
Бас салғанда жеріме,
Жасақталдың, құралдың
Жағдай қыйын, ауырда,
Өйткені Ленин жеңістің
Ұлы жолын нұсқады,
Сонда Сталин майданда
Қолды өзі бастады.
Төнген жауды талқандай,
Жер көтерген тұмандай,
Кейін серпіп тастады.
Октябрьдің жемісін,
Халықтың ұлы жеңісін
Қорғауға шықтың белсеніп
Жендік жауды еңсеріп.
Сондағы сөз, ерлік іс,
Көрсеткен бейіл қайрат, күш
Миллионның жадында.
Жеңімпаз қызыл ерлерім,
Есімде ант бергенің,
Елді қорғап, күзетем,
Соқтыққан жауды күл етем,
Қырағылықты үдетем,
Отанымды гүлдентем,

Жалынды жылда шыныққан
Ерлігімді көрсетем —
Деген едің антында.
Батылдық, ерлік, өжеттік,
Іспен сертті ақтадың.
Күзетте кірпік қақпадың,
Тыныштықты сақтадың,
Риза болды ісіңе
Өсірген сенің халқың да.
Сондағы қарт жауынгер,
Сол жылы туған ұлды көр!
Балуан дене, келбетті,
Жігіт болды ержетті,
Армияға алынып,
Қаруын түгел тағынып,
Ұлы Отанын күзетті.
Орындап тұр ерлікпен
Әскерлік ұлы міндетті,
Осы мезгіл ішінде
Қуаты артып Отаным
Державаға айналды.
Өлшеусіз болып ұлғайды
Отан қорғау күшім де.
Күштілігім көрінді
23 миллион халықты
Азат еткен ісімде.
Самолет, танкі крейсер
Қаһарлы оғын боратса
Жаудың үнін өшірер,
Жалт ойнатып үстінен
Жайдың оғын түсірер.
Деңгеліме келмес жау,
Келсе егер, қалмас сау.
Даңқты Қызыл Армиям
Күзетінде берік тұр.
Ұлы халқың сай етіп
Қолыңа қару беріп тұр.
Отан үшін әрдайым,
Аттанысқа, бол дайын —
Деп үйретед күн сайын.

ПРАВОҢДЫ ПАЙДАЛАН

Ұлы заңның күшімен
Сүйікті ұлы Отанда
Бақыт тапты барша жан.
Сайлануға, сайлауға.
Еркек, әйел бәріңнің,
Жасы жеткен кәріңнің
Бірдей болды правоң.
Сайлау күні болғанда,
Правоңды пайдалан.
Қызметі елге бек жаққан,
Адамды біз таңдаймыз.
Еңбегі озат көрінген
Большевикті сыйлаймыз.
Сыйлағанның белгісі
Сайлау күні сол ерге
Даусымызды арнаймыз.
СССР Ұлы Советке
Адал ұлын халықтың
Депутат етіп сайлаймыз.
Беруге дауыс қуанып,
Біріміз кейін қалмаймыз.
Гүлденсін байтақ жерім деп,
Нығайсын Отан елім деп,
«Халық үшін қашанда,
Қайрат күшім тегін», — деп
Қызмет еткен ер ұлға
Даусымызды береміз.

ЖАРҚЫН МАЙ

Қуанышқа, шаттыққа
Толы жарқын өмірім
Өмір берді қайратты,
Ақын етті сайратты
Бақытты шақ — бүгінім.
Өмір жазын жырласам,
Еңбек жырын толғасам,
Қыядан ұшқан қырандай
Көтеріледі көңілім.
Береген мырза жерімді,
Қуаты күшті елімді,
Даңқы шыққан ерімді —
Мен жырласам, қосыла
Әнші құсы даламның
Сайрайды бірге бұлбұлым.
Өн бойында он саусақ,
Ойнақ салған серігім
Дүмбірле домбыра, төк күйді.
Құттықтаймыз, жырлаймыз
Ол да, мен де Май күнін.
Адамдықтың шын жазы
Менің байтақ елімде.
Сарқылмайтын мол қазына
Ұлы совет халқының
Ұшан теңіз жерінде.
Масатыдай құлпырды,

Отанымның даласы.
Қалі кілем түріндей,
Бақшаның ал гүліндей
Амур, Балтық арасы.
Толып жатыр көл, өзен
Орта түспес сабасы.
Еділ, Жайық, Електің
Кемерін соғып толқыны
Толып ақты арнасы.
Станоктар зырқырап,
Заводтарда іс қызды
Артты жердің олжасы.
Күн-күн сайын ұзарды
Өндірістің құлашы.
Көгімде ұшты самолет,
Теңізде жүзді пароход.
Аймағымды аралап,
Жүйіткіді жерде поезым
Таусылмайтын тұрасы.
Түсі қара мақпалдай,
Тегістігі тақтадай,
Жұмсақтығы мақтадай,
Көрсен мейір қандырған
Егісімді қарашы.
Советтік ұлы дәуірде
Көтерілді жоғары
Еңбектің күші, бағасы.
Шет елдерде қан төгіс,
Қырғын, апат соғыспеч
Ойрандалды қаласы.
Ашылмайды жігіміз,
Жазылмайды жұбымыз,
Достық күшті, серт мықты.
Қолға ұстап мылтықты
Ұлы Отанын күзетіп
Бүкіл халқым бағып тұр.
Құлыпталды тас болып
Отанның шекарасы.

ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЖЫР

Көмейден кұйылады жырдың басы
Өлеңнің тасығандай дариясы.
Күй тартсам, эн шырқасам шыйрай берем,
Сұңқардай қыяға ұшқан кең кұлашы.
Екі елі Нұрпейістен қалыспайды.
Қосылып дүмбірлеген домбырасы.
Жырында Нұрпейістің жаңалық бар
Зейінмен кұлақ салып, ал, тындашы.
Өлең, жыр, эн менен күй бұ да еңбек,
Шығарған еріккеннен емес ермек.
Адамның ақыл, ойы, қол күшіне
Сай болып дүниеде не тең келмек?
Қызықты тұрмысыңды етем десен,
Аянбай істе қызмет маңдай терлеп.
Елімде, қол қусырып, бекер қарап,
Отырған кемпір, шал жоқ үйде мен деп,
Жастықта еңбек ету қандай қызық,
Қуаныш билемей ме бойды кернеп?
Мен дағы өлең — еңбек деп түсініп,
Маржандай сөзді тердім, ойды тербеп.
Еңбекпен абройың арта берсін,
Жұмысқа қолдарыңды тигіз дендеп.
— Кім десе стахановшы өндірісте?
Тамаша, қандай жақсы, тұрсаң — мен —
деп.

Станок, құралыңыз жалтылдасын,
Өзіңе мін болады тұрса кірлеп

Жалқаулық, бой күйездік жанның қасы
Еңбек ет ықласпен құлаш сермеп.
Жалқаулар жатып ішер арамтамақ,
Ондайлар болады ғой елге салмақ,
Жарымай ішер асқа, азып-тозып.
Өзінің қатарынан кейін қалмақ.
Борышын ел алдында өтемесе
Жұрт алған абройды қалай алмақ?
Жұмысқа әлде қалай қолы тисе,
Кеш келіп, мезгіл бұрын кетіп қалмақ.
Еңбекте, адалдықта бақыт, ырыс,
Қоғамға сыйыспайды делбе жүріс.
Еңбекке жалқауларды шақырамын
Өмірге еңбекпенен келген дұрыс.
Отанға тартуынды лайықтап,
Беруге жан аямай істе жұмыс.
Әркім-ақ еңбегімен бағаланад,
Сондықтан еңбек ету — күшті борыш.

АТ

Құлынынан қолда өскен,
Мінілместен құр өскен.
Түгі қама құндыздай,
Көзі шолпан жұлдыздай,
Тұлпарымды мақтайын;
Сымбатына тоқтайын:
Сағағынан үзілген,
Жал, құйрығы сүзілген,
Кірпігі қарыс, төгілген.
Тұлабойда бұлтылдап
Бұлшық еті бөлінген,
Шоқтай болған кекілі
Маңдайына төгілген,
Серіппелі тілерсек
Жақтай болып бүгілген,
Жаңбырлығы, сауыры
Тұтас, майға бөленген.
Қос құлағы құрақтай,
Тұяғы құрыш болаттай,
Сала құлаш мойыны,
Жібек баулы қынаптай,
Тістерінің бедері
Тісеп қойған қайрақтай.
Төсі төмен салынған,
Бауыры ішке алынған,
Шоқтығы озат көрінген

Қатар тұрған нарыңнан.
Құлан дерсін мүсінін
Қарап тұрсаң алдынан,
Отан қорғау ұлымның
Мінеріне осы ат
Ылайық деп танылған.
Төрт тұяқты көмкере
Айдай таға қақтырып.
Басын сүзе тартқанда
Үзілмес тізгін тақтырып.
Мақпалменен теріліктеп,
Алтын ермен еріттеп,
Шап айылын бос тартып,
Төс айылын бек тартып,
Көргенінде шаптырып:
Тұтаса біткен тұлғасы
Алты құлаш жазылар,
Басқан ізі қазылар.
Жарыса ұшқан құстардан,
Озатұғын сазы бар;
Кірпігінді қаққанша
Бір көш бойы барғызар,
Ескен желді артыңнан
Қарсы алдыңнан тұрғызар;
Зуылдаған екпіні
Демінді зорға алғызар.
Әрі-бері шапқан соң
Күдірден-күдір асады,
Арандай аузын ашады,
Ауыздығын басады,
Домаланған моншақтай
Терін жерге шашады,
Қазандайын тастарды
Тұяғымен аспанға
Боратып оқтай атады.
Жуықтатып алысты
Танабын жердің тартады.
Бір дем шабыс ішінде
Талай жерді ұтады.

Отан қорғар ұлымның
Мінеріне осы ат
Көңіліне ұнады.
Тұрпатымен жүрісін
Көрген адам мактады.
Осыған мінген ерлерім
Отан үшін ұрыста,
Жауын шөптей отады.
Колхоз бенен совхозым,
Аттың не-не шандозын
Үкілі құйрық, майда жал
Шаңқан түсті ақ бозын,
Отанымды қорғауға
Өсірді, күтті, баптады.

НҰРПЕЙІС АҚЫННЫҢ НАҚЫЛДАРЫ

Ел қорғаған кем болмас,
Ел бақпаған ер болмас.

Білімді адам әр неге шебер
Халқы үшін қыйындыққа көнер.

Дұшпаннан қорқып сасу бекер,
Сабырлы ер мұратқа жетер.

Кейбір қорқау адам бар,
Көрінгенді алам деп
Кім шақ келер маған деп
Жалынын шашып жалаңдар.

Білім — көше, тартар жолға,
Елді бастар оңға,
Ел бүлдірер бұзықтар
Түсер өзі торға.

Айнала биік қорған тау,
Үстінен ешкім аспайды.
Ел бастығы ер болса,
Дұшпаныңнан қашпайды.

Адамға халық айналар мақұл болса,
Кем болмайды әркім де ақыл болса.

Білімнен қымбат нәрсе жоқ
Көңілде жатса баспай тот.

Жақсы жолдас досын сақтар,
Жақсы басшы елін сақтар.

Адал болса жолдасың
Күнде көңілің өседі.
Жатса да қайнап қорғасын,
Ер сескенбей кешеді.

Екі талай жерде
Ердің ерлігі сыналар,
Ел бір ауызды болса
Ерге бақыт құралар.

Әр нәрсеге сабыр ет,
Аптықпандар, саспандар.
Сабыр түбі құдырет
Салыспай найза қашпандар.

Өнерсіз іс оң болмас,
Өнерлі жігіт қор болмас.

Жамандығын көргенше
Жолдасыңды қас деме.
Адам болар баланы
Толықпаған жас деме.

Айлалы жау бермес сырын,
Жау жоқ деме күтін бұрын.
Тауды биік демендер,
Талаптансаң шығасың.
Жауды мықты демендер
Ерлік қылсаң жығасың.

Кәдір білген адамға
Жасырмай айт сырыңды,
Кәдір білмес адамға
Өтініп, салма құныңды.

Адал болсаң халқыңа,
Қалай да болса жағасың.
Арам болсаң егерде
Әлі-ақ артта қаласың.

Ойлансаң ой ақыл табады,
Ойлы жігіт жақын табады.

Білім біл оқып қарман да
Оқымай қалма арманда.
Надандардың көзі — көр,
Қор болмайды білімді ер.

Долы болса әйелің
Боран ойнар үйіңде.
Түпсіз дария тартылмайды,
Ел үшін ерлер тартынбайды.
Арсыз болма, арлы бол
Алысқан жауға қарлы бол.

ЖАУ ТАЛҚАНДАЛАДЫ

Тында, тында, тындаңыз,
Ұлы Отан аймағым!
Соғыс өрті лапылдап,
Шекарама жақындап,
Бейбіт жатқан еліме,
Ырыс құты жеріме,
Тигізуге шарпуын,
Жаймақ болып зәр, уын
Көрдіңіз бе кенеттен
Шыққан өртті бандиттен.
Фашист—зұлым, жау, жендет,
Азғын, пасық, арам дерт.
Жүрген жері соғыс, өрт,
Жалғаншы сұм, бұзған серт.
Отаныма атты оқ,
Шекараға тастады от,
Ежелгі жау дұшпанның
Көрдік қастық қылғанын.
Елді жаудан қорғауға,
Жауды талқан қылуға,
Аттанатын туды күн.
Белді бекем буынар,
Алмас кылыш суырар,
Жау апшысын куырар,
Жерден, көктен, теңізден,
Қеудесін жаудың тестіре

Келді кез оқ жауғызар,
Өз қанына тұншығар
Гитлер—фашист, қан құмар,
Жасылдай жауға тиеміз,
Майданда жау үстінен
Қыран болып қалықтап
Төбесінен шүйеміз.
Танкіменен таптатып,
Жұлынын жерде үземіз.
Жел көтерген тұмандай,
Ардақты совет жерінен,
Жау іргесін түреміз.
Бір кісінің ұлындай
Жасымыз бен кәріміз,
Үлкен, кіші — бәріміз —
Жалындаған жігермен,
Жапырып жауға тиеміз.
Жеңімпаз Қызыл Армия,
Алысқан жауын жаныштап,
Жеңетінін білеміз.
Ұлы майдан соғыста,
Біздікі, жеңіс біздікі,
Оған, халқым, сеніңіз.

ОТАН ҮШІН

Батыста, шекте, майданда
Даңқты Қызыл Армия
Жауға оғын боратты.
Жауынгер батыр танкистер
Шымқай киіп болатты,
Фашистің қолын жапыра,
Қу томардай құлатты.
Мергендерім оқтарын
Дәл тигізіп дұшпанның
Жүрегінен қадалтты.
Бомбовоздар бомбамен
Жаудың шебін қыйратты.
Атты әскер қылышпен
Өктемсіген жаулардың
Талайларын жайратты.
Сүйікті Қызыл Армия
Таң қалдырып әлемді
Көрсетіп жатыр қайратты.

Даңқты Қызыл Армия
Айқасты жаумен майданда
Оналты одақ ел үшін,
Гүл жайнаған жер үшін,
Қайнаған ыза, кек үшін,
Отандық ұлы соғыста
Көрсетті берен зор күшін.

Талқандаймыз, қыямыз
Фашистердің желісін.
Майданда ерлер жатқанда,
Оғын жауға атқанда
Алысқан жауын жеңуге,
Жаныштап әбден езуге
Армияның мұқтажын
Тиістіміз сезуге.
Жан аямай қыймылдап
Күш-көмекті беруге
Олай болса азамат
Өндірістік өрлеумен
Еңбек етер туды күн.
Азық-түлік тамақты
Қару құрал-жарақты
Мол өндіріп шығарар
Қаурт, мезгіл туды күн.
Өндірісті бек сақтап,
Теміржолды нық сақтап,
Сезілген жауды аластап
Тұратұғын туды күн.
Жалқаулықты жоятын,
Енжарлықты қоятын,
Отан үшін жан қыя
Жұмыс істер туды күн.
Әйел, еркек, кәрі-жас
Еңбекке түгел аралас.
Сонда жауды жеңеміз,
Оны көрге көмеміз.
Жойылғанын фашистің
Күні-ертең көреміз.
Азаттықты аңсаған,
Халыққа көмек береміз.
Коммунизм гүлдерін
Сол елге де егеміз.

БІЗ БЕРІКПІЗ

Асқармыз қанатты да асалмайтын,
Елміз біз, жерін жау кеп басалмайтын,
Келді кез, жауға оқты жаудырдық біз,
Адымын екі елі ашырмайтын.

Ерім бар айбаттары арыстандай
Біреуі мың сан қолмен алысқандай.
Теңізді, көк пен жерді тегіс қорғап,
Майданда жауын тапап жанышқандай.

Аттандық шеру тартып, қару сайлап,
Соғысқа көтерілді бүкіл аймақ
Ұшымен көк найзаның жауды түйреп,
Елімнен шығарамыз түріп айдап.

Әскерім болған қорған астанама
Майданда жау оғынан жасқана ма?
Соғысқан отан үшін батырларым
Дұшпанға туған жерін бастыра ма?

Айқасты екі жиһан, майдандасты,
Жаңылып есебінен жау адасты.
Құрыш қол, өткір қылыш, бұлтартпастық
Тигендей боп жатыр жау жердің асты.

Көрсеттік біз соғыста өжеттікті,
Біздің күш тітіретті жер мен көкті.

Майданда өз қанына тұншықтырдық
Адамның қас дұшпаны сұм жендетті.

Көріне залым жаулар жатыр құлап,
Әр елден жыйған қолы басын құрап,
Аяғын әскерімнің құшып ертең
Гитлер де өз көрінде жатар сұлап.

КАПИТАН ГАСТЕЛЛО

Тыңда, халық, жырлайын,
Гастеллодай ерімнен,
Қос қанатын комдаған,
Алғыр қыран бүркіттей,
Көк алыбы керімнен.
Айдын майдан ұрыста
Жау оғынан жасқанып
Жері жоқ оның шегінген.
Бомбасын баптап тастаса
Ерлік ісін бастаса,
Жауы жерге көмілген.
Жауы жаннан түңілген
Отандық ұлы соғыста,
Фашиске қарсы ұрыста,
Ер Гастелло көрсетті
Орындауда ант сертті
Отанына берілген.
Қатерлі сағат туғанда,
Жан-жақтан оқ жауғанда
Қорықпады өлімнен.
Миллион алғыс арналды,
Гастеллодай сабазға,
Өзінің туған елінен.
Ұлы болсаң Отанның —
Гастеллодай батыр бол!
Қорықпайтын батыл бол!

Орын алған тарихтың
Хасиетті төрінен.
Жауға батып шаппай ма,
Өсірген өзін ел үшін,
Кіндік кескен жер үшін,
Қастасқан жаумен қағысып
Алынатын кек үшін,
Жігіт жанын қыяды
Бұқара халық көп үшін,
Жаудан сақтап қорғауға
Қайырлы мекен қонысын,
Батыр туған ер жігіт
Өзінің де, елдің де
Бермес жауға намысын,
Гастеллоның қыраны
Соққан желмен жарысқан,
Жаудың берді сазайын,
Бомбалаған тылдан, алыстан.
Өзіне қарсы атысқан
Жаудың жүздеп құзғынын
Күлін көкке ұшыра
Күл-талқан қып жанышқан,
Майданда мыңды жапырған,
Жаудың қанын сапырған,
Ақтық демін алғанша,
Сарқылып күші қалғанша,
Қорқаулармен алысқан,
Гастелло ер—арыстан,
Ұлы совет халқының
Жауыменен соғысқан.
Шарықтап көкте жүргенде,
Жауға келіп төнгенде,
Тыйпыл қылар бомбамен
Сазайларың бергенде,
Самолеттің төсіне
Тиді бір оқ оқыстан.
Батырдың мінген қыраны
Жалындаған өрт болды,
Ұша алмастай мерт болды.
Сонда батыр Гастелло

Жау құралын өртеуге,
Тірілей жауға түспеуге
Өзіне-өзі серт қылды.
Кірпігінді қаққанша
Айтылып болмас кеп болды.
Жаудың жыйған құралы
Өртенді де жоқ болды.
Аяғын қайда басса да,
Мейлі қайда қашса да,
Хасиетті жеріміз
Жауды торлап қоршаған
Лаулап тұрған өрт болды.
Сыбап тұрған оқ болды,
Жыйырма бір күн ішінде
Кірген жаулар көріне
Миллионнан көп болды.
Бітсін фашист, жойылсын,
Өйткені ол халыққа
Қайғы, ажал, дерт болды.

ҚАРУЛАН, ХАЛЫҚ ҚАРУЛАН!

Сөзімді сізге арнаймын
Замандасым, теңдерім!
Ұлы соғыс күнінде
Буылсын бекем белдерің.
Ұлым менен қыздарым
Сыртыңа шығып ызғарың,
Салтына түс ерлердің.
Зұлым фашист — жыртқыш аң,
Зәрін шашқан сұр жылан,
Шамасы келсе алмақшы,
Ұлы совет халқының
Мол, шұрайлы жерлерін.
Қөне алмаймыз біз оған!
Бере алмаймыз жер оған!
Аттан, халық қарулан!
Майданда Қызыл Армия
Отан үшін жан қыя
Жауға ойран салып жүр,
Фашистерді бауыздап
Тамағынан шалып жүр.
Тіктескенін алқымдап
Тамағынан алып жүр.
Қарттар, жастар — беренім
Айырмайды бәріңді,
Жасың менен кәріңді

Алып батыр көремін,
Аттаныстан қалмаңыз
Қаруынды қамдаңыз,
Жауынгер боп қаһарлы
Жауды талқан қылатын
Жеңіс үшін шыңдаңыз.
Әзірле, сайла, дайын ет
Майданның әр керегін.
Борышынды ұғынсаң
Отаныңа көп әлі
Ұшан теңіз берерің.
Ызғарланып сұстансан,
Қолға мылтық ұстасан,
Сезер фашист өлерін.
Атқа мінген ашынып,
Қару-сайман асынып
Қыймылданғдар асығып.
Серпілт жауды, түріндер,
Келген елге басынып.
Жасақталсын қалың қол —
Қала, село, ауылдан.
Аяйтұғын не жан бар
Отан, халық — бауырдан.
Жүрген жерің жайнаған,
Күштіміз біз дауылдан,
Партияның нұсқауын
Орында, халық, қарулан!
Жаулар тапсын қазасын
Қаһарлы біздің қарудан.

ПАРТИЗАН

Жігер, намыс, қайратқа
Партизандар озаған.
Жерін жауға бермеуге
Сансыз қалың бандитті
Жан-жағынан ораған.
Қызғын сүйек қайратты,
Күш бойына тараған.
Батыр туған ерлерім
Біреуін мыңға санаған.
Айламенен, қайратпен,
Ағызған жаудан қара қан
Әрі батыр, білікті
Партизандарым сүйікті
Есебін тауып айламен
Ар жағын орап кіріпті.
Жауыз фашист зұлымға
Қырғынмен салды бүлікті.
Көрген жауын қыйратқан,
Әскерінен айрылып
Дұшпанның іші күйіпті.
Дұшпан енді оңбайды,
Оңар күні болмайды.
Партизаным ерлерім
Халқын жақсы қорғайды.
Жоқ қыламыз фашисті,
Ұлы совет халқыма

Мәңгілік бақыт орнайды.
Белсеніп шыққан ұл, қызым
Жауды еркіне қоймайды.
Жеңісіне қуанып
Ақындарым жырлап, толғайды.
Кел партизан ерлерім,
Күші қайнап тасыпты,
Айла, амалы асыпты,
Партизанды көргенде
Жаулар мықтап сасыпты.
Осынымның бәрі рас,
Екпінді ерім көрінсе
Далада, таса жерменен
Жаулар қорқып қашыпты.
Кез келгенде бандитті
Жер жоқ жауды шыдатқан,
Аз кісім көппен сынасқан.
Шеберлікпен айламен
Кіл партизан ерлерім,
Оны жүзін құлатқан.
Партизан жүрген жерінде
Жаудың қаны кем емес
Сарқырап аққан бұлақтан.
Қанша жаулар кез келсе
Жері жоқ жауды шыдатқан,
Партизанның ерлігін
Қуанып халқым, ұнатқан.
Қорықпаймыз, саспаймыз
Біз ерлерге сенеміз.
Болат қайсар қайтпайтын
Шыныққан біздің денеміз.
Фашист атын құртқанын,
Жауларды жер жұтқанын
Кәзір-ақ, ертең көреміз.
Анталаған фашистің
Сазасын құртып береміз.
Залым бандит жойылсын
Дұшпандар құрып сойылсын,
Гитлер көзі ойылсын,
Фашист аты жоқ болсын.

Қазбай жерге қойылсын.
Партизан—әскер ерімсің,
Жігерің тасқан керімсің,
Қыймылда ерлер, қыймылда
Кереметің көрінсін,
Өктемсінген дұшпанның
Сүйегі қаусап сөгілсін,
Сүйенішім сендерсін,
Жоқ болып бандит көмілсін.
Құласын, дұшпан құласын.
Партизандарым, ерлерім
Жазып жүр жауға құлашың.

ЖАУ ҚАРЫ КЕСІЛЕДІ

Жендет, азғын, жексұрын
Адам жауы қас, зұлым,
Жүрген жерін көктетпес
Қасапатты ит, малғұн.
Көріп жолда көп қырғын
Төсек қылып өлігін
Көрікті Ленинградқа
Созды енді шеңгелін.
Ұлы Ленин қаласын
Алса олар, істемек
Ойларына келгенін.
Көзін қанша тіккенмен,
Әскерлерін төккенмен,
Найза, қылыш, оқпенен
Үземіз жаудың өңменін.
Жау дегені болмайды
Босқа дулап шулайды.
Өйткені: Ленинградты
Айбынды Қызыл Армия,
Бүкіл халық жан қыя
Төсін төсеп қорғайды.
Жауға атқан оғымыз
Фашистерді ұшырып
Толастатбай борайды.
Гитлердің мақтаған,
Талай жерді таптаған,

Талай елді қақтаған,
Шұбырынды көн табан,
Армиясы тобымен
Ленинград маңында,
Боялып өз қанына,
Көрлеріне құлайды,
Жау килігіп төңгенмен
Ұлып итше үргенмен
Ленинград шаһары
Көрсетеді қаһарын
Совет халқы жабыла
Қылышпенен кеседі
Созған бізге жау қарын.

ҚУАТЫ ӨССІН ОТАННЫҢ

Қорға, халық аянбай
Хасиетті Отанды.
Батыр туған ерлерім
Отандық ұлы соғысқа
Қаһарланып аттанды.
Советтің сүйем жері үшін,
Өзінің туған елі үшін
Талай ерлер соғыста
Ел геройы атанды.
Ұлының ерлік ісіне,
Көрсеткен қайрат күшіне
Халық түгел мақтанды.
Ерлеріміз айбарлы,
Құралымыз қаһарлы
Жауды сөзсіз жеңеміз
Оған кәміл сенеміз.
Батыр халық қорғандар!
Бостандық, намыс, арынды.
Берме зұлым жендетке,
Құтырған өңшең кіл итке
Жер, су, дәулет, бағынды.
Отан қорғау қорына
Беріңіздер тартынбай
Қолдан келген барыңды.
Артсын Отан қуаты
Беруден тартпа қарыңды.

Отан қорғау қорыңыз
Самолет болады мінерге,
Жау үстіне төнерге.
Танкі болады тағыда
Жапырып жауға тиерге.
Оқ өтпейтін көк болат
Бронь болар киерге.
Жауды қырқа кесетін,
Алмас болар бұл қаржы
Белге орай ілерге.
Отан қорғау қорымыз
Пулемет пен оқ болар,
Жау үстіне тастайтын
Алуан түрлі доп болар,
Осы қордың күшімен
Жауыз фашист жоқ болар.
Жеңімпаз Қызыл Армия
Қаһарлы күшті қарумен
Гитлердің жендетін
Жер бетінен жоқ қылар.

ЕР ҚАМЫН ЕЛ ОЙЛАЙДЫ

Майдандағы жауынгер
Өңшең батыр, өжет ер,
Жер, су, көкті құрсаған
Ұшқыш, моряк, мергендер,
Сүйікті ұлы Отанын
Жан-тәнімен сүйгендер,
Елін жаудан қорғауға
Бұзылмас антын бергендер
Жауға қарсы оқ атып,
Оғын қардай боратып,
Көздегенін құлатып,
Ұрыс салып жатқанда
Ер қамын ел ойлайды.
Жауды талқан қылуға
Жаудан кекті алуға,
Совет халқы жұмыла
Армиясын қолдайды.
Қолдағанның белгісі,
Туысқаны — ерлерге
Сәлемдеме сыйлықты
Күн-күн сайын жолдайды.
Отан үшін соғысқан
Ерлер бізге туысқан,
Соларға деп тон берсек,
Жылы киім мол берсек
Тіпті көптік қылмайды.

Истелуге тиісті,
Игілікті әр істі
Халық болып қолдайды.
Ел қамына бөленген
Ер суыққа тоңбайды.
Біздің мынау қаңтар қыс,
Жауға қысым қорқыныш,
Жылы киім таба алмай,
Елінен жәрдем ала алмай
Жаудың күні бір уыс.
Аяз, боран-шашында.
Қалар қардың астында
Денелері бандиттің
Бұйырмастан көр—қуыс.
Ескер, халқым, қамданың,
Әлі алда жауменен
Шайқасатын зор соғыс.
Майдан үшін әлі де
Істеу керек көп жұмыс.
Майдан қамын ескермей
Жаталмаймыз тып-тыныш,
Әрбір қызыләскерді
Жақсы, жылы киіммен,
Тұтынатын бұйыммен,
Қамсыз ету — Советтің
Адамына зор борыш.

* * *

Буалдыр, бұлдыр заманда,
Бұралқы, бөгде ел болдық,
Өнерден шола, білімсіз,
Көбелектей көр болдық.
Таудай талап талпынған
Пайдаға аспай жер болдық.
Қаптаған қалың қара күш
Жебелей соққан жел болдық.
Жетекке жетпей қолымыз,
Толқын қуған сең болдық.
Құлашты еркін жаза алмай
Еңседен басты ен қорлық.
Ашынсақ айыр, бақан мен
Сойыл, соққы қолға алдық.
Жау жағаға жармасса,
Қолмен сермеп қорғандық.
Етек, жеңді жыя алмай,
Жаяу жылжып соң қалдық.

Бақытты жаңа заманда
Өнер тиді қолыма,
Тұйғын құстай түйілдік
Түспейтін жаудың торына,
Көкте, суда, құрғақта
Бір тоқтау жоқ жолыма.
Майданға шықсаң аттанып,

Шықтың жаудың сорына,
Самолет міндік самғайтын
Бұлтты допша үйірген,
Қас батырдай қасқайып
Үстіне болат киінген.
Летчик¹ болу борышымыз,
Жасылдай жауға шүйілген.
Қалтылдаған қайықтан
Міндік болат кемеге,
Қорғану мықты борышымыз
Жау жолатпай келеге,
Техника тілін үйреніп
Болайық көпке өнеге.
Дауысы мен дүрілі
Тауды-тасты бұзғандай,
Қалың орман киліксе,
Үстінен сызық сызғандай.
Бораған оққа бой бермес,
Танкист болу борышымыз
Жауға қаңтар ызғардай.
Пулемет пен миномет,
Гранат бар, бомба бар
Керемет атқыш болайық
Дәл төбеден қондырар.
Бір атқан оқ жоғалып
Босқа қаңғып кетпесін,
Көздеген жерден қадалып
Қозғалтпай жаудың өкшесін
Айнымай тиіп атқан оқ,
Дандайсыған фашистің
Бассын желді өкпесін.
Біз білмеген қалмасын
Соғыстың әдіс, айласын,
Қартта қарап отырма
Мінсін атқа ел жасы,
Үйрену соғыс өнерін
Әйел, еркек барлығы,
Өмір қамы, ел қамы.

¹ Ақын кейде ұшқыш, кейде летчик деп айтады, өз айтуы бойынша алынған.

ЖАС ПАТРИОТТАРҒА

Жас жеткіншек балаларым
Сендерге арнап жырладым.
Ақыл кірер ойыңа,
Қайрат енер бойыңа,
Оқысаңыз зер салып
Нұрпейістің жырларын.
Домбырамды тартайын,
Баян етіп айтайын
Жырымды менің тыңдағын.
Сүйікті Отан — ел үшін,
Халықтың намыс, кегі үшін,
Құтты қоныс жер үшін,
Майданда жүр туысқан
Әке менен ағаңыз.
Тылда жатып бер жәрдем
Келгенінше шамаңыз.
Алынсын десең жаудан тез
Ашу, ыза, кегіңіз,
Жас ұрпақтар майданға
Көмектесер кезіңіз.
Бақытты жастық басыңнан
Аумастығын ойласаң
Бейқамдықтан безіңіз.
Талқандалсын десең жау,
Сан-салалы еңбекпен
Тылдың күшін нығайтып

Майданға жәрдем беріңіз.
Талап етед осыны
Өсірген, сізден, еліңіз.
Көктемде жең сыбанып
Сабан айда, ек егіс.
Бірің қалмай жұмыла
Қатынасындар теп-тегіс.
Өскелең ұл, қыздарым!
Отан үшін жұмыстан
Тартпаңыздар қарынды,
Сал ортаға барынды,
Келешек, жастар, сенікі.

ҚАНАЛЫНЫҢ ҚАСҚЫР ІШІГІ

Қоңыр қылшық ақ түбіт,
Қара елтірі жағалы.
Қарлы боран аязда,
Тоңдырмайтын бағалы,
Қақпан салып екі жыл
Қасқыр аулап Қаналы
Арнап ішік тіккізген
Мауытымен тыстатып,
Жағасына қаракөл
Қалың етіп ұстатып.
Қақаған суық қаңтарда
Киіп қана шығатын.
Күн ызғары басылса,
Сандығына тығатын.
Қаналыға қадырлы
Қартайғанда ішігі ед,
Екі жылғы еңбекке
Бұл ішігі түсіп ед.
Сол ішігін Қаналы
Шығарды бүгін сандықтан
Іліп қойып сөйлеп тұр
Жадырап жүзі албыртқан.
— Бағалаған ішік ең
Қартайғанда жаныма,
Теңгеруші ем бар жыйған
Қорадағы малыма.

Аттанғанда балалар
Адамның жауыз аңына.
Қару, киім жеткізу
Кіріспесек қамына,
Қыс қылышын суырып
Жалақтап тұр тағы да,
Қыстың алдын алмасаң
Халық болып жабыла,
Қыс қылышы кеспей ме
Жаумен бірге қабына.
Соны ойланып тұрғанда,
Ішігім түсті жадыма,
Сендерден аяр зат бар ма,
Жолдамақпын сауқатқа.
Біздер мұнда бай-ақбыз
Киер киім, ауқатқа.
Жауынгерім жарқыным
Үдей түссін қарқының,
Қалың халқын артында
Аямайды артығын.
Фашистерді жоқ қылу
Тілегі мұнда жалпының.
Жылы киім кидағы
Ойлама қыстың салқынын,
Қалдырмай соқ жаулардың
Жер бетінде тамтығын.
Шындаулы туған ұлдарым,
Жауды жеңіп қайтыңдар!
Батыр туған қыздарым,
Қатты тисін қыстан да
Қанішерге ызғарың!

**ҚАНҒА—ҚАН, ЖАНҒА
—ЖАН АЛАМЫЗ!**

Адам жауы Гитлер!
Жерді қанға бөктірдін.
Жас нәресте баланың,
Жазығы жоқ ананың
Көзінің жасын төктірдін.
Батыста талай елдерге,
Ауыр азап шектірдін.
Ату, асу, қамаумен,
Малын, мүлкін талаумен,
Қанды шеңгел қолыңмен
Ұрығын өлім септірдін.
Шектен асты барымтан,
Адамды қыру бар ынтан.
Серб, венгер, норвегтің,
Поляк, датчан, гректің
Мың-мыңдаған адамын
Жауыз Гитлер өлтірдін,
Қанға құмар қанды ауыз,
Жалмаңдаған жалмауыз.
Батысты жайпап болдың да,
Ұлы Совет еліне
Алас ұрып бас салдың.
Елімнің шетін желігіп,
Жеркенішті әлемге
Аяғыңмен таптадың.

Әйел, бала, шалдардың
Етін отқа қақтадың.
Әділдіктен безініп
Арамдықты жақтадың.
Мәдениетті жоям деп,
Соғысты сөйтіп қоям деп,
Жазы-қысы соғыспен,
Бір күн қарап жатпадың.
Елден шыққан ұрынды,
Атағы шыққан бұрынғы,
Жеріме әкеп топтадың.
Ол жендеттер өлтірді
Әйел менен баланы,
Олжа етем деп дәулетті
Барымталап талады.
Сен жылансың ысқырған
Өлерін сезіп күн бұрын,
Айбат шегіп күш қылған.
Адамзаттың баласы
Ешуақытта кешпейтін
Сенсің сұмдық іс қылған.
Өлер күнің таянды
Халық түгел ашынған.
Алар сенен қанға — қан,
Алар сенен жанға — жан.
Жоқ боларсын, бітерсін
Адам жауы сұр жылан.

БАҚ ЖҰЛДЫЗЫ СӨНБЕЙДІ

Октябрьдің жеңісі,
Ұлы күрес жемісі.
Ел құлашын жаздырды
Рауандап атқан таң,
Жан жүйені жылытқан,
Өмірімді жаз қылды.
Елге бақыт орнатқан,
Ерді еңбекпен оятқан,
Жерді гүлмен жайнатқан —
Октябрь деп тарихқа
Алтынменен жазылды.
Жеңіс оңай болған жоқ:
Майдандастық, алыстық,
Қылыштастық, шабыстық,
Толғап найза салыстық,
Қарсыластық, қарыстық,
Бостандықтың жолында
Жан қыюға барыстық.
Ақырында талқандап,
Жауды жерге жаныштық.
Ұлы майдан үстінде,
Ұлы орыс халқымен,
Батырлықтың салтымен,
Айнымастық антымен,
Бұзылмастық шартымен,
Жаңғырыққан даңқымен,
Күшін қосып жалпымен,
Одақтасып, жұптасып,
Серттесіп қол ұстасып,
Қос білектен күш тасып,

Шын жүректен анттасып,
Қалың қазақ халқы да,
Ежелгі жау — патшаға,
Қаруланып жабылған.
Азат, теңдік, бостандық
Үшін ұран салынған.
Қаһарлы халық күшімен,
Жебелі найза ұшымен,
Құлатылды Николай,
Заң жүргізген бірталай,
Бауыр басқан тағынан,
Тартып алдық билікті,
Қанаушы топ табынан.
Жаңа тұрмыс орнаттық
Әлем түгел таныған,
Сол жылдарда қалың жау,
Біздің елге жабыла
Тап берді жан-жағынан.
Сонда Ленин ел бастап,
Сонда Сталин қол бастап.
Халық түгел ту ұстап,
Жауар күндей құрыстап,
Интервентті қылыштап,
Түріп айдап қуған күн
Қавказ, Донбас, Қырымнан,
Сибирь, Шығыс, Қыйырдан
Шыққан жоқ менің жадымнан.
Елді, жерді тазарттық
Арамдалған залымнан.
Сонда ерлік көрсетті
Орындады ант, сертті,
Айбынды Қызыл Армия —
Туған, өскен шыныққан,
Октябрьдей жалыннан.
Жыйырма төрт жыл болды
Жарық сәуле көргелі,
Жарқын өмір сүргелі,
Бақытты шат тұрмыстың,
Керегесін өргелі,
Осы мезгіл ішінде


Бақ, дәулетім тең өсіп
Дамып алға өрледі.
Ұшан теңіз еліме
Бесжылдықтың бергені,
Аймағымды орады
Теміржолдың шеңбері,
Ала берсен бітпестік
Құтты қоныс жерімнің.
Ақтарылды кендері,
Алатаумен тең болды
Ақ мақтаның теңдері.
Өркендеді өндіріс,
Станокта қызу іс,
Техниканы еріттеп
Ұл мен қызым меңгерді.
Қанаттанды ұлдарым,
Қайраттанып қыздарым,
Бәрі бірдей теңелді,
Жер шарының алтыдан,
Бір бөлегін осылай,
Жайнатқан біздің ел еді.
Атынан адам жерінген,
Қан жаласа семірген,
Үзген үміт өмірден
Гитлер деген жау шықты.
Қарғысталған, ант атқан,
Өзегіне қан қатқан,
Французды қаңғыртқан,
Поляктарды жылатқан,
Чех, датчанды шулатқан,
Норвег, грек, сербті
Аямай бәрін дарға асқан.
Осы залым бандының
Уысында талай ел
Азап шекті, тұншықты,
Ол онымен қоймады,
Батысты обып, тоймады,
Сұмдық істі ойлады,
Қаруларын сайлады
Ұлы Совет елімен


Соғысуға асықты.
Біздің елден оп-оңай
Алмақ болды астықты.
Жоймақ болды елінен
Орын тепкен аштықты.
Ардан безген арамза
Қаракшыдай бас салып,
Істеді бізге қастықты.
Отаныма зұлым жау
Өзі келіп ұрынды.
Ұрынғанмен не тапты
Әскерлері қырылды.
Ордалары фашистің
Қайтып шықпас көріне
Топ-тобымен жығылды.
Бандиттерден майданда
Алдық қанға қандарын,
Алдық жанға жандарын,
Жаралы аңдай ашынып
Жанталасты фашист жау,
Орындауға арманын.
Өліп-жітіп азайып
Саркылған соң қолдары,
Топ-тобымен айдады
Соғысқа енді шалдарын,
Қуатты Қызыл Армия
Төтеп беріп, тойтарып,
Тастады бөгеп жолдарын.
Совет жері берілмейд!
Совет ері жеңілмейд!
Совет күші кемімейд!
Ашса да жау аңғарын.
Бастырмаймыз жауға біз
Москва, Ленинградтың
Хасиетті мандарын.
Жер бетінен жоямыз,
Құтырған фашист аңдарын.
Көрер әлем сүйсініп
Кремль де бақ жұлдыз
Мәңгі маздап жанғанын!

МОСКВА

Отанымның жүрегі
Москва ұлы шаһарым,
Жау жақындап келгенде,
Қауып үске төнгенде,
Бұрынғыдан мың есе
Арта түссін қаһарың.
Москвалық жолдастар,
Астананы қорғандар,
Шақпақ болған жыланның
Дарытпай бойға заһарын.
Москва — ұлы астанам,
Асқар таудай зор панам,
Сенде оқып, жетіліп
Ғалым болды жас балам.
Сенен алған біліммен
Суарылған ой, санам.
Сені мекен, тұрақ қып
Елге еңбек сіңірді
Ұлы Ленин ер данам.
Сондықтан да өзгеше
Сен ыстықсын басқадан.
Қатерлі күн туғанда
Сені жауға тастаман.
Астанам — ұлы Москвам,
Сені қорғау дұшпаннан
Борышы көптің қашаннан.

Сол борышты ел болып
Батырлықпен ақтаймыз.
Жаудың атқан оғынан,
Арандаған қолынан
Қорықпаймыз, ықпаймыз.
Қайта, оның алдынан,
Өрелері жетпестік,
Жалғыз қадам өтпестік
Кедергіні мықтаймыз.
Москва сенің іргенді
Ел-ер болып сақтаймыз.
Сенен аяр жан да жоқ,
Сенен аяр мал да жоқ.
Барлығы да сен үшін.
Саған деген жәрдемнен
Беруден қар тартпаймыз.
Саған қауып төнгенде,
Жау таянып келгенде
Жау жатқанда іргенде
Қамсыз тыныш жатпаймыз.
Батырлықпен жан кешіп,
Алпыс ұлттың адамы
Қол ұстасып үн қосып
Жер қайысқан қол болып
Қорғауға сені қаптаймыз.
Желіккен жауды жентектеп
Сіңіріп жерге таптаймыз.
Төсті төсеп қорғаймыз
Сталиннің қаласын.
Москваның түбінен
Гитлер табар моласын.
Ашынған халық жоқ қылар
Жер бетінен біржола
Фашистердің қарасын.





1942

ЖАНЫШТА ЖАУДЫ, ЖАНЫШТА

Майданда жүр өңшен ер —
Арыстаным, сұңқарым,
Батыр, батыл ұлдарым
Баптап мініп тұлпарын.
Орындауда халықтың
Аңсап куткен іңкәрін.
Ерлік іспен ерлерім
Көрсетті бүкіл әлемге
Ұрынған жауды құртарын.
Үрейленді, састы жау,
Кейін карап, қашты жау,
Ерлерімнің майданда
Көріп сұсты қаһарын.
Айбынды Қызыл Армия
Отан үшін жан қыя,
Соғысып, жауды тойтарып
Қорғап қалды ерлікпен
Астана—Москва шаһарын.
Генерал-майор Панфилов
Талқандады жау шебін,
Алды жаудан ел кегін,
Алас ұрған жауларды
Күлін көкке ұшыра
Көрдік мықтап жеңгенін.

Жауынгер, батыр жігіттер,
Қазақ деген атың бар,
Жерді жарған даңқың бар,
Аманкелді, Исатай,
Махамбеттей батырдың
Ұрпағысың, жолын қу,
Хасиетгі салтың бар.
Тар жол тайғақ кешуде
Сүйеу болар халқың бар.
Ақтық демің біткенше,
Кеудеден жаның кеткенше,
Қорған болам еліме —
Деген сертің, антың бар.
Сол сертінді орындап,
Басқыншы неміс-фашистің
Қалдырмастан біреуін
Қырып, жоя атыңдар.
Жанышта жауды, жанышта,
Келтірместен тынысқа
Тамтығын қоймай құртыңдар.
Жерден жауды арылтып,
Елден жауды арылтып,
Өңшең батыр жігіттер
Жеңіспен елге қайтыңдар!

ЕЛ СЕНИМІН АҚТАҢДАР

Майдандағы ерлерім
Алғыр қыран бүркіттей
Шүйлігіп жауға төніп жүр;
Бөліне қашқан бандының
Адымдарын ашырмай
Бұлтартпастан бүріп жүр.
Көк найзаның ұшымен,
Қаһарлы қару күшімен,
Қарақшы өңкей залымды
Қансыратып қырып жүр.
Төнген жауды серпілтіп
Іргесін елден түріп жүр.

* * *

Тылдың еңбек ерлері,
Балуан білек қыздарым
Жырлады атаң сендерге,
Жырымды менің тыңдағын.
Ел жіберді майданға
Кілкендей жас саңлағын,
Олар онда, сіз мұнда
Ер жабдығын қамдағын.
Аға-іні, еріңнің,
Құрбы, құрдас, теңіңнің
Суытпаңыз, орнын бас

Есіңізге салғаным.
Көтеретін сендерсін
Жұмыстың ауыр салмағын.
Жеңілін істің қалама,
Елің үшін бой тежеп,
Қайратыңды аяма.
Еңбек етсең байсалды
Кетпейді ол далаға.
Техниканы меңгерің,
Орнымды менің басты деп
Сүйінсін естіп ерлерің.
Оқып үйрен, жетіл тез,
Ұмтылатын келді кез,
Енжарлықтан аулақ без,
Көрінсін елге өнерің.
Еңбегіңмен елге жақ
Сыннан өтер келді шақ.
Қолхоз бенен совхозда
Шығынсыз өсір, малды бак,
Майдан үшін өсірің,
Берік, жүйрік арғымақ.
Трактордың тілін біл,
Алам десең мол өнім.
Қара жердің бабын тап.
Сенімін ақта халықтың,
Біз отырмыз сендерді
Қолхозда зор күш саңап.
Ақтаңыздар сенімді,
Алыңыздар астықтан
Шығанақтай өнімді.
Ет, май, астық, овощқа
Молықтырың еліңді.
Жанқыярлық еңбекпен,
Мадақтарлық ерлікпен.
Отаныңды сақтасаң,
Ел сенімін ақтадың.



МӘМЕДОВҚА

Кавказдың зеңгер тауында,
Мәуелі бақша бауында
Туып, өсіп ержеткен,
Қыран ұшқан қыядан,
Сұңқар ұшқан ұядан
Алған тәлім, тәрбие
Кішкентайдан, бөбектен,
Отандық ұлы соғыста,
Кескілескен ұрыста
Батырлығын көрсеткен,
Мен жырымды аяман
Ел сенімін ақтаған
Мәмедовтай жігіттен.
Батыр балам Мәмедов
Атсаң оғың барады,
Көздегенің құлады,
Кегін алдың халықтың
Фашист, жыртқыш жендеттен.
Кірпігінді қақпадың,
Қорықпадың, ықпадың,
Зеңбірек, мылтық сартылдап,
Жай оғындай жарқылдап,
Жауса да оқ жер, көктен.
Жасқанбадың, саспадың,
Бір адым кейін баспадың,
Жауды оқпен жасқадың.

Бір өзіңе жетпіс жау
Келсе де, қырып тастадың.
Мерген қолың құлатты
Кейін қарап қашқанын.
Ер бабаның үлгісін
Осылайша бастадың.
Ауыр, қыйын сағатта
Айнымадың ант, серттен.
Елің саған риза,
Анаң саған риза
Қол алысып майданға
Өз қолынан жөнелткен.
Халқың алғыс айтып тұр
Шын ықлас, жүректен,
Түтінін үзбей атшы оқ,
Бандиттерді етші жоқ,
Жерім, ауам тазарсын,
Құрттап, биттеп сасыған
Құтырған өңшең кіл иттен.
Кірер көрге жоқ болар
Арам фашист киліккен.
Ана сүтін ақтап бер,
Жауды жаншып таптай бер,
Батысқа алға аттай бер,
Миллион герой жұптасып
Жауға төніп қаптай бер
Батырлықтың дәстүрін
Жүрегінде сақтай бер.
Жаудың күні суалар,
Солдатының сүйегі
Күн, су мүжіп қуарар,
Айбынды Қызыл Армиям,
Келген жауды кескілеп
Өз еліне қуалар.
Адам жауы сұм Гитлер
Бұл жалғаннан жойылар.
Жеңіс күні таянып,
Бүкіл әлем қуанар.

СОҒЫС МЕЗГІЛІНІҢ СТАХАНОВШЫЛАРЫ

Бүкіл ел боп жұмылып,
Жабдықтап күн, түн жатырмыз
Алып, ұлы майданды
Қаһары қатты халықтың
Құдіретті қолымен.
Жеңіс күші шыңдалды.
Соғыстың барлық жабдығы
Әзірленді сайланды.
Басқыншыға боратып
Жерден, көктен оқ аттық,
Жауды оқпен тоқтаттық,
Батысқа бетін қараттық.
Қыюы қашқан, тот басқан
Машинасын Гитлердің
Талқандадық, қыйраттық.
Баса қуып бандыны
Жай түскендей жайраттық.
Мындаған қала, селоны
Бандиттерден тазарттық.
Миллиондаған адамға
Қайтарылды азаттық.
Еңбектің сандақ ерлері —
Мол беріндер майданға
Ет, сүт, астық, сарымай.
Отан үшін жұмыс қыл

Жандарыңды аямай.
Істеріңіз майданның
Талабына болсын сай.
Мал өсіріп, мал баққан
Стахановшы ерлерім
Ел міндетін ақтаңыз.
Ердің мінер аттарын
Майға бөлеп сауырын,
Семіртіңіз, баптаңыз.
Шығын қылмай бір төлді
Бәрін түгел сақтаңыз.
Қаһарлы халық ерлікпен,
Ұйымдасқан бірлікпен
Жауын жеңіп шығады.
Құтырған өңшең бандиттің
Қалдырмастан біреуін
Көрге түгел тығады.
Айбынды Қызыл Армия
Тылдан алған қайратпен
Қанішер кілең жендетті
Қоймай бәрін қырады.

ШЫҢДА ЖЕҢІС ҚҰРАЛЫН

Тыңда менің сөзімді,
Стахановшы ерлерім.
Егін егіп, мал баққан,
Өңшең білгір, шеберім,
Қуат санап сендерді
Отыр байтақ елдерің,
Қабак басы қарайып,
Ақ көрпеден аршылды
Жазық дала белдерің.
Өріс тола жайылды
Төрт түліктен өрбіген
Өскелең жас төлдерің.
Бәйшешекке бөленді
Торқа топырақ жерлерің.
Келіп жетті, мінеки,
Аңсап күткен күндерің.
Келіп жетті жарқын жаз,
Жер қыртысын қопарсын,
Жалтылдап күнге күрегің.

Өнім бермей, ел болмас,
Еңбек етпей, ер болмас,
Еңбек еткен азамат
Еш нәрседен кем болмас,
Нұр суына қанған ер,
Ерні кеуіп, шөл болмас.

Еңбекшінің ісі артық
Оған ешкім тең болмас.
Қайрат етпей жұмысқа
Ел несібі кен болмас.
Бірақ, қамдық ойламай,
Берекетті ел болмас.
Бір тілекті ел бізде,
Бір тілекті ер бізде,
Тылдағы әйел, ерлермен
Жұмыстың иесі батырсын.
Күні, түні майданға,
Көмектесіп жатырсын.
Еселе, арттыр күшінді,
Осындай сын сағатта
Бірің мыңға татырсын.
Сендер баптап пісірген
Бидай, тары оқ болып
Жауға жайдай атылсын.
Қара жүрек бандиттің
Қаны судай шашылсын.
Етпен, маймен, астықпен
Армияға бер көмек
Қыйрата жауын жапырсын,
Саз балшықтай иленіп,
Табанға жау басылсын.
Гүлденген совет жерлері
Жаудан түгел аршылсын.
Көмектессең майданға,
Көрікті жүз, жарқынсын,
Ерлерге сонда жақынсын!

МАЙДАНҒА, БАТЫР ҰЛДАРЫМ

Жыр жырлаймын елге мен,
19-май күні,
Қуанышпен көрістім
Ворошилов ерменен,
Көңілім еріп жырладым
Маршалды бұрын көрмеген,
Көргеніме шаттанып,
Қуанышпен мақтанып,
Қайта жасап, жасарып,
Жыр жырладым баптанып,
Қатарласып, сап түзеп,
Маршалды көріп қуанып,
Жауынгерлер уралап
Тұрды ерлер ту алып.
Қазақстан ерінің
Ворошилов ер маршал
Ерлігін айтып мақтады.
Клим батыр сөз сөйлеп,
Армияға айтты үгітін,
Кешікпейсіз жауынгер,
Тез майданға барасын,
Құртасын жаудың шарасын,
Жауыздардың қанына
Алмас қылыш маласын
Қу ағаштай қуартып,
Семсерменен шабасын.

Сонда қызды денеміз,
Ворошилов айтқанда,
Көкке тиді төбеміз,
Ер қайраты жанған өрт,
Жауға түсті қайғы дерт,
Қарысып қайтпай жауға ти,
Қырылып банды, болсын мерт.
Батырлар жая құлашын,
Қан майданға барғанда
Жауыздың жанын сығасың.
Қара жүрек бандитті
Қазбай жерге тығасын,
Алғыр қыран бүркіттей,
Сен бидайық, лашын,
Көп ұзамай бұл жауды,
Сталин жолдас айтқандай
Әлі-ақ талқан қыласын.
Қуаныш көп, сасу жоқ,
Қайтпас жүрек қызыл ер,
Аяғын кейін басу жоқ,
Еркін күшті елді іздеп,
Жаудан қорқып қашу жоқ,
Осы айтқанның бәрі рас
Өтірік айтып, шату жоқ.
Қайтпас қайсар берен ер
Біреуі жүзден қашу жоқ,
Құрылды жаудың өрісі,
Халқыма арнап шат тұрмыс
Бақ-дәулеттің тегісі,
Қан майданда егескен,
Үстем болар ерімнің
Жер жүзіне жеңісі.
Жау тұқымын жоқ етіп,
Біз жеңіске жетеміз,
Ұлт әскері ерлерім,
Мақтауға толық сөзімсің,
Қырағы көргіш көзімсің.
Бара қыйрат дұшпанды
Жер жүзіне ерлігің
Батыр балалар көрінсін.

Бара кыйрат иттерді,
Қырғын апат берілсін,
Бәрі даяр құралың,
Қазақтың батыр ұлдары,
Айтамын тыңда, шырағым,
Орында елдің мұратын.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯҒА

Ықтыярлы екпінді,
Қызыләскер ерімсің,
Бұрынғыдан артықша,
Ерлігің үстем көрінсін.
Қыймылданар аянбай
Жауға ажал төнілсін,
Қаптаған банды әскері
Қазбай жерге көмілсін,
Жау үстіне бұрқырап
Зеңбірек, бомба төгілсін.
Майданда сендер, елде біз,
Қайратыңа сүйеніп, —
Қуанамыз сайрандап.
Құрал даяр қолыңда,
ССРО жерінен
Шығар, қу, жауды айдандар!
Батыр батыр бола ма
Аянбай жауды қыйратпай,
Атқан октың күшімен
Жанталасқан бандитті
Омақатып құлатпай.
Жер жүзіне көрінсін
Күш, қайратың, ерлігің,
Ақсын қаны бұлақтай.
Жау жеңетін кім болар,
Ертең жауды жеңуің

Ер балалар шын болар.
Қара жүрек залымдар
Тапталып әлі-ақ жым болар.
Жау қыратын ерлердің
Жүрегінде жүн болар.
Фашист басы Гитлердің
Быйыл жаздың ішінде,
Көргені түнек түн болар.
Ерлерімнің күшінен
Өзінің қылмыс ісінен
Кеңшілікке мұң болар.
Жыр жырладым батырдан,
Жерде банда кездесе,
Біздің ерлер қашырған.
Ленинград, Москвадан.
Аударып жауды асырған.
Шын батырдың белгісі,
Қажырын ішке сақтаған,
Қажырлы туған ерім көп,
Әскерді көбі бастаған.
Сансыз қолды қашырад,
Тәуекел етсең қаптаған.
Қан жылатып дұшпанды,
Көмбей жерге таптаған.
Ерге ерлік бола ма
Қаптаған жаумен қарыспай,
Қарсыласып алыспай.
Ер көңілі басылмас
Езіп жауды жанышпай.
Қажырлы туған айбатың,
Жер жүзіне көрінсін,
Ерлігің мен қайратың,
Жүрегі қайтпас ерімнің,
Бояған қанға найзасын.
Қан тілеген бандыны
Ерлерге айтқан өсиет
Жерімнен қуып айдасын.
Осы жылдан қалдырма,
Көтерілген тұмандай,
Халқымның күні жайнасын,
Ерлерге сәлем жазамын

Күші тасып өрлесін,
Дұшпанға ерік бермесін.
Тас кесетін ақ алмас
Аянбай жауға сермесін.
Жауыздықты, дұшпанды
Қу бұтадай көрмесін.
Бандиттерді тоқтатпа,
Қонысыңа табанын.
Артық болсын дұшпаннан
Айла менен амалың.
Қызыл туды тігуге
Қақ төріне Берлиннің,
Ұлдарым, болсын талабың.
Батыр балалар арыстан,
Жаумен қарсы алысқан,
Сескенбеңіз еш жаудан
Тылда жатып сендерге
Жыр жырлаймын анықтап.
Батырларсын, балаларым,
Береңгі сауыт киінген,
Беліне қару ілінген,
Жер жүзіне қайратың,
Батыр балалар білінген.
Майданда соғыс салғанда,
Жау жанынан түңілген.
Жанталасып қашқан жау
Өлігіне сүрінген.
Өзінің қазған орына
Бандылар өзі жығылсын.
Адам емес жыртқыш аң
Жанталасып қырылсын,
Жаудың жаны сығылсын.
Даяр тұрған көріне
Өзінің басы тығылсын.
Сескенбейміз бұл жаудан
Тылға берік сенеміз.
Құртады деп зұлымды,
Батырлар саған сенеміз.
Арқасында ерлердің,
Шексіз жауды жеңеміз.

Жауды жеңіп қыйратып,
Көкке тиер төбеміз.
Талас келмес маған деп
Жердің жүзін алам деп,
Тәкеппарсып, менменсіп,
Кім тайласар маған, — деп
Бандиттерін жыйнаған,
Құрал сайлап қарумен
Біздің жерге құйылған,
Өз қанына тұншығып
Әскерлері қырылған.
Білген болар Гитлер
Өзіне ажал жеткенін,
Дәуірінің өткенін,
Қыйыншылық тар заман
Басына жақын жеткенін,
Көзі көріп, қайғыда,
Әскерінен қара қан
Біздің ерлер төккенін.
Әскері түгіл Гитлер
Өзінің басы жойылар.
Екі көзі ойылар,
Бұрсаты жоқ қазуға
Өлімтігі бандиттің
Жер бетіне қойылар.
Мысалы қасап қойындай,
Қысқа дейін сойылар.
Ит пенен құстар етін жеп
Мақұлықтар тойынар.
Менің айтқан бұл жырым
Түбінде рас болынар.
Бейбіт елге ұрынған
Гитлердің алдында
Ажалдың құрған торы бар.
Қақпанға түскен қасқырдай,
Жығылатын оры бар.
Ақын, ақын бола ма,
Жауға тілден оқ атпай?
Атқан оғын дұшпанның,

Өкпесінен қадалтпай?
Оғым күшті жауға атқан
Қоймаймын жауды жоғалтпай.
Жеңемін жауды, жеңемін
Жеңуімді болжаймын.
Зеңбірек — тілім, жырым — оқ
Отанымды қорғаймын.
Жас балаларға бас болып,
Қолыма алып домбыра
Майданға барып толғаймын.

ЗОР МАЙДАНҒА ШАПШАҢ БАР

Соғыс бұлты түнеріп
Елдің шетін басқанда,
Қасарысқан қас дұшпан
Аран аузын ашқанда,
Батыр туған ер жігіт
Атқа мінбей жатар ма?
Жаудың қаны төгілмей,
Жапсарынан сөгілмей
Қаһарлы туған қаһарман
Үйден тағам татар ма?
Ер түтігіп сұстанбай
Аруағың аспандай
Ерлігің үстем болмаса
Ер деп сені атар ма?
Жау абыржып сасар ма?
Жауға қарсы шаппасаң,
Қалың жауды қажара
Бората оқ атпасаң.
Сүйсінбей елің қалар ма,
Сүйегіңе мін тағар ма
Ел мүддесін ақтасаң?
Зор майданға шапшаң бар,
Батыстан баурың созды қол.
Жау қолынан тартып ал!

КАВКАЗ

Қарасам Алатауымнан,
Мұнартып сонау сағымнан
Кавказдың заңғар таулары
Көзіме оттай шалынған.
Найзадай сүйір шоқылар
Күмістей қарын жамылған;
Алқа етіп айды тағынған.
Қигені болат көк сауыт
Балағы нуға малынған;
Балғыны толып мәуеге
Аралар сорған балынан;
Тағылар таста ойнақтап,
Қырандар көкте сарылған;
Андыздап өрген өзендер
Сапырып сайдан ағылған;
Күлдіріп күнді маңдайда,
Құндағы қыдыр кең ырыс,
Керегі жұрттың табылған.
Мөлдіреп, моншақ бал жеміс
Мейірің қанған шайынан;
Баурайы толған бақ егіс
Бойына таудың сән қылған,
Саясы сәулет, салтанат
Суынан дару табылған;
Қыйырда жүрсе құмартып,
Аңсаған адам сағынған.

Сулеймен¹ жырау соны айтып
Жырлаған бұлбұл бағында,
Жырақта жайлап жүрсем де
Келбеті кетпес жадымнан.
Ақынның болып аңызы
Дастандар талай жазылған;
Батырлар бермей дұшпанға
Сақтаған талай жазымнан;
Қыяда жаумен қырқысып,
Қыйыспай болған жан құрбан.
Халықтың қымбат мұрасы,
Ғасырлар сақтап қалынған,
Бақыттың бейбіт ұясы,
Бабалар бізге қалдырған.
Қас қылса соған жау жылан,
Қайыспас қалай қабырғаң?
Қарасам Кавказ бөктерін
Қаптаған жаулар шаң қылған.
Қымбатты сәулет өрнегін
Қыйратып оғын жаудырған.
Атаның мекен жерлерін
Ойрандап отқа жандырған.
Өртенбес қалай өзегім,
Шыдамақ қалай жан бұған?
Қорлыққа мұндай көнер кім,
Кавказға қырғын салдырман.
Көрермін сонда ерлерім,
Қарақшы жауды қан қылған,
Сұқтырмай тауға шеңгелін
Татырмай тамшы майынан,
Қаймықпай қорғап жер көгін
Дұшпанның алдын қайырған.
Жасытып жаудың жиегін
Жасыған жездей майырған,
Көруге жауды жеңгенін
Көзімді содан айырман,
Біледі батыр өренім,
Бабанның өткен өнерін

¹ Сулейман жырау деп отырғаны Сулейман Стальский.

Бастарын байлап өлімге,
Бермеген жауға өз елін,
Жанынан артық санаған
Халқының намыс, беделін.
Солардан өсіп таралған
Өр жүрек өңкей көзелім,
Қадалса жаудан қан алған
Қаһарман сендер дер ерім,
Кездестің жауға қыяда
Қорғаны сендер, кеменің.
Қамырық қалмас көңілде,
Қарыса білсе беренім.
Қажырлы жеңбек тегінде
Болғызбай жаудың дегенін,
Мерт қылмас деген сенімде
Жіберген балам сен едің.
Сендердің жүрген шебіңе
Жеткізсін мұны өлеңім.
Дұшпанды жеңер күн жуық,
Қаһарман ерлер сенемін,
Кавказдың күні нұр құйып
Өрнектер аспан көлемін.

«СОҚ, ЕРЛЕРІМ, ТЕЗ ЖАЙРАТ!»

Жау дегенде құмартқан
Кіл жауынгер қарағым!
Апшысын қурып тарылтқан
Майданда жаудың заманын.
Қыймылдасаң ерлерім
Оралар алға талабың.
Қаруланып жас болып,
Балаларға бас болып
Майданға мен де барамын,
Қамыстай жауды жапырып,
Қанын судай сапырып,
Кескілеп кесе шабамын.
Ерге сексен немене,
Кәрілікке ер көне ме?
Ерлеріме жол ашып,
Қатуланып баптанам,
Ақырып алмас сілтесем
Қамалды бұзам қаптаған.
Бас имеймін кәрілікке
Күшім бар жауға сақтаған.
Батыр қазақ ұлымын
Кездескен жауын таптаған.
Ертеде өткен ерлерім
Махамбет пен Исатай
Құрбан болған ел үшін,
Ат тізгінін тартпаған.

Аманкелді арланым
Орындап ойға алғанын
Сескеніп кірпік қақпаған.
Солардан жаным артық па,
Отаным үшін, ар үшін,
Айбаттанам, аттанам!
Сексеннен асқан кәрі атаң,
Сендерменен азамат!
Сап түзеген сарбазым
Сендерге арнап жаздым хат.
Көпті көрген көне едім
Айттым үгіт, насихат.
Өлеңменен өрнектеп
Сендерге қостым күш, қайрат.
Сен саспасаң, жау қашар,
Соқ ерлерім, тез жайрат!
Ұшқан ұяң астанаң,
Іргесін жау ашпаған,
Атаңнан қалған мирас сол
Ұмытпа өршіл жас қыран!

КӨМІР БАТЫРЛАРЫНА

Үлкеннің сөзі, ақыл сөз,
Қарағанды, тыңдағын!
Домбырасын қолға алып
Ағылсын өрен сандағың.
Ел басына күн туды
Қатардан бірақ қалмағын.
Жаспен бірге жарысып
Мен де жүрген шалдарың.
Жауға сөзден оқ аттым
Қарт болсам да, талмадым.
Сіздерге айтар сөзім бар
Балаларым, кәне, аңдағын.
Сыбанып шыққан залым жау
Таптап жатыр жеріңді,
Кіндік кесіп, кір жуған
Құртпақшы туған еліңді,
Айласын тауып сындырмақ
Қайыспас сенің беліңді,
Қыймақшы арам қолымен
Көгенің мен желіңді.
Тұншықтырмақ өзінді,
Алдырмай тыныс, демінді.
Ежелгі жау ел болмас
Пиғылы жаудың арам-ды,
Найзамен түйреп өлтірді
Күнәсіз сәби баланды,

Дарға асты жарыңды,
Оққа ұшырды ананды,
Жеріңе салды ыланды.
Ерлерім жүр біз үшін
Қастасқан жаумен алысып,
Доптай қағып бастарын
Наркескенмен шабысып,
Арам қанға бойалта
Көк сүңгісін шанышып,
Аласұрд залым жау,
Қанына батып, қан ішіп,
Ажалын сезіп тырмысад
Жермен жексен жабысып,
Шахтадағы ұлдарым
Ер майданда жүргенде
Қарап босқа тұрмадың,
Жауды соғып көмірмен
Қыздырдың еңбек қырманын,
Ендеше еңбек ерлері,
Өрши түс, тағы тынбағын!
Тонналап көмір өндірсен,
Тұмсыққа жауды ұрғаның.
Маңдай термен, білекпен,
Жеңісті ерлер шыңдағын!
Балаң үшін, жар үшін,
Бостандық үшін, ар үшін,
Туған Отан — ана үшін
Бас еңбекке, ұлдарым!
Мен де бірге сендермен,
Төгемін, шал боп келгенмен,
Жеңіс пен еңбек жырларың!

ҚАЗАҚСТАН — МАЙДАНҒА

Жау тиді туған жерге, ер аттанды,
Ерменен қалың байтақ ел аттанды,
Жер беті қанға бөкті, отқа жанды
Түнеріп басты түнек көк аспанды.
Жылжарым содан бері өтті міне
Күш жыйып ел де, ер де қуаттанды.
Шыныққан, суы қанған шар болаттай
Сызда ұйқтап, қар жамылып, кешіп қан-
ды.

Мың-мындап шыққан ерлер елін қорғап,
Қыйратып жау ордасын қырғын салды.
Үш қырлы өткір жебе, кескір қылыш,
Желекті көк найзалар қанға қанды.
Туған жер, туысқан ел, бақыт үшін
Сарп етті талай боздақ шыбын жанды.
Ел өлмес, ел өлмесе ер өлмейді
Елінің жүрегінде қалад мәңгі.
Залым жау аяқ басты ерке Донға,
Етпек боп Дон даласын оңай олжа,
Ен дала еркін жатқан құлазыды
Кез болып улы тырнақ арам қолға.
Қол салды ол, күміс көбік Ақ Еділге
Сезген жоқ құлайтынын қазған орға.
Ұшырды қарт Кавказға жапалағын
Білген жоқ түсетінін жайған торға.
Жалынды өңшең батыр, ұстап берен, —

Қыраным, ұлым, қызым, елім деген —
Майданда жүр жарқылдап семсерлері
Дұшпанды құртар көрін қазып терең.
Қаймықпай қарсы шабад, қайтпай беті
Қалшылдап соғып дауыл, сынса да емен,
Өйткені қамқоршысы — көсемі бар,
Халқы бар, Отаны бар қамын жеген.
Батырлар аттанғанда соғып сағат,
Қалған жоқ қалың ел де босқа қарап.
Майданда қызса соғыс, елде еңбек
Үн қосып, үдей түсті күн-күн санап.
Қуанса, қайғыланса орыс, өзбек,
Қуанған, қайғыланған бірге қазақ.
Ал, бүгін жау қолқаға қол салғанда
Әлемге қазақ қалай болар мазақ.
Жау басса қасиетті орыс жерін
Емес пе қазаққа да қайғы, азап,
Қуаныш ертеңгі күн оған дағы
Жау қашып, Украина болса азат.
Отанға қыран берді Қазақстан
Алатау құздарынан түлеп ұшқан.
Қаңтарма тұлпар берді ерге лайық
Тепсіне дара шыққан ұшқан құстан,
Көмілді аласұрған жау көмейі
Майданға Жезқазғаным берген мыстан.
Қорықпай қыйындықтан қақпай қабақ,
Тыншымай еңбектеніп жатыр қазақ.
Жауға ажал қорғасыны тағы да мол,
Тарысы, бидайы да алтын сабақ.
Майданға сый ғып тартты мұнай, мысын,
Ел үшін қалмаған ер жанын аяп.
Ендеше еңбектенед, ерінбейді
Соқтыққан дұшпан қолы болғанша адақ.

ҮДЕТЕ ТҮС!

Аялап анаң әлпештеп,
Бақытқа еркін бөледі.
Есінде ме ей, балам?
Ескерткім саған келеді.
Өнермен өрге жүздіріп,
Білімге терең кенеді,
Көкті, жерді кездіріп,
Қанатты құсқа теңеді.

Халыққа қара күн туса,
Қарсы шығар қасқайып,
Қаһарманым деп еді.
Батыстың гүлді даласын
Басты дажал шаңдатты.
Батыстың талай қаласын
Талқандатты, қандатты.
Дажалда қандай ар болсын,
Жендеттерін аңдатты.
Найзаға түйреп бөбекті
Шырылдатты, зарлатты.
Тұлымын турап арудың
Көзінің жасын парлатты.
Алыстан келген зарлы үн,
Жазықсыз елді басқан мұң
Жаныма менің тым батты.
Ей, ерлерім, өренім!
Құрсаулы көк беренім!
Боялған қанға ел шетін
Қыядан шолып көремін.
Тасқанға тосқын бар деген,

Барына тосу сенемін.
Атадан мирас, әдетім
Жеңемін жауды, жеңемін.
Қыяғын қанға бояндар,
Ұшқырлы, өткір жебенің!
Елдің мұңын жырлаған,
Еңбек пен ерлік орнатқан
Октябрьдің ұясын,
Ұяңа жылан орналса,
Ер жүрегін тебренбей
Қалай шыдап тұрасың?
Талай асыл ер басқан
Қыйындықтың қыясын,
Түлеп ұшқан шыңынан
Ақыйық, қыран, лашын,
Қанатын жайған қара құс
Лашынды ілем деп,
Ежелден талап қылатын,
Талаптанбас жау болмас
Жайрағанша жығылып,
Жау қарасы жоғалмас
Тұншықпай қанға тығылып.
Жеңістің туын жықпаңдар
Саспаңдар ерлер сығылып,
Сындырыңдар жау қаһарын,
Тойтарыңдар жау зәрін
Ұмтылған бізге сұғынып.
Батыр батыр бола ма?
Жықпаса жауын алыста.
Туған ұлдан не пайда?
Аттанбаса намысқа!
Туған қыздан не пайда?
Ерге серік болмаса,
Қарсыласқан шабыста!
Олай болса ұланым,
Қыймылдар шағың шырағым
Барыңды тездеп қарышта!
Құрымай дажал тыным жоқ,
Қайратыңнан жаусын оқ
Жанышта, жауды жанышта!

СЕЛДЕТ КҮШТІ

Тұсында советімнің шықтым қырға,
Бөлендім Кремльден шыққан нұрға.
Танбаған шабысынан тарлан бозың
Жүлде алған талай топтан өлең-жырға.

Байлығын байтақ елдің шыңнан көрдім.
Алтын, күміс, жез, мысын жырмен тердім.
Таудан мұнай тасыған, жерден көмір
Қорғасыннан қорытып ерге бердім.

Өлеңменен қайнатып құйдым оқты,
Жырмен шыңдап тұтқасын бердім допты.
Алатаудың тасына жанып алмас,
Жайсаңдарым жайратып жауды соқты.

Селдетті Қарағанды қара көмірін,
Шыңдады қара көмір құрыш темірін.
Дайындап керегінді, қырандарым,
Сенемін қысқартар деп жау өмірін.

Селдетті мыс-мырышын біздің Балхаш,
Балхашқа басын иді тау менен тас,
Тұрғанда көзің тірі, ей, сұм Гитлер
Сол мыстан саған арнап беремін ас.

Селдетті мол байлығын Қарсақпайым,
Өнімін өршітеді күн-күн сайын.

Даңқын естігенде есі кетіп
Жүрегін дұшпандардың басқан уайым.

Селдетті сары жезін Жезқазғаным,
Көремін күнде ерлерден күш қозғанын,
Ел үшін, жеңіс үшін жаның пида
Мін болар бойларыңа, көз жазғаның.

Селдеді сылқ-сылқ күліп мұнай майы,
Қорытқан қорғасындай түр-шырайы.
Жадына жанар майдың жарық еткенде
Табылар жау танкінің талай жайы.

Селдеді жерді жарып қызыл дәндер,
Селдеді сел ағызып таудан кендер.
Ішер ас, киер киім, құралың сай
Алаңсыз фашисті соқ, ерлер, сендер!

Селдеді күш ағыны кәрі-жастан,
Еңбектің майданына араласқан.
«Жүйріктің делебесі дуда қызар» —
Дегендей мен де үн қостым сексен асқан.

Ұл-қызым үдете түс, күшті селдет,
Күш селдесе, ұзамас құрыр жендет!
Өрендері өмірдің майданда жүр,
Атып оқ, кешіп қанды, қылыш сермеп.

Күш селдет, қуаттансын жауынгерлер!
Күш селдет, тілейд сенен майданда ерлер
Тасыса табысыңнан кен бұлағы,
Ерлерің жеделдетіп жауды жерлер!

ЖЫЙЫРМА БЕСТІҢ КЕЗЕҢІ

!

Жыйырма бестің мүшелі
Үш рет өтті басымнан.
Көргенімді шолайын
Балалық сонау жасымнан.
Түнеріп түнек кетпеген
Қабағым мен қасымнан.
Төгілген жыр бөгеліп
Табанға талай басылған.
Еліге жортып ел кезіп,
Зарлы үнімді асырғам.
Жыйырма беске келгенде,
Жылаған жұртты көргенде,
Ел дертіне ем таппай,
Кектен қару асынғам.
Ел бастайтын ер таппай,
Уланып жаным ашынған.

II

Елуге жасым жеткенде
Екінші келді жыйырма бес,
Елу жылғы еңбегім
Еңіреуменен болды еш.
Елмен бірге егеліп,
Шешпедім белді ерте кеш.
Кезенген тіс кез болып,

Қектенген жүрек без болып,
Өткелінен өмірдің
Өтіп жатты талай көш.

III

Үшінші келіп жыйырма бес
Төбеден түрді түнекті,
Игілікте жоқ ерте кеш
Аралап кезді түбекті.
Талайды көрген тарланды
Тауып алып түлетті.
Құйылып көктен күн нұры
Тұтандырды жүректі.
Қан жүгіріп тамырға
Шынықтырды сүйекті.
Жыр бұлағын селдетіп
Көмейден алды тиекті.
Аңсап күткен жыйырма бес
Айналып келдің қалмай кеш,
Ақтадың арман, тілекті.

IV

Сексеннен жасым асқанда
Жыйырма бес тағы оралды.
Жігер-қайрат қайралып
Жасарып жаным жаралды.
Еңсесі өсіп елімнің
Дүниеге аты таралды,
Қызым ерге теңеліп
Асынды ұлым құралды.
Сабын түзеп саптанып,
Шабыттанып, шаттанып,
Күрең қызыл ту алды.
Тұлпар ғып мініп болатты,
Болаттан қадап қанатты
Жебесін қанға суарды.
Басқыншысымен батыстын,
Тоғысында атыстын,

Тіресіп ұлым сыналды.
Жеделден берік жыйырма бес,
Қайтпас жүрек, алып төс
Ерлігін елдің шығарды.
Қарысқан бетін қайырып,
Қауысырма жағын айырып,
Өзегін өртеп суырып,
Апшысын жаудың куырды.

Ерді, елді шыңдаған,
Жыйырма бестің кезеңі.
Жыйырма бесте тасыған
Бойда күштің өзені.
Қорғасындай қорылып
Бекінген елдің кезі еді.
Қасарысып қарысып,
Қарсы найза салысып,
Еңсесін жаудың үзеді!
Етегі кең ел үшін,
Ерлердің туған жері үшін
Ұлы, қызы елімнің
Майданда жүр алысып,
Қастасқан жаудың қары сынып,
Өртенер әлі-ақ өзегі.

БЕСІК ЖЫРЫ

Ұйықтай ғой, бөбек, ұйықтай ғой,
Ұйықтай ғой, балғын балапан.
Жырына бөлеп ұйқыңды
Тербетсін бұлбұл кәрі атаң.
Қара көзің жұмбайсың
Тербетіп шайқап қарасам,
Не сездің, нені білесің
Ұйықтамай сонша, балақан?
Әлде майдан елестеп
Боласың ба, бала, таң?
Сол жерден сені күлімдеп
Шақыра ма я папаң?
Түсті ме әлде есіңе
Жұмыста жүрген жан апаң?
Ұйықтай ғой бөбек, ұйықтай ғой,
Ұйықтай ғой, сәби шырағым,
Тербетейін ағызып
Жүректен жырдың бұлағын.
Неге көзің жұмбайсың,
Тосасың неге құлағың?
Папаң жүр шалғай майданда
Зулатып желдей пырағын.
Екіжүзді семсердің
Қанға бояп қыяғын,
Білемін оның, немерем,
Ел үшін жанын қыярын.

Өйткені, о да бөбегі
Батырлар ұшқан ұяның.
Ұйықтай ғой, бөбек, ұйықтай ғой,
Ұйықтай ғой тыңдап бабаңды!
Папашың сау — майданда
Қырып жүр фашист тағы анды.
Жапырып жауды дауылдай
Жоғалтса жерден арамды.
Күн күлімдеп төбеден
Мейірмен сүйсе адамды.
Қайтады туған аулына
Даңқы жарып ғаламды,
Алдынан шығам сені алып,
Көруге сонда баламды.
Ұйықтай бер бөбек, ұйықтай бер,
Ұйықтай бер тыныш, қарағым.
Тыныштығын қорғап жүр
Папаң сендей баланың.
Жаудың қолын жапырып,
Қыранындай даланың.
Алдырмас жауға мазанды
Тайсалмай бұзар қамалын,
Жылжытпас арам табанын
Көктен түскен жасылдай
Өшірер күнін, заманын.
Ұйықтай бер бөбек, ұйықтай бер,
Ұйықтай бер, балғын балапан.
Жырына бөлеп ұйқыңды
Тербетсін бұлбұл кәрі атаң.

БЕСІК ЖЫРЫ

Ұйықтай ғой, бөбек, ұйықтай ғой,
Ұйықтай ғой, балғын балапан.
Жырына бөлеп ұйқыңды
Тербетсін бұлбұл кәрі атаң.
Қара көзің жұмбайсың
Тербетіп шайқап қарасам,
Не сездің, нені білесің
Ұйықтамай сонша, балақан?
Әлде майдан елестеп
Боласың ба, бала, таң?
Сол жерден сені күлімдеп
Шақыра ма я папаң?
Түсті ме әлде есіңе
Жұмыста жүрген жан апаң?
Ұйықтай ғой бөбек, ұйықтай ғой,
Ұйықтай ғой, сәби шырағым,
Тербетейін ағызып
Жүректен жырдың бұлағын.
Неге көзің жұмбайсың,
Тосасың неге құлағың?
Папаң жүр шалғай майданда
Зулатып желдей пырағын.
Екіжүзді семсердің
Қанға бояп қыяғын,
Білемін оның, немерем,
Ел үшін жанын қыярын.

Өйткені, о да бөбегі
Батырлар ұшқан ұяның.
Ұйықтай ғой, бөбек, ұйықтай ғой,
Ұйықтай ғой тындап бабанды!
Папашын сау — майданда
Қырып жүр фашист тағы аңды.
Жапырып жауды дауылдай
Жоғалтса жерден арамды.
Күн күлімдеп төбеден
Мейірмен сүйсе адамды.
Қайтады туған аулына
Даңқы жарып ғаламды,
Алдынан шығам сені алып,
Көруге сонда баламды.
Ұйықтай бер бөбек, ұйықтай бер,
Ұйықтай бер тыныш, қарағым.
Тыныштығын қорғап жүр
Папаң сендей баланың.
Жаудың қолын жапырып,
Қыранындай даланың.
Алдырмас жауға мазанды
Тайсалмай бұзар қамалын,
Жылжытпас арам табанын
Көктен түскен жасылдай
Өшірер күнін, заманын.
Ұйықтай бер бөбек, ұйықтай бер,
Ұйықтай бер, балғын балапан.
Жырына бөлеп ұйқыңды
Тербетсін бұлбұл кәрі атаң.

ЖАУЫНГЕР ҰЛДАРЫМА

Қарт бабаңның қарағым,
Салмақтап жырын тыңдандар!
Тура жырды таппасам
Көңілге қарап тұрмандар!
Елге қауып төңгенде,
Еңсеге дұшпан келгенде,
Түнек басып ел үстін
Ордалы жылан өргенде,
Қаһарман ұлын қалқа етіп
Халқың құрал бергенде,
Қарсы келген жауынан
Қаймығып ерлер көрген бе?
Қазақстан ардақтап
Батырларын өсірді,
Әлпештеп жаста ата, анаң
Еркелік қылсаң кешірді.
Ата-ананың еңбегін
Ерлік қылсаң ақтарсың.
Тәуекел ердің жолдасы
Жүрекке соны сақтарсың.
Ел қорғаны ер болсаң
Ел жауына қаптарсын,
Егеулі найза балдағын
Жай оғына саптарсың;
Күшің шындап шынықсаң
Қара күсын Гитлердің

Табанға салып таптарсың.
Майдандағы ұлдарым,
Атаңның жырын жадыңа ал!
Алыстан аңсап жырладым
Жалықпай жаным, құлақ сал!
Ата менен ана үшін,
Ардақтап сүйген бала үшін,
Жаны бірге жар үшін
Ордалы жауға ойран сал!
Жолыңа сенің садаға
Күш, қуатым, жан мен мал.
Жеңілер күні таяулы
Қандыбалақ Гитлердің
Құлатып туын алып қал.
Жендеттерін фашистің
Соқ ерлерім күйретіп;
Өкпесінен өтірте
Сал найзанды түйретіп.

СОҚҚЫҒА СОҚҚЫ ҰЛАСТЫ!

Таңдағы хабар таңдантты
Табысын ердің жеткізіп.
Жанарымды жандантты
Жаныма қайрат еткізіп.
Бұзылмас болат шәһәрім
Тойтарды жаудың қаһарын,
Талқан қылды қамалын,
Тарылтып Гитлер заманын.
Еңіретіп, өксітіп,
Сұр жебесі суылдап,
Өңменінен өтті үзіп.
Толысы жаудың төгіліп,
Тұнығы тулап шайқалды.
Түріліп төсі төгіліп,
Жалыны сөніп жайпалды.
Құралды күшін күйретіп,
Самсаған қолын сиретіп,
Қара қанын сапырып,
Сындырып қарын жапырып,
Жебесінен жеміріп,
Жерлеп жерге еміріп,
Саптан озған саңдақтар
Жаудың бетін қайтарды.
Тебіренбей, тепсініп,
Төнгендей қылды темірін.
Күдіктенбей, көпсініп,

Көріне қыйды өмірін.
Қойдай тізіп көгендеп,
Шынжырлап көбін шегендеп,
Өлексесін сең қылып,
Өлімтігін тең қылып,
Қанатынан қайырып,
Топшысынан майырып,
Фашистің түріп іргесін
Кеңейтті Отан өңірін.

Содырлы сотқар сүрініп,
Соққыға соққы ұласты.
Жасқанып жауыз түңіліп
Сұрапыл күштен кұласты.
Омраулап кеп омалды,
Тұншығып қанға қақалды.
Құралды қолы қуылды,
Жан өзегін суырды.
Сарқылған күш құйылып,
Сансыз солдат жыйылып,
Сірідей семген сіресіп,
Тайталасып, тіресіп,
Тар кезеңде сынасты
Сталинградты бермеді.
Жеңісін көрген жер жүзі
Бұлардай ерді көрмеді.
Жігерленген жігіттер
Ел рухын тербеді.
Сексендегі бабаң да
Серігіп қанат сермеді.
Желіккен жауды жапырып
Жеңілмейтін қырандар
Жеңіске беттеп дүрледі.
Қанын шашып қашты жау
Қаһарын төгіп түйілген.
Кавказдағы тас пен тау
Тамам жауды иірген.
Қаны кеуіп қақсыған
Қатуланып Қап тауым,
Қаптаған елдің ол жауын

Қайыра соғып үйірген,
Қара беті қанталап,
Қара жүрек зәнталақ.
Қаптаған қолы кан болып,
Қаңғырып басы дал болып,
Жанталасып жүгіріп,
Өлігіне сүрініп
Қара бет Гитлер күйінген.
Қуандырған қолбасын,
Ата-ана жолдасын,
Ерлігіне ерлердің
Әлем, халық сүйінген

**ЖЕҢІС ҮШІН, О, ХАЛҚЫМ,
МАЛ-МҮЛКІНДІ АЯМА!**

Дұшпан залым шабынған,
Қаруы сай тағынған,
Айырғысы келеді
Көк орай майса бағыңнан,
Айдын шалқар көліңнен,
Тырнақтап жыйған малыңнан;
Шығарғысы келеді
Бостандықты жадыңнан.
Құлақ сал, онда, ұл-қызым,
Атаң айтқан санаға!
Шаттық еді біздің ел,
Өмір кешкен замана,
Жайнаған күнің жайнасын,
Ел қорғаны ерлердің
Қерегін, сірә, аяма!
Көркейсін ел деген ер,:
Бойды тартып бола ма?!
Беренге-берен жалғассын
Ұласа берсін және де.
Әрбір тыйын сен берген
Болашақ бақыт балаңа.
Тыныштық өмір, әділет
Сені өсірген анаңа.
Жайдың оғы дұшпанға
Қол салған сенің жағаңа.

Үсті-үстіне бере бер
Бергенінді санама.
Ер көңілді Әди мен
Марченкодан аса алмай
Жомарттығың қала ма?
Танк боп қаптар жауыңа,
Бергенің кетпес далаға,
Жеңіс үшін, о, халқым,
Мал-мүлкінді аяма!

АҚЫН

Ақын ақын бола ма
Жауға тілден оқ атпай,
Атқан оғын дұшпанның
Өкпесінен қадалтпай?
Оғым күшті жауға атқан
Қоймаймын жауды жоғалтпай.
Жеңемін жауды, жеңемін,
Жеңуінді болжаймын.
Зеңбірек—жырым, тілім—оқ
Отанымды қорғаймын.
Жас балаларға бас болып,
Қолыма алып домбыра
Майданға барып толғаймын.

ҚЫЙРАТ ЖАУДЫ

Қайратын айтып жырлаймын
Майдандағы ерімді,
Жер жүзіне ерлігің
Мәлім болып көрінді.
Жігерің тасып, күш қайнап,
Қаһарланып шапқанда
Жау көбесі сөгілді.
Өзі ұрынған бандиттің
Қара қаны төгілді.
Балаларым батырсың,
Қайтпайтын жаудан батылсың
Қан майданда дұшпанның
Жазасын беріп жатырсың.
Халық үшін, ел үшін,
СССР-дың жері үшін
Қайрат ет, алдың ашылсын.
Арам фашист жауыздың
Қаны судай шашылсын.

Майдандағы ерлерім
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қарсыласып келгенде
Қапаланып жау қашты.
Күшің күшке жалғасты,
Жаудың үстін қан басты,

Боядың қанға алмасты.
Қуануда халқымыз,
Осы жылдың ішінде,
Жаудан тұқым қалмас-ты,
Майдандағы ер балам
Бақытты елдің ұлысың.
Бір кісідей жұмылып
Ерімсің жауға қаптаған.
Қарсыласып келгенде,
Аяғын кейін баспаған.
Ерлігіме мақтанам,
Күннен күнге күш тасып
Жаныштап жауды таптаған.
Майдандағы ерлерге
Өлең-жыр көп сақтаған.
Самолет ұшты көгімнен,
Көк төбесі сөгілген.
Жау үстінен аспаннан,
Зеңбірек, бомба төгілген.
Пароход жүзді теңізбен,
Танкім жүрді жапырып
Қан майданда жерімнен,
Зеңбірек, бомба күшімен
Жау жазасы берілген.
Опыр-топыр жау қыйрап
Қазбай жерге көмілген,
Он алты одақ, алпыс ұлт
Бір кісінің ұлындай
Бір тілекте жүресің.
Қорықпайсың, саспайсың,
Әділдікті сүйесің.
Кешікпейсің батырлар,
Олар — қарға, сен — сұңқар
Еңсесінен түйесің.
Осы жылдың ішінде
Желбіреген қызыл ту,
Гитлерді жоқ қылып,
Қақ төріне Берлиннің
Қуанышпен тігесің.

Ел қорғаған қорғаным
Ерлігінді айтып толғадым.
Өлең сұрап хат жаздың,
Қан сүйегім қозғадың.
Хат қайырдым хатыңа
Алапаев атыңа.
Балаларым шырағым,
Жауды қырып майданда
Халқыңның ет мұрадың.
Совет жерін құтқарып,
Арылт жаудың тұманын.
Жоқ қып жауды қайтқан соң,
Құттықтауға алдыңнан,
Мен де қарсы шығамын.

ЕР - ТАЛАЛИХИН

Жаз айының бірі еді,
Желсіз тынық түн еді,
Ай төбеде тұр еді,
Құлақ түріп аспанға,
Жол бермеске дұшпанға,
Жер, көктегі сақшылар
Үнді тыңдап жүр еді.
Көктен дыбыс келгенін
Жауынгерлер біледі.
Сонда тұрып командир
Талалихин батырға
Самолетке мін—деді,
Саған үлкен сын—деді.
Түн ішінде Москваға
Құзғындарын фашистің
Ұрындырма, жой деді.
Алып бұйрық бастықтан
Көкке зырлап шығады.
Айдың жарық түнінде,
Келе жатқан бандитті
Көреді де қуады.
Жекпе-жек көкте соғысқа
Көз жұмып бел буады;
Борап жауған оқпенен
Бірін-бірі сыбады.
Талалихин батырдың
Оң қолына оқ тиіп
Бар денесі қызады.
Ашу кернеп өн бойын

Қайраты енді қозады,
Ердің ойы сондағы —
Москваға жауды жібермеу,
Аспаннан жүрер жол бермеу,
Ел үстіне төндірмеу,
Ел ойлаған қаралы —
Халықтың отын сөндірмеу.
Шын көңілмен берілген
Халықты берік бағуға,
Басын берік байлаған
Ел үшін жауға шабуға,
Берік қарап сақ тұрған
Тайсалмады қаймығып,
Не болса да болсын деп,
Жаудың күні солсын деп,
Аспанда жау өлсін деп,
Бораған оққа қарамай
Самолетін соқтыра
Артынан келіп ұрады.
Самолеті фашистің
Өртенеді, жанады.
Үстіндегі төрт банды
Құлдыйлап жерге құлады.
Талқан болып тәндері,
Қеудеден жаны шығады.
Жау самолетін құлатып
Ердің көңілі өседі,
Ойындағы ойлаған
Мақсатына жетеді.
Талалихин ер батыр
Аман жерге түседі.
Қажырлы туған жас балам
Самолет жерге түскенше
Қорықпаған, саспаған.
Ерлік десең осыны айт
Сабырлықпен батырым,
Төрт дұшпанды өлтіріп,
Өзін аман сақтаған.
Батыр десең осыны айт
Ана сүтін ақтаған.

ТОЛҒАУ

Көре алмады жау елімді,
Жайнаған жаңа өмірді,
Алатау асқар белімді,
Бакасы қойдай шулаған,
Балығы тайдай тулаған
Ферғана, Арал көлімді,
Елмен бірге гүлденген
Бетпақ-дала шөлімді.
Тұтқыйылда шапты жау
Үгілтіп бордай төбемнен
Түсірмекке көгімді.
Өшірмекке оба боп
Жайнаған жасыл өмірді.
Мандайыма құл етіп
Баспаққа қызған темірді.
Аңратпаққа ананы,
Еңретпекке баланы,
Жарсыз жапа беруге
Бұраң бел сұлу келінді.
Тұтқыйылда шапты жау,
Қақпамды қызыл қан қылып,
Ордамды тұман шаң қылып
Өшірмекке үнімді,
Солдырмаққа шапақсыз
Жайнаған өмір гүлімді.
Аңға тастап өлімді,

Құл қылмаққа тірімді,
Анасыз, жарсыз, бақытсыз
Қаңғыртпаққа хаюандай
Туысқан аға, інімді,
Көмейіме құм құйып
Өшірмекке үнімді.
Тұтқыйылда шапты жау,
Өшірмекке қақалтып
Құрманғазы күйлерін,
Самалдай ерке бұраң бел
Тамараның билерін.
Қыйратпаққа Шығыстың
Әшекейлі үйлерін.
Семдірмекке тұмандай
Қасиеттеп елдің сүйгенін.

Фашизм атты обаға
Қасқыйып қарсы ер шықты.
Арғымақтай ат мініп,
Ат құйрығын шарт түйіп,
Жау дегенде желіккен,
Жауын көрсе еріккен,
Қаһарман талай ер шықты.
Қанды жойқын қырғынға
Орыс, қазақ, тәжік пен
Грузин, өзбек тең шықты,
Днепр, Кавказ, Ақ-Еділ,
Амур менен Жем шықты.

Сонау бір сонау мұнартқан
Бұлдыр-бұлдыр заманда,
Жау шапқанда желігіп
Бейбіт жатқан қамалға,
Баспаққа елді табанға,
Қалдырмаққа өмірін
Түйілген тастай қараңға.
Орыс, қазақ, қырғыз бен
Түрікпен, башқұрт қалың ел
Бірігіп атқа мінген-ді,
Бірігіп болат білекке

Еменді найза ілген-ді,
Баданалы ақ сауыт
Алып үске киген-ді,
Ынтымақпен, достықпен
Бірігіп жауға тиген-ді,
Қаһарлы нөсер селіндей,
Тисе жауды түрген-ді.
Туысқан қырғыз еліне,
Жайлауы шалқар жеріне,
Айдынды саумал көліне,
Жау тигенде атойлап
Манастың байтақ қолымен
Өзбек, қазақ аттанған
Қаруын байлап беліне.
Қырғызбен бірге қырғынға
Сол қазақ та қатысқан.
Достасып бірге жатысқан,
Қоржыннан малта татысқан.
Орағай садақ, сұр жебе,
Бірігіп жауға атысқан.
Тар кезенде тастамай
Қырғыздың мекен жері үшін
Қазақ та қанға батысқан.

Есімде өткен қысты күн
Кремльге жау қолы
Қаптап таяп келгенде,
Жүрегіне Отанның
Қатерлі сағат төнгенде,
Жау танкімен топ ерім
Айқасқа ұлы енгенде,
Ажал женбей рухын
Топ ер таймай өлгенде
Тебренгенді жүрегім.
Қырғыздан шыққан Дүйшенкүл
Аймалап қазақ Асқарды
Жан кешкен-ді бір жерде,
Тыңда, Амур саласы,
Ер түрікпен баласы,
Тыңда, тәжік, қырғызым,

Тыңда, казак даласы,
Күмбірлейді қарт досым —
Домбырамның сағасы.
Қарашы әне Түстікке
Қызылала қан болды
Еділ мен Донның арасы.

Құлпыра түсті ежелгі
Қарлы орыс даласы,
Қашықтап барад күн сайын
Жыртқыштардың қарасы.
Бірақ торда әлі де
Қарт Днепр жағасы,
Ерке толқын көпірген
Кубанның да сағасы,
Сартылдаудан талған жоқ
Арғымақ аттың тағасы,
Қанды қырғын қызуда
Қарашы, баурым, қарашы.
Зарламасын бесікте
Нұрдан таза сәбиің;
Еңіремесін өзбек қарт,
Татарда шалғай әниің.
Үзілмесін түнекте
Бала ұйықтаған әлдиің,
Шалқый берсін аспандап
Бақытты жыр, ән күйің,
Самалмен ойнап шарық ұрып
Маймаңдай берсін жан биің,
Құламасын оба боп
Берекелі ошағын —
Туып өскен сәнді үйің,
Ұштаса берсін жыйынға,
Шаттықты жаңа той-жыйын.

Фашизм атты қара оба
Қарайып барып жоғалсын.
Гитлер атты көрбақтың
Басы түссін байлауға,
Ордасы түссін ойнауға,

Төрі түссін тойлауға,
Өзін ажал оғы алсын,
Елімнің еркін өмірі
Салтанатпен оралсын,
Әділетті адамзат
Зұлматтықтан құтылып,
Еркіндеп қайта дем алсын.
Сүйсін ана баласын,
Ортағын тапсын өзбек қыз,
Қарақалпақ—жорасын.
Түн ұйқысын төрт бөліп
Майданда жүрген қарашың,
Жеңіспен қайтып еліне,
Құшаққа жарын тағы алсын.
Ен өмірде ер жігіт
Құрметтесін анасын,
Еркін бассын қалың ел,
Туып өскен даласын,
Ақын менен жыршылар,
Шаттықты тағы жырласын
Тұтамдап ұстап кәрі дос
Домбыраның сағасын.

Қыздыр еңбек майданын
Күндіз күлкің тыйылсын,
Түнде ұйқың бұзылсын,
Бұздырмасқа дұшпанға
Бақытты өмір қаймағын,
Сәніне қайта келуге
Сыйқы кеткен аймағың,
Соқ еңбектің балғасын,
Жер жалаған фашизм
Тарихта енді қалмасын,
Ирелендеп жыландай
Өмірде ылаң салмасын,
Бас еңбектің көрігін,
Ақсын еркін Ферғана
Шашып күміс көбігін,
Гүлдене түссін Сары-Арқан
Егінің мен тебінің.

Қыздырып өртеп жоғалтсын
Фашистің арам өлігін.
Әділеттік іс үшін
Ағыз туған ерлерім,
Мандай тердің теңізін.
Жеңеміз біз, біз—әділ,
Қырылып жау қашпақшы
Өзі ұстасты бізбенен,
Өз қанына батпақшы.
Шіріп Дон мен Кубаньда,
Орыстың кәрі жерінде
Ескерткіш боп бүгінге,
Қар мен шаңға оранып,
Өлігі мәңгі жатпақшы.
Жеңеміз біз, біз — әділ,
Бақыт таңы арайлап
Жаңарып қайта атпақшы,
Сәнді өмір көгеріп
Гүлін қайта шашпақшы.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЫР

I

Сөз асылын дестелеп,
Мен жырымды бастайын,
Топтан озған суырылып
Тұлпардай аяқ тастайын.
Мен самғармын, самғармын
Әуелеп ұшқан құстайын.
Көлденең жатқан көк шыңнан
Қыран құстай асармын.
Ағытсам өлең тиегін
Дариядай тасармын.
Көңліндегі көп өлең
Көк теңіздей толқыса
Көбігімді шашармын.
Ағыным күшті бұлақтай
Шынды жарып қашармын.
Домбырамның дауысын
Майдандағы дүбірдің
Дабылына қосармын.
Менің жырым ел үшін,
Менің жырым ер үшін,
Ел, ер үшін жасармын.
Қызыл тілден оқ атып,
Тас бұршақтай боратып,
Желіккен жаудың желігін
Су сепкендей басармын.
Отан деген бір сөзден

Салалап жырым тарайды,
Отанға жетер баға жоқ,
Кімде болса өз елін,
Туып өскен өз жерін,
Ең қымбаттан санайды.
Нығайтуға Отанын
Қалыңдатып іргесін
Құрыштан құйып қалайды.
Көсегемді көгерткен,
Жігіт еткен, ер еткен,
Бақытымды өрлеткен,
Сый хұрметін көрсеткен,
Елін сүйген азамат
Осылайша қарайды.
Ар-намысты ер жігіт,
Әрқашанда елінің
Қәдесіне жарайды.
Біз ел едік, ел едік,
Асу бермес асқардай
Жотасы биік бел едік.
Адамы нұрдай жайнаған,
Ері оқтан таймаған
Өңшең батыр ер едік.
Өздігінен ұрынған
Жауды басып жер еттік.
Басқыншысын шетелдің
Саз балшықтай иледік.
Тату болған көршіге
Қас сағынып тимедік.
Тыныштықты сақтадық,
Әділдікті жақтадық,
Ленин салған жолменен,
Шат өмірге қарыштап
Алға қарай аттадық.
Жар астында жау барын
Күні бұрын ескеріп
Біз де қарап жатпадық,
Бесатарды оқтадық.
Тасқа шапшаң кетілмес
Жарқылдаған қылышты

Қандыра суын таптадық,
Сауыт бұзар сүңгіні
Көк темірге саптадық,
Малындыра танкіні
Құрышпенен қаптадық.
Алысты жуық ететін,
Ұшса зулап кететін
Самолетті баптадық.
Шекарасын Отанның
Берік етіп мықтадық.
Алтай, Кавказ арасын,
Еділ, Амур саласын
Советтің байтақ даласын
Мың құлпырта жайнаттық,
Ала берсең бітпестік,
Санасаң сан жетпестік,
Алтын, құрыш, мыс, жезді
Балқыттық та, қайнаттық.
Бақытты өмір арқауын
Ел жұмыла шираттық.
Көр, қызық, сүйіп сал назар
Осы менің Отаным.
Байшешекке бөледік
Патшаның татыр отарын.
Он алты одақ алпыс ұлт
Ленин туы астында
Бұрынғыдан нығайып
Бекіді елдік қатарым.
Осы елге кенеттен
Қилікті жау бір шеттен,
Болсын енді сіздерге
Менің осы айтарым.

II

Қарақшы жау бассалды
Бейбіт жатқан еліме,
Аш қасқырдай жалақтап
Бұзып кірді шегіме.
Жиркенішті аяғын

Салды зұлым, арамза
Хасиетті жеріме.
Фашистердің бастығы —
Гитлер залым ойлады —
Совет елін бір айда
Шауып басып алам—деп.
Әйелдерді күң етіп,
Еркектерін құл етіп
Князь бенен баронның
Құлдығына салам деп,
Қауырт соғыс күшімеч
Оңай олжа табам деп,
Москваға күз болмай
Тез-ақ жетіп барам деп,
Еділ менен Жайықты
Помещик пен баронның
Қоныс жері қылам деп,
Азат туын елімнің
Оп-оңай-ақ жығам деп.
Онысынан не шықты
Ақырында фашистер
Өз қанына тұншықты.
Биттеп-құрттап тірісі
Бұралқы итей ашықты.
Қуаты күшті Армиям
Талқандады тапжылтпай
Жексұрын жауыз пасықты.

III

Елге хауып төнгенде
Өңкей батыр ерлерім
Қаһарланды ашынды,
Бүкіл халық теп-тегіс
Көк темірді құрсатып
Бойға қару асынды,
Москваның түбінде
Түсірді жауға жасылды.
Мықтымсынған дұшпанды
Кейін қарай кашырды,

Өзінің қанды ізімен
Белес-белес белдерден
Түре қуып асырды.
Басқыншының құралы
Қыйрап сынып әр жерде,
Талқандалып шашылды.
Жендеттердің денесі
Көк найзаға шаншылды.
Гитлердің желігі
Су сепкендей басылды,
Өліктері бандының
Төбе болып үйілді,
Жаудан аққан қара қан
Келте сайға құйылды,
Басқыншының бастары
Қылышпенен қыйылды,
Қызыл ердің күшіне
Дос қуанып сүйінді,
Дұшпан жасып күйінді.
Напалеон бір кезде
Ресейді шабам деп
Күйреп қаусап жеңілген,
Әскерлерін қырдырып,
Кейін карап шегінген,
Москва сонда алынбас,
Қамалдай боп көрінген,
Ресейдің жеріне
Көп француз көмілген.
Напалеон сол кезде-ақ
Ресейді алудан
Тауы қайтып түңілген.
Білген сонда Москваның
Берілмесін тегіннен.
Оған қазір жүз жылдан,
Аса уақыт өткенде,
Алып елдің жүрегі —
Москваның төбесі
Күн аймалап, ай сүйіп
Көкке бойлап жеткенде,
Ертедегі мешеулік

Қалай түгел біткенде,
Еркін озат еңбекпен
Москваны алынбас,
Берік қамал еткенде:
Қанқұмар жауыз Гитлер,
Совет елін жоям деп,
Алас ұрып ұмтылды,
Өзімнен күшті ел жоқ деп
Желікті де құтырды,
Аюанданған әскерін
Киіндіріп темірмен
Шекараға толтырды,
Соғыстың ілкі күнінде,
Жер қайысқан жендеттің
Тілерсегі қырқылды.
Темірден киген тонының
Жағалары жыртылды.
Жекпе-жекте майданда
Миллиондаған жау қолы
Өлтірілді, құртылды.
Біздің күшті соң танып
Гитлер мықтап ұтылды.
Напалеон болам деп,
Бола алмады шатылды.
Есуас, жынды, қанішер
Ақырғы күшін жыйып ап,
Өлерменденіп талпынды.
Біздің күштер өсуде,
Жаудың күші сарқылды.
Арыстанға ұрынған
Тышқан өлер деген бар,
Бұл соғыста Гитлер
Өз түбіне жетеді,
Аюанданған солдаты
Құрып түгел бітеді,
Соғыс бұлты елімнің
Үстінен ауып кетеді,
Бүкіл әлем асығып
Біздің елдің жеңуін
Шын ниетпен күтеді.

Айбынды Қызыл Армия
Гитлершіл бандитті
Жермен жексен етеді.
Көрдіңіз бе Батыста,
Отан үшін атыста,
Біздің ерлер қаймықпай,
Шауып жауға қорықпай
Құлашты қалай сілтеді?
Майдандағы ерлерім
Қаһарланып тебренді,
Тебренгенде тепсініп
Жаудың қолы көрге енді,
Ерлерімнің қайратын
Бүкіл әлем көрді енді,
Бірі мыңмен шайқасқан
Батырларым білінді,
Аты ауызға ілінді.
Жаудан алып береді,
Батыр туған ұлдарым,
Ар мен намыс, кегімді.
Беріп жатыр дұшпанға
Үсті-үстіне өлімді.
Бітіріп тез жоқ қылып,
Нәлет фашист көрімді.
Түтінін үзбей оқ атқан,
Көздегенін құлатқан,
Ұзынынан сұлатқан,
Біздің ерлер оқ атса,
Оғын жауға боратқан,
Тебінгіден тесе атқан,
Үзенгіден кесе атқан,
Үсті-үстіне бес атқан,
Қабаттасып келгенді
Қабатынан жыға атқан.
Біздің ерлер көрсетті,
Батырлықтың үлгісін,
Қаһарман халық көрсетті
Жеңілмейтін зор күшін,
Шайқасты жаумен аянбай
Сүйінші атап ел үшін,

Кеңейтуге халықтың
Бақытын, өмір өрісін,
Бытырлатып қыйып жүр
Жаудың тартқан желісін,
Бүкіл халық соғысты
Өзінің туған жері үшін,
Аяп қалған бір жан жоқ
Қайрат, жігер бар күшін,
Ел боп шындап жатырмыз
Ұлы күрес жеңісін.
Біз жеңеміз, жеңеміз.
Жеңіп те талай келеміз,
Осы Отан соғыста
Жауды жеңіп шығатын
Күшімізге сенеміз.
Басқыншыға бұрыла
Қатты соққы береміз.
Әлі де мықтап береміз,
Жеңілгенін жаулардың
Кешікпей-ақ көреміз.
Көрместік қып жарықты,
Терең көрге көмеміз.
Қан аламыз қан үшін,
Жан аламыз жан үшін
Жаудың қанын төгеміз,
Біз көрмейміз, көрмейміз
Енді қайтып құлдықты,
Біздің халық көтермейді
Зәбір және қорлықты,
Ел үстінен серпеміз
Қанау, талау, зорлықты,
Көнбейміз деп қысымға
Бастадық біз жорықты,
Алас ұрған фашист жау
Ұлы Совет халқының
Қаһарына жолықты.
Өлім-жітім азайып,
Сарқылған сон күштері
Ақсақ, соқыр кәрісін
Қалдырмастан тоғытты.

Үсіп өліп адамы
Кетіп оған шыдамы,
Бар кінәні өзінше
Қысқа аударған болыпты,
Күйреген соң планы
Енді Гитлер торықты.
Елдің ері қашанда
Елден жанын аямас,
Жау дүбірін есітсе
Үйде тыныш жата алмас,
Жайшылықпен үйінен
Тағам сірә тата алмас
Ер қылышын қынапта
Кір шалып, тот баса алмас,
Жасық туған жігерсіз
Жау түндігін аша алмас,
Жүректі туған жігіттің
Басынан жау аса алмас,
Қанатсыз сұңқар ұша алмас,
Ар, намысты ер болмай
Жауын шауып өш алмас.
Осындай ерлер біз де бар,
Келген жауға алды тар,
Қаһарлы жауға бейне қар,
Түсі суық бейне ызғар.
Осындай ер майданда
Мейрінді қанғызар,
Жаудың ішін жанғызар,
Жауды есінен тандырар
Ежелден бері бойына
Ер дәстүрін сақтаған,
Ел тілегін ақтаған,
Ел басына күн туса
Ереуіл атқа ер салмай
Үйде тыныш жатпаған,
Қаруларын бай тағып
Шынарға найза саптаған,
Алған беттен қайтпаған,
Қорықпаған, саспаған,
Бір бет алған жағынан

Атының басын тартпаған,
Қара нөсер жауындай,
Құрсап төніп қаптаған,
Аңдысқан жауды езгілеп
Табанына таптаған.
Сондай ерді айтсақ біз
Махамбет пен Исатай
Ханның ала ордасын
Бұзып жүрген күнінде,
Дұшпаннан тілін тартпаған,
Ер міндетін ешуақыт
Қорқақтарға артпаған,
Батыл деп айт соларды,
Тілді деп айт соларды,
Жаудан қорқып ықпаған,
Майдандасқан жерінде
Егескенді жаныштап,
Жері бар ма тықпаған?
Одан бергі батырдың
Аманкелді асқары,
Қазақ халқын арқа қып,
Бойына қару асқанын,
Ақыйқаттан аспады,
Жат жолына баспады,
Бір өзіне мың адам
Келсе сасып қашпады,
Мерген қолы атып оқ
Жапыра жауды жасқады,
Сол ерлікпен сардарбек
Көмектесті халыққа
Түсіруге патшаны.
Орыста өткен батыр көп:
Александр Невский,
Суворов пен Кутузов
Жаумен талай шайқасқан.
Мен күштімін дегенмен
Майданда күш байқасқан.
Жалаң қылыш жарқылдап,
Французбен, шведпен

Жекпе-жекте шайқасқан
Жауға елін бермеген,
Қаптап келген жауларды,
Шыбын кұрлы көрмеген,
Осы майдан соғыста —
Солардың жүрген ұрпағы,
Атасындай батыр боп,
Тамырын жаудың қырқады,
Гитлердің жендетін
Солайымен кұртады.
Жерді жаудан арылтып
Майдандағы ерлерім,
Үйлеріне есен-сау
Жеңіспенен қайтады.
Жеңіске сенген Нұрпейіс,
Осыны сізге айтады.
Жау жағадан алғанда
Ит етектен алмасын.
Бірге болған тілегі,
Бірге соққан жүрегі,
Жерлес, қандас бауырлар
Бірі кейін қалмасын.
Күдіретті қолымен,
Сарқыратып байлықтың
Толтырып тұр арнасын;
Сын сағатта өңшең ер,
Қарқынынан танбасын.
Қаһарманым қызыл ер
Сойылыңды соғып тұр,
Соны халқым аңдасын.
Жаудырып жауға бомбасын,
Майданда да, тылда да.
Тылымыз берік айнымас
Білсін жаулар оңбасын,
Үмітін енді үзеді
Мақсаттары болмасын,
Құлаққа қыйқу келгенде
Кім қалады дүбірден,
Әйел, бала, карттар да

Жауынгердей көрінген
Теңеуріні қатты темірден.
Тиген жерін жемірген
Ағылған поезд ағылып
Бара жатыр майданға,
Дөңгелегі зырылдап,
Паровоздар безектеп,
Ұрыстың күшті құралын
Майданға алып тез жетед.

МЕН ДЕ ЖАУҒА АТТАНАМ

Рұхсат берсе Отаным
Қаруланып жас болып,
Балаларға бас болып,
Майданға мен де барамын.
Қамыстай жауды жапырып,
Қанын судай сапырып,
Кескілеп кесе шабамын.
Ерге сексен немене,
Кәрілікке ер көне ме,
Егесем кекті аламын.

Ерлеріме жол ашып,
Қатуланам, баптанам.
Ақырып алмас сілтесем,
Қамалды бұзам қаптаған.
Бас имеймін кәрілікке,
Күшім бар жауға сақтаған.
Батыр қазақ ұлымын,
Кездескен жауын таптаған.
Ертеде өткен ерлерім —
Махамбет пен Исатай
Құрбан болған ел үшін,
Ат тізгінін тартпаған.
Аманкелді арланым,
Орындап ойға алғанын,
Сескеніп кірпік қақпаған.
Солардан жаным артық па?
Отаным үшін, ар үшін,
Айбаттанам, аттанам!

ӨРЕНІМ, ҰЛЫМ, ҚҰЛАҚ САЛ!

Өренім, ұлым, құлақ сал!
Тереңнен толғап қарайын.
Керегінді таңдап ал,
Алдыңа барын салайын.
Көпті көрген көне едім
Қыядан самғап калайын.
Жаугершілік заманның,
Жауға аттанған адамның
Естіп ем жаста талайын.

Такаббарсынып, тасқындап,
Асқақтаған ферғауын,
Күшіне сеніп күбініп,
Айдаған топтап жер дәуін.

Көкке сермеп құлашын
Күнді алам деп жұлқынған,
Тауды тауға лақтырып,
Айға найза ұмтылған.

Жер жүрегін жарам деп,
Қынаптан қылыш суырған,
Билігін дүние алам деп,
Әлемді жайпап қуырған.

Сұрапыл сондай залымға,
Кезінде тосу кездескен.
Ғарық болған ағынға
Ферғауын да төзбестен.

МАРШАКҚА

Жыр желегін желініп,
Жыр кеніне жолықтым.
Түн пердесін түрілтіп,
Ор киіктей орыттым.

Жүрегін жырмен тербейін
Жыр маршалы шонықтың.
Қалағанын жыр болса,
Тұнығын қалқып берейін.
Қара түннің шырағын
Жырдан жағып көрейін.
Ақын інім алдында,
Көлденеңдеп желейін,
Саған арнап сақтаған
Жыр маржанын терейін,
Екшеп алған енжуін.
Түйдектеп төксін көмейім,
Ұрпағымның ұстазы
Қайтпасын сенің мерейің.
Қорытып сөздің асылын
Қос таңдай ғып өрейін.
Жүлде алған жүйрігім,
Ақтаған елдің бұйрығын
Сені кімге теңейін?
Жүрегін, жанын баланын
Қызыға елігіп ұғындың.

Ұлы-қызы даланың
Татты дәмін жырыңның,
Өз құлағым естіді
Оқығанын талай ұлымның,
Сыртынан естіп сынаған.
Шеберлігін тіліңнің.

Шынжыр балақ Шыңғыс та
Адамның қанын сапырған.
Тайталасқан ұрыста
Талайды қырып жапырған.

Батыс пенен шығысты,
Қолына алып кенелген.
Жер жеркеніп сілкініп,
Оның да жолы бөгелген.

Өренім, ұлым ұмытпа,
Тосусыз жау кетпеген.
Талай қанды жорықта,
Намыстан оқ өтпеген.

Намысты, арлы, ардагер,
Отанның ұлы сол болар,
Өткен ерді алып көр
Ер атағың зор болар.

Ел сүйсінген ер болсаң,
Егескен жауың жер болар.
Елге қорған бел болсаң,
Жау жатағы көр болар.

Жауынгерім, өренім,
Жасымас болат беренім,
Жеңіспенен келер деп,
Сендерге мен де сенемін.

Отызыңда ойрандап
Көрдің жаңа дүниені,
Шаттанып жүзің жайрандап,

Табылды жанның бар емі,
Елеусіз келген елу бес
Сені де шалға теңеді,
Шал болса да шалықпас
Деп шал атаң сенеді,
Шабыттанған шалдарың
Сендерге арнап балаларым
Әлде болса асқақтай
Талай жырын төгеді.

МАЛ БАЙЛЫҒЫ

Ой мен қырға қаптаған,
Бетегесін таптаған
Бес түлік жатқан малым бар.
Қомдарынан жарылған,
Шудалары салынған
Айыр түйе, нарым бар.
От орнындай тұяғы,
Қыйған қамыс құлағы,
Алып ұшқан алыпты,
Ерлердің мінген пырағы,
Қыдыра жалды қыл құйрық
Сансыз жатқан жылқым бар.
Мүйізі айдай иілген,
Мұрынын көкке шүйірген,
Керілген желін, сала емшек,
Сауғанда жаның сүйінген,
Ірімшік пенен құрт, майы
Жегенде тілді үйірген,
Құндыз түкті құнарлы
Айыр тұяқ сыйыр бар.
Майда бұйра түгі бар,
Жібектен жұмсақ жүні бар,
Көптігіне көз тойған
Тұқымы асыл өсімтал
Көгенде қозы тізілген,

Саусаң сауын сүті бал,
Кисен киім терісі.
Кен байтақ жатқан өрісі,
Елдің көркі жануар.
Қой өсірген қор болмас,
Қойсыз көркің зор болмас
Қерегің қойдан табылар.
Қазақтың байтақ елінде
Сары-Арқа салқын жерінде,
Шалқып жатқан көлінде
Сан мың қойым тағы бар.

Күмістей түгі жылтылдап
Астаудай жоны бұлтылдап,
Күшігендей дауысы
Жануардың сыңқылдап,
Жорытқанда көшемен
Ұшады шаңы бұрқылдап,
Жер тамырын суырып
Жатады көлде ыңқылдап,
Төсінде тулап торайы,
Қызғылықты шырайы,
Еміренген енеге
Еркелейді шыңқылдап,
Кере қарыс қыртысы
Тілсең пышақ жетпейді,
Қатпарланған қазысы
Өзге малға бітпейді,
Ақтарылған ақ майы
Көз алдымнан кетпейді,
Қеспеге жоқ қарасы,
Сөзімнің жоқ шаласы
Бұдан семіз өтпейді.
Еті тәтті шекер бал,
Өрген төлі өсімтал
Еңбегің зая кетпейді.
Ел ырысы елеулі,
Төрт түлікке теңеулі,
Мақтасам тілім жетпейді
Қиелі баққан шошқам бар.

Сөйлесем сөзді асырам
Барды қалай жасырам,
Ел байлығын жырласам
Жүйріктей шапқан ашынам.
Тары, күріш, тау сағыз
Тағы бар жерден тасыған.
Асықтай дәні артпаның,
Тасындай бидай алқаның,
Туырылған ақ мақтам
Құйрығындай марқаның.
Күндік жерден көрінед,
Толықсып күнге толқыған.
Қызықтырған қызылшам
Жегенде бал татыған.
Қауын, қарбыз, қабағым
Қандырып мейір балқыған,
Ен байлыққа мақтанып,
Ен дәулетте баптанып
Мен бір тарлан шалқыған.
Еселенсе ел күші,
Майданның ашық жеңісі.
Ашылса майдан жеңісі,
Кеңиді елдің өрісі.
Кеңісе елдің өрісі,
Қыйылар жаудың желісі.
Қыйылса жаудың желісі,
Бақыттың орнар тегісі.

ЕР ТУРАЛЫ ЖЫР

Жүйткіді поезд, жүйткіді
Дариядан ырғып, бел аттап,
Жер апшысын қуырад
Жортқан сайын сағаттап.

Ырғағына поездың
Билеп кейін тау қалды.
Көзді тартып алыстан
Алсары-көк бау қалды.

Дөңгеленіп үйріліп
Күздегі әсем бел қалды.
Алтын қамыс жағасы
Мөлдіреген көл қалды.

Көз ұшынан қол былғап
Қоштасқан талай жан қалды.
Талай тәулік өткенде
Ататын міне таң қалды.

Жүйткіді поезд, жүйткіді
Бағыты сонау батыс жақ.
Жүйткіді поезд, жүйткіді
Батысқа қарай қарыштап.

Таң бозарып келеді,
Нұрға бөлеп шығысты.

Нұрға бөлеп кең жайлау
Ел қонысы ырысты.

Ақтөбенің жалпақ жон
Қалды артта бұлдырап,
Поездағы жігіттер
Одан да өтті қол былғап.

Жүйткіді поезд, жүйткіді,
Жүйткіді желді тұлпардай.
Сорғалап өрден түседі
Түйілген тас боп сұңқардай.

Таң нұрына бөленген,
Қазақстан аумағы.
Қалып барад дөңгелеп
Қазақтың шалқар жайлауы.

Поезд толған жігіттер
Аттанған майдан өтіне.
Аттанған жанын кек кернеп,
Сұрапылдың бетіне.

Аттанған Отан бағы үшін,
Халықтың намыс, ары үшін,
Әлпештеп жастан өсірген
Мейірбан ғазиз ана үшін.

Аттанған қару асынып
Хасиетті жері үшін,
Туып өскен елі үшін,
Дұшпандағы кегі үшін.

Қазақстан жерінен
Жүйткіп поезд өтерде
Жолыққанша хош десіп,
Орғып аттап кетерге.

Қарап сонау далаға
Жігіттер елін ойға алды.
Талай жүрек елжіреп,
Талай жандар толғанды.

Соның бірі Нарсұтбай
Терезеге асылды.
Қазақтың кең даласына
Қарады да бас иді.

Көп уақыттар қарады
Есіне алып өткенді.
Елестетіп алдына
Мәңгіге батып кеткенді.

Анадай бір ойпатта
Қой бағушы ед жасында
Мұндасы да, сырласы —
Қара төбет қасында.

Ұзақты күн жүруші ед
Албырт ерні кезеріп,
Жатушы еді тек дала
Үндемей тұрған безеріп.

Қойда жүріп ол кезде
Егілетін жас еді,
Шілдеге шыжып жүргенде
Ермегі ойнар тас еді.

Ұмыт болды о заман
Күйреді өлім ордасы,
Жаңа өмірдің таңы атып
Шықтай кепті көз жасы.

Қызық еді-ау өмірі
Қызығына тоймайтын,
Еркін кешіп, бақыттын
Маржанын теріп бойлайтын.

Құмарлана сүйуші ед
Отанын балап жанына.
Отан десе нұрланып
Тасар еді қаны да.

Сүйуші еді көсемін —
Бақыт күнін атқызған.

Қараңғы көр жанына,
Сәулелі шырақ жаққызған.

Сол Отанға шапты жау
Андағайлап тұс-тұстан,
Кезі келді ерлердің
Көкірегін кек қысқан.

Отаным «аттан», «жау!» десе,
Бетін басып тайған ба?
Ашулы ыза, кек буып
Нарсұтбай келед майданға.

Сол сүйікті аймағы
Жатыр әне көсіліп,
Бұрында шапқан «елім!» деп
Ерлердің ізі жосылып.

Қарап тұр соған Нарсұтбай
Көзін алмай қадалып,
Өтіп жатыр алдынан
Елес те, елес жаңарып.

Қалып барад әнекей
Қазақстан даласы,
Туған халқы қазақтың
Жайнаған қыр мен саласы.

Нарсұтбай сонда — «хош!» — деді
— Барам тартып Батысқа,
Жортуыл, қырғын, түн кату
Өлтіру, өлу, атыста.

Жігіттің жігіт болғаны
Жаудан елін сақтаса,
Жау шапқанда еліне
Қояндай бұғып қашпаса.

Атой сап жауға кіремін
Ұлы Отаным сен үшін,
Туысқан ұлы ел үшін,
Мына бір қалған бел үшін.

Менің жаным отандық
Отан деп өлем өлсем де,
О, сүйікті Отаным,
Балам деп көм көмсең де.

Жем бола ма ақ сұңқар
Күзғындай нәжіс көрімге,
Сен жасайсын Отаным
Қалмақсын сен өмірде.

Бірақта жеңіс сағатын
Көрмеймін бе, көрем бе,
Көрсем, өлкем, сәлемім
Бермеймін бе, берем бе?

Жүйткіді поезд, жүйткіді
Батысқа қарай арқырап,
Нарсұтбайдың хиялы
Поездай жүйткіп шарқ ұрад.

Сақырлаған сары аязы,
Бетті жалап қарыған,
Қыйырсыз жатқан кең дала
Соғысқа шаршап қажыған.

Мүлгулі әлем ұйқыда
Алдындай долы дауылдың,
Сел ғып жерді ағыза
Сабалап құйған жауынның.

Тосқауылда топ ер тұр
Дубосеков жанында,
Орыстың жалпақ жерінде
Москваның арғы жағында.

Жыйырма тоғыз тосқауыл
Келген түстік елдерден.
Жайма шуақ жазира
Гүл бақшалы жерлерден.

Соның бірі Нарсұтбай
Қазақтың қара баласы.

Аттанған қарсы дұшпанға
Шақырып Отан — анасы.

Жатыр міне окопта
Қадап көзін алысқа,
Қазақ ұлы Нарсұтбай
Қасы дегенде қарыспа.

Судай тулап тасады
Ыстық қаны бойында,
Жанындай сүйген Отаны —
Тап қазірде ойында.

Достарындай бұ дағы
Жатыр жауға кезеніп,
Ыза буып жүрегін
Қабағын түйіп безеріп.

Елестейді алдында:
Сүйген жары, елімен,
Ант бергені өзіне —
Өтерде қазақ жерінен.

Тәтті хиял билейді:
«Қас дұшпанды жеңіпті,
Мылтықтың ащы түтіні
Көгеріп барып сөніпті.

Нарсұтбай елге қайтыпты,
Тұлпар мен болат салдыртып,
Шырқап салған әуезі
Алатауды жаңғыртып.

Сүйген жары энекей
Ал құшақты жазысты...»
Кенет хиял үзілді
Есітті бір дауысты.

Жар сөзінің орнына
Құлаққа жат үн келді,
Жар көзінің орнына
Алыстан кошкыл түр көрді.

Келеді қаптап көп танк
Басқан ізі сықырлап,
Жалын шашып аузынан
Себіліп ажал бытырлап.

Құлағандай көк аспан
Жердің беті тітіреп,
Танктың аран аузынан
Жаңбырдай ажал сіркіреп.

Келіп қалды танктер
Бастырмалап бұларды,
Қлочковтың сол кезде
Үні естілді ұранды:

«Ал достарым мінекей
Өлім төнді түнеріп,
Салтанатпен келеді
Жау жасағы шіреніп.

Таптап бізді жоқ етіп
Москваға бармақшы,
Шәһәріне елдің сүйікті
Қанды шеңгел салмақшы.

Таптамақ Отан жүрегін
Нәжіс, арам аяқпен.
Ұрып жығар жау емес
Құлаштап соғып таяқпен.

Кел, достарым, әуелі
Сүйіселік құшаққа ап,
Бармыз ба ертең, жоқпыз ба
Басалық мауық құшақтап.

Кең болғанмен ұлы Отан
Әне тұр ғой Москва.
Жүрегің әне достарым
Салшы көзің артыңа.

Шегінбелік бір адым
Артта жаман ат қалып.

Шегінбелік, қайтпалық
Ардақты атқа дақ салып!»

Осыны айтып құшаққа
Бірін-бірі алысты.
Тайдай тулап секірген
Жүрекке жүрек жабысты.

Қазақ ұлы Нарсұтбай
Клочковты өбеді.
Досқа деген махаббат
Жүрегінен төгеді.

Кенет сонда жау танкі
Бұларға келіп айқасты.
Бірақ бірі дұшпаннан
Қол көтеріп қайтпапты.

Қорқақ туған өлімтік
Жаудан қорқып бұғады,
Нарсұтбай атқан оқ тиіп
Жаман сонда құлады.

Алайда-түлей көк жалын
Өмір мен өлім алысы,
Сақшысы мен өмірдің
Кездесті әлем тағысы.

Ойнайды жалын жалаңдап
Жатқанды сынып жер күйреп,
Арасында жүр ажал
Салтанатпен би билеп.

Нарсұтбайдың бойынан
Жылыстап қаны ағады,
Мызғымайды сонда да
Екі елі кейін табаны.

Көк түтінмен аралас
Алдында көсем жүргендей,
Қарысып қарсы ұмтылад
Ажалдан жаны именбей.

Кенет бірақ қансырап
Нарсұтбай қарға құлады.
Дөңгеленіп дүние
Мұнартып көзі тынады.

Қызыл мұздың үстінде
Ауытқып ойы жатады.
Тұрар еді, шама жоқ,
Үстінен бір зіл басады.

Қуарып өзі, әл кетіп.
Жүрекке шөл орнайды.
Бойын буған ұлы кек
Тұрмасқа бірақ қоймайды.

«Отанға қауып төнгенде
Жата ма екен баласы?»
Деп тұрғандай сыбырлап
Қасына келіп анасы.

«Өсіріп пе ем сені мен
Майданда үнсіз жатсын деп,
Қарай алмай жауына
Жерге бетін бассын деп».

Нарсұтбайдың жанына
Кек толқыны өрледі.
Алқымына қол салған
Өлімге ерік бермеді.

Қасына келді бір танк
Кетердей басып, жанышып,
Бастырмалап ілгері
Қасарысып, қарысып.

Алдында тұр Нарсұтбай
Жарадар жаны, қансырап,
Ыза буған өн бойы
Саусақтары қалтырап.

Шегінбелік, қайтпалық
Ардақты атқа дақ салып!»

Осыны айтып құшаққа
Бірін-бірі алысты.
Тайдай тулап секірген
Жүрекке жүрек жабысты.

Қазақ ұлы Нарсұтбай
Қлочковты өбеді.
Досқа деген махаббат
Жүрегінен төгеді.

Кенет сонда жау танкі
Бұларға келіп айқасты.
Бірақ бірі дұшпаннан
Қол көтеріп қайтпапты.

Қорқақ туған өлімтік
Жаудан қорқып бұғады,
Нарсұтбай атқан оқ тиіп
Жаман сонда құлады.

Алайда-түлей көк жалын
Өмір мен өлім алысы,
Сақшысы мен өмірдің
Кездесті әлем тағысы.

Ойнайды жалын жалаңдап
Жатқанды сынып жер күйреп,
Арасында жүр ажал
Салтанатпен би билеп.

Нарсұтбайдың бойынан
Жылыстап қаны ағады,
Мызғымайды сонда да
Екі елі кейін табаны.

Көк түтінмен аралас
Алдында көсем жүргендей,
Қарысып қарсы ұмтылад
Ажалдан жаны именбей.

Кенет бірақ қансырап
Нарсұтбай қарға құлады.
Дөңгеленіп дүние
Мұнартып көзі тынады.

Қызыл мұздың үстінде
Ауытқып ойы жатады.
Тұрар еді, шама жоқ,
Үстінен бір зіл басады.

Қуарып өзі, әл кетіп.
Жүрекке шөл орнайды.
Бойын буған ұлы кек
Тұрмасқа бірақ қоймайды.

«Отанға қауып төнгенде
Жата ма екен баласы?»
Деп тұрғандай сыбырлап
Қасына келіп анасы.

«Өсіріп пе ем сені мен
Майданда үнсіз жатсын деп,
Қарай алмай жауына
Жерге бетін бассын деп».

Нарсұтбайдың жанына
Кек толқыны өрледі.
Алқымына қол салған
Өлімге ерік бермеді.

Қасына келді бір танк
Кетердей басып, жанышып,
Бастырмалап ілгері
Қасарысып, қарысып.

Алдында тұр Нарсұтбай
Жарадар жаны, қансырап,
Ыза буған өн бойы
Саусақтары қалтырап.

«Қазақ елім үшін...» деп
Өз ерінің тістеген,
Гранатқа салды қол
Көтеріп басын күшпенен.

Құбыжықтың гранат
Сауытына сарт етті,
Кілт тоқтады танк те
Жалынның тілі жалт етті.

Құрыр бірақ жау емес
Қаптаған сайын қаптайды,
Басқан ізі сықырлап
Аттаған сайын аттайды.

Нарсұтбайда дәрмен жоқ,
Бұдан әрі шыдауға,
Теңселіп әрең тұр жігіт
Итеріп қалса құлауға.

Алдында жатқан гранат
Созды қолын алуға,
Түтеп тұрған дұшпанға
Тағы да ойын салуға.

Қыранның бітті шамасы
Жетпей қолы жығылды.
Жаны алқымға таялып
Аш күзендей бүгілді.

Сондадағы Нарсұтбай
Көнбеді тыныш өлуге,
Күлкі болып өлімге
Намысын қолдан беруге.

Сүйретіліп жылжыды
Гранатқа бара алды,
Әлі бітті, құлады
Бауырына алып ажалды.

Одан әрі білмеймін
Не болғанын ерімнің,
Білемін жаудың қашқанын
Бөккенін қанға жерімнің.

Елімнің өңшең қыраны
Жасынан тастай түлеген.
Семсердей сұсты келбетін
Көрсө жауы жүдеген.

Екі талай болғанда
Ата жолын сақтаған,
Әлпештеген Отанның
Ақ сүтін шын ақтаған.

Сондай міне бүгінде
Қайтпады жаудан беттері,
Ер сыналар кезеңде
Ар-намысын төкпеді.

Өлді өздері бірақта
Бастырмады жауды алға,
Топ тосқауыл ерлігі
Үлкен болды таудан да.

Өлерінде Қлочков
Жылымшы қанға көміле
Депті: «сәлем айтарсың
Қалғаның тірі еліме.

Жасы үлкен аға мен
Заманы қатар теңіме.
Дегейсін дақ салмады
Ардақты ат көгіне.

Отан үшін көп батыр
Шыбын жанын берді,—де,
Москваның батыс түбінде
Көз оттары сөнді—де.

Борай да борай борандай
Жауды оққа көмді,—де
Бөгет болып дұшпанға
Өздері сонда өлді, — де».

Осылайша бір топ ер
Орыстың жалпақ жерінде,
Дүние салған көрінед
Арналып даңқпен өлуге.

Осы күні сол ара
Жайнаған қызыл гүл—дейді,
Дейді: түні жап-жарық,
Қыста да гүлі гүлдейді.

Бітер соғыс ұзамас,
Жау қарасы жоқ болар,
Мылтық даусы күнренген
Гүрсілдеп барып тоқталар.

Босанып елім ылаңнан
Замана қайта гүл шашар,
Бақыттың сәнді бағында
Қайтадан әндер шырқалар.

Ұмыт болар бұл күндер
Шаттық кернер елімді,
Олар енді көре алмас
Жайнаған сол бір өмірді.

Ұмытпас бірақ оларды
Мәңгіде біздің еліміз.
Даңқымен сол ерлердің
Нұрлана түсер жеріміз.

Зиратына ерлердің
Бас иер, әркім көз салар,
Ерліктері — ертегі
Ел аузында сөз болар.

ЖЫЙЫРМА БЕС

Жасарып жаным жайнады,
Бұлбұлдай тілім сайрады,
Жыйырма бесте толықсып
Бойымда күшім қайнады.
Еліммен бірге есейген
Ерлерім қару сайлады,
Ел намысы дегенде
Көк семсерін қайрады.
Қол жетпестей қыяға
Мызғымас туын байлады.
Жыйырма беске жеткенде,
Өткелден талай өткенде
Қайнаған өлең бойымда
Жырламасқа қоймады.

Қылшылдаған қылыштай
Қыйып түсер шағымыз.
Құйылған берік құрыштай
Толып тұрған шағымыз.
Басымызға бақ, дәулет
Қонып тұрған шағымыз.
Өріс тола малымыз,
Балғын тола балымыз,
Кенге тола тауымыз,
Гүлге тола бағымыз,
Қапқа тола дәніміз,

Қару тола бойымыз,
Қап тауындай әліміз!
Қайыспайтын болаттай
Жаудан сынбас сағымыз,
Жыйырма беске келгенде
Қыран құстай түледік
Жасымыз бен кәріміз.

Жыйырма беске ел жетті,
Ер жігіттей ержетті,
Батырлардай айбынды
Арыстандай келбетті.
Алатаудай қуатты
Аударғандай дөңбекті,
Қыз өсірді өрнекті
Ұл өсірді көрнекті,
Халық үшін жан қыйып
Ақтағандай еңбекті.
Октябрьмен тел өскен
Соларға көз жіберсем
Жалын атқан жандары
Жүрегімді тербетті,
Өлеңімді өрлетті,
Өрге құлаш серметті.

Ежелден ер атанған,
Атам қазақ көнеден
Жау түйілген заманда
Қаруын кекке егеген.
Туған ұлын ерліктің
Жөргегіне бөлеген.
Самсап келген сан жаудан
Сескенейін демеген.
Сап түзеген сарбазы
Азын көпке теңеген,
Қасқайып беті қайтпаған
Қан жосса да денеден.
Сол ерлердің нәсілі —
Қазақтың батыр жас ұлы
Тоқтарұлы Төлеген.

Жыйырма беске толғанда,
Желекті найза алғанда,
Жеріне жау шапқанда,
Оқ жауғанда тебеден —
Аясынан Алтайдың
Ақыйықтай түлеген.
Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Ерекше туған ер ұлды
Қартың жырлап береді.
Ерлікке жаным жалындап
Толқытып толғау кереді.
Ер қайраты сел еді
Ықтыярына қоймаған,
Кешегі жүрген Төлеген,
Қай батырдан кем еді?
Кем емес еді Төлеген
Қобландыға тең еді.
Қорғасынмен бір қайнап,
Жалынмен бірге жайнадап,
Қыйынына жұмыстың
Мен барайын — дер еді.
Жасынан-ақ ер еді.
Жау тиді елге дегенде:
Хош бола тұр анам деп
Қайтқанынша балаң деп,
Соғысуға барам деп,
Жауымнан кек алам деп,
Жолбарыстай жон асып
Жөнелді батыр, жөнелді.

Құланның атты қодықты
Көлден тартты борықты,
Аттанған жауға қосынға
Қалам ба деп жете алмай,
Жас батыр сонда торықты,
Ұшқан құспен жарысып,
Ауыздықпен алысып
Ақ бөкендей жорытты.
Сымбатына қарасам
Толған айдай толыпты,

Жекпе-жекке келгенде
Жеңілместей болыпты,
Алысуға келгенде
Алдырмастай болыпты,
Шалдырмастай болыпты,
Үш күн, үш түн тынбастан,
Атының мойнын бұрмастан,
Алты айшылық жол асып,
Өзіндей сандақ ерлердің
Тобына жетіп жолықты.
Іріктелген ерлердің
Панфилов еді қолбасы.
Алыстан көзге түседі
Ортаға тіккен ордасы,
Алысқан жауын талқандау —
Халқына тартар олжасы,
Күзеткені жасынан
Елдің бақыт қордасы,
Майданға кірсе талмаған,
Талдым деп демін алмаған,
Егескенді жерлеген,
Жерлемей шықпан мен деген
Чапаев сынды батырдың
Үзенгілес жолдасы.

Соған келіп Төлеген
Сәлем берді иіліп.
Сөз бастады батыр мен
Отырған топқа жыйылып:
— Толған кезім толықсып
Ар-намыспен аттандым,
Найзамды жауға үйіріп.
Қыясынан шалайын
Қыран құстай шүйіліп,
Төбесінен төнейін
Қабағым тастай түйіліп.
Қатарыңа ала көр,
Қыйынға батыр сала көр,
Жаталмаймын бұйығып!
Саралап алған сарбазын
Соғысқа батыр үйретті.

Саптанған ерлер долданып
Тигеннен жауды күйретті.
Таудай темір танкісін
Шоқтығынан сүйретті.
Аласұрған немісті
От ішінде билетті.
Зеңбірегін немістің
Ер күшіне илетті.
Торғайдай тобын тоздырып
Талай қолын сиретті.
Еркін шауып ерлерім,
Ағызып самай терлерін,
Соққысын жауға жилетті.

Таудан тарлан шаң қылса
Еділде үйрек бұғады.
Екіталай жерлерде
Қасқайып ерлер шығады.
Сол секілді Төлеген,
Ақыйықтай сорғалап,
Талайын жаудың бұрады.
Қолқаларын суырып
Өкпелерін сығады.
Мұны көрген немістер
Дауылдан бұққан қамыстай
Қалтырайды, ығады.
Оннан, жүзден қосақтап
Аямай-ақ қырады.
Көптеген жау оқ төгіп,
Оққа қоса от төгіп,
Топ-тобымен ұмтылса
Тайынбай қарсы тұрады.
Жүзіңе бір өзім деп
Өзін жауға ұрады.
Жаудырып оған жаңбырдай
Топтарын талқан қылады.
Күндей көзі жарқ еткен
Қырандай даусы саңқ еткен,
Қырғын майдан ішінде
Дұшпанға ызғар кәр төккен,
Қылышынан қан төккен,

Найзасынан зәр төккен,
Бастады қолын Панфилов
Шегінбеске ант еткен.
Жер сілкінте ақырды:
— Артың — Москва, алдың — жау.
Көремісін ерлер-ау!
Орданы қолдан бергені
Шошынып жаудан қалт еткен!
Қолбасының бұл сөзі
Ерлердің өтті жанынан,
Өңшең батыр долданды
Намысқа қайрат жаныған.
Қаптаған қалың неміске
Кем тимеді жалыннан.
Сескенбеді бірі де
Бомбадан да жарылған.
Тыңдаған құлақ тынғандай
Гүрсілменен сарыннан.
Соның бірі Төлеген
Жас жүрегі қабынған.
«Садаға кетсін бар неміс
Жалғыз менің арымнан!» —
Деп ұмтылды ілгері
Жол салғандай қалыңнан,
Сағасы сайдың бөгелді
Ұйыған жаудың қанынан.
Артына тоқтап қарамай
Өлігін иттің санамай,
Қасқайып батыр жөнеді
Етегі қанға малынған.
Бір мезгілдер болғанда,
Жау есінен танғанда,
Біздің ерлер бөгелмей
Ілгері аяқ салғанда,
Үркіп неміс шұбырып,
Өлгені мың-мың қалғанда.
Қашқанын бөгеп алдынан
Автоматтан оқ төгіп,
Ер Төлеген ұмтылып,
Маздаған оттай жанғанда,

Ертеде қырып, кеш қырып,
Құмары бір қанғанда.
Қызулықпен ескермей
Өзгеден ұзап барғанда,
Жеке шыққан батырды
Оңашалап мың төбет
Ортасына алғанда,
Сол қоршаған иттерді
Бестен-оннан үйірлеп
Құрбандыққа шалғанда.
Батырдың оғы таусылып,
Шаршағанда, талғанда,
Құмалақтай қорғасын
Кіндіктен келіп қадалып
Ыстық қан қарға тамғанда,
Теңселіп батыр құлады
Еріксіз есі ауғанда.


Кіндіктен оқ өткенде,
Сасар минут жеткенде,
Сонда да батыр жатпады,
Қабағын шытып қақпады.
Жанына келген ер досы,
Өзіменен тең досы —
Жұмажанға көз салды.
Жолдасым деп сөз салды:
— Жанды қосқан дос едің
Жақын келші Жұмажан!
Жаудың оғы жаралап,
Бауырымнан ақты қан.
Өкініп опық жемеймін
Өлемін деп жарадан.
Бар оғыңды беріп кет
Тілегім осы қалаған.
Сарқылып қаным біткенше
Құтқармаймын, жан досым,
Көрінген жауды қарадан.
Тағы ілгері барайын,
Кегімді алып қалайын,
Құтқармай итті қабаған.


Сонда көзі жұмылды,
Ақырғы демі біткендей.
Солғындады ажары,
«Үзіліп жаны кеткендей,
Құшақтап досы босады,
Бетіне-бетін тосады,
Жайнаған ердің қайғысы
Қабырғасын сөккендей.
Қыйналып досы сөйлейді:
— Ерлікпен жетті-ау ажалың,
Бір өзіңе аудардың
Қан майданның назарын.
Халқың үшін қайралды
Қайратың мен қанжарың,
Күштің басып көрігін,
Оба ғып жаудың өлігін,
Қыздырдың ұрыс базарын.
Әлемге айқын көрсеттің
Қаһарлы қазақ ажарын.
Ашу кернеп бойымды
Жүрегімде жанды өрт.
Жалының сөніп жан достым
Қапылыста болдың мерт.
Қаныңды сенің алуға
Құрбан ғып мыңын шалуға,
Ордасына оқ атып
Сен үшін ойран салуға
Қаныңменен еттім серт.
Осылай деп Жұмажан
Хоштасып доспен жөнеді,
Өлімге ерді қыялмай
Көзінің жасын төгеді.
Бұрылып кейін қараса,
Ерлік пен қайғы таласа
Ердің жанын сөгеді.
Езіліп тұрар жер емес
Қауып пен қатер көп еді,
Жанталасқан батырдың
Жанына жалын себебі.
Қансыраған Төлеген

Қайратпен бойын жыйып ап
Қайта есіне енеді.
Қараша көзі бұлдырап
Дөңгеленіп дүние
Аударыла береді.
Бұталы бытқыл беталды
Жатқаны қыран жер еді,
Есіне түсіп ел, жұрты
Көз алдына келеді.
Алтайдың алтын шоқысын
Алыстан шолып көреді.
Анасы ашып ақ төсін
Аймалап үстіне төнеді.
Анам демей шыдар ма
Бір енеден тел еді.
«Хош Алтайым, хош анам!» —
Деп Төлеген жер тіреп,
Көтеріле береді.
Бытқылға қарай бет алған
Қараны батыр көреді.
Жараланған, өлмеген
Қаюан неміс екенін
Танып батыр сезеді.
Атайын десе оғы жоқ
Күйініп батыр қарады.
Тұрайын десе әлі жоқ
Зығыры қайнап барады.
Ақтарылған ішегін
Ішіне жыйнап салады.
Сол қолымен темірдей
Сығып ұстап жараны,
Оң қолына айқара
Автоматын алады.
Теңселе басып жүгіріп,
Жауына жетіп барады.
Жалтарғанша дес бермей
Өлетін жерің осы деп,
Көк желкенің тұсы деп
Құлаштап бастан салады.
Жалғыз ұрып жайратып

Ер кұмары тарады.
Ойдағысын орындап
Көңілінде қалмай дақ,
Жыйырма беске жеткенде
Сол жерде дүние салады.
Тұлпардан шапқан із қалар,
Сұңқардан биік құз қалар,
Жаңбырдан жерге нұр қалар,
Жасанған жасыл қыр қалар,
Шеберден біткен іс қалар,
Шешеннен асыл сөз қалар,
Ел орнында дақ қалар,
Ер өлгенде даңқ қалар,
Ердің аты өшпестей,
Ел аузында жатталар,
Ердің еткен еңбегін
Үлгі қылар басқалар.
Қыршын кеткен батырмен
Өскен бірге ерлерім.
Жыйырма беске жеткенде,
Жерді дүрілдеткенде
Сыналатын жерлерің.
Төлеген сынды қыршындай
Ағызып маңдай терлерін.
Сайысқан жауды састырып
Сындырындар белдерін.
Сасық ауыз немістің
Қазындар терең көрлерін.
Танысын дұшпан, досын да,
Іргелі совет елінің
Жыйырма беске келгенін,
Жорта-жорта желгенін,
Өз күшіне сенгенін,
Жауына соққы бергенін,
Жер жастанта жеңгенін.
Неше жүз жыл өткенде,
Неше заман кеткенде
Сонда да тындар жыр кұмар,
Сонда да жырлар жыршылар,
Болыпты дер Сталин

Арымаған саспаған,
Жасанған жаудан қашпаған,
Шегініп аяқ баспаған,
Жыйырма бес жаста жігіттер
Желекті найза ұстағын
Миллион әскер бастаған,
Сол кездерде сүйсініп,
Ерлікке біздің таңданып
Әнге, жырға, ертекке
Айналдырар бар халық.





1943

ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл қызықпенен талай өтті,
Шаттықпен мерекелі, сән-сәулетті,
Қарсы алып жаңа жылды елмен бірге
Нұрпейіс әсем жырын талай төкті.

Жыл өтіп, өсе бердік бақытты елде,
Гүлденді құба бел мен шалқар көл де,
Жасардым келген сайын әр жаңа жыл
Байтақ ел, туған жермен мен де бірге.

Көре алмай Отанның сол салтанатын,
Қызғанып, күндеп елдің көңлі шатын,
Мейрімсіз қара ниет жалмауыздар
Өмірге тыныш жатқан қойды атын.

Шайқасып жатыр ерлер қан майданда,
Тоғытып қас дұшпанды арам қанға,
Әділ іс жеңбек әркез арамдықты,
Жеткізбек бақытты күн алтын таңға.

Жаңа жыл жеңіс жылы, күші басқа,
Қайтпайтын көк алмастай, шапса тасқа,
Болысқан жаңа жылда жаңа күшпен,
Батырлар, есер жауды жерге жаста!

ДАУЫЛПАЗ ЖЫРЫ

Дала мен теңіз үстінде
Дауылпаз ем самғаған.
Саңқылдап талай қыядан
Қуаныш жырын жырлаған.
Қанат боп асыл жырларым,
Саңқылдаудан талмаған.
Жеңімпаз, алмас, маржаннан
Сөз сарасын таңдағам.
Бұлтты есіп, бүгін самғасам
Ұласқан ұлы шаң көрем.
Еділ мен Донда, Кавказда
Мұхит боп аққан қан көрем.
Тау-тау болып үйілген
Пасық, арам тән көрем.
Ақ Еділдей су көрем
Жайнаған жаңа таңменен.
Қандыбалақ қас-дұшпан
Болғандай қарық қанына,
Тіресіп қасы келгенде,
Тайсалған әне тағы да.
Қорқаудай қысып құйрығын
Қашқындай неміс барады,
Сар аязда жылтылдап
Тиіп қалған табаны.

Күңгірт тартып көгінде
Күні тағы сөніпті,

Құдіретті ерлер түйіліп,
Төбесінен төніпті,

Ерлерім жауын соғыпты
Жай оғындай шартылдап,
Көк желкеден тиіпті
Ақ алмастай жарқылдап.

Уа, арыстан ерлерім!
Мінекей елің — тірегің
Рух алып сендерден
Сыбана түскен білегің!

Қыра түс жауды, қыра түс
Қақбасын қызыл қан қылып,
Ұшыр көкке ордасын
Көкала тұман шаң қылып!

Дала мен теңіз үстінде
Желдетіп мен де самғайын,
Саңқылдап тағы қыядан
Қуанышты жырлайын.

ҚАҺАРМАН ҰЛЫМА

Қазақ-қазақ болғалы,
Өлкеге байтақ қонғалы
Талай шаңды күн еткен,
Ұйқысыз талай түн өткен,
Атойлап елге жау шапқан,
Қусырып өрттей жан-жақтан,
Жауға қарсы ер шыққан,
Қаһарман қазақ ел шыққан.
Қан жосыған алмастан,
Сүреңге-сүрең жалғасқан,
Ер жан қыйған ел үшін,
Ел жан қыйған ер үшін,
Бостандық үшін, ар үшін,
Ата-ана үшін, жар үшін
Бас шабылған балтаға,
Қан құйылған қалтаға.
Болаттан қару өңгерген,
Бір өзін мыңға теңгерген,
Жау көрінсе қомданған,
Намысы тасып, шамданған,
Мыйығына мұз қатқан,
Тұлпардан түспей түн қатқан,
Жау ордасын шаңдатқан
Ерлер шыққан қазақтан.
Олар елге пана еді,
Олар елге аға еді,

Олар елдің көркі еді,
Ел шырағы — ерке еді.
Тау еді олар асқарлы,
Асқардан жау жасқанды.
Ұмытпас ел оларды, —
Асқарға өскен шынарды.
Өйткені ерсіз ел болмас,
Ерлінің көзі көр болмас,
Табанға түсіп жер болмас.

Ата жолын ұстаған,
Сескеніп жаудан ықпаған,
Береңгі киіп белсенген,
Теңіздей толқып теңселген,
Қаһарлы жауды төңкерген.
Қасқыя шапқан ел үшін
Халқының намыс, кегі үшін,
Тарылтқан жаудың өрісін,
Мәлігім — елдің ерісін,
Ел намысы серігің,
Ерліктің асқар белісің
Мақтанысың еліңнің,
Сары-Арқа самал жеріңнің,
Атыңды балалар жаттауда,
Ғасырлар бойы сақтауда,
Шаттануда астанаң.
Қарт бұлбұл мен де шаттанам,
Қарт кеудеме сақтаған,
Жырымды саған ақтарам.
Мәлігім елдің ерісін,
Ерліктің зеңгер көгісін,
Сендер тыныс, өрісім,
Менің жырым сен үшін.

КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Қыс өтті. Жақындады жазым жайнап,
Даламда сала берді өмір қайнап,
Салдырлап сай-салада биледі су,
Көктемді қарсы алғандай алақайлап.

Бұлдырлап көк жиекті жапты сағым,
Жер, көкті торғын жібек жайып ағым,
Өмірдің салтанатты әуезіндей
Шығандап көкке шықты жазғы сарын.

Нұр шашып, күн күлімдеп, жайнады жаз,
Құлпырды жер бетінде көрікті наз,
Сыңқылдап, үнін қосып сай-салаға
Қол жайлап мамырлады аққу мен қаз.

Сыр сезем қаз даусынан, салсам құлақ,
Батыстың зарын сезем жатқан жылап,
Тепкіде жапа шеккен бауырлардың
Көзінің жасын көрем, аққан бұлап.

Ұрттаған қасірет уын батыс елін,
Ойласам, соғып қатты қарт жүрегім.
Жатқан шалғай, қамауда жау торында
Бауыр үшін сырқырап сай-сүйегім.

Азаптан құтқаруға сені, баурым,
Көктемнен жең сыбанып жатыр бауырың,
Ойламай күндіз күлкі, түнде ұйқыны
Еңсеріп ен еңбекті қалың қаумың.

ЖЕҢІС ҮШІН

Майданда, арыстаным жүр ұлдарым,
Қырқысып жері үшін жалғыз адым.
Қасарып, қас дұшпанмен арпалысып,
Сүйікті Отан үшін қыйып жанын.

Мұндағы ер қамқоры қалың елім,
Бұлдағы алмай тыным, жазбай белін
Тер тамып самайынан жүр еңбекте
Кек кернеп жауға ызалы жүректерін.

Жайнатты даласында алтын дәнді,
Оқ құйды ату үшін қас дұшпанды,
Қаулатып төрт түлігін бағып-қағып,
Атырды көздерінен ұзақ таңды.

Қаулады ел ырысы — төрт түлігім,
Бөрітіп майы шыққан тартсам түгін,
Жер соққан толарсағы тұлпарымды
Ер мініп тарылтып жүр жаудың күнін.

Төрт түлік берекелі елдің сәні,
Қалың мал қаптап жатқан белдің сәні,
Қорғаушы ел мен белді, байтақ жерді
Қаһарлы қаны қызу ердің сәні.

Отырмын бүгін міне өлендетіп
Шаттықты сазға салып, белім бекіп,
Өйткені жайлауыма — мал ордасы
Партия ту іліпті желбіретіп.

Партия бағалапты еңбегімді,
Өткерген ұйқы көрмей ұзақ түнді,
Тұр әне желмен ойнап қызыл туым
Төбемде елестетіп шыққан күнді.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін,
Тұр білек, түс еңбекке ту астында,
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін.

ЖЕҢІС ҮШІН

Майданда, арыстаным жүр ұлдарым,
Қырқысып жері үшін жалғыз адым.
Қасарып, қас дұшпанмен арпалысып,
Сүйікті Отан үшін қыйып жанын.

Мұндағы ер қамқоры қалың елім,
Бұлдағы алмай тыным, жазбай белін
Тер тамып самайынан жүр еңбекте
Кек кернеп жауға ызалы жүректерін.

Жайнатты даласында алтын дәнді,
Оқ құйды ату үшін қас дұшпанды,
Қаулатып төрт түлігін бағып-қағып,
Атырды көздерінен ұзақ таңды.

Қаулады ел ырысы — төрт түлігім,
Бөрітіп майы шыққан тартсам түгін,
Жер соққан толарсағы тұлпарымды
Ер мініп тарылтып жүр жаудың күнін.

Төрт түлік берекелі елдің сәні,
Қалың мал қаптап жатқан белдің сәні,
Қорғаушы ел мен белді, байтақ жерді
Қаһарлы қаны қызу ердің сәні.

Отырмын бүгін міне өлеңдетіп
Шаттықты сазға салып, белім бекіп,
Өйткені жайлауыма — мал ордасы
Партия ту іліпті желбіретіп.

Партия бағалапты еңбегімді,
Өткерген ұйқы көрмей ұзақ түнді,
Тұр әне желмен ойнап қызыл туым
Төбемде елестетіп шыққан күнді.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін,
Тұр білек, түс еңбекке ту астында,
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін.

ЕЛДЕГІ БАЛАЛАРЫМА

Бәйшешектей гүл шашқан
Өрімдей науша жастарым,
Отанымның сәулеті —
Айбарым, көркім, мақтаным —
Есіңде ме сендерді
Алақанда аялап,
Ақ бесікте мәпелеп,
Түлеткенім, баққаным!
Елестетед өмірің
Еділдің тулап тасқанын,
Нар кескеннің жүзіндей
Жарып түскен шапқанын,
Мергеннің жалғыз оғындай
Алып түскен атқанын.

Жайнаған жаздай заманның
Сендерсіңдер тірегі,
Аударар тарих қыртысын
Сендерсің өмір білігі,
Болашағын, үмітін,
Сендерді халық сүйеді,
Сол махаббат жалынын
Қанқұйлы жау сөндірмек,
Сол бақыттың шамына
Қатер бұлтын төндірмек,
Жастық шақтың қызығын

Қуартып шөптей семдірмек,
Туған ел мен жерінен,
Құл етіп бізді бездірмек,
Қамшы ойнатып басыңа
Дегеніне көндірмек.
Сол залыммен алысып
Достарың жүр майданда.
Қыршынын қыйып жасылдай
Келсе қарсы қайдан да,
Шүберекке жан түйіп
Қан кешіп жүр тізеден,
Жүрген жоқ босқа сайранда,
«Отан!» деп жауға ат қойса
Өткір, кескір жайдан да.

Сендер де елде еңбектің
Қыздырындар базарын,
Көктемнің мынау жайнаған,
Салшы, балалар, назарын,
Жер көбесін төңкеріп
Келтірген сәнін даланың.
Майданда өлген «Елім!» деп
Әкесі үшін баланың,
Майданда өлген жан жары,
Қайғысы үшін ананың,
Ел кегін ту ғып ұстаған
Ұранына үн қос дананың.

Өрімдей науша жастарым,
Айбатым, көркім, мақтаным,
Ал еңбекке аттанғын.
Қызықты жастық шақ үшін,
Нұр сәулелі бақ үшін,
Еңбекпен төгіп маңдай тер
Сенімін елдің ақтағын,
Жас ұрпақ менің мақтаным.

МАЙ КҮНГІ ЖЫР

Ол бір кезде май келсе
Қуанышпен тойладық,
Шадыман шат көңілмен
Салтанатпен ойнадық.
Мұхитында бақыттың
Құлаш ұрдық бойладық.
Міне, бүгін май келді,
Бұрынғыдан өзгеше,
Халқым, кәне, ойлалық,
Ерлерім жүр майданда
Ақ семсерін қолға алып,
Отан — ана, жер үшін
Қырандай қанат қомданып,
Ыза кернеп кеудесін
Төбіреніп, толғанып.
Төнуде әлі Отанға
Қатер бұлты торланып.

Күннен күнге бекуде
Қайыспас біздің беліміз.
Жауға ойран салуда
Тау-қыран берендеріміз.
Жеңілетінін дұшпаннын
Көріп тұр болжап көзіміз,
Мерейіміз үстем боп, —
Қайтар әлі-ақ кегіміз.

Жау жеңіліп, жаңарып
Жайнар байтақ жеріміз.
Ұлы күнгі ұлы ісің
Жексұрын жауды жеңуге
Ант етелік, еліміз!
Еңбекпенен қайнасын
Берекелі жеріңіз,
Алдағы дүлей күресте
Галқандау үшін дұшпанды,
Аянба елім, аянба —
Құдіретті күшті төгіңіз!

МАЙ КҮНГІ ЖЫР

Ол бір кезде май келсе
Қуанышпен тойладық,
Шадыман шат көңілмен
Салтанатпен ойнадық.
Мұхитында бақыттың
Құлаш ұрдық бойладық.
Міне, бүгін май келді,
Бұрынғыдан өзгеше,
Халқым, кәне, ойлалық,
Ерлерім жүр майданда
Ақ семсерін қолға алып,
Отан — ана, жер үшін
Қырандай қанат қомданып,
Ыза кернеп кеудесін
Тебіреніп, толғанып.
Төнуде әлі Отанға
Қатер бұлты торланып.

Күннен күнге бекуде
Қайыспас біздің беліміз.
Жауға ойран салуда
Тау-қыран берендеріміз.
Жеңілетінін дұшпанның
Көріп тұр болжап көзіміз,
Мерейіміз үстем боп, —
Қайтар әлі-ақ кегіміз.

Жау жеңіліп, жаңарып
Жайнар байтақ жеріміз.
Ұлы күнгі ұлы ісің
Жексұрын жауды жеңуге
Ант етелік, еліміз!
Еңбекпенен қайнасын
Берекелі жеріңіз,
Алдағы дүлей күресте
Галқандау үшін дұшпанды,
Аянба елім, аянба —
Құдіретті күшті төгіңіз!

ЕР МЕН ЕЛ

Елін сүймей ер болмас,
Сыйламас ерін ел болмас,
Қанаты құрыш ақ сұңқар
Жардан құлап жер болмас,
Қайтпас қайсар беренге
Құрсанған дұшпан тор болмас,
Түссе де жасыл асқар тау
Омырылып көр болмас,
Ері шыққан егеске
Ел мұқалып, қор болмас.
Аңсағаны ерлердің
Еліне қонған бақ болар.
Еліне бақыт орнаса,
Ер көңілі шат болар.
Туған елдің бағы үшін
Ерлерім жүр алысқан,
Қарсы тұрып қарысқан,
Жауға шапса ақырып
Бейне ызалы арыстан,
Көргенін жазбас алыстан,
Еңелесіп келгенде
Табанға жауын жанышқан,
Қылышынан қан жосып
Танбаған ұлы шабыстан.
Елін берік сақтаған

Сүйікті елге ерім бар,
Дұшпанға кегін жібермес
Ерлеріме сенім бар,
Ел мен ер боп дұшпанға
Қазып қойған көрім бар.
Жеңіске, ерлер, алға бас!
Аңсаған сені сүйеге
Арманда алда елің бар,
Өрт ішінде қаулаған
Көк орай шалғын жерің бар.
Ылайланған тұнығы
Жауда қалған көлің бар,
Мойынында құлдық бұғауы
Ата-ана, сәби, келін бар,
Алынбаған дұшпаннан
Удан да ащы кегің бар,
Жеңіске, ерлер, алға бас!

ЕРЛЕРІМ АЛДЫ ХАРЬКОВТЫ

Майыстырған еменді
Дауылындай даланың,
Ағысындай толқыны
Арнасын тепкен саланың
Ерлерім алды Харьковты.
Жырламай қайтып қаламын,
Қуаныш кернеп кеудемді,
Домбырамды аламын.
Сағадан басып саз таңдап
Солқылдатып қағамын.
Харьковке төнген түнеріп
Түн серпілді, таң атты,
Арайлап атқан алтын таң
Харьковты нұрға жалатты.
Қапаста жатқан бауырдың
Жүрегін бөлеп шатыққа
Көремін соққан сағатты.
Жау барады дүрлігіп
Жалтақтап қарап артына,
Бірлесіп тағы келгенде
Басты ежелгі салтына.
Жаралы қорқау қасқырды
Бүріп барад қаршыға.
Жайдай түсіп, батысқа,
Түріп барад қаршыға.
Украина жерінен

Құзғындарын Гитлердің
Қуып барад қаршыға.

Сол көкала тұманның
Бер жағында мұнартқан,
Харьковты көріп шаттанам.
Арыстан туған ерлерге
Жүрек сыйын ақтарам.
Харьковым жауда жатқанда,
Удан ащы жараны
Жаныма мен де сақтағам.
Ал, мінеки, жау қашты,
Жатсам да алыс думаннан,
Қалайша мен шет қалам.
Украинам мен дағы
Тойында жүрмін ән салып,
Қарт серігім сырласым —
Домбырамды қолға алып.
Шаттық кернеп кеудемді,
Жырым тасып, толғанам,
Тойың тойға ұлассын.

ЖЫЙЫРМА БЕСТЕ ЖАС БАТЫР

Келіп едің дүниеге
Күрестің оты ішінде,
Алдында ағаң — партия
Аумаушы еді ағаңнан
Мінезің де, түсің де.
Жігер тасып тұратын
Келбетің де, ісің де.
Еңбекке білек сыбансаң
Еңсердің, күшті асырдың,
Еліңе ғана арнадың
Бойдағы бардың асылын.
Сендерді қалай сүймеспін
Көркі сен біздің ғасырдың!
Тұтанған елдің кегіндей,
Майданда жауды жапырдың,
Тигенінді төрт бөлдің
Жебесіндей жасылдың,
Жүзіндейсін асылдың.

Бүгінде міне от кешіп,
Оққа төсеп омырау
Етегіңді оқ тесіп,
Қарысып жүрсін майданда,
Өлімді жеңіп беттесіп.
Сені жеңіп кім алар,
Қай дұшпан қарсы тұра алар,

Сен шебінді жайғанда.
Орындап елдің тілегін,
Отан деп соқты жүрегін,
Сұрт терінді маңдайдан!

Ұрпағы Ленин — комсомол,
Жыйырма бесте жас батыр!
Еліңе төнді қарақшы
Кектене түс, қас батыр!
Жайнаған қала орнында
Күйелі қара тас жатыр,
Балғын сәби денеден
Бөлініп шоршып бас жатыр,
Бір кезде гүлге малынған,
Далаң менен бақтарың,
Болып жатыр тап-тақыр.

Жыйырма бесте жас батыр,
Ел кегіне бойлай түс,
Лапылдаған қан майдан
Ортасына таймай түс.
Жау жөңкілді батысқа,
Салтанатпен қаһармен
Жас жауынгер жайнай түс.
Жау жағасын жапырып,
Жайлауыңнан, көліңнен
Орманыңнан, беліңнен.
Батысқа қарай айдай түс!

ҰЛЫ КҮНГІ АҚЫН ЖЫРЫ

О, мерекем, мерекем,
Ұлы күнім берекем,
Ұлы күнге ән шырқау
Ұлыста ұлы іс бірі екен.
Ал, домбыра қолға алдым,
Өткелсіз өлең өзенін
Тасқындата толғандым.
Қазір менің дауысымда
Қаңтардай қарыр қаһар бар,
Өйткені жанды улаған
Жауда алмаған кегім бар,
Өңменін басып өлексе,
Өксіп жатқан жерім бар,
Құтқар деп бізге қол созған
Қамауда жатқан елім бар,
Сарылып күткен белім бар,
Долданып жатқан көлім бар,
Жүрегімде, жанымда
Арылмаған шерім бар.

Уа, халайық, халайық,
Қазіргі кезде сөйлемей
Қаусырма жақ қалайша
Тілді тістеп қарыспақ?
Тәтті заманға зар болып
Қалайша жұртым зарықпақ?

Қалайша ғана қас дұшпан.
Отанның ерке ұлдарын
Айтқанына көндіріп,
Көгендемек, зар қылмақ!
Жоқ! болмайды, болмайды
Қолдан намыс берілмес,
Қабыртқам қаусап сөгілмес!

Жау жасағы жөңкіліп,
Барады қашып алыстап. .
Қанды кекке шақырып
Отанымның үстінде
Орыс қызы Зояның
Бейнесі жүр қалықтап.

Уа, қаһарман ұлдарым,
Айбынды батыр қыздарым,
Жерім жаудан тазарсын,
Тұтқынға түскен бауырдың
Күңгірт көңлі ағарсын!

АЗАТ КИЕВ

Киевім менің туысқан
Бауырымның бесігі,
Киев азат! Оның да
Ашылды бүгін есігі.
Қызыл орай ұлы ту
Желбіреді төбеңде,
Қуанам көріп жүзінді
Қыяда тұрып көремде.
Шалқыйын, Киев, тасыйын,
Жыр тиегін ашайын,
Қос қанатты тұлпардай
Аяқты топ-топ басайын,
Киевім — алтын шәһерім,
Сақтағам кәрі жүректе
Көптен сенің атағың,
Түсіп ең торға, босатты
Жеңімпаз қызыл жасағым.
Қарашы, эне батырлар
Барады қанды немістің
Түсіріп баудай қатарын.
Киевім, — алтын ошағым,
Қанатым жоқ ұшарға,
Украина бауырды
Барып сүйіп құшарға.
Барармын әлі-ақ жырыммен,
Қарт қақпаңа мейірмен.
Сені жаудан айырған
Жасасын қызыл жасағым!

АРЫСТАНЫМ, ӨРЕНІМ

Арыстан өрен ұлдарым
Халқыммен бірге мен дағы
Сендерге сәлем жолдадым.
Қара түнек заманда
Мен де талды қармадым.
Бүгілді, белім, азаптың
Көтере алмай салмағын.
Көзімнің жасын көл қылып
Елмен бірге зарладым.
Бойдан қуат кеткенде,
Таусылып демім жеткенде
Таң сәулесін аңдадым.
Көп кешікпей бақыттың
Ұлы күші нұр шашып.
Жайнатты туған аймағым
Жазылып белім жасардым,
Белімді қынап байладым,
Сұңқар болып қалықтап
Ұлы Отан үстінде
Қағып қанат самғадым.
Бақыт бағы ішінде
Бұтақтан қонып бұтаққа,
Шаттықпен талмай сайрадым.
Кенет, бірақ, жыйылды
Шаттық жырдың бұлағы,
Ажал бұлты шалынды.

Дауылпаз болдым сонда мен
Алмастан өткір тұяғы,
Көк дауылын шақырдым,
Ел үстінде қалықтап
Көлді, белді, қыяны.
Өлтіруге шақырдым
Көрқау кәрі залымды
Адамдық жоқ сыяғы.
Қағып қалып қанатым
Бір бастым асқар қыяны.
Қаһарман түйіп қабақты,
Көмейде жыр, бойда кек
Араладым саңқылдап
Туған алтын ұяны.
Арыстан балам, өренім,
Қарашы анау Батысқа!
Зарығып, зарлап, күңреніп
Кұшағында қалды ғой
Бір құбыжық дененің,
Украина өз елім.
Ежелгі орыс қонысы —
Қазақтың да өрісі,
Жаудың қалып қолында
Өртенгенін көремін.
Туысқан орыс күңренсе
Қамығар қазақ баласы;
Көріп тұрмын мұны мен
Әйелдің анау көзінен
Жасқа батқан қарасы.
Орыспен бірге жылаған,
Ол қазақтың анасы,
Сенсің ғой сол кемпірдің
Әлпештеген баласы,
Мойын бұрып ендеше
Сары-Арқаға қарашы,
Қатуланды, өзгерді,
Қазақтың байтақ даласы,
Бауырдың көріп көз жасын,
Қаруын болат қолға алды
Украина, Белорус,

Бауырларым бірге күш,
Біз де сендей қаһарлы,
Қабағы қарыс түйелі,
Жұдырығы жұмулы,
Көресің батыр бейнелес
Қазақты бурыл сақалды.
Ендеше қазақ жауынгер,
Соқ дұшпанды, соқ таймай,
Жатсын дұшпан қырылып!
Халық соққан найзаңнан,
Түскендей дәлдеп найзағай.
Қазақ елі сен дағы
Бер көмегің аямай,
Қорғасын, көмір, мысыңды,
Тартуыңды теңдессіз
Қарта мен қазы, жаядай.
Құлпыртсын ұлы Отанды, —
Туған қазақ даласын.
Нұрпейіс қартың тағы да
Төксін жырын, тұтамдап
Домбыраның сағасын.

СЛАВЯН ХАЛҚЫНА АРНАЙМЫН

Қара жүрек сұр жылан,
Талай елге сап ылан,
Талай жанды өлтіріп,
Жерді қанға бөктіріп,
Ойран салып Батысқа,
Ашты аузын Шығысқа.
Тимек болды өзінше
Біздің қолмен жасаған
Ұшан теңіз ырысқа,
Немістің қорқау байларын,
Байлығы көп, жері көп
Қондырам дейді қонысқа.
Азғантай күн ішінде,
Басып алам Советтің
Ұлан байтақ көп жерін.
Өйткені, деді, келмейді,
Шамасы бізбен ұрысқа,
Майдан нені көрсетті.
Гитлердің әскері
Малдай болып қырылды,
Мойнынан қан шұбырды,
Біздің оқтың күшімен,
Көк найзаның үшімен
Қарақшы өңшең бандиттер,
Омақатып көрге жығылды.
Қарақшыға сол керек,

Одан артық не керек?
Құрыр, бітер, жойылар
Жер бетінен тезірек.
Фашист жау білсеңіз
Бүкіл славян халқына,
Әуелден бауыр болған соң,
Осындай күндер болғанда,
Қайрылмай кетпейді артына.
Неге көнсін чех, серб,
Поляк, болгар, славян —
Гитлердің қойған шартына.
Кескілесіп кегінді ал,
Майдандасып теңдік ал,
Жаншылма жаудың қолында.
Қайнаған іште кегінді,
Шығарар күн келді сыртыңа.
Үз бұғауын Гитлердің
Кескіле басын иттердің
Жер бетінен жоғалсын,
Өз қанына боялсын.
Ынтымақтас, күшті қос,
Шын жүрекпен болың дос
Бәрің тегіс жабыла
Зұлым жаудан алың өш.

Домбырамды қолға алсам,
Жаздай емген төлдеймін.
Қарт емеспін, жаспын мен,
Келсе де қаптап сан ауру,
Мен өлмеймін, өрлеймін.
Мен — тоқсанға жеткен шежіре
Қалған бір белгі көнеден
Сонда да қартпын демеген,
Мандайымда сай-сай боп
Жатса да әжім саласы,
Білеуленіп қолымда
Тұрса да тандыр қарасы
Домбырамды жебегем.
Жыр дариясын шалқытқам
Қаумалап келсе қасыма
Немерем мен шөберем.
Жайнаған жасыл даламды,
Салтанатты қаламды,
Араладым сан рет
Көзімді салып көреген.
Жүрісім әлі жастардай,
Көремін әлі төбеден,
Қарт дерлік бір белгім жоқ
Сөйте тұра неге өлем.

Бір кезде мені қоршаған
Ұл мен қызым майданда
Жүр дұшпанмен алысып,
Қаһар соққан қаюанға
Қарсы тұрып қарысып.
«Асыл» тәнін немістің
Табанға басып жанышып,
Еңіреп жатқан еліне,
Өксіп жатқан жеріне
Қыйқулап шауып табысып,
Шыбын жанын шіркейдей
Шүберекке тағысып,
Сол бір кеткен баллардың
Жеңіспен елге қайтқанын
Көрмейінше неге өлем?

Астанам, ордам, жүрегім,
Тарықсам таяу тірегім,
Сілтесем жауға білегім
Москвам, сенің тар күнде
Төніп келген дұшпаннан
Таймағаның білемін.
Сол бір сынды сағатта,
Бір ғана сенің үстінде
Болған еді тілегім.
Сары-Арқада отырып
Тілегің сенің тіледім.
Жау серпілді шегіңнен,
Еркін соқты еліріп,
Қысылған сонда жүрегім.
Енді сенің сәулетті,
Салтанатты көркінді
Бір көрсем деп жүр едім.
Ел—жүрегің бір көрмей,
Қартқа сәлем бір бермей
Айтшы осы мен неге өлем!?
Жеңістің таңы арайлап,
Атып келед нұрланып.
Ел үстіне түнеріп,
Төнген апат түнегі
Семіп барад сұрланып.
Жөңкіліп қашып барады
Еліме тиген жау қолы
Түн жамылып ұрланып.
Москвадан естісем
Жеңістің алып салютін,
Отыра алман ырғалып.
Тамырымда қан тасад,
Жатсам дағы төсекте
Ауру болып қыйналып.
Сағат жақын жерімнен
Түнек кетер, күн қалып,
Сол сағатта еліммен
Қуанбай бірге шаттанып,
Жыр дариясын ағызбай
Жүректе тұрған жатталып

Айтшы, осы мен неге өлем?
Естімей туған елімнің
Жеңісті әнге салғанын,
Бұлбұлдар қайтып, орманға
Оқ орнына құбылтып,
Шырқағанын таңғы әнін,
Жігіттер қайтып аулына
Құшақтап кемпір, шалдарын,
Бауырына басып балаларын,
Сүйгенін көрмей жан-жарын,
Сонда оларға жыр арнап
Билеттірмей бармағым,
Көрмей кәрі көзіммен,
Жеңісті ұлы сағаттың
Жерімді нұрға малғанын,
Мен өлмеймін, балаларым!

* * *

Жез бұйдалы мен бір құба нар:
Жетегіне еретін.
Бәйгелі жерге қосып қал
Алдыменен келетін.
Алдымда өскен балаларым
Сендер сөйле дегенде
Сөзімді аяп не етейін.

ҚОШ, ШЫҒАНАҚ

Құлазып жаны қарт жырау
Домбырасын қолға алсын,
Жырға қосып—Шығанақ
Замандасы, жолдасын.
Қапалы күйді шертемін
Бақұлдаспай, көріспей,
Құшақтаспай сүйіспей,
Қоштаса алмай қалғасын.
Көркі едік екеуміз —
Ойыл, Қыйыл, Жем, Сағыз
Жарыса аққан саланың.
Қатар жүрсек алшандап,
Сақалымыз тербеліп
Желі сүйіп даланың.
Есіттік қайтқан хабарын,
Кәрі жасым құлазып
Қарыс түсті қабағым.
Өзің көрген домбырам
Қолыма қайта аламын.
Бейнесі әлі алдымда,
Сөздері әлі жадымда,
Елес беріп кетпейді
Ұқсап жазғы сағымға.
Қалай ғана өмірі,
Шарпылды екен мейрімсіз,
Ажал отты жалынға!?

Жасынан еңбек, ел сүйіп,
Ержеткені есімде,
Атадан алып, мейрімді
Еңбектің жомарт бесігін
Тербеткені есімде,
Жер тәңрісі сыяқты
Ноқталап долы дағдырды
Терлеткені есімде,
Есімде ойнақ салғаны
Қара жердің төсінде.
Кім білмейді елімде
Қадірлі сондай қарияны!
Әлемге аты жарияны,
Туған жері Ойылдың —
Тар құрсағын кеңітіп,
Тас емшегін жібітіп,
Аймағына ағызған
Ақ тарыдан дарияны.
Еліме есер жау тиіп,
Қызғанда соғыс майданда,
Оқ боп тиген дұшпанға
Мандай термен суарып
Өсірген оның әр дәні.
Бір кездерде құлазып,
Құлан тепкен топрағын,
Ойылдай туған далаңның
Күміс еттің топрағын!
«Өмірім Отан жолында», —
Деген асыл сөзінді
Есіме алып отырамын.
Ел ұмытпас атыңды
Ғасырларға апарар,
Ұйықта тыныш, Шығанағым
Торқа болсын топрағың.

ТЫҢДА, ХАЛҚЫМ

Сөйлейін, тыңда халқым, құстай сайрап,
Ер күші жауды айдаған беріп қайрат,
Қайтпайтын, қайыспайтын сарбаздарым
Шығарды жер шегінен көрқауды айдап.

Ауруым қуанғаннан естен кетті,
Өлең, жыр үстеп шығар мыйдай қайнап,
Одақтас жүрегі бір жолдастарым
Токтатты жау залымның жолын байлап.

Қартыңа айтқан сайын өнер келер,
Өлең-жыр күннен күнге қартың төгер,
Көптен бері атасы ауырса да
Ұл-қызға, асыл сөзін айта берер.

АМАНКЕЛДІ ТУРАЛЫ ЖЫР


Алтын туы жайнаған,
Жүрегі жаудан таймаған,
Қастасқанын қан қылып,
Қарт бурадай шайнаған,
Қараспан таудай қаһары,
Дұшпан десе қайнаған,
Қара қыпшақ — Қобланды
Асыр салып өтіпті.
Ерте бір ерте, ертеде
Сары-Арқа мынау өлкеде
Қырымнан шапқан дұшпанын
Еділге келіп жайратқан.
Аспаһани алмасын,
Жау қанына суарып,
Шар болатқа қайратқан,
Еділ, Жайық екі су
Егесіп бойын шаңдатқан,
Жау қақпасын кандатқан.
Естерек ұлы ер Тарғын
Асыр салып өтіпті...
Ерте бір ерте, ертеде,
Сары-Арқа мынау өлкеде,
Солардың батыр ұрпағы
Түлеткенде өсірген.
Арқаның батыр Қыпшағы,
Езілген қазақ елінің

Бағы үшін туған ер,
Ғасырлар бойы сақталған,
Қалың қазақ елінің
Кегін қанмен жуған ер;
Езілген қазақ елі үшін,
Қасық қанын қыйған ер;
Партияның ісі үшін,
Шүберекке жанын түйген ер,
Жауар бұлттай түнеріп,
Жасылдай жауға тиген ер,
Қарсы келсе дұшпанның,
Қол ғып қанын ағызып,
Алдына салып жүрген ер;
Көктен түсіп дұшпанды,
Арқаның қыран құсындай
Шүйген ер де, бүрген ер;
Күміс балдақ қылышы,
Көкті тіле сурылса,
Жауы жерге кірген ер;
Арам қара жүректі,
Пасық обыр ниетті,
Дұшпан тисе еліне,
Жерге тығып жанышқан
Жеңімпаз, батыр, адал жан,
Орыстың ұлы жұртынан,
Өнеге, үлгі көрген ер —
Аманкелді батырым
Асыр салып өтіпті.
Осынау байтақ көлбеген
Сары-Арқа, байтақ өлкеде
Мақтанышым, батырым,
Аманкелді сен едің;
Тасты жарған көк алмас
Ел кегіне егедің,
Көрмесем де өзінді,
Өлмеген ісің көремін,
Жауменен жүр алысып,
Дәл өзіндей майданда.
Ұрпағың сенің өренің;
Жарып түсіп тигенін,


Жүзіндей өткір жебенің;
Сенің батыр, ерлігің
Шежіреде қаттаулы.
Сенің бейнең, көрігің
Ел есінде сақтаулы.
Сенің асыл есімің
Ел аузында жаттаулы,
Сенің батыр ұрпағың,
Жауды бүгін таптаулы.
Сары-Арқа, байтақ өлкеде
Аманкелді батырдай
Анадан бала туулы.
Аманкелді батырдай
Ата жолын қуулы

ЖЫРЛА АҚЫНДАР

Айтқыш тілді ақындар.
Жырлайтұғын жыр келген,
Жастар түгіл кәріге
Заманым қуат жел берген.
Кәріге де, жасқа да,
Майдандағы ұл-қызым,
Күш берген де, дем берген.
Жігіт батыр болмайды
Дұшпанмен қарсы ұрыспай,
Қарсыласып қағыспай,
Қайтпай атып шабыспай,
Ерлік атақ қонбайды
Дұшпанын кұртып жанышпай.
Атағың қалсын мәңгіге
Шарықта ұрпақ қарыштай!
Тіршілікте өзіңмен
Қатар болсын жолдасың.
Еш серікке санама
Жолдастың қорқақ оңбасын.
Ақылы бар ойлы адам,
Көңілге тоқып ойлансын.



TYCHIRTEP



ТҮСІНІКТЕР

Ақтан тентек Адайсын — Нұрпейістің жас кезінде, Адай елінде Оразбай деген асқан бір бай қызын ұзататын болып, жеті уезд елдің басын қосып той жасайды. Осы тойға Нұрпейіс те кез болады. Ол Оразбайдың ұзатылғалы отырған қызына арнап тіккен отаудың қасына келіп, қызға өлең айтпақшы болып тұрғанда, сол елдің белгілі тентек ақыны Адай Ақтан ешкімді көзіне ілмей киліге келіп, жолда тұрғаны үшін жазықсыз жас бала Нұрпейісті қамшымен тартып-тартып жібереді. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Нұрпейіс сол жерде Ақтанның жағасынан ала түсіп осы өлеңді айтады. Ойда жоқ жерде кез болған бұл жағдай Ақтанды қатты састырады, ол ештеңе тауып айта алмай қалады. Қаумалап тұрған жұрт Нұрпейісті көтермелеп, Ақтанға тигізбей алып кетеді, осы тойдан кейін Нұрпейістің аты шыға бастады. Бұл өлең Нұрпейістің жүрген жерлерінде өте көп тараған, Нұрпейісті жасынан білетін кісілердің бәрінің де бұл уақытқа естерінде қалған.

Нұрпейістің бұл өлеңінен үзінділерді 1938, 1939, 1940-жылдары ақынның юбилейлеріне байланысты оның творчествосы туралы жазған кісілер өздерінің мақалаларында келтірген. Бірақ өлеңнің толық тексті баспа жүзінде жарияланбаған. Өлеңнің ойда сақталған осы толық-ау деген вариантын 1949-жылы Ақтөбе облысына ғылыми экспедицияға барған кезде, Нұрпейістің ең жақын туысы және жақынынан бірге болған жолдасы 70 жастағы Қожаш Елешов пен ақынның үлкен баласы 50 жастағы Ғалым Нұрпейісовтен жазып алдық. Бұл жазып алған текстімізді газеттердегі Нұрпейіс туралы жазылған мақалаларда келтірілген үзінділермен салыстырғанда, кейбір жолдары болмаса, негізгі мазмұны бір болып шықты. Осы жыйнаққа сол өзіміз жазып алған тексті мен газеттегі текстілерді салыстырып ең толық, дұрыс сақталған вариантын бірінші рет жіберіп отырмыз.

Ауылда бір келін бар Жаңғақ деген — Нұрпейістің бір жақындарының Жаңғақ деген әйелі елге белгілі тентек болса керек. Соны әзілдеп айтқан өлеңі. Өлеңді осы уақытқа дейін есінде сақтап келген Нұрпейістің жақындарының бірі 60 жастағы Асыл Орынбаевадан 1949-жылы августа жазылып алынды. Ол кісі Темір ауданы «Байғанин» колхозының мүшесі. Айтушы өлеңді 1910-жылдар шамасында айтылған болуы керек, мен осы өлеңді үйреніп алғанда 20 жастар шамасында едім дейді.

Ақша дейтін шешеме — Нұрпейіс кәулі кеткен кісісін мақтап, кейбір мінез-құлқын жақтырмаған кісілерін қалжыңдап, қатты әзілдеуді жақсы көреді екен. Және өлеңдерді ойда жоқ жерде айтып сала береді екен. Бір күні өзінің баласы Ғалым екеуі Ақша деген үлкен қарт жақын шешесіне сәлем бере барады. Ақшаның келіні Тәжік деген кісі өте сараң кісі болса керек, қонақтар үйге кіргеннен «үйде ештеңе жоқ еді» — деп безек қаға беріпті. Сонда Нұрпейіс жеңгесіне осы өлеңді айтып қатты ұялтып кетсе керек. Өлеңді айтушы Асыл Орынбаева 1915-жылдар шамасында үйрендім дейді. Өлең 1949-жылы августа жазылып алынды. Бұрын баспаға басылмаған. Осы жыйнаққа бірінші рет қосып отырмыз.

Жеңешем тәуір еді илі қайыс — Өлеңді айтып берген Әнепия Құлыншақова, Темір ауданы «Байғанин» колхозының мүшесі, Нұрпейіс жақын келіні Әнепияның үйіне барып отырып айтқаны. Бұл өлең баста ұзақ болса керек, оның көбісі ұмытылған. Әнепия өлең 1894-жылдары айтылды дейді. 1949-жылы августа жазып алдық. Өлең бұрын жарияланбаған, жыйнаққа бірінші рет қосып отырмыз.

Алыптың Бәйімбеттен Тайба келін — Нұрпейістің үлкен баласының бірінші әйелі Тайба деген кісі өте тентек, шайпау болса керек. Келінінің мінезін білетін Нұрпейістің құрдастары келіп, келінің қалай — дегенде айтқаны көрінеді. Өлеңді 1949-жылы, августа Әнепия Құлыншақовадан жазып алдық. Бұрын баспаға шықпаған, жыйнаққа бірінші рет жіберіліп отыр.

Қосап қара Мұнайсын — Бір күні Нұрпейіс Мұнай деген жездесінің үйіне барып отырып, жездесіне қалжыңдап осы өлеңді айтыпты. Мұнай деген өте сараң, ешкімге ешнәрсе бермейтін кісі болса керек. Нұрпейістің «құдайсын» дегеніне қатты мақтанып кетсе керек әйелі Тәтішке: «Әкел ақынға көк ала биені» деп биесін беріпті. Оны өзі кейін келеке етеді екен: «Құдайсын дегенге кісі сене ме екен?» — деп. Өлең Нұрпейістің досы Қожаш Елешов пен ақынның баласы Ғалым Нұрпейісовтен 1949-жылы августа жазылып алынды. Қай жылы айтылғанын анық білу қиын болды. Өлең баспа жүзіне бірінші рет жарияланып отыр.

Тапбергеннің Байұзақ — Байұзақ Нұрпейістің құрдасы екен. Аулының Мұхаметқали деген болысына атқошы болып жүреді, соны өзіне дәреже көретін болса керек. Сол құрдасын сынап айтқан өлеңі. Өлең Қожаш Елешовтан 1949-жылы, августа жазылып алынды. Ол кісі өлеңді 1907 — 1908-жылдардан білетін көрінеді. Өлең бұрын баспаға шықпаған, бірінші рет жыйнақта жариялап отырмыз.

О, әлеумет жарандар — Қарашағыр болысында Біржан, Дербіс деген екі бай болыстыққа таласып, елдің арасына жік туғызып, елді екіге бөліп Шағыр деген жерде үлкен ұрыс жасайды. Көп адам сол ұрыста сойылға жығылып жараланады, қаза тапқаны да болады.

Біржанның шақыруымен кетіп бара жатқан бір топ жігіттерге жолда Нұрпейіс кез болып қалады. Ол екі байдың іс-әрекетіне наразылық білдіріп жігіттерге осы өлеңін айтады. Ақынның шындықты айтқан өткір өлеңі оларға қатты әсер етеді, сол жерде жігіттер Дербіс байға бармастан елдеріне қайтып кетеді.

Нұрпейістің бұл өлеңі де бұрын жеке шығарма ретінде ақынның жыйнақтарында жарияланған жоқ, тек Ақтан туралы айтылған өлеңдері сыяқты газет, журналдарда басылған Нұрпейіс творчествосы туралы жазылған мақалаларда үзінді есебінде келтіріліп жүрді. Өлеңнің бұл вариантын 1949-жылы ғылыми экспедиция кезінде Қожаш Елешов пен Ғалым Нұрпейісовтен жазып алдық. Жыйнаққа өлеңнің газеттерде жарияланған үзінділері мен қолымыздағы жазылып алынған текстерді салыстырып, толық, дұрыс деген вариантын жіберіп отырмыз.

Сөз айтасын Қосеке — Нұрпейіс өлең жырға әуестеніп, жыйын тойларда жыр айтып жүріп, бір жыйында Қоспақ деген кісінің көп ішінде шарифат жөнін өлең етіп айтып отырған үстіне кез келеді де ол кісімен айтыса кетеді. Халықтың арман-мұңы мен тілегін жырлаушы Нұрпейістің сөздері Қоспақтың шарифат сөздерінен әлде қайда өткір шығады. Қоспақ бұ айтыста жеңілгенін мойындап домбырасын тастайды.

Бұл өлең де бұрын жеке шығарма ретінде ақынның жыйнақтарында жарияланған жоқ. Ақын туралы жазылған мақалаларда ғана аталып жүрді. Осы жыйнаққа сол газеттерде кездесетін текстерімен 1949-жылы ғылыми экспедиция кезінде Қожаш Елешов пен Ғалым Нұрпейісовтен жазылған текстерді салыстырып ең толық, дұрыс деген вариантын алып отырмыз.

Кектің даусы — Нұрпейіс жас кезінде Атырау деген жерде Байғазы деген болысқа кез болады. Нұрпейістің өлең айтатын жыршы екенін естіп жүрген Байғазы, байлықтың мастығымен ерігіп отырып, қасындағы би, болыс, жолдастарымен келісіп Нұрпейіске өлең айтқызып болады да, нағыз ақын болсаң бізді жамандашы дейді. Болыстың өзі ұлықсат еткен соң Нұрпейіс ешнәрседен тартынбай ішіндегі бар кекті шығарады. Бұлай болады ғой деп ойламаған Байғазы Нұрпейістің ызғарлы өлеңіне шыдай алмай оған дүре соқтырып 29 күн үйге қамап байлаттырып қояды. Кейін халықтың наразылығынан тайсалған Байғазы Нұрпейісті босатып жібереді, бірақ оның бұдан былай өлең айтуына тыйым салмақшы болады. Нұрпейіс біраз уақыт өз елінде жүруге мүмкіндігі болмай, Елек, Бөрте бойындағы нағашыларына кетеді.

Нұрпейістің бұл өлеңі оның өмірі мен творчествосы туралы жазылған мақалаларда «Қара жүзді би, болыс», «Болыс пенен билерім, бұзылған ниет түрлерің» деп басталады. Ол өлеңнің аты мынадай деп ешкім көрсетпейді. Тек, 1939-жылы, 16-январьда «Лениншіл жас» газетінде басылған үзіндіде ғана бұл өлең «Кектің даусы» деп аталады. Ғылыми экспедиция кезінде ақынның досы Қожаш пен баласы Ғалымнан жазылып алынған тексті де «Қара жүзді би, болыс, қайырым жоқ сендерде» деп басталады. Бұл текст бұрынғы алынып жүрген үзінділердің барлығынан да толық. Сондықтан жыйнаққа бұл үзінділердің бәрін өзіміз жазып алған текстімен салыстырып ең толық вариантын алып, «Лениншіл жас»

газетінің берген аты бойынша «Кектің даусы» деп жіберуді оры көрдік.

Қазақпай ақын мен Нұрпейіс ақынның айтысы (үзінді) — Нұрпейіс 22-жасында, яғни 1882-жылдары атақты Қазақпай ақын айтысады. Қазақпай ол кезде 60 жастарға келген, талай топта жырлаған, ысылған жүйрік, тілге шебер ақын болса керек. Сондай айтыста Нұрпейіс жеңіп шығады, Қазақпай өзінің жас ақын жеңілгенін мойындайды.

Айтыс ақынның 1945-жылы шыққан «Таңдамалы шығармаларында» жарияланған. Осы жыйнаққа сол кітаптағы текстен қысқартылып алынды.

Төрехан — Нұрпейіс эпик ақын. Оның революциядан бұрынғы репертуарларында ұрпақтан ұрпаққа жетіп келе жатқан көптеген халықтық жырлар болған. Нұрпейістің ертеректе үйреніп кейінгі кезге дейін жадында сақтап келген жырларының бірі осы «Төрехан» дастаны. «Төрехан» дастаны ақынның 1945-жылы шыққан «Таңдамалы шығармалары» атты жыйнағында жарияланады. Осы жыйнаққа сол кітаптағы тексті бойынша алдық.

Ақкенже — Нұрпейіс ертеде үйренген эпикалық жырларды жырлаумен қатар, кейін ол өзі көрген, естіген нақтылы өмірден алынған өмір шындығын бейнелейтін өзіндік шығармалар да жасаған ақын. Оның қазақ әйелінің революциядан бұрынғы ауыр, аянышты өмірін суреттейтін осындай өзіндік шығармаларының бірі осы «Ақкенже» поэмасы. Поэма ақынның айтуынан 1940-жылы жазылып алынды. Поэма алғаш ақынның «Таңдамалы шығармаларында» жарияланған. Осы жыйнаққа сол кітаптағы тексті бойынша алынды.

Нарқыз — Нұрпейістің қазақ әйелінің революциядан бұрынғы ауыр тұрмысын ғана емес оның бас бостандығы, өз бақыты үшін аянбай хандарға қарсы күреске шығуын суреттейтін эпикалық жырмен айтылған өзіндік шығармасы — «Нарқыз». Поэманы ақын революциядан бұрын жырлағанымен оның айтуынан 1940-жылы жазылып алынған. Поэма ақынның 1945-жылы шыққан «Таңдамалы шығармаларында» жарияланған, осы жыйнаққа сол кітаптағы текст бойынша алдық.

Өрістеген өмір — 1916-жылдың оқыйғасынан алып жырлаған поэмасы. Бұл поэманы ақынның айтуынан бірінші рет Ақтөбе облысының ақыны Мәселе Жаңабаев 1938-жылы жазып алған. Поэманы ақынның «Өрістеген өмір» (1939-ж.), «Ақын шабыты» (1940-ж.) және «Шығармаларының жыйнағында» (1950-ж.) басылды. Осы жыйнаққа поэманың жарияланған тексттері салыстырылып жіберілді.

Біздің көл — Нұрпейіс Байғанинның ең алғаш баспа жүзіне жарияланған өлеңі. Осыдан былай қарай Нұрпейістің өлең-жырлары үнемі периодикалық баспада жарияланып тұрады. «Біздің көл» өлеңі еңбекшілер депутаттарының Ақтөбе облыстық және қалалық партия комитетінің органы «Социалистік жол» газетінде (№ 63, 18/II, 1938-жыл) және ақынның 1950-жылғы «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

¹ Осы жыйнаққа жіберілген өлеңдерінің бәрі де 1950-жылғы шығармаларының тексті бойынша берілді, сондықтан бұл туралы кейінгі өлеңдерін қайдан алғандығын қайталамауды дұрыс көрдік.

ғында» басылды. Осы жыйнаққа сол 1950-жылғы кітаптағы тексті бойынша алынды.

Сөз бұлағы — Алексей Максимович Горькийдің туғанына 80 жыл толған мерекесін құттықтап айтқан жыры. Ең бірінші рет — «Социалистік жол» (№ 71, 28/III—1938-ж.) газетінде жарияланған, кейін 1939-жылғы «Өрістеген өмір» және 1950-жылғы «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Көрімдік — Нұрпейіс 1938-жылы, май айында республикамыздың астанасы Алматыға Жамбылдың юбилейіне келеді. Сонда Алматыны бірінші рет көріп, астанама көрімдік деп айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 166, 20/II—1940) газетінде, «Әдебиет майданы» (№ 10, 1940) журналында, «Өрістеген өмір» (1939) және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Ғасырдың қарт бұлбұлы — 1938-жылы Жамбылдың творчестволық қызметінің 75 жылдығына байланысты Ленин орденімен наградталуын — Нұрпейістің құттықтап айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 684, 12/IV—1938), «Социалистік Қазақстан» (№ 99, 30/IV—1938), «Екпінді» (№ 166, 20/VII—1940, Семей облыстық газеті), газеттерінде және ақынның «Өрістеген өмір» (1939) «Ақын шабыты» (1940-жылы, Қазақстан көркем әдебиет баспасы шығарған) және 1950-жылғы «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Ақын шабыты — 1938-жылы Жамбылдың юбилейінде айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» газетінде, «Сталин жолы» (№ 6, 1938-ж.) журналында, «Ақын шабыты» (1940) және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Жыйырма төртінші июнь — 1938-жылы, 24-июньде өтетін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауына арнап шығарған өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 107, 13/V—1938) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Ақын (поэма) — 1939-жылы октябрьде Бүкіл Одақтық Лениншіл жастар одағының XX жылдық юбилейіне арнап шығарған поэмасы. Нұрпейістің бұл поэмасы көркем шығармалар конкурсінен 3-дәрежелі бәйге алған. Поэманы Нұрпейістің айтуынан жазып алған ақын Мәселе Жаңабаев. Поэма алғаш рет Қазақстан көркем әдебиет баспасы әзірлеген «Поэмалар жыйнағы» атты кітапта (толық тексті), «Лениншіл жас» (№ 95, 27/VI—1940) газетінде II бөлімі және ақынның «Шығармалар жыйнағында» (1950) жарияланған. Бұл жыйнағымызға поэманың бұрын жарияланған барлық текстерін салыстырып ең толық тексті бойынша жібердік.

Отарба — 1938-жылы Бүкіл Одақтық теміржолшылар күніне арнаған өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 175, 1/VIII—1938) газетінде және ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Октябрь — Ұлы Октябрь социалистік революциясының XXI жылдық мерекесін құттықтап айтқаны. Өлең «Социалистік жол» газетінде (№ 258, 7/XI—1938, № 161, 14/VII—1940) «Жеңісті Ұлы Октябрь мәңгі жаса» деген атпен, «Өрістеген өмір» атты жыйнағында, «Октябрь» деген атпен «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Ұлы заң — СССР Конституциясының қабылданғандығына 2 жыл толуына арнап айтқан. Өлең «Социалистік жол» (№ 279, 5/XII—1938; № 161, 14/VII—1940) газетінде, ақынның «Өрістеген

өмір», «Ақын шабыты» және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Жауыздар жерге тығылсын — халық жауларын әшкерелеп айтқаны. Өлең ақынның «Өрістеген өмір» (1938), Шығармаларының жыйнағы» (1950) атты кітаптарында жарияланған.

Ленин — 1939-жылы, январьда В. И. Лениннің қайтыс болған күніне байланысты, Владимир Ильичті еске түсіруге арнаған жыр. Нұрпейістің бұл шығармасы алғашқы рет «Өрістеген өмір» жыйнағында біраз қысқартылып басылды. Жыр бұл жыйнақтардан басқа «Социалистік жол» (№ 161, 14/VII—1940; № 14, I—1946); «Социалистік Қазақстан» (№ 80, 24/IV — 1945) газеттерінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Ворошилов Климге — 1939-жылы, 23-февральда Қуатты совет державасының жұмысшы шаруа Қызыл-Армиясының және Соғыс теңіз флотының құрылғанына ХІХ жыл толуына байланысты, оның сол кездегі комиссары К. Е. Ворошилов жолдасты құттықтап айтқаны. Нұрпейістің бұл өлеңі «Социалистік жол» (№ 44, 23/II—1939) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланды.

Ұлы право — 1939-жылы халықаралық әйелдер күні — 8-мартқа арнаған жыр. Өлең «Социалистік жол» (№ 54 8/III—1938) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Украинаның дауылпазы — 1939-жылы, марттың 9-күні Украина халқының ұлы ақыны, революционер Тарас Григорьевич Шевченконың туғанына 125-жыл толды. Осы юбилейге байланысты Нұрпейіс «Украинаның дауылпазы» атты жырды шығарды. Жыр «Социалистік жол» (№ 55, 9/III—1939, № 161, 14/VII—1940) газетінде және ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.

Жаз — өлең «Социалистік жол» (№ 38, 17/IV—1939) газетінде, «Ақын шабыты» және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Май толғауы — 1939-жыл, 1-май мерекесіне арнап шығарған жыр. Жыр қысқартылып «Май күні» деген атпен «Социалистік жол» (№ 99, 1/V—1939) газетінде, «Май толғауы» деген атпен «Социалистік Қазақстан» (№ 130, 9/VI—1939), «Социалистік жол» (№ 161, 14/VII—1940) газеттерінде, «Ақын шабыты» (1940) атты өлеңдер жыйнағында және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) толық тексті жарияланды.

Большевиктік баспасөз — 1939-жылы, майдың 6-күні тілшілердің Ақтөбе облыстық слетінде сөйлеген сөзі. Өлең «Социалистік жол» (№ 103, 8/V—1939) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Жамбылға — 1939-жыл Жамбылдың 94 жасқа толуына байланысты айтқан. Өлең бірінші рет ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жыл басылды.

Берік достық — 1939-жыл Совет халықтарының достығы туралы айтқан жыр. Жыр «Өрістеген өмір» және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Тасыған көңіл — 1939-жылы БК(б)П ның ХVІІІ съезіне арнаған жыр. «Социалистік Қазақстан» (№ 152, 5/VII—1939) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Өңімдегі жұмбақ—Нұрпейіс бұл өлеңін 1939-жылы, 16-августа, Москвада Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық көрмесін қарағанда айтқан. Өлең «Социалистік жол» (№ 129, 28/IX—1939) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Ғажайып көрмеде — Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық көрмесінен қайтып келгеннен кейін, көрмеден алған әсерлері туралы айтқан жыры. «Социалистік жол» (№ 122, 27/IX—1939) газетінде, «Ақын шабыты» және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Гүлденген заман — Ұлы Октябрь социалистік революциясының XXII жылдық мерекесіне арнаған жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 252, 7/XI—1939) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Мен де сонда аттанам — Өлең «Социалистік жол» (№ 269, 24/XI—1939) газетінде жарияланды. Бұл жыйнаққа тексті бойынша жіберілді.

Жырласын қарт Нұрпейіс тыңда, халқым — Қазақ ССР-ның Жоғарғы Советі Президиумының 1939-жылғы, 14-ноябрьдегі Указы бойынша Нұрпейіс Байғанинге «Қазақ ССР-ның искусствоға еңбегі сіңген қайраткері» деген құрметті атақ берілді. Нұрпейістің осы құрметті атақ алуына байланысты Ақтөбе қаласында салтанатты мәжіліс өткізілді. Ақын өлеңін осы салтанатты жыйналыс үстінде айтқан. Ақынның бұл шығармасы «Социалистік жол» (№ 270, 26/XI—1939) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Іс істелік жігермен — 1939-жылы, ноябрьдің 29-күні, Ақтөбе қаласының Орталық сайлау округінде Нұрпейіс өзінің сайлаушыларымен кездескенде айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (277, 4/XII—1939) газетінде, «Ақын шабыты» және ақынның «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Ұлы Отанның сүйікті ұлы болыңдар — 1940-жылы январьдың 8-күні еңбекшілер депутаттарының Ақтөбе облыстық советінің бірінші сессиясын ашқанда айтқан сөзі. Жыр алғаш «Социалистік жол», (№ 7, 9/I—1940) газетінде жарияланды, кейін «Ақын шабыты» жыйнағында біраз қысқартылған тексті жарияланған. Ал ақынның «Шығармаларының жыйнағында» осы екі тексті салыстырылып, толық тексті жіберілген болатын. Осы жыйнаққа жырдың соңғы басылуы бойынша жіберілді.

Седовшылар — Отанымыздың ер жүрек ғалымдары «Седов» атты ледоколмен (мұз жарғыш кеме) Солтүстік мұз мұқиты мен Гренландия) теңізінің мұздарында 812 күн жылжу сапарын жасады. Олар үлкен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, Партия мен Үкімет тапсырмасын ойдағыдай орындап жеңіспен қайтты. Нұрпейіс «Седовшылар» атты жырын осы оқыйғаға арнап шығарды. Жыр «Социалистік жол» газетінде (№ 28, 4/II—1940) және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Халық Армиясы — Даңқты Совет Армиясының және Соғыс-теңіз флотының құрылғанына XXII жыл болған мерекесін құттықтап айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 44, 23/II—1940) газетінде, «Әдебиет және искусство» (№ 2, 1940) журналында, «Ақын шабы-

ты» жыйнағында және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланды.

Елімнің күші осындай — 1940-жылы жырлаған, бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» 1950-жылы жарияланған.

Ленин туы астында — 1940-жылы 2-мартта ҚК(б)П Ақтөбе облыстық XI партконференциясы болды. Нұрпейіс осы конференцияны құттықтап жоғарыда аталған жырды шығарды. Өлең «Социалистік жол» (№ 54, 6/III—1940) газетінде, «Ақын шабыты» және «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Большевиктік көктем — Көктемнің шығуы, колхозшылардың көктемгі егіске әзірленуі туралы айтылған. Өлең «Социалистік жол» (№ 89, 17/IV—1940) газетінде, «Ақын шабыты», «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Май жыры — 1940-жылы, 1-май мерекесіне арнап шығарған жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 100, 1/V—1940) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Доскейге — 1940-жылы, майдың 25-де Қарағандыда көрнекті халық ақындарының бірі Доскей Әлімбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған юбилейінде сөйлеген құттықтау сөзі. Жыр «Социалистік Қарағанды» (№ 120, 27/V—1940) газетінде «Отан үшін, халық үшін» деген атпен және «Шығармаларының жыйнағында» «Доскейге» деген атпен жарияланған. Өлеңнің мазмұнына қарап «Доскейге» деген атпен қалдыруды орынды көрдік.

Орындалған тілек — 1940-жылы 28-июньде бұрын Россияға қарайтын Бессарабия халқының Руминиядан бөлініп Совет Одағына қайта қосылуына байланысты айтқан толғауы. «Социалистік жол» (№ 151, 1/VII—1940) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Халық игілігі — 1940-жылы, июльдің 17-күні Нұрпейіс Ақтөбе облысындағы мектеп оқытушыларымен кездескенде сөйлеген сөзі. Жыр «Социалистік жол» (№ 165, 19/VII—1940) газетінде және «Шығармалар жыйнағында» жарияланған.

Өмір көркі оқуда — 1940-жылы, жазда Нұрпейіс Ақтөбеде мектеп оқытушыларымен кездескенде, оқытушыларға арнаған өлеңі. Өлең бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланды. Одан бұрын қолжазба күйінде сақталған. Жыйнаққа жарияланған тексті бойынша жіберілді.

Ұшқыш — батыр ұланым — деп басталатын өлеңін 1940-жылы августың 18-күні Совет Авиациясының күнін құттықтап шығарған. Өлең «Социалистік жол» (№ 191, 18/VIII—1940) газетінде «Таңдамалы шығармаларында» (1945) және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Комиссар Пожарский — 1938-жылы, жазда Хасан көлі маңында болған оқиғаға арнап шығарған поэма. Поэманы ақынның айтуынан жазып алған Әбділдә Тәжібаев. Поэма 1940-жылы, сентябрьде айтылған. «Шығармаларының жыйнағында» (1950) бірінші рет жарияланған. Осы жыйнаққа да сол жарияланған тексті бойынша алдық.

Қазақстан — Бұл жырды 1940-жылы, Қазақстанның XX жылдық юбилейіне арнап айтқан. 1940-жылы Қазақстанның XX жылдық юбилейіне арналып шыққан «Тарту» атты жыйнақта бірінші рет жария-

ланған және «Ақын шабыты», «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Заманым — 1940-жылы Қазақстанның XX жылдық юбилейіне арнаған толғауы. Жыр ақынның «Таңдамалы шығармаларында» (1945), «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылды.

Отан жүрегі—1940 жыл Ұлы Отанымыздың астанасы Москва қаласы туралы айтқан жыры. Жыр ең алғаш ақынның «Шығармалар жыйнағында» (1950) жарияланды, одан бұрын баспаға түспеген, қолжазба күйінде сақталған. Осы жыйнағымызға жарияланған тексті бойынша алдық.

Гүлденген дала — Қазақстанның XX жылдық мерекесіне арнаған толғауы. «Әдебиет және искусство» (№ 10, 11, 1940) журналында және «Шығармалар жыйнағында» жарияланған.

Абай — Бұл жырды Абайдың туғанына 95 жыл толуына арнап айтқан. «Социалистік жол» (№ 290, 15/X—1940) газетінде және ақынның «Шығармалар жыйнағында» жарияланған.

Өскен, өссін біздің мал — 1940-жыл, 21-декабрьде, Ақтөбеде мал өсірушілердің слеті болды. Онда, Нұрпейісте қатысып, слетке қатысушыларды өзінің осы жоғарыдағы өлеңімен құттықтайды. Өлең «Социалистік жол» (№ 298, 25/XII—1940) газетінде және «Шығармалар жыйнағында» басылған.

Отанын тапқан бауырлар — 1940-жылы Балтық жағасындағы Латвия, Литва, Эстония елдері өздерінің тілектері бойынша Ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрамына қосылды. Осы тарихи жағдайға байланысты Нұрпейіс жоғарыдағы өлеңін шығарды. Өлең «Социалистік жол» (№ 187, 14/VIII—1940) газетінде басылған. Бұрын жыйнақтарында басылған жоқ. Осы жыйнаққа газеттегі тексті бойынша жіберіп отыр.

Наград туралы — 1940-жылы айтқан. «Шығармалар жыйнағында» (1950) басылды.

Қуаныш жыры — 1940-жылы Қазақстанның XX жылдық юбилейіне байланысты, республикамыздың басқа да алдыңғы қатарлы адамдарымен бірге Нұрпейіс те «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Осы құрметтің қуанышына арнаған өлеңі. Өлең бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланды.

Самғасам айлық жолды аптада ұтар — деп басталатын өлеңі ақынның 1940-жыл орден алуына байланысты айтылған. Бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылды.

Жаңа жылда жаңа міндет — 1941-жылы, 1-январь — жаңа жылды құттықтап айтқаны. Өлең «Социалистік жол» (№ 1, 1/I—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Ленинизм мәңгі жасайды—В. И. Лениннің қайтыс болған күнін еске түсіруге арнаған 1941-жылы 21-январьда айтқан. Жыр «Социалистік жол» (№ 18, 22/I—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Клим Ворошилов — 1941-жыл, февральда К. Е. Ворошилов жолдастың 60 жасқа толғанын құттықтап айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (№ 29, 4/II—1941) газетінде, «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Көктем — 1941-жылы көктем, көктемгі егіске әзірлік туралы

айтылған жыр. Жыр бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Қара жердің балын ал — Қолхозшыларды көктемгі егіске жақсы әзірленуге шақырып айтқан жыры. Жыр «Социалистік Қазақстан» (№ 34, 11/II—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Шығанаққа — Қазақстан республикасының атақты тарышысы Шығанақ Берсеевке арнаған өлеңі. Бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.

Ұлы Отан күзетінде — Даңқты Совет Армиясы мен Соғыс-теңіз флотының XXIII жылдық мерекесін құттықтап айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (№ 45, 28/II—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Правоңды пайдалан — 1941-жылы, Ақтөбе облысы бойынша, СССР Жоғарғы Советіне қосымша депутат сайлау науқаны өтті. Нұрпейістің сол сайлауға байланысты айтқаны. Өлең «Социалистік жол» (№ 69, 23/III—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Жарқын май — 1941-жылы, 1-май мерекесін құттықтауға арнаған өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 102, 1/V—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Еңбек туралы жыр — колхозшылардың жазғы еңбек майданы туралы айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (№ 161, 20/V—1940) газетінде, «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Ат — 1941-жылы, 13-июльде жырланған. Жыр ақынның «Таңдамалы шығармаларында» (1945) және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Нұрпейіс ақынның нақылдары — Нұрпейіс Байғаниннің өлеңдері өте өткір, афоризмі күшті келеді. Оның көп өлеңдері халық арасында мақал-мәтелге айналып кеткен. Онымен қатар Нұрпейістің өзі шығарып, халық арасына тарап кеткен көптеген нақыл сөздері де бар. Осы нақыл сөздерінің біразы ақынның 1945-жылы шыққан «Таңдамалы шығармаларында» жарияланған болатын, жарияланбай қолжазба күйінде сақталғандары да бар. Бірақ оларды әуелі бір системаға келтіріп зерттемейінше баспаға беруді дұрыс көрмедік. Сондықтан осы жыйнағымызға да ақынның тек 1945-жылы «Таңдамалы шығармаларында» жарияланған нақыл сөздерін ғана енгізіп отырмыз.

Жау талқандалады — 1941-жылы 22-июнь күні неміс-фашист басқыншылары Совет еліне қарсы соғыс ашты. Бұл хабарды естігенде бүкіл совет халқымен бірге Нұрпейіс те өзінің асқан ыза-кегін білдіріп, 23-июнь күні осы өлеңін жырлады. Өлең 1941-жылы, Алматыда, Қазақтың Мемлекеттік Біріккен баспасы шығарған «Халық қаһары» атты халық ақындарының өлеңдер жыйнағында жарияланды. Кейін өлең ақынның «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Отан үшін — И. В. Сталин жолдастың 1941-жылы, 3-июльде бүкіл совет халқына арнап айтқан сөзін естігеннен кейін шығарған толғауы. Жыр «Социалистік жол» (№ 159, 8/VII—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Біз берікпіз — 1941-жыл, августте, Отан соғысы кезінде халықты еңбекке жұмылдыруға шақырған өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақ-

«стан» (№ 181, 3/VIII—1941) газетінде, ақынның «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Капитан Гастелло — Совет Одағының батыры, ұшқыш капитан Гастеллоның ерлігін суреттеген жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 180, 16/VIII—1941), газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Қарулан халық, қарулан—Отан соғысы кезінде халықты ұлы майданға шақырып жырлаған. Жыр «Социалистік Қазақстан» (199, 24/VIII—1941) газетінде «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Партизан — Ұлы Отан соғысы кезінде жаудың тылында болып, неміс-фашист басқыншыларына қарсы ерлік істер жасаған айбынды совет партизандарына арнаған жыры. Жыр «Социалистік Қазақстан» (№ 207, 3/IX—1941) газетінде, «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Жау қары кесіледі — 1941-жылы неміс-фашист басқыншылары қасиетті Ленинград қаласына қауіп төндірген кезде айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (№ 214, 10/IX—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Қуаты өссін Отанның—1941 жылы шығарған. Бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған, осы жыйнаққа сол жарияланған тексті бойынша алдық.

Ер қамын ел ойлайды — Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдың майданға көмегі туралы айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (№ 230, 28/IV — 1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Буалдыр, бұлдыр заманда—деп басталатын өлеңді 1941 жылы айтқан. Ұлы Отан соғысы кезінде, әскер қатарындағыларға міндетті түрде соғыс өнерін үйрену туралы Отан Қорғау комитетінің жарлығы болды. Осыған байланысты совет халқын «соғыс өнерін үйренуге шақырып айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 234, 3/X—1941) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Жас патриоттарға (1941) — Отан соғысы кезінде жастарға арнаған жыры. Бірінші рет ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.

Қаналының қасқыр ішігі — Майдандағы жауынгерлерге арнап өзінің ең қымбатты қасқыр ішігін жолдаған Қаналы деген кісіге айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 241, 11/X—1941), «Социалистік Қазақстан» (№ 245, 17/X—1941) газеттерінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Қанға—қан, жанға—жан аламыз! — Жыр алғаш «Социалистік жол» (№ 247, 19/X—1941) газетінде кейін «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Бақ жұлдызы сөнбейді — Ұлы Октябрь социалистік революциясының ХХІ жылдық мерекесіне арнаған. Өлең алғаш «Социалистік жол» (№ 247, 19/X—1941) кейін «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Москва — 1941-жылы Отанымыздың хасиетті астанасы Москва қаласына қауіп төнген кезде шығарған жыры. Жыр алғаш «Социалистік Қазақстан» (№ 283, 29/XI—1941) газетінде, «Таңдамалы

шығармаларында», 1945-жыл, Алматыда Қазақстанның мемлекеттік баспасы шығарған акындардың «Өлеңдер жыйнағында» және акынның «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Жанышта, жауды жанышта!—1941-жылы 16 ноябрьде Панфиловшы 28 батырлар Москваға қауіп төндірген неміс-фашист басқыншыларына қатты соққы беріп, кейін шегіндірді, Москваны жаудың шабуылынан сақтап қалды. Осы хабарды естігенде Нұрпейіс өзінің жоғарыдағы өлеңін шығарды. Өлең алғаш «Социалистік жол» (№ 5, 7/1—1942) газетінде, кейін «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Ел сенімін ақтаңдар — Тылдың еңбек майданының ерлері, — әйел-қыздарға арнаған өлең. Өлең акыннан 1942-жылы, 5-мартта жазылып алынған. Алғаш «Социалистік Қазақстан» (№ 85, 10/IV—1942) газетінде біраз қысқартылып «Қыздарым» деген атпен басылған. Кейін Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтына акынның қатшылары тапсырған қолжазбаларынан алынып «Шығармалар жыйнағына» (1950) толық тексті берілген болатын. Осы жыйнаққа да өлеңнің соңғы жарияланған толық тексті алдық.

Мамедовқа (1942)—Совет Одағының батыры атағын алған азербайжан халқының батыр ұлы Мамедовқа арнаған жыры. Жыр алғаш рет акынның «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Соғыс мезгілінің стахановшылары — 1942-жылы айтылған. Акынның «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Шыңда жеңіс құралын — Ұлы Отан соғысы кезеңінде тылдағы еңбек ерлерін майданға көмектесуге шақырып айтқан жыры. Өлең «Социалистік Қазақстан» (№ 98, 25/IV—1942) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Майданға, батыр, ұлдарым!—1942-жылы, 19-май күні жырланған. Өлең бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылды.

Қызыл Армияға — 1942-жылы жырлаған. Өлең бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылды.

Зор майданға шапшаң бар — Нұрпейістің соғыс кезінде айтқан ең жақсы жырларының бірі. 1942-жылы, 19-августа жазылынып алынған. Жыр акынның «Таңдамалы шығармаларында» (1945) және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Кавказ — 1942-жылы айтқан жыры. Жыр «Социалистік Қазақстан» (№ 229, 27/IX—1942) газетінде, акындардың «Сталинградты жауға бермеңдер» (А. 1942) деген жыйнақта, акынның «Таңдамалы шығармалары» және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Соқ ерлерім, тез жайрат!—«Социалистік Қазақстан» (№ 241, 11/X—1942) газетінде және акынның «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Көмір батырларына — Қарағанды көміршілеріне арнап айтқаны. «Социалистік Қазақстан» (№ 242, 13/X—1942) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Қазақстан — майданға — Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанның майданға көрсеткен көмегі жөнінде айтқан ең жақсы өлеңдерінің бірі. Өлең «Социалистік Қазақстан» (№ 259, 1/XI—1942) газе-

тінде, Қазақстанның XXV жылдық юбилейіне арналған. «Өлеңдер жыйнағында» (1945) және ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Үдете түс — Майдандағы жауынгерлерге арнаған өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстан» (№ 253, 2/XI—1942), «Социалистік жол» (№ 253, 3/XI—1942) газеттерінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Селдет күшті — Тылдағы қызған еңбек майданына, еңбек ерлеріне арнаған өлеңі. Өлең «Социалистік Қазақстан» (№ 263, 6/XI—1942) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Жыйырма бестің кезеңі — «Жыйырма бестің мүшелі үш рет өтті басымнан» деп басталатын өлеңі, 1942-жылы 5-ноябрьде жазылып алынған. «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Бесік жыры — «Социалистік Қазақстан» (№ 273, 18/XI—1942) газетінде және ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Жауынгер ұлдарыма — «Социалистік Қазақстан» (№ 279, 25/XI—1942) газетінде, «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Соққыға соққы ұласты — 1942-жылы, 19-ноябрьде Сталинград түбінде Совет Армиясының неміс-фашист басқыншыларына қарсы шешуші шабуылы басталды. Өлең осы қуанышқа арналған. «Социалистік Қазақстан» (№ 283, 29/XI—1942), «Социалистік жол» (№ 279, 2/XII—1942) газеттерінде және ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылды.

Жеңіс үшін, о, халқым, мал-мүлкіңді аяма! — Ұлы Отан соғысы кезінде Тамбов облысы колхозшыларының бастамасына жауап ретінде Ақтөбе облысы, Темір ауданының «Путь к социализму» колхозының трактор бригадасының бригадирі Әли Қарабалин «танк колоннасын» жасауға өз табысынан 220 пұт астық және 300 сом ақша берді, сол облыстық, Мартук ауданының «Совет» колхозының мүшесі Д. В. Марченко 50.000 сом ақша және 100 пұт астық берді. Сүйтіп бұл патриоттық бастама Ақтөбе облысының көп аудандарына тарады. Осыған байланысты Нұрпейіс өзінің жоғарыдағы өлеңін шығарды. Өлең алғаш «Социалистік жол» (№ 299, 26/XII—1942) газетінде, кейін «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Ақын — Бұл жыр 1942-жылы жазылып алынған. Ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Қыйрат жауды — 1942-жылы Нұрпейіс Отан соғысы майданында жүрген жауынгер Алапаевтан хат алады, сол хатқа қайтарған жауабы. Бірінші рет ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылды.

Ер Талалихин — Совет Одағының батыры, ұшқыш Талалихиннің Отан соғысы майданында көрсеткен ерлік-батырлық істерін суреттейтін шығармасы. Жыр 1942-жылы жазылып алынған. Баспа жүзіне тек 1950-жылы ақынның «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Толғау — (1942) Ұлы Отан соғысы кезінде айтқан ұзақ тол-

ғауынан үзінді. Ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Ұлы Отан соғысы туралы жыр (1942) — Алғаш рет ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.

Мен де жауға аттанам (1942) — Ақынның «Таңдамалы шығармаларында» және «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Өренім, ұлым құлақ сал! (1942) — «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Маршакқа — Нұрпейіс бұл өлеңін белгілі совет жазушысы Маршактың 50 жасқа толған күніне арнап шығарған. Өлең 6-ноябрь, 1942-жылы жазылған. Өлең бірінші рет ақынның 1945-жылғы «Таңдамалы шығармаларында» жарияланған. Жыйнаққа сол тексті бойынша алынды.

Мал байлығы (1942) — Отанымыздың мал шаруашылығын бейнелейтін өлеңі. «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Ер туралы жыр (1942) — Панфиловшы 28 батырдың бірі — Нарсұтбай Есболатовтың ерлігін суреттейтін поэмасы. Поэма ақынның «Таңдамалы шығармаларында» (1945) және «Шығармаларының жыйнағында» (1950) басылған.

Жыйырма бес (1942) — Совет Одағының батыры Төлеген Тоқтаровтың ерлігін суреттейтін поэмасы. Поэма ақынның «Таңдамалы шығармаларында» (1945), «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.

Жаңа жыл — 1943-жылы жаңа жылды құттықтап айтқан өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 3, 3/I—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Дауылпаз жыры — майдандағы жауынгерлерге арналған өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 7, 9/I—1943) газетінде және ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Қаһарман ұлыма — Совет Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинге арнаған өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 72, 3/IV—1943) газетінде және ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Көктем жыры — 1943-жылы колхозшылардың, көктемгі егіске әзірлігі туралы айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 75, 7/IV 1943) газетінде, «Өлеңдер жыйнағында» (А. 1945) және ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Жеңіс үшін — 1943-жылы, апрельде Қазақ республикасының колхоздың мал шаруашылығын өркендетудегі табыстары үшін Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің ауыспалы қызыл туы мен бірінші сыйлығын алды. Ақын қуанышты, құрметті сыйға осы жырын айтты. Бұл өлең «Социалистік жол» (№ 85, 21/IV—1943), «Социалистік Қазақстан» (№ 90, 27/IV—1943) газеттерінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Елдегі балаларыма — Еңбек, ерлік туралы айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 87, 1/V—1943) газетінде және ақынның «Таңдамалы шығармалары» мен «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Май күнгі жыр — 1943-жылы, 1-май мерекесіне арнаған жыры. «Социалистік жол» (№ 92, 1/V—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Ер мен ел — Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдың қажырлы еңбегін суреттейтін жыры. Өлең «Социалистік жол» (№ 103, 2/VI—1943) газетінде және Нұрпейістің «Шығармаларының жыйнағында» жарияланды.

Ерлерім алды Харьковты — 1943-жылы, 23-август күні ержүрек Совет Армиясының бөлімдері Отанымыздың сүйікті қалаларының бірі Харьковты неміс-фашист басқыншыларынан босатты. Осы қуанышты хабарға арнаған өлеңі. Өлең «Социалистік жол» (№ 175, 27/VIII—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Жыйырма бесте жас батыр — 1943-жылы, 29-октябрьде Ленин комсомолының XXV жылдық юбилейіне арнап айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 29/X—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Ұлы күнгі ақын жыры — Ұлы Октябрь Социалистік революциясының XXVI жылдық мерекесіне арнап айтқаны. Жыр «Социалистік жол» (№ 227, 7/XI—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған.

Азат Киев — 1943-жылы, 6-ноябрьде айбынды Совет Армиясының бөлімдері Украинаның астанасы Киев қаласын неміс-фашист басқыншыларынан азат еткен хабарын естігенде айтқан жыры. Жыр «Социалистік жол» (№ 231, 13/XI—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылды.

Арыстаным өренім (1943) — Бірінші рет ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланды, одан бұрын қолжазба күйінде сақталған.

Славян халқына арнаймын — 1943-жыл шығарған. Алғаш рет ақынның «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланды.

Жаңа заң таңы — 1943-жылғы 5-декабрьде — Советтік Социалистік Республика Одағы Конституциясы күніне арнап айтқаны. Өлең «Қызылту» (Павлодар № 199, 5/XII—1943) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Мен өлмеймін, өрлеймін — 1944-жылы ақын қатты ауырады, сол кезде осы жырын айтқан. «Социалистік жол» (№ 56, 19/III—1944) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

«Жез бұйдалы мен бір құба нар — 1944-жыл Нұрпейіс ауырып жатқанда оны білетін жастар, ол кісіге жиі келіп «ақын ата сіздің жырыңызды тыңдайық деп келдік, әңгіме айтыңыз» деп өтінеді екен. Сонда ақын ұзақ жырын, немесе жаңа шығармасын бастамай тұрып, келген жастарға әуелі осы өлеңін айтып беретін көрінеді. Содан кейін барып негізгі айтайын деген өлеңін бастайды екен. Бұл өлеңді ақынның қызы Зылыядан 1949-жылы, 10-августа жазып алды. Өлең бұрын жарияланбаған, осы жыйнаққа бірінші рет жіберіліп отыр.


Хош, Шығанақ — 1944-жылы, 28-майда, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы «Құрман» колхозының звеновойы, еліміздің даңқты тарышы-

сы Шығанақ Берсеев қайтыс болды. Соған байланысты ақын осы жырын айтқан. Жыр «Социалистік жол» (№ 108, 2/VI—1944) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» басылған.

Тыңда халқым — 1944-жылы шығарған өлеңі. Бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.

Аманкелді туралы жыр — өлең қазақ халқының даңқты батыры Аманкелді Имановтың өлгеніне 25 жыл толуына арналған. Өлең бірінші рет «Социалистік жол» (№ 120, 18/VI—1944) газетінде және «Шығармаларының жыйнағында» жарияланған. Текст жоғарыда көрсетілген жыйнақтан біраз қысқартылып алынды.

Жырла ақындар — 1944-жылы айтылған, бірінші рет «Шығармаларының жыйнағында» (1950) жарияланған.





АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

	Беті
А	
Абай	333
Азат Қиев.	524
Алыппын Бейімбеттен Тайба келін.	35
Аманкелді туралы жыр.	541
Арыстаным, өренім.	527
Ат	367
Ақкенже	103
Ақын (поэма)	193
Ақын шабыты	186
Ақтан тентек Адайсын	31
Ақша деген шешеме	33
Ауылда бір келін бар Жаңғақ деген	32

Б

Бақ жұлдызы сөнбейді	401
Берік достық	240
Бесік жыры	442
Большевиктік баспасөз	235
Большевиктік көктем	272
Буалдыр, бұлдыр заманда	393
Біз берікпіз	377
Біздің көл	178

В

Ворошилов Қлимге	222
------------------	-----

Г

Гүлденген заман	248
Гүлденген дала	323

Д

Дауылпаз жыры	507
Доскейге	277

Е

Ел сенімін ақтаңдар	409
Елдегі балаларыма	514
Елімнің күші осындай	266
Ерлерім алды Харьковты	520
Ер мен ел	518
Ер Талалихин	455
Ер туралы жыр (поэма)	483
Ер қамын ел ойлайды	391
Еңбек туралы жыр	365

Ж

Жаз	229
Жанышта жауды, жанышта	407
Жамбылға	237
Жарқын май	363
Жас патриоттарға	395
Жау талқандалады	373
Жауыздар жерге тығылсын	217
Жауынгер ұлдарыма	444
Жау қары кесіледі	387
Жаңа жыл	506
Жаңа жылда жаңа міндет	347
Жаңа заң таңы	532
Жеңіс үшін	512
Жеңіс үшін, о, халқым, мал-мүлкінді аяма	449
Жеңешем тәуір еді-ау илі қайыс	34
Жыйырма бес	495
Жыйырма бесте жас батыр	522
Жыйырма бестің кезеңі	439
Жыйырма төртінші июнь	190
Жырласын қарт Нұрпейіс тыңда халқым	252
Жырла ақындар	541

З

Заманым	313
Зор майданға шапшаң бар	425

К

	426
Кавказ	379
Капитан Гастелло	40
Кектің даусы	351
Қлим Ворошилов	287
Комиссар Пожарский	353
Көктем	511
Көктем жыры	431
Көмір батырларына	182
Көрімдік	393
Буалдыр, бұлдыр заманда	

Л

	219
Ленин	349
Ленинизм мәңгі жасайды	269
Ленин туы астында	

М

	417
Майданға, батыр ұлдарым	274
Май жыры	516
Май күнгі жыр	230
Май толғауы	480
Мал байлығы	411
Мамедовқа	477
Маршакқа	250
Мен де сонда аттанам	475
Мен де жауға аттанам	533
Мен өлмеймін, өрлеймін	405
Москва	

Н

	339
Наград туралы	120
Нарқыз	370
Нұрпейіс ақынның нақылдары	

О

	213
Октябрь	279
Орындалған тілек	336
Отанын тапқан бауырлар	319
Отан жүрегі	375
Отан үшін	210
Отарба	38
О, әлеумет жарандар	565

П

Партизан	384
Правонды пайдалан	362

С

Седовшылар	261
Селдет күшті	437
Славян халқына арнаймын.	530
Соқ ерлерім, тез жайрат	429
Соққыға соққы ұласты	446
Соғыс мезгілінің стахановшылары	413
Самғасам айлық жолды аптада ұтар	345
Сөз бұлағы	180
Сөз айтасын Қосеке	39

Т

Тасыған көңіл	241
Толғау	457
Тыңда халқым	540
Төрехан	52
Тапбергеннің Байұзақ	37

У

Украинаның дауылпазы	227
--------------------------------	-----

Х

Халық Армиясы	263
Халық игілігі	282
Хош Шығанақ	538

Ш

Шыңда жеңіс құралын	415
Шығанаққа	357

І

Іс істелік жігермен	254
-------------------------------	-----

Қ

Қазақпай ақын мен Нұрпейіс ақынның айтысы	42
Қазақстан	307
Қазақстан — майданға	433

Қаналының қасқыр ішігі	397
Қанға—қан, жанға—жан аламыз	399
Қара жердің балын ал	355
Қарулан халық, қарулан	382
Қаһарман ұлыма	509
Қосап қара Мұнайсың	36
Қош Шығанақ	538
Қуаныш жыры	342
Қуаты өссін Отанның	389
Қызыл Армияға	420
Қыйрат жауды	452

Ғ

Ғажайып көрмеде	245
Ғасырдың қарт бұлбұлы	185

Ү


Үдете түс	435
---------------------	-----


Ұ

Ұлы заң	215
Ұлы Отан күзетінде	360
Ұлы Отанның сүйікті ұлы болындар	256
Ұлы Отан соғысы туралы жыр	463
Ұлы право	225
Ұшқыш батыр ұланым	286

Ө

Өмір көркі оқуда	284
Өренім, ұлым, құлақ сал	476
Өрістеген өмір (поэма)	169
Өскен, өссін біздің мал	335
Өңімдегі жұмбақ	243





МАЗМҰНЫ

5

Нұрпейіс Байғанин (1860—1945)

I бөлім

Революцияға дейінгі шығармалары

	31
Ақтан тентек Адайсын	32
Ауылда бір келін бар Жаңғақ деген	33
Ақша дейтін шешеме	34
Жеңешем тәуір еді-ау илі қайыс	35
Алыппын Бәйімбеттен Тайба келін	36
Қосап қара Мұнайсын	37
Тапбергеннің Байұзақ	38
О, әлеумет жарандар	39
Сөз айтасын Қосеке	40
Кектің даусы	42
Қазақпай ақын мен Нұрпейіс ақынның айтысы.	52
Төрехан	103
Ақкенже	120
Наркыз	

II бөлім

Совет дәуіріндегі шығармалары

	169
	178
Өрістеген өмір	180
Біздің көл	182
Сөз бұлағы	185
Көрімдік	186
Ғасырдың қарт бұлбұлы	190
Ақын шабыты	193
Жыйырма төртінші июнь	210
Ақын	213
Отарба	215
Октябрь	217
Ұлы заң	219
Жауыздар жерге тығылсын	222
Ленин	225
Ворошилов Қлимге	227
Ұлы право	229
Украинаның дауылпазы	
Жаз	569

Май толғауы	230
Большевиктік баспасөз	235
Жамбылға	237
Берік достық	240
Тасыған көңіл	241
Өңімдегі жұмбақ	243
Ғажайып көрмеде	245
Гүлденген заман	248
Жырласын қарт Нұрпейіс тыңда, халқым	252
Іс істелік жігермен	254
Ұлы Отанның сүйікті ұлы болындар	256
Седовшылар	261
Халық армиясы	263
Елімнің күші осындай	266
Ленин туы астында	269
Большевиктік көктем	272
Май жыры	274
Доскейге	277
Орындалған тілек	279
Халық игілігі	282
Өмір көркі оқуда	284
Ұшқыш батыр ұланым	286
Комиссар Пожарский (поэма)	287
Қазақстан	307
Заманым	313
Отан жүрегі	319
Гүлденген дала	323
Абай	333
Өскен, өссін біздің мал	335
Отанын тапқан бауырлар	336
Наград туралы	339
Қуаныш жыры	342
Самғасам айлық жолды аптада ұтар	345
Жаңа жылда жаңа міндет	347
Ленинизм мәңгі жасайды	349
Қлим Ворошилов	351
Көктем	353
Қара жердің балын ал	355
Шығанаққа	357
Ұлы Отан күзетінде	360
Правонды пайдалан	362
Жарқын май	363
Еңбек туралы жыр	365
Ат	367
Нұрпейіс ақынның нақылдары	370
Жау талқандалады	373
Отан үшін	375
Біз берікпіз	377
Капитан Гастелло	379
Қарулан халқым қарулан	382

Партизан	384
Жау қары кесіледі	387
Қуаты өссін Отанның	389
Ер қамын ел ойлайды	391
Буалдыр, бұлдыр заманда	393
Жас патриоттарға	395
Қаналының қасқыр ішігі	397
Қанға — қан, жанға — жан аламыз	399
Бақ жұлдызы сөнбейді	401
Москва	405
Жанышта жауды, жанышта	407
Ел сенімін ақтаңдар	409
Мамедовқа	411
Соғыс мезгілінің стахановшылары	413
Шында жеңіс құралын	415
Майданға, батыр ұлдарым	417
Қызыл Армияға	420
Зор майданға шапшаң бар	425
Кавказ	426
Соқ, ерлерім, тез жайрат	429
Көмір батырларына	431
Қазақстан — майданға	433
Үдете түс	435
Селдет күшті	437
Жыйырма бестің кезеңі	439
Бесік жыры	442
Жауынгер ұлдарыма	444
Сокқыға сокқы ұласты	446
Жеңіс үшін, о, халқым мал-мүлікті аяма	449
Ақын	451
Қыйрат жауды	452
Ер Талалихин	455
Толғау (үзінді)	457
Ұлы Отан соғысы туралы жыр	463
Мен де жауға аттанам	475
Өренім, ұлым, құлақ сал	476
Маршакқа	477
Мал байлығы	480
Ер туралы жыр	483
Жыйырма бес	495
Жаңа жыл	506
Дауылпаз жыры	507
Қаһарман ұлыма	509
Көктем жыры	511
Жеңіс үшін	512
Елдегі балаларыма	514
Май күнгі жыр	516
Ер мен ел	518
Ерлерім алды Харьковты	520
Жыйырма бесте жас батыр	522

Ұлы күнгі ақын жыры	524
Азат Қиев	526
Арыстаным, өренім	527
Славян халқына арнаймын	530
Жаңа заң таңы	532
Мен өлмеймін, өрлеймін	533
Жез бұйдалы мен бір құба нар	537
Хош, Шығанақ	538
Тыңда, халқым!	540
Аманкелді туралы жыр	541
Жырла ақындар	544
<i>Түсініктер</i>	545
<i>Алфавиттік көрсеткіш</i>	563

НУРПЕИС БАЙГАНИН

Собрание сочинений

(на каз. языке)

* * *

Редактор *Айтмухамбетова С.*

Худ. ред. *Суццх И.*


Тех. ред. *Ророкина З.*

Корректор *Барлыбаева К.*

* * *

Сдано в набор 12/III 1956 г. Подписано к печати 10/V 1956 г.
 Формат 84 x 108 $\frac{1}{32}$ = 14,6 бум. л. 29,21 п. л. 27,25 уч. изд. л.
 Тираж 5000. УГ02059. Цена 16 руб. 90 коп.

Тип. Издат. АН КазССР. Алма-Ата, ул. Шевченко, 17. Зак. 82.



U. S. National Archives
Record Group 226
210036080246

1900